ISSN 2306-5079
Индекс 75138



ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ **ХАБАРШЫСЫ**

ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО НАЦИОНАЛЬНОГО ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА

BULLETIN OF KAZAKH NATIONAL WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY

№3 (83) 2020

Алматы 2020
«Қыздар университеті»



ISSN 2306-5079
Индекс 75138

Алғаш есепке қою кезіндегі нөмері мен мерзімі № 6204-Ж 08.08.2005ж.
Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Ақпарат комитеті, Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №KZ53VPY00015274 куәлігі негізінде 25.09.2019 тіркелген.
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитеті ұсынатын Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін ұсынатын ғылыми баспалар тізбесі**не 2018 жылдың 16 мамырында № 768 бұйрығымен енгізілді. Педагогикалық ғылымдар бөлімі.**
Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет
МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша
Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел

Бас редактор Алдамбергенова Г.Т. – п.ғ.д., профессор

Жауапты редактор Аршабеков Н.Р. - филос.ғ.д., профессор

Бас редактордың орынбасары Шакирова С.М. – филос.ғ.к.

Корректор Жакибаева К.А.

Редакциялық алқа

Отандық ғалымдар

Байташева Г.У., *а/ш ғ.к., доцент (Қазақстан)*
Бакирова Э.А., *ф-м.ғ.к., доцент (Қазақстан)*
Куанышева Ж.К., *п.ғ.к., аға оқытушы (Қазақстан)*
Заманбеков Ш.З., *э.ғ.к., профессор (Қазақстан)*
Байназарова Т.Б., *п.ғ.к., доцент (Қазақстан)*
Уразалиева М.А., *п.ғ.к., профессор м.а. (Қазақстан)*
Сулейменова Ж.Н., *п.ғ.д., профессор (Қазақстан)*

Шетелдік ғалымдар

Kathie Stromile Golden, *PhD (АҚШ)*
Dave Chan, *PhD, профессор (Канада)*
Абдигали Бакибаев, *х.ғ.д., профессор (Ресей)*
Stanislav Bencic, *PhD (Словакия)*
Türkmen Fikret, *PhD (Түркия)*
Rimantas Zelvys, *п.ғ.д., пс.ғ.к., профессор (Литва)*
Sefa Ertürk, *PhD (Түркия)*
Gökhan Özdemir, *Prof.Dr. (Түркия)*
Ahmet Sakir Dokuz, *Dr. (Түркия)*
Catherine Alexander, *PhD (Ұлыбритания)*

«Қыздар университеті»
б а с п а с ы

Медиа департаментінің директоры
Шорабек Ә.Д.
Көркемдеуші, беттеуші
Жексембиева Г.Н.

Басуға 30.09.2020 жылы қол қойылды.
Пішімі 60х48 1/8. Көлемі 15,81 б.т.
Офисті қағаз. Сандық басылыс.
Таралымы 300 дана. Бағасы келісімді.
050000, Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 116.
«Қыздар университеті» баспасында басылды.
Тел.: 237-38-33

© Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, 2020
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 233-17-67, факс 233-18-35.

Основан в 2005 году.
Выходит 4 раза в год.

Журнал включен в Перечень изданий, рекомендуемых Комитетом по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК для публикации основных результатов научной деятельности.
Раздел. Образование, подраздел Педагогические науки (Приказ №768 МОН РК от 16 мая 2018 года)

Главный редактор - доктор педагогических наук, профессор, ректор Казахского национального женского педагогического университета ***Алдамбергенова Гаухар Туремуратовна***

Ответственный редактор - доктор философских наук, профессор, проректор по науке и инновациям КазНацЖенПУ ***Аршабеков Нургали Рахимгалиевич***

Заместитель главного редактора - кандидат философских наук, начальник научно-издательского отдела КазНацЖенПУ ***Шакирова Светлана Махмутовна***

Корректор - ***Жакибаева Калипа Аманбаевна***

Международный редакционный совет

Dr. **Kathie Stromile Golden**, *PhD, Mississippi Valley State University, USA*
Dr. **Dave Chan,** *PhD, P.Eng., Professor, Department of Civil & Environmental Engineering, University of Alberta, Edmonton, Canada*
Dr. **Abdigali Bakibayev**, *доктор химических наук, профессор, Национальный исследовательский Томский политехнический университет, Россия*
Dr. **Stanislav Bencic**, *Professor, Pan-European University, Bratislava, Slovakia*
Dr. **Türkmen Fikret**, *PhD, Professor, The Institute for Turkish World Studies at Ege University, Turkey*
Dr. **Rimantas Želvys**, *Dr. Professor, Lithuania*
Dr. **Sefa Ertürk**, *Professor, Department of Physics, Nigde Ömer Halisdemir University, Turkey*
Dr. **Gökhan Özdemir**, *Professor, Nigde Ömer Halisdemir University, Turkey*
Dr. **Ahmet Şakir Dokuz,** *Nigde Ömer Halisdemir University, Turkey*
Dr. **Catherine Alexander**, *PhD, Durham University, UK*

Редакционная коллегия журнала

Байназарова Т.Б., *к.п.н., доцент, заведующая кафедрой дошкольного и начального образования КазНацЖенПУ*
Байташева Г.У., *к.с\х.н., доцент, и.о. профессора кафедры биологии КазНацЖенПУ*
Бакирова Э.А., к.*ф-м.н., доцент, и.о. профессора кафедры математики КазНацЖенПУ*
Заманбеков Ш.З., *д.э.н., профессор кафедры менеджмента и основ права КазНацЖенПУ*
Куанышева Ж.К., *к.п.н., ст. преподаватель кафедры химии КазНацЖенПУ*
Сулейменова Ж.Н., *д.п.н., профессор кафедры теории и методики казахского языкознания КазНацЖенПУ*
Уразалиева М.А., *к.п.н., и.о. профессора кафедры музыкиКазНацЖенПУ*

© Казахский национальный женский педагогический университет, 2020
Республика Казахстан, г.Алматы, 050000, ул. Айтеке би, 99. Тел. +7 (727) 233-17-67

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

1-бөлім. Жаратылыстану Раздел 1. Естествознание

А.Е. Смихан, Р.Ш. Избасарова
Биология пәнін қазақ этнопедагогикасы негізінде оқыту **7**

Р.У. Альменаева
Мобильді оқыту технологиясын биологиялық білім беруде қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері **21**

Қ. Жоя, Қ. Сарқытқан, Е.Д. Исаков
Туризм мамандарын даярлауда "Геоэкология және туризм" пәнін оқуытудың педагогикалық технологиялары **31**

К.Б. Калиева, О.В. Гришаева, Г.С. Жолмуратова
Кенқияқ кенорнының кондициясыз мұнайын дайындау технологиясы **39**

2-бөлім / Раздел 2. Физика, математика, информатика

Б.Т. Есингельдинов, Н.К. Аширбаев, Д. Рахымбек
Подходы к оцениванию учебных достижений учащихся в условиях дистанционного обучения математике **47**

Д.Б. Тойбазаров, М. Тажиев, М.М. Токанов
Проблемы использования прикладных задач в обучении студентов - математиков **55**

Б.В. Рабинович, А.Н. Зверяченко
Методические особенности применения интерактивных методов при обучении теме «Движение плоскости и его свойства» **64**

Ш. Қали, Р. Солтан
Көбейтудің қарапайым және жылдам тәсілі **73**

Т.М. Сембаев, Ж.К. Нурбекова
Оқу үрдісінде қолданылатын толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасақтау орталарына талдау **81**

3-бөлім / Раздел 3. Филология

Ш. Құрманбайұлы, М.Е. Әділов
Абай тіліндегі фонетикалық ескіліктер **90**

Л.Ә. Ибраймова
Тілді оқытудағы сандық трансформациялаудың бес алғышарты **99**

Г.Қ. Жылқыбай
Түркі тілдеріндегі жалғаулықтардың ерекшеліктері **108**

Л.М. Әділбекова, Ж. Ерахметқызы
Жаңартылған білім мазмұны аясында Тұманбай Молдағалиев шығармасын Google Forms және Google Sites бағдарламалары арқылы оқытудың ерекшеліктері **116**

Г.К. Абдрахман, Г. Нарбеккызы
Признаки билингвального художественного текста в дилогии Л.Соловьева **124**

M.Ye. Seitova, N.Ye. Bekmakhanbetova
The Kazakh learners' willingness to communicate in English **132**

4-бөлім. Тарих, экономика, құқық / Раздел 4. История, экономика, право

A.S. Kenebayeva
Gender differences in eco-friendly consumer behaviour: Insights from tourism and hospitality sector of Central Kazakhstan **140**

5-бөлім / Раздел 5. Педагогика – психология

О.И. Ключко, Н.Н. Морозова, Е.В. Самосадова
Нормы мужского и женского поведения русских и туркменских студентов **149**

Қ.Б. Жанадилова, Ә.Е. Жұмабаева
Бастауыш сынып педагогтерінің метақұзыреттілігін қалыптастырудағы оқытудың жаңа тәсілдерін қолдану ерекшеліктері **158**
А.Б. Акпаева, Ф.Б. Кинжибаева
Анализ подготовки студентов к реализации преемственности дошкольного и начального образования **167**
П.К. Искакова, Ж. Әбділәкім
Эмоционалды қарым-қатынас - отбасылық тәрбиенің негізгі факторы ретінде **177**
J.Z. Torybayeva, L.M. Atakhanova, A.N.Zhorabekova
Future teacher-psychologist training for work with deviant behavior pupils **188**

6-бөлім. / Раздел 6.
Өнер және мәдениет Искусство и культура

А.Р. Раимкулова
Симфоническая музыка казахстанских композиторов 20-40 годов XX века в контексте евразийского межкультурного диалога **196**
А.Б. Ахмет, Б.Б. Нөгербек
Әдеби шығарманы экрандаудағы автор ойының көркемдік-идеялық мәні «Балуан Шолақ» фильмі мысалында **209**

Авторлар туралы мәлімет **219**

Сведения об авторах **221**

Authors of the issue **224**

Мақалаларға қойылатын талаптар **227**

Требования к статьям **231**

Requirements for articles **235**

1-бөлім
ЖАРАТЫЛЫСТАНУ

Раздел 1
ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ

Section 1
NATURAL SCIENCES

ҒТАХР 14.35.09

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚЫТУ

А.Е. Смихан, Р.Ш. Избасарова
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан
alikeeva.aidana@mail.ru, aseri11@mail.ru

Бұл мақалада биология пәнінде қазақ этнопедагогикасы элементтерін ұтымды пайдалану жолдары, әдіс-тәсілдері туралы жазылған. Жалпы, зерттеу жұмысының мақсаты - қазақ халық педагогикасын кешегі жақсы мен бүгінгі жаңаны өмір талабымен ұштастыра отырып, орта мектептердегі биология пәнін оқытуда этнопедагогика элементтерін тиімді пайдаланудың әдістемесін жасау, оны оқу үрдісінде ұтымды қолданудың мүмкіндіктерін анықтау болып табылады.

Биология пәнін этнопедагогика негізінде оқыту оқушылардың білімге деген ынта-ықыласын арттырады. Биология сабағында және сыныптан тыс жұмыстарда қазақ этнопедагогикасын тиімді пайдалану оқушылардың білімін, біліктілік дағдыларын қалыптастыруға алған білімдерін тереңдетіп кеңейте түсуге, қызығушылығын арттыруға, сонымен қатар, олардың халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы білімін молайтып, жеке тұлғалық қасиеттерін дұрыс қалыптастыруға ықпал ететінін біздің өз тәжірибемізде қолданып дәлелдеп шыққанымыз туралы толықтай таныса аласыздар. Осыған орай, біз бұл мақалада қазақ этнопедагогика элементтерін қолданып биологияны оқытудың бірнеше әдіс-тәсілдерін қарастырамыз.

Түйін сөздер: *этнопедагогика, қазақ этнопедагогикасы, салт-дәстүр, биология, тәрбие, оқыту.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасы егеменді ел болып, өркениетті мемлекеттердің санатына қосылуы жағдайында өзінің қоғамдағы саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдениет пен білім жүйесін әлемдік өркениет үлгісінде дамытуда. Өйткені кайсыбір жана тәуелсіз мемлекеттің болмысында рухани даму үдерісінің өзіндік ерекшеліктері болады. Бұл ерекшеліктер сол мемлекетте мекен ететін халықтардың тұрмыс-тіршілігімен, рухани мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен және тарихи даму жолымен айкындалады. Даму жолында жинақталған тәжірибе ұшты-күйлі жоғалып кетпейді, ол ұлттық сана мен халықтық идеяда, мәдени-әлеуметтік жүйеде белгілі бір реттілікте көрініс алады. Міне, осындай ғасырлар қойнауында қорытындыланып қалыптасқан қазақ халқына тән тәрбиенің өнегелі озық дәстүрлерін бүгінгі жаңа ұрпақ тәрбиесінде пайдалану аса маңызды міндеттердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі жағдайда қазақ халық педагогикасының озық дәстүрлерін жаңа ұрпақ тәрбиесінде жетекші құрал ретінде пайдалануға барлық негіз бар. Ол үшін педагогика ғылымы деректі туындыларды тірек ете отырып оның мазмұнын, мүмкіндіктерін жан-жақты зерттеп, зерделеуі қажет. Ұлттық тәрбиенің қайнар көзіне, қазақ халық педагогикасы мен дәстүрлеріне кайта оралу заманның жай ғана ағымы емес, бұл - қоғамдық өмір талабынан туындап отырған қажеттілік, өйткені адам баласы ұлттық мәдениеттің, әлеуметтік тұрмыстың дәстүрлі түрлерін танып-білу арқылы оның рухани бастауына терең бойлайды, туған елінің, ұлтының өзіндік ерекшелігін аялап, сақтауға үйренеді, ана тілін меңгеруге талпынады [1; 3,4].

Әлбетте, халық педагогикасын халықсыз, халықтың тыныс-тіршілігінсіз елестету мүмкін емес. Сондықтан халық педагогикасы туындыларында (мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегілер, аңыз-әңгімелер, эпостық жырлар, айтыстар, ән-күйлер, ұлттық ойындар, салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, сәндік-қолданбалы өнер және т.б.) көрініс алған халықтың тәрбие туралы көзқарас-пікірлері мен ақыл-кеңестері ұсынылып отырған еңбекке негіз етіп алынады. Халықтың тәрбие барысында пайдаланған әдіс-тәсілдері мен амал-жолдарынан түсінік беріледі.

Білім беру процесі - күрделі, көп қырлы, шешілуі мектепте жұмыс істейтін мамандардың әдіснамалық сауаттылығына (әдіснамалық мәдениетіне) байланысты болатын көптеген қайшылықтары бар құбылыс [2; 52].

Білім ел халқының сапасын арттырудың негізгі тетігі болып табылады, ал балалық шақтағы білім беру жұмыс күшінің сапасын қалыптастырудың негізі болып табылады. Балалық шақтағы білім жеке деңгейдегі жетістіктер мен бақытқа әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар ұлт дамуының

әлеуетті мүмкіндіктерін анықтау үшін жұмыс күшінің сапасын және инновацияларға (Heckman 2011) қабілетін қалыптастырады.

Мәдени капитал теориясы отбасылық мәдени ресурстар мен балалардың білім алу ұмтылыстары мен түсініктерін анықтайды. Мәдени капиталы жеткіліксіз отбасылармен салыстырғанда мәдени капиталы бай ата-аналар мектептердің ережелері туралы көбірек хабардар, мәдени ресурстарды көбірек салады, балалардың білім беру ұмтылысы мен қызығушылығын тәрбиелеуге көп көңіл бөледі, балаларға мектеп бағдарламасында көмектеседі және оларға академиялық ортада (Бурдье және Пассерон 1990) орындауға мүмкіндік береді [3; 13]. (Ли З., Цю, З. «Отбасы шығу тегі балалардың үлгеріміне қалай әсер етеді?» Қазіргі Қытайдың деректері). Қытай социология журналынан алынған мақаладағы деректерді қолдана отырып, білімді елдің болашағы да білімді ұрпақ болмақ, ал барлық тәрбие және білім ең бірінші баланың туып өскен, тәрбиеленген отбасынан бастау алады. Білімді мемлекетте, білімді отбасында дүниеге келген бала ғана бақытты, білімді, болашағы зор болмақ.

Этномәдени білім беру өскелең ұрпақты өзінің және әлемдік мәдениеттің мәдени құндылықтарына баулудың тұтас процесі ретінде қарастырылады, ол тұлғаның этностық мәдени тәжірибені жинақтауын, оның этномәдени бірегейлігін сақтауды, ұлттық сана-сезімді дамытуды, мәдениетаралық төзімділікті тәрбиелеуді қамтамасыз етеді [4; 63].

Қазақ халқы өз ұрпағын бесікке салғаннан бастап, оның ақыл-ойын ойдағыдай қалыптастырып, ойлау-сөйлеу жүйесін дамыту жолында өзіндік әдіс-тәсілдерді шебер пайдаланып отырған. Халқымыз ғылым-білімді дәріптеп, ақыл-ой тәрбиесінің негізі - терең ойлау мен пайымдау екендігін ұрпаққа жан-жақты ұғындырып отырған, әр отбасы өз баласының ойлау жүйесін дамыту үшін санамақтар мен жұмбақтардың, түрлі аңыз-әңгімелер мен тақпақтардың, өсиет сөздердің тәрбиелік мәнін әр кез қатты ескерген. Халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол. «Атадан бала тусайшы, ата жолын қусайшы» дегендей, атадан балаға мұра болып келе жатқан жақсы қасиеттерді келер ұрпақтың бойына сіңіріп, ізгілікке тәрбиелеуді арман етіп, «шыншыл, әділетті, иманды болу - сонау ата-бабамыздан келе жатқан дәстүріміз» дейді де, сол дәстүрді бұзғандарға ат-шапан айып тартқызып, кейінгі ұрпақтың ата салтын мықтап ұстауын да талап еткен [5; 37].

Халықтық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер адамдардың өндірістік әрекеті үрдісіндегі тұтынушылығынан туындайды. Адамдардың қоғамдық мінез-құлқындағы тұрақты нормалар мен ұстанымдарды бекіте отырып, олар үлкен танымдық маңызға ие. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарда сол халықтың ұлттық бейнесі - тұрмысы, халықтың мәдениеті, балаларды және жастарды тәрбиелеудегі жалпы танылған қабылдауы, құралы мен әдісі көрініс табады (Н.С. Сарсенбаев, С.А.Ұзақбаева, К.Ж. Қожахметова) [6; 294].

Мәселені сипаттау

Бүгінгі таңда «Биология» пәні мектеп жүйесінде алдыңғы қатарлы орын алады. Биологияның ерекшелігі - оның объектілері (тірі тіршілік), бір мезгілде және оның субъектілері де болып табылады. Мұндай екіұштылық биологияны жеке және қоғамдық мүддені қамтамасыз ететін, халықтың биологиялық сауаттылығы қарқынды даму дәуірінде және медицинада, ауыл шаруашылығында, қоршаған ортаны қорғауда оның қолданбалы аспектілерін енгізуде әлеуметтік проблема болып отыр.

Биологиялық дайындық өскелең ұрпақтың табиғаттағы адам қызметінің ғылыми принциптерін түсінуін қамтамасыз етеді, экологиялық мәдениеттің негізін қалыптастырады, салауатты өмір салтын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Осыған байланысты биологиялық білім беру мазмұнын іріктеу және құрастыру мәселесі - бүгінгі таңда өзекті болып отыр [7; 4].

Адам - дүниедегі ең ақылды жаратылған Биосфера перзенті. Оның қолынан жақсылық та, зұлымдық та келеді. Қолында малы көп болып, не ішейін, не киейін деп ойламаған кезде аңдар мен құстарға, жалпы биосфера компоненттеріне (жерге, суға, өсімдік әлеміне, жануарлар дүниесіне) адамгершілік, қайырымдылық, жақсылық ойлаған. Қазақ елі жайлауы мен малынан айырылып, амалсыздан амалсыз аң, балық аулаудың әр түрлі айла тәсілдерін қолданып күн көрсе де ежелгі әдет және аса бағалы ұлттық дәстүрлерінен ұлы Абайдың «ақырын жүріп анық бас, еңбегін кетпес далаға, ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген даналы сөзін басшылыққа алып, қазақ халқы жастарға валеологиялық білім және тәрбие беруден бірде-бір күн жалыққан емес. Бүгінгі әлемдік

аренаға жеткен ғылыми-педагогика халықтық педагогикадан бастау алып, оны ғылыми теориялар мен қағидалар тұрғысынан жан-жақты зерттеп, қарастырып, байытты. Сөйтіп, өз қажетіне жаратты. Осы қажеттіліктен келіп, халықтың эмпирикалық тәжірибесіне негізделген ұрпақ тәрбиелеу тағылымдары — халықтық педагогиканы ой елегінен өткізіп зерттеп, тәрбие мен оқу ісінің өзекті құралы етудің жолдарын және оның шығу, даму кезеңдерін өзіндік ерекшеліктерін, басқа ғылымдармен байланысын зерттейтін педагогиканың ғылыми бір саласы этнопедагогика пайда болды.

Оқушыларды қоршаған орта заттарымен, құбылыстарымен таныстырып, тірі организмдер қызметінің негізгі заңдылықтарымен таныстыруға олар жайында ғылыми ұғымдарын жүйелеп, көз-қарастарын қалыптастыруда орта мектепте оқытылатын биология пәнінің мәні өте зор. Сондықтан да биологияны оқытудың әдіс-тәсілдерін сан-салалы бағытта, жан-жақты қарастыру көзделеді. Биология пәндерін оқыту барысындағы мұғалімнің негізгі міндеті оқушылардың бойына жүйелі түрде, бірізділік пен биологиялық түсініктерді, ғылыми көзқарасты, өздігінен ойлау процесі мен практикалық жұмыстарды орындау икем дағдыларының біртұтастығын үздіксіз дамыту болып табылады.

Сондықтан да, биология пәнінде этнопедагогика элементтерін қолдану арқылы халықтық тәрбие түрлерін оқушы жастардың бойына сіңіріп, білім, білік дағдыларын дамыту, сөйтіп дене еңбегіне де, ой еңбегіне де қабілетті, нарық жағдайында өмір сүруге икемді, жан-жақты жетілген азамат етіп шығару мүмкіндігіміз зор деп ойлаймын. Осы орайда, жан тәрбиесі мен тән тәрбиесін қатар жүргізе отырып, оқушы жастардың қайрат жігерін, ақыл-ойын халықтың өнер туындылары негізінде оқытып тәрбиелеу арқылы іске асырылады.

Биологиядан сабақ беру әдісі көбінесе оқушылардың ақыл-ойының дамуы мен оқытудың өзара байланысы туралы мәселелермен шұғылданады, өйткені оқушылардың рухани жетілуін арнайы зерттейтін жантанулық әдістеме бар. Сабақ беру әдістемесінде оқушыларға оқулықта берілген материалды мұғалімнің қызықты да, тартымды етіп өткізе білуі - оқу-тәрбие мәселесіндегі маңызы зор тиімді шарт. Ал, егер біз биология пәнінде қазақ этнопедагогика элементтерін тиімді пайдаланып отырсақ, осы шартты орындаған болып есептелеміз.

Зерттеу жұмысының мақсаты

Халықтық педагогиканы бүгінгі өмір талабымен ұштастыра отырып, орта мектептердегі биология пәнін оқытуда этнопедагогика элементтерін тиімді пайдаланудың әдістемесін жасау, оны оқу үрдісінде ұтымды қолданудың мүмкіндіктерін анықтау.

Оқыту қызметінің мақсаты - бір ғана міндетті нәтижеге жету емес, ол әрбір оқушының іскерлігі мен мүмкіндігін дамытуға жағдай жасау. Мазмұны бойынша биология сабақтарының арасында морфологиялық, анатомиялық, физиологиялық, экологиялық, жүйелі және басқа да мазмұны бар сабақтарға бөлінеді. Олардың әрқайсысы ерекше, белгілі бір әдістерді, оқыту құралдарын таңдауды талап етеді [8; 4,12].

Біздің зерттеуіміздің мақсатына жету үшін биолог мұғалімдердің күнделікті ұйымдастырған сабақтарына қатысып, оқушылармен әңгімелесіп, бақылау жұмыстарын алуға көңіл бөлдік.

Зерттеуге қойылатын материалдарды іріктегенде алдымен халықтық педагогиканың негізгі элементтері іріктеліп жіктелді. Олар:

а) халықтың қолөнеріне енетін заттар, құралдар;

ә) халық ауыз әдебиеті туындылары (ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, мақал-мәтел);

б) алдыңғы қатарлы ақын-жазушылар поэзиясы.

Мұнда ескере кететін жайт – ақын, жазушылар поэзиясының білімдік, тәрбиелік, дамытушылық маңызы жоғары болғандықтан және халықтың өнері мен әдет-ғұрпының қайнар көзі екенін ескеріп, тақырыптар мазмұнына сәйкестендіріп іріктедік.

Зерттеу барысында халықтық педагогиканың пайдаланудың әдіс-тәсілі де сараланды. Әсіресе, сөз шеберлігі, оның көркемдігі оқушы ойын өрбітіп, тілін дамытуда теңдесі жоқ құрал екенін ескеріп, сөздік әдісті орынды қолдануды көздедік. Сонымен қатар, практикалық және көрнекілік әдістері де тиімді, ұтымды тұстарда қолдандық. Әдебиеттерде көрсетілгендей, оқушылардың ойлау әрекетін арттыру үшін бірнеше міндеттерді шешу зерттеу барысында ескерілді.

Биологияны оқытуда халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісіне арқау ету үшін ұлттық тәрбие нұсқауларын жүйелеу міндетін қамтамасыз етуге тырыстық. Халықтың ауыз әдебиет

шығармаларының үлгілерін (ертегі, мақал-мәтел, жұмбақ) зерттеп — талдау және оларды биология пәнін оқытуда пайдаланудың дидактикалық мүмкіндігін анықтап, олардың мазмұнын білімдік, дамытушылық, тәрбиелік мақсаттарын сараладық.

Зерттеу әдістері

Қазіргі таңда ғалымдар әр балаға жеке бағытталған тәсіл керек, бала жеке тұлға, онымен әрқашан санасу керектігін айтады. Ал біздің ата-бабамыз ерте бастан-ақ балаға ерекше көңіл бөліп, өмірлік тәжірибеде ешбір тыйым салусыз-ақ өз қалауынан адамгершілік мақсат-мүддеге сәйкес әдептілікті, мысалдар арқылы дана түрде жеткізіп отырған. Оқушыларды өзінің Отанын, ұлтын, халқын қастерлеп, оған қалтықсыз қызмет етуге тәрбиелеу және адамгершілікке, қайырымдылыққа баулу мақсатында күнделікті оқу-тәрбие жүйесіне халықтық педагогиканы енгізу кең өріс алып келеді. Бұл салада басқа пәндер сияқты, биология сабағының да мол мүмкіндіктері бар.

Биологияны оқыту міндеттері кешенді түрде қарастырылады, білім беру - тәжірибелік міндет, оқушылардың қарапайым биологиялық білім және қолданбалы сипаттағы практикалық білік жүйесін қалыптастыру. Интеллектуалдық жеткіліксіздігі бар оқушыларды биология пәнін оқыту процесінде түзету-дамыту міндеттерін шешу, олардың қоршаған табиғи объектілермен өзара әрекеттесуінің кемшіліктерін түзетуді көздейді. Тәрбие міндеті адамгершілік, еңбек, эстетикалық, этикалық, жыныстық және гигиеналық тәрбие беруді, табиғатқа ұқыпты және жауапты қарауды, тәрбиелеуді, экологиялық мәдениетті дамытуды, биология сабақтарында алынған білім мен іскерлікті пайдалану негізінде белгілі бір өмірлік жағдайларда дұрыс практикалық шешімдерді таңдауға дайындықты көздейді [9; 15].

Біз қай сабақ болмасын, оның үш бірдей дидактикалық мақсатқа сай жүргізілетінін білеміз. Соның ішінде оқушылардың тіл байлығын дамытатын және ойлау қабілетін қалыптастыратын даму аспектісіне баса назар аударуды жөн санаймыз. Тақырыпты оқытуда алғашқы сабақтанан бастап-ақ халықтың салт-дәстүрімен байланыстыру мақсатын бірден алға қойған жөн. Халқымыздың даналығын биология сабақтарында көрсетуге толықтай мүмкіндіктер бар.

Биология пәні тірі организм жайлы ғылым болғандықтан, тіршілік әр уақытта табиғатпен тығыз байланысты. Қазақстандық білім беру және тәрбиелеудің базалық әдіснамалық ережелерінің бірі — қоғам мен табиғаттың өзара байланыс тұжырымдамасы. Өлкетану туралы білім аталған аспектінің өзекті мәселелерін өлкелік білім және өлкетану арқылы жас ұрпақтың көп жылдық әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен этноэкологиялық бейімдеуге сүйене келе қарастырады [10; 3].

Адам қоршаған ортаға бейімделіп қана қоймай, қоршаған ортаны өз қажеттіліктеріне бейімдейді. Адам жасанды ортаны құрды және сол ортада өмір сүруге бейімделген. Бала дүниеге келіп, оған басқа адамдар жасаған осы ортаға түседі. Бала адамдармен қарым-қатынас барысында ғана шынайы адами қасиетке ие бола алады. Әрбір жаңа ұрпақ еңбекке, ойлауға, сөйлеуге қабілетті алдыңғы буын жинақтаған тәжірибені беру негізінде ғана алады [11; 38].

Қарым-қатынастың рөлі білім беру тәжірибесіндегі маңызды элемент болып табылады. Фрейре (1997) ұсынған диалогтық педагогиканы немесе Флеча (2000) болжаған диалогтық оқытуды пайдалана отырып, мектеп отбасы мүшелері үшін диалогтық әдеби жиналыстар (Солер, 2002) ұсына отырып, сыныптағы сабақтарды өзгерте алады. Педагогикалық практиканың бұл түрі белсенді қатысуға және олардың бастамашылары, әсіресе, білім деңгейі төмен отбасылар арасында ықпал етуі мүмкін. Коммуникация сондай-ақ білім беру саласындағы әртүрлі сарапшылармен және мүдделі топтармен ынтымақтастықта маңызды делдал болып табылады [12; 3]. Осы мәліметтерге сүйене отырып, баланы қоғаммен етене араласуына мүмкіндік жасап отыруымыз керек, өйткені бала қоғаммен араласу арқылы дамиды. Жастарға ән айтқызу, күй шерткізу, өлең-жыр жаттату, жаңылтпаш, жұмбақ үйрету немесе теңге алу, жамбы ату, аударыспақ, күрес, т.б. ұлттық ойындарын үйрету тәрбиенің өзекті мәселелері болған. Сондықтан да, этнопедагогикалық элементтерді сабақ барысында да, отбасында да қолдану - өте маңызды. Халықта «Тәрбие басы – тіл, өнер алды - тіл» - деп бекер айтпаса керек. Сөйтіп, сөз арқылы біз экологиялық тәрбие берумен бірге адамгершілік, жауапкершілік, Отанға деген сүйіспеншілік сияқты ізгі қасиеттерге баулимыз. Осы нақыл сөздер арқылы бала тәрбиесін этно тұрғыдан өткіземіз.

Биология сабақтарында этнопедагогика элементтерін қолдану жас тәрбиеленіп жатқан ұрпақтар үшін алға бастайтын жарқын баспалдақтардың бірі болатыны белгілі. Оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін, оларға өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани

құндылықтарымен сусындата отырып, жан-жақты білім беру керек. Күнделікті сабақ өткізу барысында пәнаралық байланыстарды көрсету керек. Қазақстан жерінде өсетін өсімдіктерден алынған дәрі-дәрмектер мен жануарлардан алынған тұрмыстық заттарды, ауа райын болжау мақсатында қолданылатын мағлұматтарды әрбір сабақта мазмұнына сай байланыстырып қолданудың маңызы зор.

Табиғат – халық педагогикасының маңызды факторларының бірі, ол адамның өмір сүру ортасы ғана емес, сонымен қатар туған жері, Отаны. Отан табиғатында адамға түсініксіз билік бар. Халық педагогикасындағы табиғаттың әртүрлілігі халық тәрбиесінің жаратылыстануымен байланысты. Сондықтан адамзаттың әмбебап қамқорлығы - қоршаған табиғат экологиясы, Мәдениет экологиясы, адам экологиясы, этникалық құрылымдар экологиясы туралы сөз жүргізу әбден заңды [13;30]. Ес білгеннен бастап ата-анасынан, ел ағасынан, үлкендерден өне бойы айтылатын өсиеттермен тәрбиеленген ұрпақ өзі де табиғатқа нұқсан келтірмей, келешек ұрпақтарды да сол тәрбие талабына сай қалыптастырып, алдындағы малы мен айналасындағы табиғаттың игілігін көруге баулиды.

Көптеген мақал-мәтелдер табиғатты қорғауға, аялауға шақырады және де адамның табиғаттың бір жаратылысы ретінде табиғатпен тығыз байланыста екенін көрсетеді, түрлі мақал-мәтелдерді әртүрлі тақырыптарда қолдану арқылы оқушылар арасында сайыс жүргізуге де болады. Мысалы: «Адам мен табиғаттың тілдескені - өмірдің үндескені»; «Адамның табиғатсыз күні жоқ, Табиғаттың оны айтар тілі жоқ». Осы мақалдарды адамзат баласының экожүйеге оң және теріс байланысы жөнінде 6- сыныпта «Адам - экожүйенің бөлігі» атты тақырыпты өткенде пайдалансақ болады. Көшпелі елдің барлық тіршілік болмысы табиғатта және табиғатпен бітене қайнасып отырады. Ұлы далада көшпелі өмір сүруге бейімделген олар өзі мекен еткен кеңістіктің барша қадір қасиетін танып, біліп сол кеңістіктегі құрбыластарды уақытымен зерделеуге, теңдестіруге, пайымдауға машықтанған. Сабақ мазмұнымен байланыстырып, ата-бабамыздың тарихи дамуы барысындағы айналадағы құбылыстар жөніндегі дүние таныммен оқушыларды таныстырып отырған жөн. Ертедегі қазақ халқы қоршаған ортаның бір - бірімен оқшау тұрған заттар мен құрбыластардың ретсіз жиынтығы емес, тұтастай байланысты бірліктегі дүние деп танығандығы жөнінде «Тіршіліктің жер бетінде пайда болуы туралы алғашқы көзқарастар» тақырыбында айтуға болады.

Адамзат баласының даму эволюциясына байланысты дүниетаным деңгейі де өсіп күрделене түседі. Өйткені адамның дүниені тануы табиғат туралы білімдермен жиынтығының сол кездегі өмір сүрген қоғам арасындағы байланысты негізінде өрбиді. Адамның ой - өрісі өзін қоршаған табиғат, ондағы құбылыстар туралы білімдерді неғұрлым толыққан сайын, дүниетанымы да соғұрлым байып тұрақтанғандығын ***«Эволюциялық идеялардың даму тарихы»*** тақырыбы кезінде айтуға болады. Тарихи зерттеулер тас дәуірден бері өмір сүріп келе жатқан қазақ халқының арғы ұрпақтарының малмен, егіншілікпен айналысып, жартылай көшпелі өмір сүргенін тұқым қуалау заңдылықтарының негізін білмей тұрып, оны өз өмірінде пайдаланғандығын, қолдарындағы малдарының сүттісін, еттісін алып қалып сұрыптау жүргізгендігін «Селекция» тақырыптарында айтуға болады.

Ертедегі ата-бабаларымыз табиғатпен біте қайнаса тіршілік етіп, табиғатта жүретін құбылыстарды сезінді, әлі келгенінше пайдаланды. «Ертедегі және осы заманғы алғашқы адамдар» тақырыбында отты ерекше қадірлегендігін, отты қорлауға болмайды деп әртүрлі тыйымдар салғандығын айта өтуге болады, мысалы: «отқа түкіруге болмайды», «оттан аттауға», «отты кесуге» болмайды деп отты қадірлеген, жас нәрестені бесікке саларда бесікті отпен аластау, жас келін үйге алғаш енгенде табалдырықтан отқа табындыру сияқты ырымдар бар екендігін айта кеткен жөн.

Бүгінгі адамзаттың асыл мұраты - бостандық, тыныш өмір сүріп өсіп-өну. Сол үшін де ақ ниетті адамдар озбырлыққа, адамзат баласын жаппай қырып-жоятын қаруға, шапқыншылық соғысқа қарсы күресті өрістетіп отыр. Осының бәрі - азаттық мүддесі. Халықтың адамгершілікті жанашырлық сипаты асыл дәстүрлері, міне, осындай дүниенің түбегейлі мүддесімен астасып жатқанын сеземіз. Сеземіз де осындай қасиетті ойды ұрпақтан-ұрпаққа тұнық, таза қалпында биология пәні арқылы жеткізуге қызмет істеуге тырысамыз. Табиғаттың ләззатты көктемін адам баласының ақынжанды перзенттерінің жырламағаны жоқ деуге болады. Ақын да, жазушы да, ғалым да, композитор мен суретші де табиғат көктемінің сан алуан сырлы сипатын, сұлулығы мен кереметін дәріптеп, анадай аялап, сәбидей мәпелеп, көне тарих жолының басынан бері қарай із қалдырып келе жатқаны баршаға белгілі жағдай.

Ал еңбек, еңбекқорлық туралы қаншама: «Бір тал кессең, он тал ек», «Берген алар, еккен орар». Қазақ халқының мақал–мәтелдері жас ұрпақты, ата–ананы, үлкендерді сыйлауға,

тәрбиелеуге бағытталған. 9-,10- сынып оқушылары үшін ***«Генетика»*** бөлімінен тұқым қуалаушылықты өткенде жеті атасын білуге үйрету керек. «Жеті атасын білмеген – жетесіз», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», «Ағайын алтау, ана біреу». Осындай этнопедагогикалық элементтерді биология пәнінде өсімдік тақырыбын өткенде пайдалансақ, бұл оқушылардың белсенділігін, қызығушылығын арттыратын, сүйіспеншілік мәні бар әдіс болмақ, этнопедагогика элементтерін қолдану арқылы біз оқушыларға тек ғылыми ғана емес тәрбиелік мәні бар білім береміз.

«Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштік заңдылықтарын» оқыған кезде ата - бабаларымыз жеті ата, жеті атаға жетпей қазақта қыз алып, қыз беруге тыйым салғандығын оның негізі дүниеге дені сау ұрпақ келуін қадағалағандығын айтуға болады. Осындай халықтық педагогика элементтерін сабақ барысында пайдаланудың тиімділігі жоғары, ол халқымыздың тыныс-тіршілігінің барлық жақтарын қамти отырып, адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелейді. Осы үлгідегі оқытудың әдіс-тәсілдері оқушылардың есте сақтау қабілетін арттырып, оларды жинақылыққа, дәлдікке, шығармашылыққа баулуға көмектеседі деп ойлаймын.

«Жасуша құрамындағы бейорганикалық заттар» тақырыбын өткен кезде тұздардың ағза үшін маңызы зор екендігін айта келіп, қазақ халқы «Тұз - астың атасы» деп, нанмен қатар қастерлеген. Тұзға байланысты көптеген ырымдар бар. «Шыр» етіп дүние есігін ашқан сәбиді тұзға түсіреді. Тұз денені ширатып, өскенде жара шықпауына көмектеседі. Малдың көптеген індеттерін тұзбен, тұз ерітіндісімен емдеген. «Еңбегі - еш, тұзы - сор», «Қызды сөкпе, тұзды төкпе», «Татар дәм - тұзымыз таусылмасын», мақалдарының мағынасы өте зор. «Қыз ауыр ма, тұз ауыр ма» мақалының шығуы жайлы айтуға болады. Сонымен бірге осы тақырыпта су туралы «Су ішкен құдығыңа түкірме», «Су - ырыстың көзі, еңбек - кірістің көзі». «Сұмның ырымы жаман, судың шірігі жаман» тәрбиелік мәні бар, суды үнемдеу жайлы мақалдарды айтуға болады. Міне, халық сол өмір тәжірибесінен дұрыс қорытынды шығармағандықтан «ой шырағым, байқа, ағып жатқан суды тегін деме, судың да сұрауы бар» деген даналық сөз тастаған ұрпағына. Қазақ халқының суды қадірлемеу, қорламау жөнінде де неше түрлі аталы сөздерін естиміз. Тал шыбықты ат қып мініп ойнап жүрген балаларға ата-анасы, үлкендер «суды сабама», «бұлақты лайлама», «көң-қоқырды су басынан аулақ төк», «суды сапырма» деп жасынан үйретеді. Осы сөздерден тегінде су тазалығын сақтауға қаншама мән берілгендігін көреміз.

Қазақ халқының сакральды (қасиетті) ұғымдарының бірі – ***«Өсімдік»*** ұғымы болған. Оған арналған көптеген мақал-мәтелдер бар. Мысалы: «Қыз өссе елдің көркі, гүл өссе жердің көркі» деп ата-бабамыз қыз баланы өте қадірлеп, қыз баланы жайқалған гүлге теңеген, ал гүл әрқашанда жерге көрік беріп, табиғатқа ерекше сұлулық сыйлап тұрған, сондықтан гүлді баптап, жұлмай, керісінше өсіріп, суын құйып тұру керек екендігін біз осы мақалдар арқылы, биология пәнінде өсімдіктердің маңызы жайлы тақырыпты өткенде оқушыларға түсіндіріп отыруымыз керек.

Халқымыз өсімдіктердің пайдасын, қадір-қасиетін жоғары бағалаған, мысалы «Ер - елдің көркі, орман-тоғай - жердің көркі», «Қораңда малың болсын, көшеңде талың болсын», «Жел соқпаса, шөптің басы қозғалмас», «Дәрі шөптен шығады, дана - көптен шығады» деген мақалдар өсімдік атаулының ерекше қасиетті екенін, дәрі атаулының барлығы дерлік шөптен шығатынын, біздің дана қазақ сонау заманнан бері білген. Тамақ, киім, отын, баспана, құрылыс өндіріс материалдары, дәрі-дәрмек бәрін де өсімдіктерден алатыны баршаға белгілі [14;14]. Өсімдіктерді халқымыз көбіне шаруашылыққа пайдаланған, оларды бірі азық қылса, енді бірі дәрі ретінде қолданған. «Өсімдік - жер анамыздың бізге берген ең үлкен сыйы» деп біліңдер, балалар, деп, 6-,7- сыныптар үшін ***«Дәрілік өсімдіктерді»*** өткенде халықтық емдеу тәсілдерін мысалға келтіруге болады. Бұл оқушыларды өзін-өзі күтуге және жол сапарға шыққан кезде өзіне және басқаға алғашқы көмек көрсете алуға үйретеді. Сабақтарда халықтық педагогика элементтерін қолдану оқушылардың теориялық білімдері мен практикалық машықтықтарын нығайтып тереңдетеді.

Жер бетіндегі өсіп тұрған өсімдікке шапағатты көзқарас - халықтың қасиетті сезімі, қазақ халқы ұғымында жер өртеу - үлкен қылмыс. Жер мен оның өсімдігі - заласыз, зардапсыз, пәк әлем. Пісіп тұрған шалғынды өртеу - елге деген орны толмайтын зиян. Сол үшін де данышпан Абай «Атың шықпаса, жер өрте» деген сөзді түйреп, «Жер өртеп шығарған атың құрысын» дейді. Көшпелі қазақ ауылдарындағы үлкендер ертеден-ақ кейінгілерге «Отпен ойнама» ден өсиет айтқан. Қадірлі өсиетпен тәрбиеленген қазақ баласы соғыс өртін ешқашанда тудырған емес. Жан иесі ғана емес, жер бетіне шығып көгеріп тұрған өсімдіктердің де тіршілігі бар. Кесілген ағаштың немесе жұлынған шөптің аққан сөлі – көз жасы сияқты жас ағаштың сынғанын, гүл-бәйшешектің мезгілсіз жұлынғанын көрсе аяныш білдірген. «Көктей солғыр», «өспегір» деп біреуге лағынет айту да осындай ұғымынан

туғаны өзінен-өзі белгілі. Әрине, мұндағы негізгі философиялық мағына - тіршілік еткісі келген дүниеге тиіспе, залал келтірме, зақымдама деген аталы ақыл. Көл-көсір байлықтың тегі - өсімдік дүниесі екенін біздің қазақ халқы жақсы білген. «Көкті жұлма, көктей соларсың» деген нақыл сөзде көк шөпке деген жанашырлық, қамқорлық, философиялық терең мағына жатыр. Бұл нақыл сөз өсімдік қадірін білгендіктен туған. Шынына келетін болсақ, өсіп тұрған «әдемі ағаштың, гүл, жеміс» ағаштарының адам баласына, түрлі жан-жануарларға, жер көркіне келтірер пайдасы сан алуан. Біреуге риза болғанда «көсегең көгерсін», «өркенің өссін» деп, қазақ қандай тамаша жүрекке жылы тиетін тілек айтқан. Халықтын өз туындысымен түсіндіргенде: «Бұтақ жайған ағаш қартаймайды, ұрпақ жайған адам қартаймайды» деген мағынада. Оңтүстікте «Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын» деген сөздер бар. Әкесінің егіп кеткен жас шыбығы кейін өсе келе жемісті, саялы баққа айналып ұрпағынан-ұрпағына дәулет болып келе жатқандар да аз емес. Ғасырлар бойы көшіп жүріп малды жайып, бағу биосфера компоненттерін тиімді пайдаланудың дәстүрлі жолдарын туғызды [15;15].

Қазақтың дәстүрлі өсетін өсімдіктерді «жұлма», «өртеме», «таптама», «кеспе» деп ғасырлар бойы қолдағы барды сақтағысы келсе, ендігі ұрпақ өскелең өмірдің бар мүмкіншіліктерін қолдана отырып, табиғатты одан әрі мол да, көрікті, сұлу да берекелі ету үшін шөл даланы құлпырған орман алқаптарына айналдыруда. Міне, осындай ұлттық идеологияны негіздей отырып, оны биология пәнінде әңгіме ретінде немесе баяндау әдісі арқылы қолдануға мүмкіндігіміз зор.

Мектеп бағдарламасына сай «***Құстар» тақырыбы*** өтілгенде Қазақстан аумағын мекендейтін және қызыл кітапқа енгізілген құстар туралы мағлұмат беру сыртқы түріне, түсіне, дауысына қарап құстарды ажырата білуге үйрету. Қазақ тілінде мәнерлеп оқуға, мазмұнын айтуға дағдыландыру, дүниетанымын кеңейту, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуге, музыканы сүюге, табиғатқа жанашырлықпен қарауға баулу мақсаттары көзделеді. Қазақ жалпы құс атаулыны аяйды, оларға жанашырлық білдіреді. Тұмсығы тесік құстар, бәрі - табиғаттың азат перзенті. Оның бостандығына, өсіп, көбеюіне қиянат етпеу керек, оларды жәбірлемеу керек деп түсінеді. Балалар ойнап жүріп торғайдың балапанын ұстап алса да, дереу қоя бергізеді. Құстың ұясын бұзбау, жұмыртқасын сындырмау, балапанын жәбірлемеу - егде тартқан адамдардың қашаннан бергі балаларына айтып отыратын өсиеті. Олар мұндай қиянатқа тыйым салып отырды [16;35]. Ілуде бір тентекті көрсе, жағасын ұстап жек көріп кетеді. Өзіңе зияны тимеген, аңға, жәндікке тиіспе деп үйретеді. Табиғатта өз міндетін істемейтін басқа артық ештеңе жоқ, бәрі де адам үшін қызмет істейді. Осы айтылғандардың жастарға тәлім-тәрбие беруде атқаратын рөлі орасан зор. Жазықсыз аң мен құсқа мейірлене қарағаннан әр замандағы махаббат сезімі де біреуден біреуге, «ақсұңқарым», «аққуым», «ақмаралым», «балапаным», «бұлбұлым», «тотым» сияқты теңеулермен айтылып, тарағанында да күмән жоқ. Адамды аңға, құсқа тигізбей, олардың өз бетімен еркін тіршілік етуіне мүмкіндік беру үшін, мысалы: «Аққуды атпа-досыңды сатпа» деп, аққуды қазақ халқы ежелден қастерлеп, бақыттың бастамасы, жақсылықтың жаршысы, пәктіктің, сұлулықтың белгісі деп есептейді әрі киелі құс төресі санап, оған ешуақытта оқ атпайды. Аққудың аталығын «сапар», балапанын «көгілдір», мойнын «сұңғақ» деп дәріптейді. Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы», Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда», Қорқыт атаның, Қожеке Назарұлының, Тоқа Шоңманұлының, Ықылас Дүкенұлының, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Болат Аюхановтың «Аққу биі» халқымыздың аққуға деген сүйіспеншілігінің белгісі болып есептелінеді. Аспан әлеміндегі шоқжұлдыздың бірі «Аққу жұлдызы» деп аталады. Халқымыздың ауыз әдебиетінде аққуға байланысты даналық ұғымдар, аңыз-әңгімелер, мақал-мәтелдер, теңеулер жиі кездеседі: «Аққу – құстың төресі, жалғыз жатып оттамас», «Сүйіктей аққу мойын», «Аққудай ару» т.б. Аққудың қауырсыны әсемдік үшін пайдаланылады деп, аққуға байланысты қысқаша мәлімет бере кетсек,біз биологиялық біліммен қатар тәрбиелік білім бере отырамыз. Құстар тақырыбын өткенде тағы да: Сауысқан үйдің төбесіне қонып немесе үйге қарап шықылдаса, үйге қонақ келудің нышаны. Алыстан жолаушы келеді, жолаушылар аман-есен оралады деп ырымдайды... «Әлей-әлей, әлей, ақ сөйлей гөр!» деп тілек айтады. Кептерге қарап тас лақтырмайды. Олай істесе тыныштық бұзылады, береке кетеді деп ырымдалады. Қазақ ұғымында үкі – қасиетті құс, үкінің үлпілдек жүні, басы, сирағы және қауырсынын ырымдап, жын-шайтаннан қорғайды деп төсектің басына, бесікке, баскиімге қадайды. Осы этнопедагогикалық ұғымдарды биология пәнінің құстар тақырыбын өткенде, олардың табиғатта, адам өмірінде маңызы, пайдасы жайлы өткенде сабақ барысында пайдалансақ болады.

Биология пәнінде ***сүтқоректілерді*** тиімді пайдалану және қорғау мәселелерін қарастыру кезінде білім алушыларда табиғатты қорғау білімдерін дамыту жалғастырылуда. Осы тақырыптағы оқыту міндеттерімен бірге тәрбиелік және дамытушылық міндеттері де жүзеге асырылады [17;7]. Ол

міндеттерді біз биология пәнінде ұлттық тәлім-тәрбиені қолдану арқылы жүзеге асырсақ болады. Жылан – қазақ елінің және басқа халықтардың ұғымында ең жауыз жәндік. Кейде жайлау үстінде жыланның үйге кіріп кететін жайы да болады. Сонда оның ештеңеге зияны тимесе, бірдеңеден қорқып келген шығар деп, мүсәпір етіп, қиянат жасамай, басына ақ құйып шығарады. «Таспен атқанды аспен ат, өзің мейірімді, жақсы болсаң, өзгеге жақсылық жасасаң, саған да біреу қастық ойламайды» деп, жыланға да адамгершілік, жанашырлықпен қарайды. Бұл ең алдымен, жоғары гуманистік қасиеттен туған дәстүр, халықтың кең пейілдігін, бейбіт өмірді, жан иесінің азаттығын қасиеттеуді өздеріне парыз санап, қаскүнемдікке, қанды қолдыққа, өздерін де, ұрпақтарын да, сол сияқты бүкіл замана атаулыға қиянатқа бастырмауды ниет тұтқанын көрсетеді.

Жануардың қанын босқа төкпеу үшін, адам баласын жыртқыштан, қанқұмарлықтан аяусыздықтан, жаны ашымастықтан, аулақ ету мақсатымен, бұндай жаман әдеттен адам баласы аман алып қалуы үшін, халқымыздың арасына кең тараған аңыздар, дәстүрлер, ертегілер көп. Олардың бәрінің де - ойлап қараған кісіге тамыры терең, мазмұны кең, тәрбиелік мәні зор, үлгі, өсиет алырлық парасаты мол. Халқымыз обал мен сауапты, адалдық пен арамдықты жақсы ажырата біледі және бұл ұғымдар ел санасынан ерекше орын алған.

Табиғат құшағындағы көшпелі елдің тұрмыс-тіршілігі, ішсе асы, кисе киімі, мінсе көлігі, алдындағы малы ғана болды. Мал да - табиғаттың адамға тартқан үлкен сыйы. Оны ысырап етпей, тұрмыс керегіне жаратып пайдалануды, мейлінше өсіруді ежелден төл ісіміз деп санаған. Малды қорлау, жәбірлеу - үлкен қиянат. Кейбір тентектердің мінген атын сабағанын көрсе, ақсақалдар жерлеп, ұрысып тастайды. Тамақ-тұрмыс қажетіне мал сойса, қастерлеп, қадірлеп, жақсы сөздері мен батасын айтып таза, қинамай сояды. Қанжынына дейін кісі аяғы баспайтын таза жерлерге төгіп, көмеді. Бұл дәстүр, біріншіден, хайуанды қорламау болса, екіншіден, тазалықты сақтау, ауыл маңына, ас-суға шыбын-шіркей үймелетпеу — жалпы мәдениет этикасы болып табылады. Аңға, құсқа деген халықтың көзқарасы, оларды жақсы көрушілікті біз күні бүгінге дейін еліміздің өмірінен, тұрмысынан көреміз. Олардың сүйкімділігін, көріктілігін, момындығы мен жәбірсіздігін жақсы көріп, солардай болсын деп перзенттерінің есімін де солардың атымен атаған. Ел ішінен Ақмарал, Құралай, Ботакөз, Бұлғын, Қарлығаш, ал ата-анасы ер жүрек, қайратты азамат болсын деген тілекпен қойған Арыстан, Бүркіт, Қаршыға деген аттарды естігенде тапқырлығына сүйсінеміз.

Қазақстанда аңшылық көне заманнан белгілі және көшпенділер өмірінде оның алатын орны зор. Ұлттық аңшылығымыздың - ит жүгірту, құс салу және шиті мылтықпен ірі аңдарды атып алу секілді бірнеше түрі болған. Аңшылық – күн көріс қана емес, мерекелік дем алу және ер-азаматтардың ептілік қасиетін шыңдап отыратын шеберлік сағаты болып саналған. Аң аулау - ертеден қалыптасқан салт. Әрине, тіршілік, табыс үшін аңшылық құратындар бар. Бірақ аңшылық шын мәнінде сауық, қызық,шынығу, ептілік, серілік, сезімталдық, сергектік, білімпаздық сияқты көптеген қасиеттерді ұштайтын тамаша өнер мектебі десе де болады. Аң аулау дәстүрлері мен тәжірибелері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, аң аулау шаруашылығы дамыған. Соған байланысты қазақтар арасында аңшылықты жақсы меңгерген мамандар – аңшы (аңды аулаушы) аңкөс (аң аулаудың сырларын жетік меңгерген аңшы), құсбегі (қырандарды түрге, топқа жақсы ажырататын), бүркітші (бүркітті баптай алатын) және қағушы (бүркітшілерге қолғанат болатын) пайда болды. Олар аң аулаудың айла-шарғыларын (ор қазып, ұшпалардан ұшырып, қарға омбылатып аулау, тасқақпанмен, тормен, құмқақпанмен, тұзақпен ұстау, құспен, итпен қуу, түтін, жемтік салу, мұзға отырғызу, т.б.) жетік меңгерген. Тек сақталып қана қоймайң, оның нақты үлгісі аз да болса табиғи түрде өмір сүреді, ең бастысы құсбегілікке қатысты таным-ырым, тыйым, бейнелі сөз, поэтикалық метафора, теңеу қазақтардың санасында берік орын алғандығы сонша, құсбегіліктегі кең тараған түрі - қыранмен аң аулау, бүркіт баптауды бүгінгі әлем ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТӨЛ МҰРАСЫ деп түсінетіндігі - игі ұлт үшін мақтаныш. Бүгінгі егемен еліміздің мемлекеттік рәміздерінде бейнеленген қыран құс - соның айқын дәлелі. Сонымен қатар елдің бейресми рәміздерінде барыс, бабыр, бөрі, қабылан сияқты жыртқыштармен әспеттелу сол тамыры терең тарихи сабақтастықтан бастау алған үрдістің жалғасы деуге тұрады. Ұлы Абай да - құсбегілікті жан-тәнімен ұнатқан адам. Бұл өнерден ләззат алған даланың дүл-дүл ұлдары Біржан мен Ақан, Сегіз Сері мен Қанапия бұл өнерді ұлттық ерекшелік деңгейінде жырлады. Саяттың денсаулыққа пайдалы спорттық қасиеттері де бар. Кең сахараның бойын шүйіп, таза ауасында серуен құрып, сәйгүлікпен заулатып қансонарда із қуып, сан қилы қызықты көзбен көргенде шаршағаның сейіліп, жақсы тынығасың. Саят дертке шипа, бойға қуат беретін өнер, әрі спорт деп, биология пәнінде оқушыларды этнопедагогикалық біліммен сусындата отырып сабақ өткізуімізге болады.

Оқушыларды халық дәстүрін ата-кәсібін, табиғат байлығын қорғауға, төрт түлікті қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында ***«Төрт түлігіміз түгел болсын»*** деген тақырыпта пікір-сайыс сабағын өткізуге болады. Бұл сабақтарда төрт түлік малдары төлдерінің аталуы, оларды жаю, төрт түлікке байланысты ырымдар туралы мақал-мәтелдер қарастырылады. Мысалы:

1. Малды аяқпен теппейді
2. Жылқыны сатқанда немесе сыйлағанда ноқтасымен бермейді
3. Малдың бірінші сауылымынан жасалған майды асқа қолданбай онымен жақтауды, табалдырықты майлаған
4. Соғымның сүйегін отқа жақпай жинап, босағаның оң жағына көмген
5. Кешкісін қорадан мал бермейді т.б.

Мұндай халықтық тәрбие оқушының ойлау, зерделеу, сөйлеу дағдысын қалыптастырумен бірге, оларды ізгі мінез-құлыққа, биік адамгершілікке, ұлттық дәстүр негізін бойына сіңіруге, ана тілін дамытуға баулиды.

Дүние жүзі халықтарының өздеріне тән ***салт-дәстүр*** ерекшеліктері бар. Дәстүр ұғымына жаңаша көзқараспен қарасақ, онда ол үш нәрсемен сипатталады. Біріншіден, дәстүр дегеніміз - жалпы халықтық мәдениет. Олай деуге себеп – оның өзі әркімнің жеке басының жағдайына байланысты емес, халықтың әлеуметтік, психологиялық, мәдени, толып жатқан басқа да тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты. Екіншіден, дәстүрдің тағы бір сипаты - тұрақтылығында. Ол оңайлықпен өзгере салмайды, орнықтылығымен ерекшеленеді.Үшіншіден, дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа беріледі.

Дәстүр - кең мағыналы ұғым. Мысалы: «қазақтың ою-өрнек, сәулет, ән-күй өнерінде тамаша дәстүр сабақтастығы сақталған». Жастарды ұлттық рухта тәрбиелеуде дәстүрдің орны ерекше. Дәстүр - қоғамдық өмірдің сан алуан салаларына да тән. Мұның тек рухани, мәдени жағы ғана емес, сонымен бірге жас ұрпақ - адам тәрбиесіне де үлкен мәні бар екенін ғалымдар дәлелдеп, естен шығармай жастарды дәстүрдің өнегесімен тәрбиелеуді ұсынады. Ұлтымыздың осындай тәлім-тәрбиелік, сезімдік мәніне терең ұғынып, карап, сырын ашатын болсақ, одан көп ғибратты істерге қанық боламыз [18;145,146].

Ал қазақ халқының салт-дәстүрлері тақырыбын өткенде тойларда, шілдехана, тұсаукесер, сүндеттойда берілетін бата түрлерінен алынған үзінділерден балаға, жастарға айтылған нақыл сөздер мен тілектердің мағынасын түсіндіру арқылы қазақ отбасында ежелден бала тәрбиесіне көп көңіл бөлгеніне назар аударған абзал. Оқушыларды тәрбиелеуде отбасында сақталатын салт–дәстүрлердің орны ерекше. Оқушылардың қоршаған ортаны қорғауға саналы көзқарасын дамыту және қалыптастыру үшін мұғалімдерден, олардың осы бағытта белгілі бір іскерліктері мен дағдыларын, сондай-ақ белгілі бір қоғамдық белсенділікті дамытуды талап етеді. Біздің негізгі міндетіміз - биологияны оқыту кезінде оқушылардың ойлау дербестігін және ғылымға деген қызығушылығын дамыту [19; 78,79].

Барлық оқу материалдарын мақсатты және жүйелі түрде кіріктіруде тиімді педагогикалық әдістерді пайдалану қажет болды. Соның бірі этнопедагогикалық элементтері бар ойын техникасы ұтымды болмақ.

Ойын арқылы бала білім алады, ой-өрісін кеңейтеді, еңбектенеді, өмірден мәліметтер алады, мінез-құлқын, ерік-жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтар: «Бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбек үстінде де сондай болады», - дейді. Сондықтан, ойын адам өмір танымының алғашқы қадамы. Осы қағидаларға сүйене отырып, біз ойынның бала өмірінде қаншалықты маңызды екенін ұғынамыз.

Педагогтар ойындық оқытудың ажырамас бөлігі болып табылады, өйткені олар ойлы балалармен белсенді қарым-қатынас жасайды. Мұны істеу үшін педагогтер жекелеген балалардың білімі мен қабілетін жақсы түсінуі және оқытуды жақсарту үшін мағынасы бар тәсілдермен өз ойлауын кеңейте білуі тиіс [20;33,34]. Осы мәліметтерді басшылыққа ала отырып, баланы ойната білу мен баламен ойнай білудің маңызды іс екенің түсінеміз. Ал, егерде, сол ойындарымызды ұлттық ойындармен ұштастырсақ, ұлттық ойындарымызды дамытсақ, нұр үстіне нұр болар еді.

Мысалы: адам ағзасының тірек-қимыл жүйесін өткен кезде, қазақтың ұлттық ойындарының маңызын айтуға болады (малдас құру, жамбастап отыру, шынтақтап жату сияқты). «Қонақты қарсы алайық» ойынында сәлемдесу, ізет көрсету, өзін-өзі басқара білу т.б. имандылық дәстүрлерін, еңбек дағдыларын игереді. «Санамақ», «Қуыр-қуырмаш», «Ханталапай» тәрізді ұлттық ойындарда баланың ой-өрісін, тілін, қимыл-қозғалысын дамытып, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастырады. Ал бұл ойындардың биология пәніндегі маңызы осы ұлттық ойындар арқылы, балалар өз дене мүшелерін, атап айтсақ тірек-қимыл қызметін атқаратын саусақтарын, олардың қазақи ұлттық атауын танып, оның әрқайсысының өзінің мақсат-міндетін, тереңірек біле түседі. Бұл ойын, алдымен, шабан қимылдайтын бүлдіршіндердің қимылын тездетуге септігін тигізеді, тілін жаттықтырады, есте сақтау қабілетін жетілдіре түседі. Ұяң, жасқаншақ балаларды топтасып жұмыс істеуге дағдыландырады, балалардыың мінез-құлқын шыңдайды. Педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, көптеген халықтық ойындардың дәстүрлі мазмұны қазіргі заманғы балалардың мүдделерін қанағаттандырады және олардың өмірлік сұраныстарына жауап береді [21;39]. Ал, осы ойындарды біз биология пәнінде 8- сыныпта адамның тірек-қимыл жүйесі тақырыбын өткенде сабаққа сәйкестендіріп қолдансақ, ол әдісіміз оқушыларға әрі пайдалы, әрі қызықты, әрі танымды болар еді. Себебі, осы ұлттық ойындар адам ағзасындағы сүйек пен бұлшық еттердің дұрыс қалыптасуына үлкен септігін тигізеді. Дененің дұрыс қалыптасуына және шығуына сүйектің мықтылығының артуына себепкер болады. Тағы бір мысал: егер адама ағзасының құрылысын түсіндіруде де, қазақтың киіз үйін мысалға келтіре отырып, түсіндіруге болады. Бұл тұрғыдан оқушы әрі ағзаның құрылысын, әрі қазақ үйдің құрылысын да меңгереді.

Жұмбақтар ерекшелігі. Оқушыларды тәрбиелеуде аса зор маңызы бар жанрлардың бірі-жұмбақ. Жұмбақ оқушылардың ұшқыр ойын шыныктырады, іс-әрекетке баулиды, ой санасының өсуіне септігін тигізеді, оқушылардың білімпаздығын, алғырлығын, бақылағыштығын, тапқырлығын, дүниетанымдылығын, тағы басқа толып жатқан қасиеттерін дамытуға көмектеседі. Себебі, жұмбақ шешу үшін әуелі ол мектеп оқулығының материалдарын білу керек және қосымша әдебиеттерді көп оқуы керек. Жұмбақты көбіне жаңа сабақты бекіткенде немесе қорытынды сабақтарда пайдаланады. Жұмбақтар кәсіпке байланысты, тіршілік-тірекке тиянақты болатын, адам көңілін аударатын қажетті заттардың бәрін қамтиды. Оқушылар жиналып алып, ойларының жүйріктігі мен тапқырлығын сынға салады. Жұмбақ шешімін тез таба білуге асығады. Жұмбақты тез тапқандары мақтанады.

Биология пәнінде сабақ барысында мұғалім тақырыпқа сәйкес қазақтың сан түрлі жұмбақтарын пайдаланса болады. Мысалы: тәнтану пәні бойынша салауатты өмір салтына байланысты 8-сынып оқушылары арасында «1001 мақал, 101 жұмбақ» сайысын өткізуге әбден болады. Адамның дене мүшесіне байланысты, осындай жұмбақтарды қолдансақ болады, мысалы:

Сәуле артында жүз ине,
Десек сөзді жасырдым.
Тапқыр болсаң, тауып көр,
Құлығымды асырдым. (Кірпік)

Бір таудың алпыс екі саласы бар,
Он екі жанында қаласы бар.
Бау-бақша, түрлі өсімдіктер,
Барлығының билеп тұрған анасы бар.
(адамның 62 тамыры, 12 мүшесі)

Этнопедагогикалық тәрбие мен білім беру тек сабақ кезінде ғана емес, таным-жорық, үйірме мен факультативтік сабақтар, сыныптан тыс тәрбие жұмыстары кезінде де жүргізілуі тиіс.

Зерттеу нәтижелері

Биология сабағында халықтық педагогика элементтерін пайдалану - жас жеткіншектерді ұлтын, елін шексіз сүюге тәрбиелейтін бірден бір құрал, оқу - тәрбие ісіне қазақ халқының этнопедагогикасын сәтті ендіру болып табылады. Қазақ халқының мәдени мұралары адамзат баласының қол жеткізген дана пікірлері мен асыл ойларына, тәжірибелік тұжырымына өте бай. Қазақ халқының табиғат қорғау дәстүрін, ұлттық ойындарын, мақал-мәтелдерін, аңыз - әңгімелерін, ұлттық ұғымдарын, киелі сандарын, ырым - тыйымдарын сабақ барысында сәйкестендіріп пайдалану оқушылардың халқына деген сүйіспеншілігін арттырады. Сабақты үнемі

қалыптасқан бір формада өткізу, әсіресе, жоғары сыныптардағы оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, ой – таласын жетілдіруге кері әсерін тигізіп жатуы баршамызға аян. Сабақты өмірмен ұштастырып, қоршаған ортаның әсерімен үнемі байланыстыру – оқыту үрдісінің ең негізгі мақсаты. Баланың бойында ұнамды мінез-құлық пен әдеп, ибалылық, жарасымды талғам мен таңдау қасиетін жүріс-тұрыс, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру қажымай, талмай еңбек етуді қажет етеді. Сол себептен де әр биолог мұғалім өз сабағында оқушыларға этнопедагогикалық тәрбие беруді де қаматамсыз еткені жөн.


Тәжірибиелік-педагогикалық жұмыс Алматы қаласындағы №136, 55 орта білім беретін мектептерде 2018-2020 оқу жылдарында жүзеге асырылды.

Экспериментке 98 оқушы қатысты. Анықтауыш эксперимент барысында сауалнама көмегімен үш компонент бойынша (мотивациялық, когнитивтік, мінез-құлықтық) оқушылардың бойында қалыптасқан этнопедагогикалық тәрбиенің деңгейін анықтадық.

Сауалнама жауаптарын сараптау, бізге оқушылардың қазақ этнопедагогикасы жайлы, жалпы этнопедагогика туралы субъективті көзқарастары мен білімдері туралы хабардар етті. Оқушылардың жалпы этнопедагогикалық ұғымдар туралы білім деңгейлері қанағаттанарлық болғанымен, биология пәнін қазақ этнопедагогикасы негізінде оқыту жайындағы білім деңгейлерінің төмендігі байқалды.


Анықталған жағдайды негізге ала отырып, біз оқушылардың этнопедагогикалық білімін тереңдету мақсатында, қалыптасушы тәжірибе алдында біз эксперименталды және бақылау топтарының оқушыларының алдында этнопедагогикалық тәрбиенің қалыптасу деңгейлері бойынша зерттеу жүргіздік.

Биология пәнін қазақ этнопедагогикасы негізінде оқыту арқылы оқушылар бойында қалыптасқан этнопедагогикалық тәрбие компоненттерін анықтадық (сурет 1).



1- сурет. Оқушылардың этнопедагогикалық білімін анықтайтын компоненттер көрсеткіштері (анықтауыш эксперимент)

Эксперименттік топ оқушыларымен біздің зерттеу болжамымыздың мүмкіндіктерін айқындайтын биология пәнінде арнайы сабақтар мен сабақтан тыс жұмыстар жүргізілсе, ал бақылау топтарында этнопедагогикалық тәрбие қалыптасуының мәнін анықтауға арналған сабақтар өтілді. Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың нәтижелері эксперименталды топ оқушыларға этнопедагогиканың қалыптасу деңгейін әр уақытта жоғарылатуға мүмкіндік беретіні біз қолданған әдістемелер негізінде өзінің жоғары нәтижелігін көрсетті. Оқушыларды қазақ этнопедагогикасы оқыту негізінде этнопедагогикалық тәрбие қалыптастырудың деңгейлері анықталды (1- сурет). Кестеде қазақ этнопедагогикасының негізінде оқушылар бойында қалыптасқан этнопедагогикалық компоненттерінің қалыптасу деңгейлері (эксперименттің соңында) эксперименталды топпен бақылау топтары арасында көп айырмашылық бар екенін көрсетті. Эксперименттің басы (1- сурет) мен соңында (2- сурет) алынған бақылау көрсеткіштерінің нәтижелері тәжірибелік жұмыстың елеулі өзгеріс әкелгенін анықтайды.



2- сурет. Қазақ этнопедагогикасының негізінде оқушылар бойында қалыптасқан этнопедагогикалық компоненттердің даму көрсеткіші

деңгейлер / топтар	жоғары	орташа	төмен
Эксперименттік топ	8,33%	29,17%	62,5%
Бақылау тобы	14,55%	30,91%	54,54

1- кесте. Қазақ этнопедагогикасы негізінде оқушыларға этнопедагогикалық тәрбиені қалыптастыру нәтижелері (анықтаушы эксперимент)

деңгейлер / топтар	жоғары	орташа	төмен
Эксперименттік топ	42,5%	32,5%	25%
Бақылау тобы	15,45%	40%	44,55

2- кесте. Қазақ этнопедагогикасының негізінде студенттерге патриоттық тәрбиені қалыптастырушы эксперимент нәтижелері (қорытынды эксперимент)

Анықтаушы эксперимент нәтижелері бойынша оқушылардың этнопедагогикалық компоненттерінің даму деңгейі эксперименттік топта 8,33 пайыз болса, бақылау тобында 14,55 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш эксперимент соңында эксперименттік топта 42,5 пайыз, бақылау тобында 15,45 пайызды көрсетті. Эксперимент басында орташа деңгейі эксперименттік топта 29,17 пайыз болса, соңында 32,5 пайызды құрады. Бақылау тобында эксперимент басында 30,91 пайыз, соңында 40 пайызды көрсетті. Төменгі деңгей бойынша эксперимент басында эксперименттік топта 62,5 пайызды құраса, эксперимент соңында 25 пайызды құрады.

Бақылау тобында эксперимент басында төменгі деңгейі 54,54 пайызды құраса, соңында 44,55 пайызды құрады (2- кесте). Сонымен педагогикалық тәжірибе көрсеткендей, орта білім беретін мектепте биология пәнін қазақ этнопедагогикасы негізінде оқытудың тиімділігінің тұтас педагогикалық процесінің жұмыстық гипотезасы расталды.

Қорытынды

Адам бойында адамгершілік құндылықтар қалыптаспаған болса, оның орнын қандай да бір терең білім толықтыра алмайтынын өмірдің өзі дәлелдеуде. Келешек ұрпақтарымыздың бойында білім мен тәрбие беруде жастайынан имандылық пен ұлттық қасиеттерді дарыта алсақ, сонда ғана ұлттық рухы дамыған, Отанының өсіп - өркендеуіне өз үлесін қоса алатын азаматты шығара аламыз. Сондықтан, ең әуелі ұрпақтарымызды жастайынан ұлттық тәлім-тәрбиеге баулып, өз халқының мәдениеті мен салт-дәстүрін жақсы білетін саналы тұлға тәрбиелеу ісіне аса назар аударуымыз керек. Ендеше, қазіргі кезде жастар арасындағы белең алған келеңсіз жайттарды болдырмаймыз десек, ұлттық тәрбиеге баулитын мәдениет пен салт-дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың маңыздылығы тереңде жатқанына көзіміз жетеді. Жалпы алғанда, баланы қадір-қасиетін жоймаған өміршең салт-дәстүрлермен, әдет-ғұрыптармен, жыраулық қисса-дастандармен, шешендік нақыл сөздермен, эпостық батырлар жырымен, мақал-мәтелдермен, ұлттық ойындармен тәрбиелеуге де болады. «Мектеп оқушыларының ұлттық құндылықтарына бағдарлану деңгейін анықтай отырып, мектепте оқу процесінде құндылықтық тәрбиенің тиімділігін арттыру жолдарын табу өте маңызды» [22;1234].

Биология сабақтарында этнопедагогика элементтерін қолдану - жас тәрбиеленіп жатқан ұрпақтар үшін алға бастайтын жарқын баспалдақтардың бірі болатыны белгілі. Оқушыларды дара тұлға етіп тәрбиелеу үшін оларға өз ұлтының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, рухани құндылықтарымен сусындата отырып, жан-жақты білім беру керек. Күнделікті сабақ өткізу барысында пәнаралық байланыстарды көрсету керек. Қазақстан жерінде өсетін өсімдіктерден алынған дәрі-дәрмектер мен жануарлардан алынған тұрмыстық заттарды, ауа райын болжау мақсатында қолданылатын мағлұматтарды әрбір сабақта мазмұнына сай байланыстырып қолданудың маңызы зор.

Сабақ барысында оқушылардың өздігінен ізденуін қадағалап, білім дағдысын толықтыруға ерекше назар аудару қажет. Осы орайда бүгінгі қазақ мектебінің ең негізгі мақсаты – денсаулығы мықты, зерделі, білімі терең, адамгершілігі мол, туған жері мен тарихының ұлылығын құрметтей білетін жас ұрпақ тәрбиелеу екендігі сөзсіз. Әр тұлға өзін-өзі танып біліп, салт-дәстүрін сақтап, салауатты өмір салтын қалыптастыруы қажет. Осының нәтижесінде болашаққа сенімі мол, терең білімді, жаңа ғасыр талабына сай, жан-жақты дамыған тұлға қалыптасады.

Ендеше, биология сабағына этнопедагогикалық мазмұнды әдістерді қолданып оқытудың тиімділігі мен ерекшелігі ғылыми тұрғыда өте маңызды. Сондай ақ, өскелең ұрпақты салауаттылыққа, адамгершілікке, ұтқырлыққа, әдептілікке тәрбиелеуде алатын орны ерекше екендігін көру қиын емес деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ұзақбаева С. (2013) Қазақ халық педагогикасы. Алматы: “Глобус”
2. Теремов А.В. (2018) Методология исследовательской деятельности в образовании. Москва: МПГУ.
3. Li, Z., Qiu, Z. (2018) How does family background affect children’s educational achievement? Evidence from Contemporary China. Journal of Chinese Sociology, 5, P. 13-34. https://doi.org/10.1186/s40711-018-0083-8
4. Акрамова А.С., Бәйнеш Ш.Б., Асанова А.Е. (2019) Историко-культурологический подход в профессиональной подготовке учителей // Вестник КазНПУ им.Абая, серия «Педагогические науки», №4(64). С. 59-66.
5. Оразбекова К.А. (2016) Қазақ отбасы психологиясы. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, 36-38 б.
6. Кастеева З.А., Бәкірова С.Ә. (2019) Қазақ биі – қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының көрінісі // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы, №1 (77). 293-299 б.
7. Митина Е.Г., Крыштоп В.А. (2020) Методическая подготовка студентов-биологов: конструирование содержания биологического образования. Мурманск: МАГУ. С. 4-16.
8. Перелович Н.В., Пятунина С.К., Теремов А.В., Петросова Р.А., Богданов Н.А. (2018) Методика обучения биологии. Часть 1. Растения. Бактерии. Грибы и лишайники. Учебно-методическое пособие для студентов. Москва: МПГУ. – 52 с.
9. Чобот Ж.П., Гладкая И.Н., Дубовец О.А., Шарапова И.А. (2018) Методика преподавания биологии: курс лекций. Витебск: ВГУ имени П.М. Машерова. С. 13-17.

10. Ермекбаева А.Т. (2018) Педагогикалық жоғары оқу орындарында биолог-бакалаврларды пәндік және әдістемелік дайындау мазмұны құрылымындағы өлкелік компонент. Философия докторы (PhD) бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін алу үшін қорғалған диссертация. Алматы.
11. Богданов Н. А. и др.; под ред. А. В. Теремова (2019) Методика обучения биологии. Часть 3. Человек и его здоровье. Учебно-методическое пособие для студентов. Москва: МПГУ. – 92 с.
12. Ojala M. (2010) Developing Multicultural Early Childhood Education in a Finnish Context. International Journal of Child Care and Education Policy. Volume 4, pp.13–22. https://doi.org/10.1007/2288-6729-4-1-13
13. Иманов А.К. (2015) Мудрые заповеди этнопедагогики. Петропавловск: СКГУ им. М. Козыбаева. С. 30-46.
14. Ғаббасов С. (1995) Халық педагогикасының негіздері. Алматы, 12-16 б.
15. Табылдиев Ә. (2001) Қазақ этнопедагогикасы. Алматы: Санат, 6-50 б.
16. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия (1998). Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, бас редактор Ә. Нысанбаев.
17. Теремов В., Никишов А. И., Пятунина С.К, Перелович Н. В. , Петросова Р.А. , Богданов Н. А. (2018) Методика обучения биологии. Часть 2. Животные. Москва: МПГУ. С. 5-25.
18. Оразбекова К.А. (2017) Иман және инабат. Әдеп және тұрмыс-салт психологиясы "Ана тілі" баспасынан шыққан алғашқы оқулықтың 2 басылымы. Абай атындағы ҚазҰПУ «Ұлағат» баспасы, Алматы, 144-155 б.
19. Холбоева Г.А., Яхшиева М. Ш., Абраимова Н.У (2016) Воспитание экологической безопасности у учащихся. Образование и воспитание. Международный научный журнал. № 2(07). С. 78-79.
20. Grieshaber S. (2015) Departures from Tradition: The Early Years Learning Framework for Australia. ICEP 4, 33–44 https://doi.org/10.1007/2288-6729-4-2-33
21. Васильева Д.Н. (2018) Теория и методика этнокультурного образования в вопросах и ответах. Ч.1: Учебное пособие. Саратов.
22. Jumadullaeva A.A., Konurbaeva S.S., Duanabaeva B.C., Kasymbekov J.A., Danyiarov T.A., Isaev M.S. (2016). Applying the Findings of Scientific and Pedagogical Research in Values Education. International Elektronic Journal of Mathematics Education. P. 1231-1243.

Обучение биологии посредством казахской этнопедагогики

А.Е. Смихан, Р.Ш. Избасарова
КазНПУ имени Абая, г. Алматы Казахстан
alikeeva.aidana@mail.ru, aseri11@mail.ru

В статье описаны пути, методы и приемы рационального использования элементов казахской этнопедагогики в процессе преподавания биологии. Целью исследовательской работы является разработка методики эффективного использования элементов казахской этнопедагогики в преподавании биологии в средних школах в сочетании с позитивным опытом прошлого и современным пониманием казахской народной педагогики, определение возможностей ее рационального использования в учебном процессе. Обучение биологии на основе этнопедагогики повышает мотивацию учащихся к знаниям. Авторы показывают, что на уроках биологии и во внеклассной работе эффективное использование казахской этнопедагогики способствует расширению знаний, умений и навыков учащихся, повышению их интереса, к народным традициям и обычаям, правильному формированию личностных качеств. Описано несколько методов и приемов обучения биологии с использованием элементов казахской этнопедагогики.

Ключевые слова: *этнопедагогика, казахская этнопедагогика, традиция, биология, воспитание, обучение.*

Teaching biology through Kazakh ethnopedagogics

A. E. Smikhan, R. Sh. Izbasarova
KazNPU named after Abai, Almaty Kazakhstan
alikeeva.aidana@mail.ru, aseri11@mail.ru

The article describes the ways, methods and techniques of rational use of elements of Kazakh ethnopedagogics in the process of teaching biology. The purpose of the research is to develop a methodology for the effective use of elements of Kazakh ethnopedagogics in teaching biology in secondary schools, combined with positive past experience and modern understanding of Kazakh folk pedagogy, and to determine the possibilities of its rational use in the educational process. Teaching biology based on ethnopedagogics increases students' motivation to learn. The authors show that the effective use of Kazakh ethnopedagogics in biology lessons and extracurricular activities contributes to the expansion of students' knowledge, skills and abilities, increasing their interest in folk traditions and customs, and the correct formation of personal qualities. Several methods and techniques of teaching biology using elements of Kazakh ethnopedagogics are described.

Keywords: *ethnopedagogics, Kazakh ethnopedagogics, tradition, biology, education*

Редакцияға 16.02.2020 түсті.

ҒТАХР 14.35.09

МОБИЛЬДІ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Р.У. Альменаева
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан
a_raihan@mail.ru

Білім саласында жаңа технологиялардың ықпалы мен үлесі күн санап өсуде, атап айтқанда, қашықтықтан білім беру, онлайн курстар мен тренингтер, бейне конференциялар мен вебинарлар, мобильді оқыту, электрондық және цифрлық білім беру ресурстары, т.б. Солардың бірі – мобильді оқыту технологиялары инновациялық жетістіктердің негізгі құраушыларына айналды. Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде мобильді оқыту технологияларын қолдану мәселесі өзекті болып отыр. Мақалада мобильді оқыту технологияларының білім берудегі рөлі мен қолдану тенденциялары, әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылған. Сондай-ақ, мобильді оқыту терминіне түсінік беріліп, мобильді технологияларды білім беруде қолдану мәселелері мен оның зерттелу барысы баяндалған. Мобильді қосымшаларға талдау жасай отырып, биология пәнін оқытуда қолданылатын бірнеше қосымшалар ұсынылған.

Түйін сөздер*: ақпараттық технологиялар, мобильді оқыту, мобильді технологиялар мен құрылғылар, мобильді қосымшалар, педагогикалық зерттеулер.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында мобильдік инфрақұрылым жүйесін (4G желілерін, болашақта 5G желілерін) жеделдетіп дамытуды жүзеге асыру жоспарланған. Өйткені, бұл инфрақұрылым мобильдік интернетке кеңжолақты қолжетімділікті және тиісті деректерді беру жылдамдығын арттыруды көздейді. Сондай-ақ, «бағдарлама инновациялық экономиканы құру, қоғам мен өндірісті қазіргі заманғы технологиялық әлемнен тысқары қалмайтындай жаңарту секілді өршіл мақсаттарға қол жеткізу үшін бір-бірімен байланысты шаралар кешенін іске асыруды болжамдайды. Осы мақсатқа қол жеткізу бүкіл қоғамның бірігуі мен жұмылдырылуын және қысқа уақыт аралығында серпіліс жасауды талап етеді» деп атап көрсетілген [1].

Цифрлық технологиялар ақпараттық қоғамда білім беруді оңтайландыру мен жеделдету мәселелерін шешуде және оған жеке тұлғаның бейімделуін қамтамасыз етуде маңызды құрал болып табылады. Ақпараттық технологиялар ғасыры аталған XXI ғасырда мобильдік құрылғылар, Интернет, әлеуметтік желілер өмір сүрудің күнделікті қарапайым қажеттілігіне айналды. Нәтижесінде ақпараттық қоғам, сандық орта, интеллектуалды экономика қалыптасып, технологияның қарқынды дамуына мүмкіндік туып отыр. Ақпараттық қоғамда адамның сыни ойлап, әрекетке шығармашылық тұрғыдан қарап, тиімді шешім қабылдай білуі – әрбір маманға қойылатын жаңаша талаптардың бірі болып табылады. Бұл талаптар алдымен, білім саласына тікелей байланысты. Қазіргі таңда елімізде оқытудың әлем бойынша ең жаңа деген әдістері мен технологиялары зерттеліп, білім саласында үздіксіз жаңарту жұмыстары жүргізіліп келеді. Білім берудің мазмұны жаңаруда, соған сәйкес олар технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдірілуде. Білім беру саласында дәстүрлі оқыту электронды оқытуға, электронды оқыту мобильді оқытуға ауысты.

Күнделікті әрбір адамның пайдаланатын ақпаратының қаншалықты маңызды екендігін ескерсек, сол ақпаратты алуға, өңдеуге, пайдалануға т.б. қолжетімділікті қамтамасыз ететін жаңа технологиялардың да маңыздылығы соншалықты болмақ.

Негізгі бөлім

Ақпараттық коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына, сандық білім беру ресурстарын қолдануға негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді [2].

Қашықтықтан білім беру, онлайн курстар мен тренингтер, бейне конференциялар мен дәрістер, вебинарлар, мобильді оқыту, электрондық және цифрлық білім беру ресурстары т.б. трендтер жаңа технологиялардың білім саласындағы күшті ықпалының нәтижесінде қалыптасты. 2000 жылдан бастап, бүкіл әлемде адамдар ұялы байланыс құрылғыларын қолдана бастады, өйткені мұндай құрылғылардың сапалы, жылдам және арзан модельдеріне кез-келген адам оңай қол жеткізе алды. Әсіресе, мобильді оқыту (*m-learning)* технологиялары инновациялық жетістіктердің негізгі құраушыларына айналды және қоғамның барлық салаларын толық қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесінде осы жаңа технологияларды қолдану мәселесі өзекті болып отыр. Ғылыми ақпараттардың қуатты ағыны, білімнің моральдық тұрғыдан тез ескіруі жоғары білім беру жүйесіне жаңа оқыту технологиясының кеңінен енуіне негізгі себеп болып табылады. Сәйкесінше білім беру стратегиялары мен әдістері, оқыту формалары m-learning оқыту технологияларын енгізуге бағытталуда. Осыған орай, бұл оқыту технологияларын теориялық, әдістемелік және ұйымдастырушылық жағынан зерттеумен қатар, оны білім беру жүйесіне енгізу мәселесін де қарастыру қажет. Бұл, білім беру жүйесін ақпараттандырудың жалғасы, жаңа буыны ретінде қарастырылады.

Мобильді оқыту технологияларын білім саласына енгізу жобаларын жүзеге асыруда түрлі мобильді құрылғылардың: смартфондар, mp3 плеерлер, планшеттер мен дыбысты құралдардың дидактикалық мүмкіндіктері зерттеліп, білім алуға оңтайландырыла бастады. Мұндай оқыту технологиялары ұтқырлығы мен бәсекеге қабілеттілігі ұлттық білім беру жүйесінің жаһандық білім беру кеңістігіне қосылуына септігін тигізеді.

Оқу үдерісінде мынадай мобильді байланыс құралдары қолданылуда:

- телефондар: ұялы телефондар, смартфондар, коммуникаторлар;
- әртүрлі портативті мобильді құрылғылар: MP3/4 плеерлер, нетбук, GPS навигаторлар, электронды ойындарға арналған құрылғылар және т.б.;
- планшеттер, портативті компьютерлер.

Күнделікті өзіміз қолданып жүрген смартфон, планшетті компьютер, нетбук, электронды кітап, смартбук секілді құрылғыларға арналған операциялық жүйелерді Google, Apple, Microsoft компаниялары әзірлеген. Мысалы, Android System операциялық жүйесін Google, iOS-ті Apple, Windows Mobile-ді Microsoft қолданысқа шығарған. Қолданылып жүрген операциялық жүйелердің барлығының да өзіндік ерекшеліктері мен артықшылықтары бар. Ең танымалы деп Android операциялық жүйесін айтуға болады және салыстырмалы түрде ұялы байланыс құралдарына арналған жаңа платформа болып табылады. Android жетілдіруге арналған тегін және ыңғайлы құралдары бар болуының арқасында жылдам түрде кеңінен таралуда. Android платформасы түрлі өндірушілердің көптеген құрылымдарына орнатылған. Android операциялық жүйесі Samsung, LG, Lenovo, Acer өнімдерінің барлығында да қолданылады. Қандай құрылғыны алсаңыз да, желілік технологиялар әлемінде интернетсіз, желілерсіз жұмыс істеу мүмкін емес. Смартфон, планшеттер ең алдымен, шапшаң ақпарат алу, жеткізу, тарату көзі болып табылады. Олардың барлық мүмкіндіктерін тек интернетке қосылу арқылы ғана жүзеге асыруға болады.

Мобильді оқыту деп – білім беру мақсатында оқу үдерісін жеңілдету, қолдау, оңтайландыру және кеңейту үшін әрдайым қол жетімді ыңғайлы ұялы байланыс құрылғылары мен сымсыз технологияларды пайдалануды айтамыз. Яғни, ол - портативті құрылғылар мен технологиялар арқылы жүзеге асырылатын оқыту әрекеті. Мұндай оқыту технологиялары білім беру қызметінде жаңа сапаға қол жеткізуге, кез келген уақытта оқу ақпаратын жылдам алуға, оқытудың жаңа әдістерін пайдалануға, білім алушының өздігінен білім алу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы m-learning технологиясын зерттеумен қатар «әрдайым қол жетімділік» және «Интернетке қол жетімділік» ұғымдарын нақтылауға мән беріледі. Интернетке қол жеткізуде ең көп таралған құрал, ол - ұялы телефон болып табылады.

Бүгінгі таңда мобильді технологияларды білім беруде қолдану мәселелерін зерттеу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру саласына енгізуге бағытталған зерттеулердің жалғасы іспеттес. Жоғары оқу орындарында студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану даярлығын қалыптастырудың аспектілері Л.В.Нефедова, А.В.Добудько, Е.Н.Бидайбеков, В.В.Гриншкун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов, С.К.Абдибекова, Г.Г.Бегаришева, А.З.Тұрсынбаев, А.Б.Раисова, Л.С.Галкина секілді зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылса, мектептегі биологияны оқытуда және жоғары оқу

орындарында биолог-студенттерді дайындауда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негіздері О.Г.Петрова, О.И.Беляков, Л.А.Сычева, Л.Н.Орлова, Т.И.Крылова т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген.

Ал, мобильді оқыту технологияларын оқыту үдерісінде қолданудың әдістемелік негіздері Д.О.Королева, А.П.Авраменко, М.А.Григорьева, В.А.Маслов, Е.Г.Михалкина, О.В.Жуков, М.Б.Файн, Г.О.Дуйсеева және т.б. зерттеулерінде қарастырылған. Сонымен қатар, бұл жаңа технологияларды қашықтықтан оқыту жүйесінде қолдану мәселелерін В.А.Куклев, О.М.Горева, Ю.Тихомирова зерттеген.

В.А.Куклев [3] ғылыми еңбегінде m-learning концепциясының теориялық-әдіснамалық және әдістемелік негіздемесін жасап, «мобильді оқулық» түсінігіне анықтама беріп, оны жүзеге асырудың технологиясын қарастырды.

M-learning мүмкіндіктері мен перспективалары шетелдік ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Атап айтсақ, түрік ғалымдары Abdulvahap Sonmez, Lütfiye Gocmez, Derya Uygun, Murat Ataizi мақаласында [4] аталған технологияларға қатысты әдебиеттерге шолу жасап, оның зерттелу жағдайы мен даму бағыттарына талдау жасап, олардың электронды оқытудан ерекшелігіне тоқталып, оның артықшылықтары мен қиыншылықтарын атап көрсеткен.

Dimon R., Pettit L., Cheung C., Quinnell R. мақаласында [5] биолог-студенттерге ботаникалық сауаттылықты жоғарылату мақсатында өсімдіктер орналасатын жерлердің онлайн карталарын жасап, кампустағы өсімдіктер туралы білім бере отырып, олардың қоршаған ортаға тигізетін әсері туралы CampusFlora қосымшасын ұсынады. Сонымен қатар Kalana M.H.A., Junaini S.N., & Fauzi A.H. еңбегінде [6] биологияны оқытуға арналған APPLearn, MagicBook қосымшаларына шолу жасалынған.

Matthew L. Bernackia, Jeffrey A. Greenea, Helen Crompton мақаласында [7] жалпы мобильді технологиялар мен оның білім берудегі рөлі мен жетістіктері, Camilleri M.A., Camilleri A.C. мақаласында [8] ұялы байланыс құралдарындағы қосымшалармен оқыту дайындығы қарастырылады.

Педагогикалық және әдістемелік зерттеулерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану мәселесінің жан-жақты зерттелуіне қарамастан, қазіргі кезде мобильді технологияларды жоғары оқу орнында биология мұғалімдерін даярлау үдерісінде қолдану өзекті мәселе болып қала береді. Бұл аталған технологиялардың орасан зор мүмкіндіктері мен болашақ биология мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру мақсатында оларды білім беру тәжірибесінде қолдану үшін ғылыми-әдістемелік негіздеменің жеткіліксіздігі арасындағы қайшылықты шешу қажеттілігіне байланысты туындайды.

Жетекші педагог ғалымдардың пікірлерін негізге алатын болсақ, бұл жаңа технологиялар үнемі шығармашылық ізденіс үстінде жүретін әрбір мұғалімнің дидактикалық-әдістемелік құралына айналуы тиіс.

Бүгінгі таңда оқытудың бұл жаңа түрі туралы көптеген анықтамалар жасалды және жаңа технологиялардың қарқынды дамуына байланысты бұл анықтамалар аз уақыт ішінде өз күшін жоғалтып, жетілдіріліп келеді. Сол себепті әдебиеттерде жиі қолданылатын және қазіргі кездегі көкейтесті болып саналатын төмендегі анықтамаларды қарастырдық.

Технологиялық ерекшелігі мен дидактикалық мүмкіндігіне байланысты «мобильді оқыту» жөнінде ғылыми әдебиеттердің өзінде бірнеше анықтама келтірілген. Мысалы, MoLeNet (www.molenet.org.uk) жобасы «мобильді оқыту» ұғымын оқушының білім алуына оңтайландыру және қолдау көрсету үшін ақпараттармен жұмыс істеуін қанағаттандыратын, оқу әрекеттерінің тиімділігін арттыруға пайдаланылатын портативті, сымсыз, ыңғайлы және қолжетімді құрал деп қарастырады [9].

Мобильді оқыту білім беруде педагогтердің жұмысын жеңілдетуші, мүмкіндіктерін кеңейтуші, білім тереңдігін күшейтуші технология және негізгі оқыту формасына қосымша көмекші құрал ретінде де қарастырылады.

Ғалым Traxler J. «Мобильді оқыту толығымен оқыту үдерісін өзгертеді, материалдардың берілуін, оған қолжетімділігін түрлендіреді және таным түрлері мен менталитеттің жаңа формаларын қалыптастырады» деп тұжырымдайды. Осы ортаны зерттеп жүрген ғалымдар мобильді оқытуды өз уақытында (just-in-time), жеткілікті деңгейде (just enough) және жеке тұлғаға (just-for-me) бағытталып жүріп жатқан үдеріс деп санайды [10].

Viberg O. «Мобильді оқыту - электронды оқыту іс-әрекетінің бөлігі» деп көрсетті. Ерекшелігі, m-learning портативті шағын технология құралдарына қолданылады, ал электронды оқыту барлық

оқыту және оқыту технологияларын, соның ішінде m-learning технологиясын қолданады [11]. Жалпы, мобильді оқыту электронды оқытуға қарағанда тез, әрі шапшаң жүреді және оның контенттері шағын, оқуға ыңғайлы түрде беріледі.

Bransford M., Douglas J. өз зерттеулерінде m-learning мен e-learning айырмашылықтарына тоқталып, мобильді оқытудың ерекшелігі уақыт пен кеңістік бойынша оқытылатын материалға тұрақты қол жетімділікті қамтамасыз ететіндігін және білім алушыға оқу материалы жөнінде толықтай түсінік қалыптастыратындығын (life-long education) атап көрсеткен [12].

Оқытудың педагогикалық жағы С.В.Титованың еңбегінде былай көрсетілген: «...мобильді оқыту – кез келген портативті құрылғылардағы WAP немесе GPRS технологияларын қолдана отырып оқу ақпаратын алу, жіберу және оның көмегімен интернетке кіру, материалдарды іздеу, форумдағы сұрақтарға жауап беру, тест жасау және т.б.» [13; 13].

Біздің пікірімізше, «m-learning» – уақыт пен орынға (мекен-жайға) тәуелсіз, яғни, Интернет желісіне қолжетімді кез келген орында уақыттың кез келген мезетінде мобильді құрылғылар арқылы білім беруді жүзеге асыру үдерісі.

Бұл жаңа оқытудың пайда болу, қалыптасу, білім беру қызметіне енгізілу тенденциясына тоқталатын болсақ, XXI ғасырдың басында, яғни 2000-2001 жылдарда алғаш рет ағылшын тілді ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «мобильді оқыту» («m-learning») туралы жиі айтыла бастады. Уақыт өте келе, біздің еліміздің білім беру жүйесінде ақпараттандыру, жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және электронды оқыту жүйесін жасау, енгізу бағдарламаларын іске асыру кезеңінде «мобильді оқыту» мәселесі талқыланып, тіпті жекелеген педагогтермен қолданысқа енгізіле бастады.Бұл құрылғылардағы оқушыларға қызықты, қолжетімді түрлі оқыту бағдарламалары мен қосымшалары және сенсорлық интерфейспен жабдықталған құрылғылар білім алудың қосымша көзіне айналды.

Білім берудегі ұялы байланыс құрылғылары мен білім беру ресурстарының теория мен практикада қолданылу мәселелері әртүрлі шетелдік ғылыми орталар мен ұйымдарда талқыланып, дамытыла бастады. Мысалы, 2002 жылдан бастап «MLearnCon» халықаралық конференциясы, 2005 жылдан бастап Европада «Мобильді оқыту» (International Conference Mobile Learning), 2007 жылдан бері Англияда «The Mobile Learning Network Project» (MoLeNET – Мобильді оқыту жүйесі) халықаралық конференциясы жүргізілді. Мақсаты – мобильді оқыту технологияларын жасау және тарату, әлем мектептері мен колледждері үшін біртұтас виртуалды оқыту жүйесін жасау болып табылады [14].

Американдық «Mobile Learning Environment Project» (The MoLE – мобильді оқыту ортасы) жобасы осы оқыту технологияларын түрлі пәндерді оқытуға бағыттап, білім беру ресурстарын құрастырып және оны меңгеруге арналған қолданылу әдістемесімен бірге бірыңғай платформа жасап, қолданысқа енгізді.

2010 жылы ЮНЕСКО ұйымы мен ақпараттық технологияларды дамыту институты бірлесе дайындаған «Мобильді оқыту сапалы білім мен әлеуметтік дамуға» бағдарламалық құжатында қазіргі педагогтер мен оқушылардың арасында сұранысқа ие ұялы байланыс құрылғыларын оқыту үдерісіне оңтайландыру жолдарын қарастыру мәселесі қарастырылды.

Оқыту үдерісінде мобильді құрылғыларды қолдану тенденциясы біраз уақыттан бері қалыптасып келеді, атап айтқанда, олар:

- Wi-Fi – байланыс құралы;
- Коммуникатор – бір-бірімен ақпарат алмасу;
- Фотоаппарат – мәтінді суретке түсіру;
- Диктофон – дәріс беретін оқытушының дауысын жазып алу;
- Мобильді браузер – сайттарға қол жеткізу;
- Аудиоплеер – дәрісті дыбыстық қолдаумен тыңдау;
- Секундомер – эксперимент жүргізуде уақытты қадағалау;
- Instagram, Facebook, Вконтакте,т.б. әлеуметтік желілерді қолдану;
- Ms Word, Ms Excel, Power Point офис пакеттерін пайдалану;
- Аударма –мәтінді шетел тіліне аудару, т.б. [15; 18].

M-learning технологияларының портативтілігі, интерактивтілігі, өлшемі жағынан және уақыт пен мерзімге байланысты бірнеше ортақ аспектілері бар. Бұл байланыс құрылғыларының маңыздылығын арттырады. Мобильді оқытудың артықшылықтары:

- Мобильді оқыту сымсыз мобильді технологияны қолдану арқылы жүзеге асырылады, ол кез келген адамға кез келген жерден және кез келген уақытта ақпарат пен оқу материалдарын алуға және таратуға мүмкіндік береді;

- Мобильді құрылғылар білім алушылар үшін өте ыңғайлы және қолжетімді құрал болып табылады. Ақпараттың барлық түріне қол жеткізу оңай. Ол басқа ақпарат құралдарына қарағанда ақпарат пен білім беру тәжірибесіне тезірек қол жеткізе алады;

- Оқытудың үздіксізсіз түрі және тиімді тәжірибесі болып табылады;

- Мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін де ыңғайлы оқыту түрі болып табылады;

- Білім алушылар онлайн форумдар мен чаттар арқылы бірлесіп жұмыс жасай алады. Олардың оқытушылармен кез келген уақытта, кез келген жерде пікір алмасуға, ой бөлісуге мүмкіндігі болады;

- Мобильді құрылғылардағы жылдам жауап (QR) кодтарын қолдануға болады. Қосымша ресурстарға, күрделі диаграммалар мен суреттерге сілтемелер, тапсырмаларды шешу студенттерге қол жетімді болуы мүмкін;

- Студенттердің өздігінен білім жетілдіру мақсатында қолдану ыңғайлы және кері байланыс жасау мүмкіндігі бар.

Көптеген артықшылықтарымен қатар мобильді оқытуды білім беруде қолданудың өзінің қиындықтары мен кемшілік жақтары да бар. Оларға мыналарды жатқызуға болады:

- Мобильді оқытуға қатысу үшін міндетті түрде мобильді құрылғы болуы керек. Жаңа технологиялардың жетістіктерін пайдалану үшін ұялы телефонды жиі жаңартып отыру керек. Сонымен қатар, білім алушы интернетке қол жетімді болу керек және мобильді операторыңыздан ай сайынғы ақы төленеді, сондықтан сізге ұзақ уақытты қажет ететін үлкен файлдарды жүктеу қажет болса, ай сайынғы төлемдер өте жоғары болуы мүмкін.

- Экранның өлшемі өте кішкентай, сондықтан оларды ұзақ уақыт қолданғанда адамның көзіне әсер етіп, тез шаршауы мүмкін. Сонымен қатар, экранда бір уақытта көрсетілетін ақпараттың мөлшері өте аз.

- Смартфондар 8-ден 10 сағатқа дейін үздіксіз жұмыс істейді. Тасымалды электр қуаты біткен соң, оны қайта қуаттандырғышқа қосу керек және бұл уақытта оны пайдаланушы адам өз «мобильділігінен» уақытша айырылады.

- Кез келген мобильді құрылғылардың сақтау мүмкіндігі шектеулі, сондықтан үлкен немесе көп файл болса, сіздің құрылғыңыз бәрін сақтай алмауы мүмкін.

- Әлеуметтік жағынан қарасақ, барлық білім алушылардың сәйкесті мобильді құрылғыларды алуға мүмкіндігі бола бермейді. Сонымен қатар, мобильді платформаға байланысты бірыңғай стандарттың болмауы да қиындық тудырады.

Жалпы, мобильді технологиялар бірнеше бағыттар бойынша оқытушылардың дамуы мен біліктілігін арттыру мақсатында кәсіби шеберлікті арттыра алатындығын көрсетті. Атап айтсақ:

- Коммуникация: ұялы байланыс құрылғыларын сымсыз кең жолақты және бейне қоңырау қызметтерімен мысалы, Skype сияқты бірге пайдалануға болады;

- Өзін-өзі бағалау: бейнекамераларды сабақ жазу үшін қолдануға болады, бұл оқытушыларға сабақтың қандай деңгейде сапалы өткізілгені туралы ойлауға мүмкіндік береді;

- Инновация: ұялы байланыс құрылғыларын білім беру бағдарламаларында креативті түрде пайдалануға және жаңа идеяларды көруге деген сенімділікті дамыту үшін қолдануға болады.

Биология күрделі де, қызықты пәндердің бірі, оның оқу мазмұнын дәстүрлі түрде сабақ барысында қолдану кезінде кейбір ұғымдарды түсіну қиын және ол ұғымдарды студенттер көз алдына елестете алмайды. Бағдарлама қосымшаларының 3D визуализациясы студенттерге ғылыммен байланысты объектілерді егжей-тегжейлі бақылап, білуге мүмкіндік береді. Биология оқулықтары көбінде мәтіндермен толығады және оған визуализация жетіспейді. Аталған технологияларды білім беруде қолдану студенттердің оқуға деген қызығушылығын арттырып, көзге көрінбейтін мазмұнды бейнелеуге көмектеседі, тәжірибесін байыта алады. 3D форматында ұсынылған ақпараттың сипаттамалары студенттерге тақырыпты өздігінен үйренуге мүмкіндік беретін нақты өзара әрекеттесуге ықпал етеді.

M-learning-ге қатысу үшін ең алдымен мобильді құрылғы қажет. Қазіргі білім алушылар смартфондарды қолдануға әдеттенген және күн сайын көп уақытын осында жұмсайды. Смартфонның басқа құрылғылардан артықшылығы оның қолжетімділігі және оның көптеген техникалық мүмкіндіктерінің болуы. Атап айтсақ, смартфондағы қосымшалар, интернет желісіндегі әртүрлі контенттер, аудиовизуалды материалдар биолог мамандардың білімін жетілдіру мақсатында өз көмегін тигізеді. Жалпы, мобильді қосымша – белгілі бір тұтынушылар тобына арналып құрастырылып, олардың қандай да бір мәселелері мен қиындығын шешуге бағытталған және ол шағын, сымсыз есептеу құрылғыларында, мысалы, смартфондар мен планшеттерде пайдалану үшін арнайы жасалған қолданбалы бағдарламалық қосымша. Яғни, мобильді қосымша - нақты платформаға орнатылған, белгілі бір әрекеттерді шешуге болатын функционалдығы бар арнайы бағдарлама [16].

Арнайы қосымшалар құрылғылардың қажеттіліктері мен шектеулерін ескере отырып жасалады, сондай-ақ олардың кез келген мамандандырылған мүмкіндіктерін пайдалануға арналған. Әдетте, мұндай қосымшалар шектеулі функциялары бар шағын бағдарламалық қамтамасыздандыру қондырғылары болса да, олар пайдаланушыларға сапалы қызмет пен тәжірибе ұсынуға мүмкіндік береді.

Осыған орай, қосымшаларды жасаудың технологиясы қарқынды дамып, оқытушылар мен студенттерге арналған жүздеген бағдарлама кешенді түрде қолданылып келеді. Солардың ішінде биология пәніне қажетті қосымшаларды смартфоннан App Store немесе Play Market арқылы жүктеп алуымызға болады. Олар: 3D Motion Human Anatomy, Leafsnap, Plants, Human Body, Visual Anatomy, Bacteria interactive 3D, Генетика, Биология, Молекулалық биология, т.б. қосымшалары.

«Генетика» бағдарламасы өте қарапайым, қолдануға ыңғайлы интерфейсімен қамтылған, жылдам іздеу қызметі бар қосымша. Мұнда генетикалық код, генетика тарихы, оның бөлімдері, әдістері, мутация, гендік мутация, генетикалық терминдер тізімі қамтылады. Анықтамалық жеке режимде интернетке қосылмай жұмыс жасай береді. Осы қосымшаға ұқсас «Genetics Dictionary» он мыңнан аса генетикалық сөздерді қамтитын қосымшаны да тегін жүктеп, қолдануға болады. Мұнда да гендер, хромосомалар, гендік мутациялар, онкогендер және т.б. тақырыптар қамтылады.


Ал биологияны оқу үдерісінде бірнеше білім беруге бағытталған «Биология – мектеп курсы», «ҰБТ биология», «Биология-репетитор», «Жалпы биологиядан лекциялар», «Молекулалық биология», «Биологиядан тестер» қосымшаларын пайдалануға болады.

«Frog Dissection» жануарларға тәжірибе жасауға арналған керемет қосымша болып табылады (1-сурет). Ол виртуальды бақаның 3D-көрінісін көруге, оған қажетті құралдардың көмегімен эксперимент жасауға және әрбір органды виртуальды зертханалық жағдайда зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелердің көмегімен бірде-бір жануарларға зақым келмейді.



Сурет 1- Frog Dissection қосымшасы

2-суреттегі Leafsnap – өсімдіктерді визуальды цифрлық танудың ерекше қосымшасы. Бұл қосымша 90% өсімдік пен ағаш түрлерін тани алады. Бұл қосымшада бірнеше функциялар бар, мысалы «Шолу» функциясын пайдаланып, әртүрлі ағаштардың жапырақтары, гүлдері немесе жемістерінің суреттерін іздеуге болады. Бұл бағдарламаның жұмыс істеу қағидасы өте қарапайым: ол өсімдік жапырағын суретке түсіре отырып, бағдарламаның жадындағы жапырақтармен салыстыра отырып іздейді. Егер сәйкес келсе, сол өсімдік туралы толық ақпараттар беріледі. Leafsnap қосымшасының «Көршілес түрлер» функциясымен өзіңіздің аймағыңыздағы қай өсімдік түрлерін анықтағанын көре аласыз.




Сурет 2- Leafsnap мобильді қосымшасы

Оқушылар мен студенттерге арналған оқу үдерісінде қолданылып жүрген көптеген анатомиялық атластар мен энциклопедиялар да бар, солардың бірі – «3D Motion Human Anatomy» қосымшасы. Бұл адам денесінің үш өлшемді моделін оқытуда кең пайдаланылатын интерактивті қосымша болып табылады. Мұндағы әрбір модель медициналық дәлдікпен жасалған [17].

«Visual Anatomy – 3D Human» қосымшасы адамның анатомиялық құрылысының 200-ге жуық функциялары мен бейнелерін ұсынатын мобильді қосымша (3-сурет). Ол адам анатомиясын зерттеуде қолданылатын қосымша құрал болып табылады және студенттерге екі өлшемді бейнеге қарағанда визуальды түрде ақпарат беретін, адам денесінің әрбір мүшесіне түсініктеме беретін анатомиялық атлас болып есептеледі. Аталған қосымшаларды App Store немесе Play Market-тен жүктеп алуға болады.





Сурет 3- Visual Anatomy қосымшасын жүктеу

Төмендегі 1-кестеде биология пәнін оқытуда қолданылатын бірнеше мобильді қосымшаларға салыстырмалы талдау жасадық.

№	Мобильді қосымша атауы	Файл өлшемі	Жүктеу саны (тамыз, 2020 ж. мәлімет бойынша)	Бағалануы	Қолжетімділігі	Құрастырушы
1	3D Frog Skeleton	23,71 Мб	> 10 000	4,0	ақылы	Biosphera
2	Leafsnap	17,82 Мб	> 500 000	4,8	ақылы	Appixi
3	Human Anatomy	97,38 Мб	> 500 000	3,1	ақылы	GraphicVision
4	PlantSnap	37,90 Мб	> 10 000 000	3,7	тегін	PlantSnap,Inc
5	Биология-репетитор	4,58 Мб	> 50 000	3,6	тегін	markozApps
6	Молекулярная биология	16,49 Мб	> 10 000	4,5	ақылы	24Hours
7	ҰБТ Биология	2,94 Мб	> 100 000	4,1	тегін	Entapp.kz
8	Генетика	10,20 Мб	> 50 000	4,4	ақылы	24Hours
9	Нормальная анатомия человека	3,68 Мб	> 100 000	4,5	тегін	Фармакоша
10	Biology Master-Biology for You	11,85 Мб	> 50 000	4,3	ақылы	Carlo Terraciano
11	Лекции по общей биологии	1,43 Мб	> 100 000	4,7	тегін	Mashutka
12	Тесты по биологии	8,51 Мб	> 10 000	4,0	тегін	OrifSoft

1-кесте. Биологияны оқытуда қолданылатын мобильді қосымшалар

Біз биологиялық білім беруде қолданылатын бірнеше қосымшаларды атап өттік, оларды оқу үдерісінде пайдаланған өте ыңғайлы. Сондықтан да, бұл технологияларды білім беруде пайдалану студенттер мен оқытушылар үшін қиындық келтіре қоймайды және оқу материалын мобильді нұсқада ұсынған ыңғайлы болып табылады. Аталған қосымшаларды App Store немесе Play Market-тен жүктеп алуға болады.

Қорытынды

Адам өмірінің барлық кезеңінде, сонымен қатар білім беру үдерісінде өтіп жатқан ақпараттық революция оқу үдерісін жаңа әдістермен байытуға бағытталған. Мобильді оқыту технологиялары адамның барлық іс-әрекет саласын қамтиды және олардың мүмкіндіктері күннен күнге дамып келеді. Смартфонға арналған қосымшалар адам өміріндегі көптеген мәселелерді шешуде көмегін тигізе алады. Бұл технологиялардың әлемдік нарықта өсуі, оның қазіргі уақытта көкейтестілігін, маңыздылығын, ыңғайлылығын, тиімділігін көрсетеді. Сондықтан да, бұл құрылғылар арқылы білім беру сұранысын қанағаттандыруға мейлінше дайын болу керек. Бұл, болашақ мамандарға жаңа

технология әлемінде жол табуды жеңілдетеді және негізгі орынға ие болады. Жоғарыда келтірілген талаптарды ескере отырып, оқытудың жаңа технологияларын биологиялық білім беруде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы.
2. Абильдина С.К., Айдарбекова К.А. (2019) Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруда сандық білім беру ресурстарын пайдалану //Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. №3 (79). - Б.192-199
3. Куклев В.А. (2008) Сущностные характеристики мобильного обучения как педагогической инновации. //Мир науки, культуры, образования. №5(12). С. 204-207.
4. Sönmez A., Göçmez L., Uygun D., Ataizi M. (2018) A Review of current studies of mobile learning. *Journal of Educational Technology & Online Learning*, *1*(1), 13-27.
5. Dimon R., Pettit L., Cheung C., Quinnell R. (2019) Promoting botanical literacy with a mobile application - CampusFlora - using an interdisciplinary, students-as-partners approach, International Journal for Students as Partners, 3(2). https://doi.org/10.15173/ijsap.v3i2.3671
6. Kalana M.H.A., Junaini S.N., Fauzi A.H. (2020) Mobile augmented reality for biology learning: Review and design recommendations. Journal of Critical Reviews, 7(12), 579–585. https://doi.org/http://dx.doi.org/10.31838/jcr.07.12.104
7. Bernackia M.L., Greenea J.A., Crompton H. (2020) Mobile technology, learning, and achievement: Advances in understanding and measuring the role of mobile technology in education. *Contemporary Educational Psychology* 60 (2020) 101827
8. Camilleri M.A., Camilleri A.C. (2019) The students' readiness to engage with mobile learning apps. Interactive Technology and Smart Education, Vol. 17 No. 1, pp. 28-38. https://doi.org/10.1108/ITSE-06-2019-0027
9. Закарьянова А.Б. (2016) Мобильді технологиялар білім беру үдерісінде. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында «Біліктілікті арттыру жүйесіндегі Smart-технологиялар: халықаралық тәжірибе және отандық практика» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. Орал. Б.232-238.
10. Traxler J. (2009) Current State of Mobile Learning //Mobile Learning: Transforming the Delivery of Education and Training. URL: http://www.aupress.ca/index.php/books
11. Viberg O. (2015) Design and use of mobile technology in distance language education: Matching learning practices with technologies-in-practice. Repro: Örebro University.
12. Bransford M., Douglas J. (2000) How People Learn: Brain, mind, experience and school. Washington.
13. Титова С.В. (2012) Мобильное обучение сегодня: стратегии и перспективы// Вестник Московского университета. Серия 19: Лингвистика и межкультурная коммуникация. С.9–23.
14. Файн М.Б. (2015) Мобильное обучение в образовательном процессе: зарубежный опыт //Современные научные исследования и инновации. №1. Ч.3 [Электронный ресурс]. URL: http://web.snauka.ru/issues.
15. Доскажанов Ч.Т., Даненова Г.Т., Коккоз М.М. (2018) Роль мобильных приложений в системе образования // Международный журнал экспериментального образования. №2. С. 17-22. URL: http://www.expeducation.ru/ru/article/view?id=11790 (дата обращения: 12.08.2020).
16. How To Write A Simple Application. [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://code.google.com/p/simple/wiki/HowToWriteASimpleApplication
17. 11 приложений для изучения биологии и медицины. Newtonew. [Электронный ресурс] – Режим доступа: https://newtonew.com/app/11-prilozhenij-dlja-izuchenija-biologii-i-mediciny

Методические возможности применения мобильных обучающих технологий в биологическом образовании

Р.У. Альменаева
Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г.Кызылорда, Казахстан
a_raihan@mail.ru

С каждым днем растет влияние новых технологий в сферу образования, в частности, дистанционное обучение, онлайн – конкурсы и тренинги, видеоконференции и вебинары, мобильное обучение, электронные и цифровые образовательные ресурсы и др. Мобильные технологии обучения стали ключевыми составляющими инновационных достижений. В настоящее время является актуальным вопрос использования технологий

мобильного обучения в системе образования. В статье рассмотрена роль и тенденции, методические возможности применения мобильных технологий обучения в образовании. Разъяснены термины мобильного обучения, изложены вопросы применения мобильных технологий в образовании и ход их изучения. В качестве объекта анализа взято несколько мобильныхприложений, используемых в преподавании биологии.

***Ключевые слова**: информационные технологии, мобильное обучение, мобильные технологии и устройства, мобильные приложения, педагогические исследования.*

Methodological possibilities of using mobile educational technologies in biological education

R.U. Almenayeva
Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan. *a_raihan@mail.ru*

The impact of new technologies on education is growing every day, in particular, distance learning, online contests and trainings, video conferences and webinars, mobile learning, electronic and digital educational resources, etc. Mobile teaching technologies have become key components of innovative achievements. Currently, the use of mobile learning technologies in the education system is an urgent issue. The article deals with the role and trends, methodological possibilites of using mobile learning technologies in education. The terms of mobile learning are explained, the issues of using mobile technologies in education and the course of their study are outlined. Several mobile applications used in biology teaching are taken as the object of analysis.

***Keywords**: information technologies, mobile training, mobile technologies and devices, mobile applications, pedagogical research.*

Редакцияға 12.08.2020 түсті.

ҒТАХР 39.01.45

ТУРИЗМ МАМАНДАРЫН ДАЯРЛАУДА "ГЕОЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТУРИЗМ" ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Қ. Жоя,[1] Қ. Сарқытқан,[2] Е.Д. Исаков[3]
[1,2]Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
[3]Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан
hairat.altai@mail.ru, kaster0102@mail.ru, erlanchik-89@mail.ru

Бұл мақалада, "Туризм" мамандығы студенттерінің геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үшін "Геоэкология және туризм" пәнін оқу кезінде тұлғалық-бағытталған және қызметтік педагогикалық технологиялар қарастырылды. Сондай-ақ, проблемалық оқыту технологияларын қолдану тиімділігі қарастырылып, болашақ кәсіби қызметпен байланысты геоэкологиялық проблемаларға өз көзқарасын білдіре алатын және кәсіптік проблемаларды шешетін құзыретті маманды қалыптастыру мүмкіндіктері ұсынылған. Жеке тұлғаға бағытталған бағдарлы білім беру процесі оқу және дидактикалық материалдарды, оны қолдануға әдістемелік ұсынымдарды, білімді меңгеру барысында студенттің жеке дамуын бақылаудың әдістері қарастырылды. Педагогикалық технологияның мәні нақты қойылған мақсаттарға жетуіне кепілдік беретін оқытушы мен студенттер арасындағы тұрақты кері байланыс екендігі тұжырымдалды. Сондықтан мақсаттардың дұрыс қойылуы педагогикалық технологияның маңызды шарты болып табылады.

Түйін сөздер: *геоэкология, педагогикалық технология, оқу процесі, жеке тұлға, студент, туризм.*

Кіріспе

Педагогикалық процестің басты құрамдас бөлігі оқытушының студенттермен жеке тұлғаға бағытталған өзара іс-қимылы болып табылады. Жаңа білім беру парадигмасы аясында бұл процесте болашақ маманның адамгершілік келбетін қалыптастыруға, тұлғаның рухани дамуы мен тәрбиесіне ерекше мән беріледі. Сондықтан білім берудің педагогикалық технологияларын жетілдіруге арналған негізгі процестер:

- орта деңгейлі студенттен - сараланған және жеке дара оқыту бағдарламаларына;
- білімнің статикалық моделінен-зияткерлік әрекеттердің динамикалық құрылымдалған жүйелеріне;
- есте сақтау функциясынан - күнделікті және кәсіби қызметте меңгерілген материалды пайдалануға мүмкіндік беретін ақыл - ой және шығармашылықты дамытуға;
- оқытудың сыртқы мотивациясынан - ішкі адамгершілікті реттеуге мүмкіндік береді.


Студенттің тұлғасына бағытталған педагогикалық процесті ұйымдастыру үлгілері вариативті және коррекциялық сипатқа ие. Осындай технологиялардың бірі жеке тұлғаға бағытталған болып табылады, ол субъектіні оқытудың, жеке өсуді қадағалау мен диагностикалаудың басымдығын, ойын үлгілеуін, жағдайлық жобалауды, оқыту міндеттерін өмірлік проблемалардың ағынына қосуды көздейді, сондай-ақ тұлғаны білім беру және әлеуметтік кеңістікте дамытады [1; 126]. Осылайша, студенттердің әлеуметтік-географиялық кеңістіктегі жағдайына және олардың білім беру мақсаттарының жоғары оқу орындары кеңістіктік орналасуымен байланысына орай студенттердің ұтқырлыққа бейімділігі мен бағыттылығы қалыптасады [2; 50].

Зерттеу мақсаты. «Туризм» мамандарын даярлауда "Геоэкология және туризм" пәнін оқытудың педагогикалық технологияларын зерттеу негізінде жоғары оқу орындары студенттерін кәсіби даярлаудағы негізгі құзыреттер мен оның ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу міндеттері ретінде кәсіптік білім беру жүйесінде оқыту технологияларының тиімділігі қарастырылып, болашақ кәсіби қызметпен байланысты геоэкологиялық проблемаларға өз көзқарасын білдіре алатын және кәсіптік проблемаларды шешетін құзыретті маманды қалыптастыру міндеттелді.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негіздері.

Жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық технологияда студент барлық білім беру процесінің негізгі жұмыс істейтін тұлғасы деп танылады.

Жеке тұлғаға бағытталған - бағдарлы білім беру процесі оқу және дидактикалық материалдарды, оны қолдануға әдістемелік ұсынымдарды, оқу тапсырмаларының белгілі бір түрлерін, білімді меңгеру барысында студенттің жеке дамуын бақылау әдістері мен формаларын әзірлеуді қарастырады [3; 208]. Тек білім берудің субъектілік принципін іске асыруға қабілетті дидактикалық қамтамасыз ету болғанда ғана жеке - бағдарлы процесті құруға болады.



1- сурет. "Геоэкология және туризм" пәнін оқытудың педагогикалық технологиялары
(Дереккөзі: Авторлар құрастырған)

Жеке тұлғаға бағытталған - бағдарлы білім беру процесін дидактикалық қамтамасыз етуді әзірлеуге қойылатын бірінші кезектегі талаптар:

- студенттің субъектілік тәжірибесіне сүйене отырып, мазмұнын анықтайтын оқу материалы, соның ішінде оның алдыңғы оқу тәжірибесінің болуы тиіс;
- оқулықта немесе оқытушымен материалды баяндау тек қана пәндік мазмұнның көлемін кеңейтуге, құрылымдауға, интегралдауға және жинақтауға ғана емес, әрбір студенттің субъектілік тәжірибесін түрлендіруге бағытталуы тиіс;
- студентті шығармашылық білім беру және кәсіби қызметке белсендіру, оның мазмұны мен формалары білім мен іскерлікті меңгеру барысында өзін-өзі дамыту, өздігінен білім алу және өзін-өзі көрсету мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;
- студенттің субъектілік тәжірибесін қойылған білімнің ғылыми мазмұнымен келісу және іскерлікті қалыптастыру мүмкіндігінің болуы тиіс;
- бақылау, бағалау және нәтижені, сондай-ақ оқу үдерісін, яғни студенттің оқу материалын меңгеру кезінде болатын өзгерістерді қамтамасыз ету қажет;
- студенттерге кәсіби тапсырмаларды орындау және тапсырмаларды шешу түрлері мен формаларын таңдауға мүмкіндік беретін оқу процесін модельдеу және ұйымдастыру керек;
- білім алу кезінде тұлғалық дамуындағы берілген функцияларды ескере отырып оқу тапсырмаларын орындау тәсілдері туралы, оқу жұмысының жалпылогиялық және кәсіби-спецификалық пәндік тәсілдерін бөлу қажет;
- оқу процесінде студенттердің өз бетінше қолданатын жұмыс істеу тәсілдерін анықтау және бағалау мүмкіндігінің болуы тиіс;
- оқулық немесе оқытушы арқылы студенттерді оқу материалын әзірлеудің ең дұрыс тәсілдерін таңдау және қолдануға бағыттау қажет;
- білім беру процесі студенттің оқуын, рефлексиясын және бағасын қамтамасыз етуі тиіс. Ол үшін бағалау жүйесі (бағалау, балдық-рейтингтік немесе білім мен іскерліктің деңгейі) және оларды сабақта, жеке жұмыста оқу-жаттығуды ұйымдастыру мақсатында пайдалану қажет.

Пәнге дидактикалық материалдарды әзірлей отырып, аудиториялық және аудиториядан тыс тапсырмалардың пәндік мазмұнының объективті күрделілігін, сондай-ақ оларды орындаудың әр түрлі тәсілдерін ескеру өте маңызды [4; 67-69].

Тапсырмалар ережелерді, іс-әрекет алгоритмдерін және тағы басқа баяндау түрінде берілетін жұмыстардың орындалуы мен тәсілдерін сипаттауы тиіс (рационалды әдісті табу, екі тәсілді салыстыру және бағалау).

Тұлғалық-бағдарлы тәсіл сабақты ұйымдастыру және оқу іс-әрекетін қайта қарастыруға мүмкіндік береді. Сабақ шығармашылық қарым-қатынас немесе проблемалық пікірталас түрінде өтуі мүмкін. Артықшылық фронтальды жұмысқа емес, жеке басының дамуына мүмкіндік беретін шағын топтардағы жұмысқа да беріледі [5; 383].

"Геоэкология және туризм" пәнін оқыту кезінде тұлғалық-бағдарлы педагогикалық технологияның жалпы принциптерге сүйенуі маңызды болып табылады:

- даму принципі (студенттің жеке тұлғасының бірыңғай дамуы және оның одан әрі кәсіби өсуге дайындығы; студенттің өзін, ой-өрісін, қабілетін және т.б. барынша жүзеге асыра алатын жағдайлар жасау);
- бейімделу принципі (яғни, курстастардың жеке ерекшеліктеріне барынша бейімделу; "Геоэкология және туризм" пәнін оқуға тән оқытушы мен оқу процесінің ерекшеліктеріне»);
- психологиялық жайлылық принципі (оқу процесінде шығармашылық тапсырмаларды орындауда стресті болдырмау; студенттің шығармашылық белсенділігін, оқу процесінде жайлы атмосфераны ынталандыратын ашық және еркін жағдай жасау);
- білім беру мазмұнының тұтастық принципі (мазмұн құрылымының негізінде пән түсінігі емес, бірыңғай білім беру алаңы болады);

- әлем бейнесінің принципі (тұтастық пен бірлік ұғымын қалыптастыру; өзінің жеке дүниетанымын қалыптастыру);
- әлемге мағыналық қарым-қатынас принципі (бейбітшілік бейнесін жасау және оған қарым-қатынас);
- мәдениетті меңгеру принципі (мәдениетті қалыптастыру – Геоэкологиялық білім берудің басты қағидаларының бірі, мұнда экологиялық мәдениетке ғана емес, сонымен қатар жалпы адамның мәдени-мінез-құлқына да назар аударылады);
- іс-әрекетті оқыту қағидасы (жай әрекет қана емес, сонымен қатар мақсат қоя білу, өзіндік және бөтен іс-әрекеттерге бақылау және баға беру; оқу және танымдық іс-әрекет әдістері мен тәсілдерін жасау; өзін-өзі бақылау және өзін-өзі бағалау іскерліктерін дамыту);
- креативті принцип (шығармашылыққа оқыту; бұрын кездеспеген өздігінен шешім іздеу қажеттілігін қалыптастыру; типтік білім, білік және дағды жиынтығынан тыс шығу қабілеті; дербес шешім қабылдауға ұмтылу).

"Туризм" мамандығы бойынша іс-әрекеттік технологиялар ҚР Мемлекеттік білім беру стандарты негізінде жүзеге асырылады.

Іс-әрекет педагогикасы үшін мынадай оқыту принциптері тән: пән принципі (көрнекіліктің дәстүрлі принципіне қарама-қайшы келеді); іс-әрекет принципі (сана принципіне қарама-қайшы келеді) [6; 21-38].

Іс-әрекет мазмұнын құрастырудың ерекше принциптері мыналар болып табылады: оқыту міндеттері арқылы әсер ету тәсілдерінің жүйесі; жалпы іс-әрекет тәсілін құрастырудың басты құралы ретінде модельдеу; түсініктер жүйесін қарастыру тәсілдері ретінде іздеу және тексеру; модельдік, жобалық міндеттер жүйесі арқылы іс-әрекет және ынтымақтастық тәсілдері [7; 288].

Оқыту қызметі оқу-жаттығудың әмбебап тәсілі ретінде ерекше білім беру технологиясын анықтайды: "жетістік жағдайынан" рефлексивті баға (оқу міндетін қою) арқылы "алшақтық жағдайына" көшу; моделдеу және құрастыру (оқу міндетін шешу кезеңі); "шығу" диагностикалық жұмысқа түзету арқылы "кіру" диагностикалық жұмыстан жылжыту (жеке есептерді шешу кезеңі), тексеру жұмысы, бір оқу міндетінен екіншісіне ауысу (айқындаушы баға); әртүрлі жағдайдағы іс-әрекет тәсілдері мен құралдарды көшіру (жобалық міндеттерді шешу кезеңі)" [8; 1699-1701].

Оқытудың іс-әрекеттік тәсілі негізі психологиялық заңдылық болып табылады, ол кезде оқу мазмұнын меңгеру және студенттің дамуы оған ақпарат беру жолымен емес, өзінің оқу іс-әрекеті процесінде жүзеге асырылады; Білім тек қызметте ғана алынады, ал білім алушының дамуы (дағдылар мен іскерлікті меңгеру) әрқашан өз бетінше орындауға қажетті іс-әрекеттен (оны орындаудың белгілі бір әдістері мен тәсілдерінен) тұрады.

Іс-әрекеттік оқыту технологиясы оқу процесін практикаға бағдарлауға, оны кәсіби қызметке барынша жақындатуға мүмкіндік береді [9; 137].

"Геоэкология және туризм" пәнін оқу барысында осы педагогикалық технологияны қолдана отырып, студенттердің алған білімдерін, іскерліктерін және машықтарын практикалық тапсырмаларды шешуге пайдалану ниетін, ақиқатты талдау және өз көзқарастары мен пікірлерін қалыптастыру қажеттілігін ынталандыру қажет [10; 528-534].

Іс-әрекет тәсілінде тәжірибелік-бағытталған технологияларды қолдану үшін келесі белсенді нысандар мен әдістер қолданылады:

- әртүрлі, жоспарлы, нақты жағдайларды шешу;
- ситуациялық кәсіби есептерді шешу (оқыту процесіне пәнаралық білімді интеграциялауды талап ететін күрделі және типтік емес кәсіби жағдайларды енгізуді ұсыну; әртүрлі вариативті шешім тәсілдерімен жағдайларды қарастыру; қойылған қате әрекеттермен міндеттерді шешу-есептер-кейстер) [11; 161-164];
- кәсіби жағдайларды талдау (командада жұмыс істеу дағдыларын меңгеру, жұмыс беруші өкілдермен белгілі бір кәсіби жағдайларды талдау қажеттілігін қарастырады);
- кәсіби қызметті модельдеу (оқытушының міндеті студентке ақпараттық іздеу моделін құруға көмек көрсету және білім мен іскерлікті қолдану болып табылады);
- іскерлік ойын (бұл әдіс стандарттарды жүзеге асыру үшін өзекті болып табылады, өйткені іскерлік ойын процесінде жалпы және кәсіби құзыреттер қалыптасады).

Практикалық оқытуда іс-әрекет әдісі технологиясын жүзеге асыру бұдан әрі аталған дидактикалық қағидаттар жүйесімен ұсынылады:

- қызмет принципі (студенттің өз бетінше білім алуына негізделген. Бұл ретте білім алушылар өзінің оқу іс-әрекетінің мазмұны мен формаларын ұғынады, оның нормалар жүйесін түсінеді, жалпы мәдени және іс-әрекет сипатындағы табысты қалыптастыруға ықпал ете отырып, оларды жетілдіруге белсенді қатысады);
- үздіксіздік принципі (әртүрлі деңгейдегі оқыту кезеңдері мен сатылары арасындағы байланысты білдіреді);
- тұтастық принципі (студенттерде қоршаған орта туралы жалпылама жүйелі түсінік қалыптастырады);
- вариативтілік принципі (студенттердің нұсқаларды тұрақты таңдау және таңдау жағдайларында дұрыс шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруды білдіреді);
- шығармашылық принципі (білім беру үрдісінде студенттердің шығармашылық тәжірибесін алуына баса назар аударылады).

Жоғарыда аталған дидактикалық принциптер жүйесі студенттерде педагогикалық үдерістің негізгі дидактикалық талаптарына сәйкес жалпы мәдени және кәсіби құндылықтарды қалыптастырады: көрнекілік, қол жетімділік, сабақтастық, белсенділік, білімді саналы игеру, ғылымилық және т.б. принципі. Қалыптасқан дидактикалық принциптер үздіксіз білім беру процесін ұйымдастырудың қажетті шарттарының жүйесін көрсетеді [12; 121].

Білім беру мекемелерінің міндеті еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби қызметке дайын тұлғаны тәрбиелеу болып табылады [13; 30]. Тек қана қалыптасқан тұлға ақыл-ойдың икемділігі, стандартты емес және креативті шешімдерге қабілеттілік, мобильділік, ақпараттық, коммуникативтік және экологиялық мәдениет, ымыраға келе білу, келіп түсетін ақпараттың үлкен ағынын шығармашылық қайта өңдеу және оны өзінің кәсіби қызметінде құзыретті пайдалану қабілеті, өзін-өзі дамытуға ұмтылу және т. б. сияқты қасиеттерге ие [14; 13].

Студенттің жоғарыда аталған қасиеттерді дамыту және қол жеткізу мүмкіндігіне проблемалық оқыту технологиясы арқылы қол жеткізуге болады, оның оң әсері ретінде оқу процесінің дамытушылық әлеуетін жандандыру, өзіндік іздеу қызметі, елеулі танымдық деңгейі, субъекті қарым-қатынасы, оқу процесі кезінде барлық студенттердің жеке уәждемесі, практикалық бағыттылығы болады [15; 794-797]. Студенттер алдында проблемалы міндеттерді, күрделі кәсіби жағдайларды үздіксіз қою білім алушының проблемалардан бас тартпауына, оларды шешуге ұмтылуына әкеледі. Проблема - бұл еңсеру, алға жылжуды тоқтатын кедергі.

Проблемалық оқытудың негізгі ұғымдары болып табылады:

- проблема студенттің алған білімінің шеберлігі, дағдылары мен жаңа фактілер немесе құбылыстар арасындағы қарама-қайшылық, түсіну және түсіндірудің мүмкін еместігі. Оқу мәселесін студент оқытушының басшылығымен немесе өз бетінше шешуі керек. Проблеманы шешу үшін білім алушыға келесі әрекеттерді орындау қажет: проблеманы анықтау, оны қалыптастыру, шешім табу [16; 116-119];
- гипотеза - бұл расталмаған, бірақ жоққа шығарылмаған мәселені шешу жолдары бар болжам. Гипотезаны студенттер келесі фразалар түрінде тұжырымдайды: "егер ..., онда...", "болжаймыз...", "мүмкін...", "айталық...", "мүмкін, мүмкін, бұл …»;
- проблемалық жағдай (студент алған білімінің көмегімен жағдайды түсіндіре алмаса, пайда болатын қиындықтардың психологиялық жағдайы проблемалық оқытудың басты бөлігі болуы мүмкін);
- проблемалық сұрақ (ойдың өзіндік түрі және мәселені айту, сондай-ақ түсініктеме немесе жауап талап ететін болжам, өтініш ретінде бөлінеді);
- проблемалық міндет студенттер проблеманының жаңа шешу жолдарын іздеуде, пәнаралық байланыстарды орнатуда өз пікірлерінің дербес болуын талап ететін шығармашылық сипаттағы міндет ретінде қарастырады;
- шығармашылық тапсырма - бұл шешімнің жаңа алгоритмін табу қажет болатын міндет. Шығармашылық есептер жаңа оқу материалын жинақтауға, қайталауға және меңгеруге мүмкіндік береді. Шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға, танымдық қызығушылық танытуға, логикалық және абстрактілі ойлауды көрсетуге; топтық және командалық жұмыс дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді.
- өзіндік жұмыс - бұл оқытушының тікелей қатысуынсыз орындалатын жұмыс, оның тапсырмасы бойынша берілген уақытта – аудиториялық немесе аудиториядан тыс, сонымен бірге студенттер өз нәтижелерін қандай да бір нысанда көрсете отырып, тапсырмада қойылған

мақсатқа саналы түрде қол жеткізуге ұмтылады).

Ғылыми жаңалығы. Педагогикалық технологияның мәні нақты қойылған мақсаттарға жетуіне кепілдік беретін оқытушы мен студенттер арасындағы тұрақты кері байланыс болып табылады. Сондықтан мақсаттардың дұрыс қойылуы осы педагогикалық технологияның маңызды шарты болып табылады.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиялары оқытушының студенттерге ақпарат жеткізбеуін білдірмейді. Ақпараттың рөлі ғана өзгереді. Ол есте сақтау және меңгеру үшін ғана емес, студенттердің өз шығармашылық өнімін жасау үшін немесе орта ретінде пайдалануы үшін қажет болады (1-кесте).

Кесте 1 - "Геоэкология және туризм" пәнін оқу кезінде педагогикалық технологияларды қолдану

Педагогикалық технология	***Оқу бағдарламасының тақырыбы "Геоэкология және туризм"***	***Формалар мен әдістер***	***Қысқаша сипаттамасы***
Проблемалық оқыту технологиясы	Ластану көздерінің адамға әсері	Пікірталас	Мақсаты әртүрлі көзқарастарды анықтау және салыстыру, даулы мәселені дұрыс шешу
Жеке тұлғаға бағытталған	Қоршаған ортаны ластаудың экологиялық салдары	Эссе	Эссе мақсаты өз бетінше шығармашылық ойлау және өз ойларын жазбаша баяндау дағдыларын дамытудан тұрады. Бұл студентке ойды анық және сауатты тұжырымдауға, ақпаратты құрылымдауға, ғылыми сөйлеу стилін меңгеруге мүмкіндік береді.
Іс-әрекеттік оқыту технологиясы	Экологиялық қауіпсіздіктің негізі ретінде табиғатты ұтымды пайдалану	Практикалық тапсырма	Жұмысты орындау барысында студенттер әртүрлі географиялық ақпарат көздерімен, карталармен, статистикалық мәліметтермен жұмыс істеуге үйренеді.
Іс-әрекеттік оқыту технологиясы	Геоэкологиялық мәселелер және туризм	Баяндама	Құжаттық деректерді таратуға негізделген белгілі бір мәселе бойынша жария, толық, ресми хабарлама
Проблемалық оқыту технологиясы	Туристік инфрақұрылым объектілерінің экологиялық жағдауы	Топтық жұмыс	Студенттердің білімін анықтау және арттыру мақсатында оқытушының студенттермен әңгімесі
Іс-әрекеттік оқыту технологиясы	Экологиялық туризм	Жобаны құру	Жұмыстың бұл түрі студенттерді кәсіби шығармашылық қызметке тартудың ең тиімді формаларының бірі болып табылады.
Іс-әрекеттік оқыту технологиясы	Туризм хартиясы және турист кодексі	Реферат	Бұл оқушының дербес ғылыми-зерттеу жұмысы, онда автор зерттелетін мәселенің мәнін ашып көрсетеді; әртүрлі көзқарастарды, сондай-ақ оған өз көзқарастарын келтіреді
Дереккөзі: Авторлар құрастырған.			

Осылайша, "Туризм" мамандығы студенттерінің геоэкологиялық құзыреттілігін қалыптастыру үшін "Геоэкология және туризм" оқу пәнін оқу кезінде тұлғалық-бағытталған және әрекеттік педагогикалық технологияларды, сондай-ақ проблемалық оқыту технологияларын қолдану тиімді болып табылады. Бұл технологиялар болашақ кәсіби қызметпен байланысты геоэкологиялық проблемаларға өз көзқарасын білдіре алатын, дұрыс шешім таба алатын және кәсіби қолайсыз жағдайдан шыға алатын шығармашылық әлеует таныта алатын құзыретті маманды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Есекешова М., Асаубаева А., Данилова Л. (2018) Ғылыми-педагогикалық зерттеу негіздері: оқу құралы. Астана: Фолиант. - 126 б.

2. Haley A. (2017) Defining geographical mobility: Perspectives from higher education. Geoforum. 83. P. 50-59. http://dx.doi.org/10.1016/j.geoforum.2017.04.013

3. Гуслова М.Н. (2013) Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие для учреждений СПО. 4-е изд., испр. М.: ИЦ Академия. –208 б.

4. Айснер Л.Ю. (2017) Об использовании интерактивных методов обучения в высшей школе / Л.Ю. Айснер, С.М. Трашкова // Материалы VII международной научно-практической конференции: Инновации в образовательном пространстве: опыт, проблемы перспективы. С. 67-69.

5. Хуторской А.В. (2005) Методика личностно-ориентированного обучения. М.: Владос-Пресс. - 383 б.

6. Чепракова Е.М., Фролов А.А. (2015) Педагогическая технология адаптации учащихся к предметному образованию в основной школе. *Образование и наука*. (6):21-38. https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-6-5

7. Сластенин В.А. (2003) Общая педагогика: учеб. пособие для студ. высш.учеб. заведений / В. А. Сластенин, И. Ф. Исаев, Е. Н. Шиянов. - В 2ч. - Ч. 1. - М.: ВЛАДОС. - 288 б.

8. Ydyrys A., Srail S., Ydyrys S., Basygarayev Zh., Mautenbaev A., Baidaulet T. (2019) Training Biology in English Language in Kazakhstani Education. Universal Journal of Educational Research 7(8): 1699-1701. http://www.hrpub.org.

9. Қуанбаева Б. (2005) Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. пед. ғыл.канд. Алматы. –137 б.

10. Комиссарова Т.С. (2013) Понятие пространственно-экологической компетенции при подготовке специалистов по туризму в учреждениях СПО / Т.С. Комиссарова, Т.А. Нечаева // Наука, техника и высшее образование: Мат. II межд. науч.-практ. конф. Вествуд, Канада. 17 апреля 2013 г. Вествуд. Часть II. С. 528-534

11. Зверева Н.А. (2015) Применение современных педагогических технологий в среднем профессиональном образовании // Мат. II межд. научной конференции: Инновационные педагогические технологии. С. 161-164.

12. Delnoij L.E.C., Dirkx K.J.H., Janssen J.P.W., Martens R.L. (2020) Predicting and resolving non-completion in higher (online) education – A literature review. Educational Research Review. 29. 100313. P. 15 https://doi.org/10.1016/j.edurev.2020.100313

13. Petrie P., Boddy J., Cameron C., Wigfall V., Simon A. (2006) Working with children in care: European perspectives. Buckingham: Open University Press. P. 30

14. Шишов С.Е. (2001) Компетентностный подход к образованию как необходимость / С.Е. Шишов, И.И. Агапов // Мир образования - образование в мире. №4. С. 8-19.

15. Митина Н.А. (2014) Современные педагогические технологии как средство интенсификации учебного процесса в высшей школе / Н.А. Митина, Т.Т. Нуржанова // Молодой ученый. No 2. С. 794-797.

16. Нечаева Т.А. (2010) Проблемы подготовки специалистов в сфере туризм // Актуальные проблемы современной педагогики: материалы международной заочной научно-практической конференции. Часть II. - Новосибирск, ЭНСКЕ. С. 116-119.

Педагогические технологии изучения дисциплины "Геоэкология и туризм" при подготовке специалистов туризма

Қ. Жоя,[1] Қ. Сарқытқан,[2] Е.Д. Исаков[3]

[1,2] Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан,

[3]Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан

hairat.altai@mail.ru, kaster0102@mail.ru, erlanchik-89@mail.ru

В статье рассмотрены личностно-ориентированные и служебно-педагогические технологии при

изучении дисциплины "Геоэкология и туризм" для формирования геоэкологической компетентности студентов специальности "Туризм". Показана эффективность применения технологий проблемного обучения, представлена возможность формирования компетентного специалиста, способного выражать свое отношение к геоэкологическим проблемам, связанным с будущей профессиональной деятельностью, и решать профессиональные проблемы. Личностно-ориентированный образовательный процесс рассматривается на основе учебных и дидактических материалов, методических рекомендаций к его применению, методов контроля индивидуального развития студентов при освоении знаний. Цель педагогической технологии заключается в устойчивой обратной связи между преподавателями и студентами, гарантирующей достижение конкретных целей. Поэтому правильная постановка целей является важным условием педагогической технологии.

Ключевые слова: *геоэкология, педагогическая технология, учебный процесс, личность, студент, туризм.*

Pedagogical technologies of studying the discipline "Geoecology and tourism" in the training of tourism specialists

K. Zhoya[1], K. Sarkytkan[2], E. Issakov [3]
[1,2]Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
[3]Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan
hairat.altai@mail.ru, kaster0102@mail.ru, erlanchik-89@mail.ru

This article discusses the personal-oriented and service-pedagogical technologies in the study of the discipline "Geoecology and tourism" for the formation of geoecological competence of students of the specialty "Tourism". The article also considers the effectiveness of problem-based learning technologies, and presents the possibility of forming a competent specialist who can Express their attitude to geo-environmental problems related to future professional activities and solve professional problems. The personal-oriented educational process is considered on the basis of educational and didactic materials, methodological recommendations for its application, methods of monitoring the individual development of students in the development of knowledge. The goal of pedagogical technology is to provide a stable feedback between teachers and students that guarantees the achievement of specific goals. Therefore, the correct setting of goals is an important condition of pedagogical technology.

Keywords: *geoecology, pedagogical technology, educational process, personality, student, tourism.*

Редакцияға 27.11.2019 түсті.

МРНТИ 61.61.13

КЕНҚИЯҚ КЕНОРНЫНЫҢ КОНДИЦИЯСЫЗ МҰНАЙЫН ДАЙЫНДАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

К.Б. Калиева[1], О.В. Гришаева[2], Г.С. Жолмуратова[3]

[1]ЖШС «Ақтөбехимкомбинат Кели»,
[2, 3]Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан
kkalieva324@gmail.com; olga_grishaeva@mail.ru; gulzat_honey@mail.ru

Мақалада кондициясыз мұнайды сусыздандыру үшін әртүрлі композициялық сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың зертханалық-өнеркәсіптік сынаулардың нәтижелері көрсетілген. Жүргізілген зерттеулердің мақсаты Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Кенқияқ Надсолевое кенорнының кондициясыз мұнайын сусыздандырудың мұнайды үнемдеу, өндірістік технологияларын әзірлеу болып табылады.

Зертханалық сынаулардың нәтижесінде KLN-3 тобындағы сұйықтан мұнайды ажыратқыштың қолайлы қыздыру температурасы мен концентрациясының мәні анықталды, мұнда кондициясыз мұнайды сұйықтан ажырату үдерісі суды барынша шығару арқылы жүрді. Алынған нәтижелер өнеркәсіптік сынаулармен расталды.

Тауарлы мұнайды шығаруды арттыру, кондициясыз өнімдердің көлемін азайту, өндірістің экологиялық және экономикалық тиімділігімен қамтамасыз ету мақсатында Кенқияқ кенорнында мұнайды дайындау өндірістік үдерісіне KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқышын пайдаланып, кондициясыз мұнайды сусыздандыру технологиясы енгізілді.

Түйін сөздер: *мұнай кенорны, мұнай өндіру, мұнайды дайындау, кондициясыз мұнай, сұйықтан мұнайды ажыратқыштар.*

Қазіргі таңда мұнай кенорындарының тиімді шығарудың өзекті мәселесі мұнай өндірудің технологиялық үдерістерін қарқындату болып табылады. Ілгерінді технологияларды қолдану шикі мұнайды дайындауда максималды нәтиже алуға мүмкіндік береді.

Мұнайлы қойнауқаттарын сумен қанықтырудың жиі туындайтын мәселесі шикі мұнайды сусыздандыру мен тазартуды қиындататын тұрақты мұнай эмульсияларының жинақталуына байланысты өндіруді және жинауды, сонымен қатар мұнайды дайындау процесінде қиындықтарға әкеледі.

Суды шикі мұнайдан бөлудің әртүрлі физикалық және химиялық әдістері жасалынған. Қолданылатын мұнай өңдеу химиялық әдістері және тазарту қондырғыларының технологиялық жетілдіруі үлкен маңызға ие болды [1; 138].

Лотос жапырақтарына ұқсас құрылымдық беті бар мембраналар болып табылатын, бөлу пленкаларын қолдану арқылы мұнайды деэмульгациялаудың нано-әдісі түпнұсқалы болып табылады. Бұл әдіс су мен мұнайдың бөлуіне 99.6 % қол жеткізуге мүмкіндік береді [2; 381].

Соңғы уақытта кавитация арқылы шикі мұнай көмірсутектері мен мұнай қалдықтарының жарып шығаруына үлкен көңіл бөлінеді [3]. Кавитацияға негізделген ультрадыбыстық немесе гидродинамикалық құралдармен өндірілген технологиялар қолдануы шикі мұнайды қайта шығару мен өңдеу процесінде танымал болды. Кавитация технологиялары тұзсыздандыру сатысында мұнай эмульсияларындағы судың деэмульгация процестерінің тиімділігін арттыруға және шикі мұнайдың тұтқырлығын төмендетуге мүмкіндік береді [4; 493].

Саңырауқұлақ спораларының түрлі эмульсияларды тұрақсыздандыруға қабілеттілігін пайдалану сияқты биотехнологиялық әдістері ерекше қызығушылық тудырады. Теңіз шөгінділерінен оқшауланған *Aspergillus sp.* саңырауқұлақ споралары мұнай-су шекрасында судағы шикі мұнай эмульсияларын ыдырату үшін пайдаланылды. Зерттеулер саңырауқұлақ споларының жоғары гидрофобты қабілетін көрсетті, олар шикі мұнайдан 89.3 % суды сіңіре алады [5; 17].

Эмульсацияның тиімді әдістерінің бірі - бұл тазартылған мұнай құрамындағы судың мөлшерін 0.5 % дейін төмендетуге мүмкіндік беретін химиялық реагент-деэмульгаторларды, төмен температуралы сөндіргіштерді қолдану [6; 1]. Деэмульгаторларға белгілі бір кең орныңда өндірілген мұнайдың сапалары мен қасиеттеріне байланысты оңтайлы концентрациясы мен қыздыру

температурасын ескере отырып қолданылатын беттік белсенді заттар (ББЗ) кіреді [7; 377]. Деэмульгаторларды қолдану да жағымсыз салдарға әкеледі, өйткені химиялық заттар ақпайтын суға түсіп, оны одан әрі ластайды [8; 8]. Дегенмен, химиялық әдістер эмульсация процесін жеделдетуге мүмкіндік береді.

Мұнай эмульсиямен әрекеттескен кезде, беттік-белсенді заттар май-су шекара бөліміне әрекет етеді [9; 181]. Осы әсердің нәтижесінде мұнай құрамындағы табиғи эмульгаторлар мен тұрақтандырғыштар ыдырайды (асфальтендер, нафтендер, парафиндер) және эмульсия құбылысын тудыратын фазааралық адсорбциялық қабатының қасиеттері өзгереді (эмульсияның үлкен бөлшектерін ұсақ бөлшектерге ыдыратуы) [10; 108].

Әлемдік тәжірибелердің және өзіміздің ізденістеріміздің нәтижесінің негізінде біз Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Кенқияқ Надсолевое кенорнының МДҚЦ (мұнайды дайындау және қотару цехы) кондициясыз мұнайын өңдеу мәселелерін зерттедік [11; 48-49].

Кенқияқ кенорны Жарқамыс-Еңбек мұнай-газ қоры аймағының орталық бөлігінде, Ақтөбе қаласынан 250 км оңтүстік-батыста орналасқан. Тұзүсті құрылымы 1958 жылы құрылымдық-кен іздеу бұрғылау кезінде анықталды. Тұзүсті қимасында тоғыз мұнай қабаты анықталды. Мұнай тығыздығы 821-850 кг/м³, барынша жеңіл, 0.24-1.24% күкірттен, 1.53-6.76% парафиндерден, 1.2-8.5% шайырдан тұрады. Қабаттың температурасы 98 ˚С ең жоғарғы мәнге дейін жетеді. Мұнайдың дебиттері тәулігіне 18.4-150 м³ құрайды. Кенорындарында тұзүсті қалыңдықта мұнай кені өңделеді [12; 72-73].

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ – Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорны - Кенқияқ кенорнының мұнайын өңдейтін Қазақстанның ірі мұнай өндіру компанияларының бірі. Өндірістің экологиялық және экономикалық тиімділігін арттыру мақсатында шикі мұнайды дайындау барысында пайда болған кондициясыз мұнайды тазалау міндеті қойылды. Берік су-мұнай майғыны ағындық тазалау жүйесінде пайда болып, МДҚЦ резервуарларының түбіне жиналған. Кондициясыз шикі мұнай мен кәріз жүйесінің рекуперленген майы сұйықтықпен араласып, сусыздандыру жүйесінде айналып жүріп, мұнайды дайындау үдерісінің тиімділігін елеулі азайтқан.

Физикалық-химиялық қасиеттері ҚР «Мұнай. Жалпы техникалық жағдайлар» СТ 1347-2005 талаптарына сәйкес келмейтін мұнай кондициясыз деп аталады. Біздің жағдайда бұл - судың массалық құрамы 0,5% астам және хлорлы тұздың массалық құрамы 100 мг/дм³ астам мұнай. Кенқияқ кенорнының МДҚЦ кондициясыз мұнайы қатты ластанған қиын қопарылатын майғындарды қамтиды. Мамандандырылған тазарту жабдығының жоқтығы үлкен көлемдегі кондициясыз мұнайдың жиналу мәселесіне әкеп соқтырды. Жиналған су-мұнай майғынының едәуір көлемі (7000 м³ жуық) МДҚЦ жұмысын қиындатты.

«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» АҚ-мен жасалған №2530Р «Кенқияқ Надсолевое кенорнының МДҚЦ кондициясыз мұнай дайындау» келісімшартының негізінде 2018 жылғы маусым-қыркүйек айларында «Актобехимкомбинат Кели» ЖШС (ҚР, Ақтөбе қ.) тиімді сұйықтан мұнайды ажыратқышты әзірлеу мақсатында Кенқияқ кенорнының кондициясыз мұнайына зертханалық зерттеулер жүргізді [13].

2018 ж. маусым-қыркүйекте Кенқияқ кенорнының МДҚЦ кондициясыз мұнайының сусыздандыру және тұзсыздандыру тиімділігіне сұйықтан мұнайды ажыратқыштарды зертханалық сынау жүргізілді. Зертханалық сынау үшін синтетикалық сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың 36 нұсқасы таңдалды. Мұнай үлгілері Кенқияқ кенорнының МДҚЦ № 2 және № 10 резервуарларынан алынды. Сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың тиімділігі бөтелке тестісі («bottle test») және цилиндр әдісімен скринингке және бағалауға ұшырады [14; 16]. Реагенттердің қасиеттері әртүрлі концентрация (1000, 2000, 3000, 4000 мг/л) және қыздыру температурасы (40, 50, 60 ˚С) кезінде талданды [15; 138]. Кондициясыз мұнайдың бастапқы сынамалары 40% судан тұрды.

Бөтелке әдісін пайдалану кезінде сыйымдылығы 1000 мл межеленген стақанға сусыздандыру үшін 500 мл мұнай үлгісі қосылды. Стақан тұрақты температурада алдын ала қыздырылған су моншасына салынды. 30 минуттан кейін сұйықтан мұнайды ажыратқыш қосылды. Экспозиция бұлғауышпен біркелкі араластыру барысында уақыт есепке алынып жүргізілді.

Цилиндр тестісін жүргізген кезде конус пішінді өлшеу цилиндріне (шыны ыдыс) сусыздандыру үшін 50 немесе 100 мл мұнай сынамасы қосылды. Цилиндр тұрақты температурада алдын ала қыздырылған су моншасына салынды. 30 минуттан кейін сұйықтан мұнайды ажыратқыш қосылды, қоспа 200 мәрте шайқалып, су моншасына салынды.

Экспозиция жүргізу кезеңінде өлшеу цилиндрінде бөлектенген су мөлшерінің мәні әрбір 30 минут сайын белгіленіп тұрды. Дегидраттану жылдамдығы шикі мұнайдағы судың нақты құрамымен сәйкес есептелді. 24 немесе 48 сағат ішінде температураның төмендеуімен жоғарғы, ортаңғы және төменгі қабаттардағы мұнай үлгілерін алу үшін сорғыш құбырлар арқылы тестіленетін реагенттердің өңделген мұнайдағы тұзы мен суының құрамы бойынша тиімділігі анықталды.

Сұйықтан мұнайды ажыратқыштың сусыздандыру тиімділігіне бағалау сынағы Кенқияқ кенорнының МДҚЦ № 2 резервуарындағы мұнай сынамасына бөтелке әдісімен жүргізілді. Мұнай үлгісі біркелкі араластырылып, шыны ыдысқа 50 мл белгіге дейін құйылды, содан кейін 60 ˚С су моншасына қойылды, 1 л мұнайға 2000 мг есеппен сұйықтан мұнайды ажыратқыш қосылды. Сутексіздендірілген судың мөлшерінің мәні әрбір реагент үшін белгіленіп тұрды. Бөтелке және цилиндр әдістерін пайдалану тиімділігін салыстыру үшін сұйықтан мұнайды ажыратқышты гидратсыздандыру деңгейіне қайта есептеуге қосқаннан кейін бөлінетін судың мөлшерін анықтады (бөлінген судың пайыздық қатынасы (мл) кондициясыз мұнайдың сынамаларындағы судың бастапқы құрамына (мл) қарай).

2018 ж. қыркүйек-қазанда Кенқияқ кенорны МДҚЦ жүйесінің стандартты технологиялық параметрлері және шикі мұнайды гидратсыздандыру кезеңдері бойынша сұйықтан мұнайды ажыратқыштарды далалық сынау жүргізілді. Кенқияқ кенорны МДҚЦ шикі мұнайын тазарту үдерісі кезінде Кенқияқ кенорны МДҚЦ стансасына 28-30 ˚С температурада судың 80 % орташа құрамымен тәулігіне 6500 м³ жуық көлемде сұйықтық келіп түсті. Басты коллекторға тәулік сайын 84 кг сұйықтан мұнайды ажыратқыш қосылып тұрды, содан соң сұйықтық ұзақтығы 18 сағатқа жуық жалғасатын алдын ала гидратсыздану үшін тұндырғыға (көлемі 5000 м³) келіп түсті. 5000-5500 м³ көлемде бөлінген су көтергіш сорғы арқылы жіберілді, одан шыққасын тәулік сайын 135 г сұйықтан мұнайды ажыратқыш қосылып отырды. Үш көлденең резервуарда (әрқайсысының көлемі 70 м³) 66-69 ˚Сқа дейін сұйықтық қыздырылды. Қызғаннан кейін шикі мұнай сусыздандыру үшін көлденең резервуарларға (көлемі 200 м³) келіп түсті, олардан – электрлік гидратсыздандырғыштарға (көлемі 156 м³ және 200 м³), одан кейін судан тазартылған тауарлы мұнай коммерциялық резервуарға (көлемі 2000 м³) келіп түсті.

Ағындық тазарту жүйесінде пайда болған кондициясыз мұнай күн сайын резервуарлардың түбінде 50 м³ көлемде жиналған. Техникалық регламентке сәйкес МДҚЦ бұрғылау алаңынан мұнайды өңдеп, оны ағынды сулардан рекуперлеп қана қоймай, сонымен қатар мұнай резервуарының түбіндегі кондициясыз шикі мұнайды тазартуы тиіс. Зерттеулер жүргізу кезеңінде сыйымдылығы 2000 м³ кондициясыз мұнайды сақтауға арналған № 2 резервуар, сыйымдылығы 5000 м³ жуық өңделген сұйықтық пен қалдықтар үшін қызмет ететін № 10 резервуар толды. Резервуардың түбіндегі кондициясыз шикі мұнай мен кәріз жүйесінің рекуперленген майы – бұл қатты ластанған шикі мұнай немесе көлемі 7000 м³ астам қиын бұзылатын эмульсия. Осы кондициясыз мұнай тікелей сұйықтықпен араласып, сусыздандыру жүйесінде айналып жүрген және оның жұмысының тиімділігін төмендеткен.

Зертханалық сынақтардың нәтижесі бойынша 36 әртүрлі композиялық сұйықтан мұнайды ажыратқыш реагенттерден 2000 мг/л мөлшері және 60 ˚С температура барысында олардың ішінен тек төртеуі ғана оң нәтиже көрсетті. Экспозицияның ең жоғарғы уақыты 15 сағатты құрады, аралық өлшем – 3 сағат. KLF, FP-2, ZG-1 және KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың әсерімен гидратсыздандыру нәтижесінде бөлінген судың көлемі сәйкесінше 5.5, 19.0, 19.8 және 23.5 мл құрады. KLN-3 және ZG-1 сұйықтан мұнайды ажыратқыштары ең үздік гидратсыздандыру қасиеттеріне ие болды. Қалған реагенттер алғашқы сынақта оң нәтиже көрсетпеді.


Одан кейінгі сынақтар мұнай сынамасын барынша гидратсыздандыру үшін тиімді реагенттер экспозициясының концентрациясы мен уақыты мәнін нақтылауға бағытталды. Мұнай үлгілері Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 2 тұндырғысынан алынды. Бөтелке тестісі әдісімен 60 ˚С су моншасында қыздыру температурасы кезінде әртүрлі контрациялы реагенттердің әсерімен бөлінген судың көлемі анықталды (1 сурет). ZG-1 реагенті үшін 3000 мг/л мөлшері кезінде 15 мл су бөліп, он бес сағаттық экспозиция анағұрлым өнімді болып шықты. KLN-3 реагенті 3000 мг/л концентрациямен 15 сағаттық экспозицияда – 17.5 мл, 4000 мг/л концентрациямен 17.8 мл барынша су шығару көрсетті.

Сыналған реагенттердің арасында KLN-3 реагенті кондициясыз мұнайды барынша сусыздандыру тиімділігіне ие болды. Реагент мөлшерінің ең жоғарғы мәні кезінде анағұрлым анық біркелкі «мұнай-су» шекарасы білінді. Алынған деректер негізінде Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 2 резервуарынан мұнайға сұйықтан мұнайды ажыратқыштар қайталама сынағын жүргізу мақсатқа сай

болды. Сынақ жүргізу шарттары: реагенттер концентрациясы – 2000 мг/л, қызу температурасы – 60 ˚С. Зерттеулер нәтижесі KLN-3 реагентінің сусыздандыру эффектіне ие екендігін, соның әсерінен 16.8 мл су бөлінгендігін көрсетті. Тиімділігі бойынша екінші орынға KLN-7, KLN-8, KLN-14 реагенттері шықты, олардың әсерінен гидратсыздандыру нәтижесіне 16.5 мл таза су пайда болды.

Одан әрі 60 ˚С температурада Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 2 резервуарының кондициясыз мұнайын әртүрлі эффектілермен сусыздандыратын сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың төрт түрі үшін гидратсыздандыру бағасы жүргізілді. Ең жақсы гидратсыздандыру және қоспаларды жою эффектісі бар сұйықтан мұнайды ажыратқыштар таңдап алынды және сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың әдісін алдын ала тексеру орындалды. Содан соң «bottle test» әдісін пайдаланып, 1000, 2000 және 3000 мг/л концентратты, 60 ˚С қыздыру температурасында 15 және 24 сағат шыдайтын KLN-7, KLN-8, KLN-14 және KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқыш реагенттердің сусыздандыру қасиеттеріне бағалау сынақтары жүргізілді.

Ұзақтығы 15 және 25 сағат тұндыру кезінде концентрациясы 3000 мг/л KLN-3 реагенті гидратсыздандыру нәтижесінде бөлінген су көлемінің (17,5 мл) ең жоғарғы мәнімен сипатталды. KLN-14 реагенті сұйықтан мұнайды ажыратқыштың 3000 мг/л концентрациясы кезінде 15 және 25 сағат ішінде бөлінген 17 мл су – сусыздандыру эффектісі бойынша аздап төмен түсті. Сәйкесінше ұзақтығы 15 және 25 сағат тұндыру кезінде бірдей концентрация барысында KLN-7 реагенті гидратсыздандыру нәтижесінде бөлінген су көлемінің (16 және 16.2 мл) ең жоғарғы мәнімен сипатталды. Бөлінген су тазалығы және мөлдірлігімен сипатталғандығын; «мұнай-су» шекарасы анық және біркелкі болғандығын атап өту қажет.



1- сурет. Кенқияқ кенорнындағы KLN-3 және ZG-1 сұйықтан мұнайды ажыратқыштарының (концентрациясы 1000-4000 мг/л) мұнайды гидратсыздандыру нәтижесіне бөлінген судың көлемі (мл)

Күшті су-мұнай эмульсиясының тиімді гидартсыздандырудың ең басты факторларының бірі қыздыру температурасы болып табылады. Сондықтан мұнайды сусыздандыру және тұзсыздандыру үдерісінің «реагент концентрациясы» және «қыздыру температурасы» параметрлерінің оңтайлы арақатынастарын анықтау мақсатында әртүрлі температура жағдайларында (40, 50 және 60 ˚С) сынақтар жүргізілді.

50˚С температура кезінде әртүрлі концентрациялы KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқышымен «bottle test» әдісі арқылы кондициясыз мұнайдың гидратсыздандырылуын бағалау (1 кесте) реагент концентрациясы 3000 мг/л кезінде 24 сағатта 16.7 мл тұратын бөлінген су көлемінің азғантай төмендеуін және 40˚С дейін температураның түсуі кезінде көрсеткіш мәнінің біршама өсуін (17,0 мл дейін) көрсетті.

1- кесте. KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқышымен кондициясыз мұнайдың гидратсыздандырылуын бағалау, Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 2 резервуары

№	Сұйықтан мұнайды ажырат-қыштарының концентрациясы, мг/л	Қыздыру температурасы, °С	Гидратсызданудан бөлінген су, мл	
			15 сағат	24 сағат
1	1000	50	16	16
2	2000		16.5	16.5
3	3000		16.5	16.7
4	1000	40	16	16
5	2000		16.5	16.5
6	3000		16.5	17

Кенқияқ кенорны МДҚЦ №2 резервуарының кондициясыз мұнайындағы сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың сусыздандыру қасиеттерінің цилиндр әдісімен жүргізілген расталған сынақтарының нәтижелері KLN-3 реагентінің белгіленген тиімділігін растады (2 кесте). Сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың концентрациясы 3000 мг/л құрады. Гидратсыздандыру нәтижесінде мұнайдың ортаңғы және төменгі қабатында судың жоқтығы байқалды.

2- кесте. Цилиндр әдісімен кондициясыз мұнайдың сұйықтан мұнайды ажыратқыштарына жүргізілген растайтын сынақтардың нәтижелері, Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 2 резервуары

№	Реагент	Температура, °С	Мұнай бетіндегі су, %/24 сағат	Ортаңғы қабатындағы су, %/48 сағат	Астыңғы қабаттағы су, %/48 сағат
1	KLN-3	40	0	0	0
2	ZG-1		1.4	0	0
3	KLN-3	50	0	0	0
4	ZG-1		0.9	0	0
5	KLN-3	60	0	0	0
6	ZG-1		0	0	0

Кондициясыз мұнайдың гидратсыздандырылуын бағалау нәтижелеріне сәйкес KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқышы өзін салыстырмалы тұрақты эффектісі бар реагент ретінде көрсетті және тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар үшін ұсынылды. Тәжірибелік-өнеркәсіптік сынақтар 2018 ж. қыркүйек-қазанда Кенқияқ кенорны МДҚЦ кондициясыз мұнайына жүргізілді. Алдын ала сынау тестісі ұзақтығы 24 сағат тұндыру кезеңінде KLN-3 сұйықтан мұнайды ажыратқышының 60 ˚С температура және 3000 мг/л концентрация кезінде мұнайды гидратсыздандыруының қанағаттанарлық нәтижесін көрсетті (3 кесте).

3- кесте. Кондициясыз мұнайдағы KLN-3 реагентін сынау нәтижелері, Кенқияқ кенорны МДҚЦ № 4 резервуары

№	Сұйықтан мұнайды ажыратқыштарының концентрациясы, мг/л	Цилиндр әдісі, гидратсыздандыру деңгейі, %	Бөтелке әдісі, гидратсыздандыру деңгейі, %
1	1000	30	35
2	2000	22	80
3	3000	20	90

Осылайша әртүрлі сұйықтан мұнайды ажыратқыштардың сусыздандыру қасиеттеріне жүргізілген мақсатқа бағытталған зерттеулер полиэфирлер, метил спирті және ББЗ (беткі белсенді заттар) тұратын KLN-3 реагенті Кенқияқ кенорны МДҚЦ кондициясыз мұнайын гилратсыздандыру үшін неғұрлым әрекетті болып табылатындығын көрсетті. Кондициясыз мұнайдың 24 сағат ішінде

(реагент концентрациясы – 3000 мг/л, мұнайдың қызу температурасы – 60 ˚С) эмульсация үдерісінің негізгі параметрлерінің оңтайлы мәндерінде KLN-3 реагенті Кенқияқ кенорны МДҚЦ кондициясыз мұнайын дайындау үшін барынша тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Савельева Н. Н. (2019) Совершенствование технологического оборудования системы сбора и подготовки скважинной продукции // Современные наукоемкие технологии. № 2. С. 138-142. Режим доступа: http://www.top-technologies.ru/ru/article/view?id=37423 (Дата обращения: 16.04.2020).

2 Zhang L., Ying H., Yan Sh., Zhan N., Guo Y., Fang W. (2018) Hyperbranched poly- (amido, amine) demulsifiers with ethylenediamine/1,3-propanediamine as an initiator for oil-in-water emulsions with microdroplets. Fuel. 226:381-388. Available from: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0016236118306148 (Accessed 16 April 2020).

3 Sawarkar A. N. (2019) Cavitation induced upgrading of heavy oil and bottom-of-the-barrel: A review. Ultrasonics Sonochemistry. Vol. 58:104690. Available from: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S1350417719306170?via%3Dihub (Accessed 16 April 2020).

4 Avvaru B., Venkateswaran N., Uppara P., Iyengar S. B., Katti S. S. (2018) Current knowledge and potential applications of cavitation technologies for the petroleum industry. Ultrasonics Sonochemistry. Vol. 42:493-507. Available from: https://www.ncbi.nlm.nih.gov/pubmed/29429696 (Accessed 16 April 2020).

5 Vallejo-Cardona1 A. A., Martı´nez-Palou R., Cha´vez-Go´mez B., Garcı´a-Caloca G., Guerra-Camacho J., Cero´n-Camacho R., Reyes-A´vila J., Karamath J. R., Aburto J. (2017) Demulsification of crude oil-in-water emulsions by means of fungal spores. PLoS ONE. 1-17. Available from: http://europepmc.org/backend/ptpmcrender.fcgi?accid=PMC5325188&blobtype=pdf (Accessed 16 April 2020).

6 Patent CN201710755588.5A China. (2017) A kind of super-viscous oil demulsifier and preparation method thereof. Cooperative Patent Classification. Available from: https://patents.google.com/patent/CN102260523B/en (Accessed 16 April 2020).

7 Zolfaghari R., Fakhru'l-Razi A., Chuah A. L., Pendashteh A. (2016) Demulsification techniques of water-in-oil and oil-in-water emulsions in petroleum industry. Separation and Purification Technology. 170(1):377-407. Available from: https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S1383586616307195?via%3Dihub (Accessed 16 April 2020).

8 DeCola E., Hall A., Popovich M. (2018) Assessment of Demulsification and Separation Technologies for Use in Offshore Oil Recovery Operations. Report to Bureau of Safety and Environmental Enforcement. 58. Available from: https://www.bsee.gov/sites/bsee.gov/ files/research-reports//1088aa.pdf (Accessed 16 April 2020).

9 Мингазов Р.Р., Сладовская О.Ю., Башкирцева Н.Ю., Нефедов В.П., Кулагин А.В. (2011) Испытания композиционного деэмульгатора СТХ-9 на объектах НГДУ «ТАТРИТЭКНЕФТЬ» // Вестник Казанского технологического университета. № 10. С. 181-186. Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/kompozitsionnyy-deemulgator-dlya-podgotovki-tyazhelyh-vysokovyazkih-neftey (Дата обращения: 16.04.2020).

10 Цыганов Д.Г., Башкирцева Н.Ю., Сладовская О.Ю., Гарифуллина Л.И., Трушин А.Ю. (2016) Исследование поверхностных свойств реагентов, используемых для разрушения устойчивых водонефтяных эмульсий // Вестник Казанского технологического университета. № 4. Т. 19. С. 108-111. Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-poverhnostnyh-svoystv-reagentov-ispolzuemyh-dlya-razrusheniya-ustoychivyh-vodoneftyanyh-emulsiy (Дата обращения: 16.04.2020).

11 Сармурзина Р.Г., Карабалин У.С., Акчулаков Б.У., Бойко Г.И., Любченко Н.П., Панова Е.С. (2016) Композиционные реагенты для разрушения сложных водонефтяных эмульсий месторождений Западного Казахстана // Химические технологии и продукты. № 4. С. 45-50. Режим доступа: http://www.neftegazohimiya.ru/soderzhanie/arhiv-nomerov-za-016/neftegazokhimiya-4-2016.html (Дата обращения: 16.04.2020).

12 Надиров Н.К. (2001) Высоковязкие нефти и природные битумы: Характеристика месторождений. Принципы оценки ресурсов. Алматы: Гылым. Т. 5. 337 с. Режим доступа: http://kazneb.kz/bookView/view/?brId=1110808&lang=kk (Дата обращения: 16.04.2020).

14 Мингазов Р.Р., Лужецкий А.В., Сладовская О.Ю., Башкирцева Н.Ю., Рахматуллин Р.Р., Толстогузов В.А. (2011) Композиционный деэмульгатор для подготовки тяжелых высоковязких нефтей // Экспозиция нефть газ. 1/Н (13). С. 16-18. Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/kompozitsionnyy-deemulgator-dlya-podgotovki-tyazhelyh-vysokovyazkih-neftey (Дата обращения: 16.04.2020).

13 Патент № 2621675C1 РФ, Бюл. № 16 (2017). Способ разрушения водонефтяных эмульсий / Шуверов В. М., Шипигузов Л. М., Рябов В. Г. Режим доступа: https://yandex.ru/patents/doc/RU2621675C120170607 (Дата обращения: 16.04.2020).

15 Исмайылов Г.Г., Избасаров Е.И., Адыгезалова М.Б., Халилов Р.З. (2017) Исследование влияния реагентов-деэмульгаторов на кинетику обезвоживания реологически сложной нефти // Вестник ПНИПУ. Геология. Нефтегазовое и горное дело. № 2. Т. 16. С.138-147. Режим доступа: https://cyberleninka.ru/article/n/issledovanie-vliyaniya-reagentov-deemulgatorov-na-kinetiku-obezvozhivaniya-reologicheski-slozhnoy-nefti (Дата обращения: 16.04.2020).

Технология подготовки некондиционной нефти месторождения Кенкияк

К.Б. Калиева, О.В. Гришаева, Г.С. Жолмуратова
[1]ТОО «Актобехимкомбинат Кели»,
[2, 3]Казахско-Русский Международный университет, г. Актобе, Казахстан
kkalieva324@gmail.com; olga_grishaeva@mail.ru; gulzat_honey@mail.ru

В статье представлены результаты лабораторно-промышленных испытаний различных композиционных деэмульгаторов для обезвоживания некондиционной нефти. Целью проведенных исследований являлась разработка нефтесберегающей производственной технологии обезвоживания некондиционной нефти месторождения Кенкияк Надсолевое Актюбинской области Казахстана.

В результате лабораторных испытаний было определено значение оптимальной температуры нагревания и концентрации деэмульгатора группы KLN-3, при которых процесс деэмульгации некондиционной нефти протекал с максимальным выходом воды. Полученные результаты были подтверждены промышленными испытаниями.

В целях увеличения выхода товарной нефти, снижения объема некондиционной продукции, обеспечения экологической и экономической эффективности производства технология обезвоживания некондиционной нефти с использованием деэмульгатора KLN-3 внедрена в производственный процесс подготовки нефти на месторождении Кенкияк.

Ключевые слова: *нефтяное месторождение, добыча нефти, подготовка нефти, некондиционная нефть, деэмульгаторы.*

Preparation technology of the off spec oil of the Kenkiyak oilfield

K.B. Kaliyeva[1], O.V. Grishayeva[2], G.S. Zholmuratova[3]
[1]LLP «Aktobekhimkombinat Keli»,
[2,3]Kazakh-Russian International University, Aktobe, Kazakhstan
kkalieva324@gmail.com; olga_grishaeva@mail.ru; gulzat_honey@mail.ru

The article presents the results of the laboratory tests conducted on various composite demulsifiers for dehydration of off spec oil. The research aimed to develop oil-saving production technology for dehydration of the off spec oil from the Kenkiyak Nadsolevoye oilfield located in Aktobe region of Kazakhstan.

As a result of the laboratory tests, the value of the optimal heating temperature and the concentration of the demulsifier of the KLN-3 group were determined, which allowed the process of demulsification of the off spec oil to proceed with a maximum water output. The results were confirmed by industrial tests.

In order to increase the yield of marketable oil, reduce the volume of the off spec output, ensure the environmental and economic efficiency of the production, the technology of dehydration of the off spec oil using the KLN-3 demulsifier has been introduced into the production process of oil preparation at the Kenkiyak oilfield.

Keywords: *oilfield, oil production, oil preparation, off spec oil, demulsifiers.*
Үшінші: көбейткіштің бірлік орнындағы саны (3)-пен көбейгіштің жүздік орнындағы санын (1) өзара көбейтіп оған көбейткіштің жүздік орнындағы саны (2) мен көбейгіштің бірлік орнындағы санын (4) көбейтіп қосамыз. Сонымен бірге оған тағы көбейткіштің ондық орнындағы саны (5) пен көбейгіштің ондық орнындағы санын (0) көбейтіп қосамыз, егер жоғарғы ретте ойда қалған сан (2) болса, оны тағы да қосамыз. Ең соңғы қосынды бір орынды сан болса, онда оны тікелей жалпы

көбейтіндінің жүздік орны етіп жазамыз; ең соңғы қосынды көп орынды сан болса (13), онда оның бірлік орнындағы санын (3) жалпы көбейтіндінің жүздік орны етіп жазамыз да, қалған орнындағы сандарды орнын бұзбай ойда қалдырамыз(1).

Төртінші: көбейткіштің ондық орнындағы саны 5-пен көбейгіштің жүздік орнындағы санын (1) көбейтіп, оған көбейткіштің жүздік орнындағы саны (2) мен көбейткіштің ондық орнындағы санын (0) көбейтіп қосамыз. Қосынды бір орынды сан (6) болса, онда оны тікелей жалпы көбейтіндінің мыңдық орны етіп жазамыз; қосынды көп орынды сан болса, онда оның бірлік орнындағы санын жалпы көбейтіндінің мыңдық орны етіп жазамыз да, қалған орнындағы сандарды орнын бұзбай ойда қалдырамыз.

Бесінші: көбейткіштің жүздік орнындағы саны (2)-мен көбейгіштің жүздік орнындағы санын (1) өзара көбейтіп, оған жоғарғы ретте ойда қалған сан болса қосып, оны жалпы көбейтіндінің мыңдық орнының алдындағы орындарға жазамыз.

Көбейту барысын басқыштарға бөліп, сызбамен көрсетсек, мынадай болады.



Төрт орынды немесе одан да көп орынды сандардың тікелей көбейтілу жолы жоғарыда таныстырылған тәсілмен бірдей болып, тек өзара көбейтілетін сандардың орын санының артуына байланысты оларды тікелей көбейту жолының басқыштар саны ғана артып отырады.

Егер өзара көбейтілетін екі санның орын сандары өзара тең болмаса, орын саны аз болған санның алдыңғы орындарын нөлмен (0) толықтырып немесе нөл бар деп жорып, келесі санмен формалық жақтан орын сандарын теңестіріп алып, жоғарыдағы көбейтудің тіке жолымен есептей береміз.

Мысалы: 3125х32-ні есептеңдер.

$$\begin{array}{r} 0032 \\ \times\ 3125 \\ \hline 100000 \end{array} \quad \text{немесе} \quad \begin{array}{r} 3125 \\ \times\ 0032 \\ \hline 100000 \end{array}$$

Көбейтудің әртүрлі әдістерін білу оқушылардың ойлау қабілетінің артуына көмектеседі және оларға жаттандылық емес, әр есептің бірнеше жолмен шешуге мүмкін болатынын түсінуге көмектеседі. Бірнеше әдіс арқылы тез көбейту әдісін меңгеру жоғары математикадағы матрицаларды да жылдам шығаруға көмектеседі [11-12]. Зерттеулерге негізделгенде болашақта әртүрлі қиыншылықтан оңай шығуға көмектеседі. Ғалымдардың зерттеуіне негізделгенде әртүрлі жолмен көбейту әдістерін білу 4-7 - сынып оқушылары үшін әртүрлі пішіндердің ауданы мен көлемін оңай таба алатыны және есептемей тұрып-ақ, олар заттардың көлемі мен ауданын шамалай біле алады екен. Болашақта олар құрылыс заттарын немесе басқа да ұқсас заттарға қолдану арқылы есептемей тұрып ақ, дұрыс болжам жасай алатыны дәлелденген [13-15].

Қорытынды

Зерттеу нәтижелеріне сай көбейтудің бұл жылдам әдісі, әсіресе, екі орынды сандарды екі орынды сандармен көбейтуде өте ыңғайлы тәсіл болып екені анықталды. Үш орынды сандарды өзара көбейту де дәстүрлі көбейтуге қарағанда жылдамырақ орындалады. Ал төрт орынды сандардан кейін қиындап кетеді, сол себепті төрт орынды сандардан үлкен сандарды көбейтуде дәстүрлі әдіс көмегіне жүгінген жөн. Көбейтудің бұл әдісі тек мектеп оқушыларының ғана емес, көпшілік оқырманға, ата-аналар, ұстаздар, студенттерге де берер көмегі көп. Мұндай әдіс-тәсілдер арқылы оқырмандар жаңа нәрсені алуға, қызығушылығын арттыруға деген сенімінің қалыптасуына мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Колмогоров А.Н. (1962) Материалы Международного конгресса математиков // Доклады Академии Наук СССР. С. 351–356.
2. Карацуба А., Офман Ю. (1969) Умножение многозначных чисел на автоматах // Доклады Академии Наук СССР. Т.145, № 2, С. 271-380
3. Қали Ш. (2019) Қазақша көбейту тәсілі. Алматы:Алматы кітап. – 20 б.
4. Қали Ш. (1997) екі орынды сандарды көбейтудың жылдам әдісі. Шинжиаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. No 2. Б. 37-43.
5. Harvey D., van der Hoeven J., Lecerf G. (2016) Even faster integer multiplication. Journal of Complexity. Vol.36, P. 1–30. doi:10.1016/j.jco.2016.03.001.
6. Hofman A.D., Visser I., Jansen B.R.J., Marsman M., van der Maas H.L.J. (2018) Fast and slow strategies in multiplication . Learning and Individual Differences. Vol.68, P. 30–40. doi:10.1016/j.lindif.2018.09.007
7. Van der Ven S.H.G., Straatemeier M., Jansen B.R.J., Klinkenberg S., van der Maas H.L.J. (2015) Learning multiplication: An integrated analysis of the multiplication ability of primary school children and the difficulty of single digit and multidigit multiplication problems. Learning and Individual Differences. Vol. 43, P. 48–62. doi:10.1016/j.lindif.2015.08.013
8. Harvey D., van der Hoeven J. (2018) On the complexity of integer matrix multiplication. Journal of Symbolic Computation. Vol. 89, P. 1–8. doi:10.1016/j.jsc.2017.11.001.
8. Kaufmann O.T. (2018) Tensions for primary school pupils when working with multiplication tools. Learning . Culture and Social Interaction. Vol. 24. P. 100254 – 100263. doi:10.1016/j.lcsi.2018.11.001
9. Rø K., Arnesen K.K. (2020) The opaque nature of generic examples: The structure of student teachers' arguments in multiplicative reasoning. The Journal of Mathematical Behavior. Vol.58, P. 100755 - 100770. doi:10.1016/j.jmathb.2019.100755.
10. Aucejo M., De Smet O. (2020) A novel algorithm for solving multiplicative mixed-norm regularization problems. Mechanical Systems and Signal Processing. Vol. 144, P. 106887 - 106898 doi:10.1016/j.ymssp.2020.106887.
11. Simon M.A., Kara M., Placa, N. (2018) Promoting reinvention of a multiplication-of-fractions algorithm: A study of the Learning Through Activity research program // The Journal of Mathematical Behavior. Vol. 52, P. 174–187. doi:10.1016/j.jmathb.2018.03.007.
12. Ballard G., Ikenmeyer C., Landsberg J.M., Ryder N. (2018) The geometry of rank decompositions of matrix multiplication II: 3×3 matrices // Journal of Pure and Applied Algebra. Vol. 223(8), P. 3205-3224. doi:10.1016/j.jpaa.2018.10.014.
13. Rotem A., Henik A. (2020) Multiplication facts and number sense in children with mathematics learning disabilities and typical achievers. Cognitive Development. Vol. 54, 100866 – 100877 doi:10.1016/j.cogdev.2020.100866.
14. Larsson K., Pettersson K., Andrews P. (2017) Students' conceptualisations of multiplication as repeated addition or equal groups in relation to multi-digit and decimal numbers. The Journal of Mathematical Behavior. Vol. 48, P. 1–13. doi:10.1016/j.jmathb.2017.07.003.

15. Hord C., Tzur R., Xin Y.P., Si L., Kenney R.H., Woodward J. (2016) Overcoming a 4th grader's challenges with working-memory via constructivist-based pedagogy and strategic scaffolds: Tia's solutions to challenging multiplicative tasks. The Journal of Mathematical Behavior. Vol. 44, P. 13–33. doi:10.1016/j.jmathb.2016.09.002.

Простой и быстрый метод умножения

Ш. Кали[1], Р. Солтан[2]
[1]СШ №135 г.Алматы
[2]Специализированная гимназия для одарённых детей имени Аль - Фараби с обучением на трёх языках, Алматинская область, Казахстан
raushan090587@gmail.com

В статье описан простой и быстрый способ умножения двух-, трех- и четырёхзначных чисел для школьников. Учащиеся, освоившие в школе традиционные методы умножения чисел, научатся быстро умножать этим предложенным нетрадиционным методом. Методика направлена на развитие расчетных и мыслительных способностей. Учащиеся приобретают навык быстрых расчетов в уме. Этот метод, по мнению авторов, побуждает школьников к учебе и исследованиям.

Ключевые слова: *умножение, традиционное умножение, быстрое умножение, мысленный расчет, многозначные числа.*

Simple and fast multiplication method

Sh. Kali, R. Soltan
[1] Secondary school #135, Almaty, Kazakhstan
[2]Specialized Gymnasium for gifted children named after Al Farabi with teaching in three languages, Almaty Oblast, Kazakhstan
raushan090587@gmail.com

The article describes a simple and fast way to multiply two-, three - and four-digit numbers for schoolchildren. Students who have mastered the traditional methods of multiplying numbers at school will learn how to quickly multiply using this non-traditional method. The method is aimed at developing computational and thinking abilities. Students acquire the skill of quick calculations in the mind. This method, according to the authors, encourages students to study and research.

Keywords*: multiplication, traditional multiplication, fast multiplication, mental calculation, multi-digit numbers.*

Редакцияға 19.08.2020 түсті.

ҒТАХР 14.85.35

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТОЛЫҚТЫРЫЛҒАН ШЫНАЙЫЛЫҚ ҚОСЫМШАЛАРЫН ЖАСАҚТАУ ОРТАЛАРЫНА ТАЛДАУ

Т.М. Сембаев, Ж.К. Нурбекова
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан
sembaev.talgat@mail.ru

Ұсынылып отырған ғылыми мақалада оқу үрдісінде қолданылатын толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасақтау орталарына талдаудың нәтижесі келтірілген. Жоғары танымалдылыққа ие, әрі кең қолданыстағы он үш жасақтау орталары таңдалынып, негізгі үш топқа жіктелген критерийлер бойынша талданған. Бірінші топта типі, қолжетімділігі және жұмыс істейтін операциялық жүйесі жазылған. Екінші топ зерттеу жұмысының негізгі бөлігі болып табылатын трекинг, яғни танып-білу ерекшеліктерін қамтиды. Үшінші топта әр жасақтау ортасының кеңейтілімдері мен толықтырулары баяндалған. Сонымен қатар, толықтырылған шынайылық қосымшаларын оқу үрдісінде пайдаланудың артықшылықтары мен өзектілігіне мән берілген.

Түйін сөздер: *толықтырылған шынайылық, қосымша, жасақтау ортасы, оқу үрдісі, талдау, трекинг, платформа.*

Білім берудің заманауи талаптарын қанағаттандыра алатын бірден-бір шешім – жаңашыл технологияларды қолдану. Инновациялық технологиялардың көп түрлілігін ескерсек, дұрыс таңдау жасау – көзделген мақсатқа жетудің, оқу үрдісін оңтайлы етудің дұрыс шешімі болмақ. Әрине, оқу үрдісі ауқымды әрі күрделі болып келеді, сондықтан әмбебап технология табу оңайға соқпайды. Алайда толықтырылған шынайылық технологиясы оқу үрдісінің көптеген талаптарын қанағаттандыра алатын мүмкіншілігі бар.

Оқу үрдісінің маңызды бөлшегі болып табылатын сабақтың өзі мақсаты мен міндетіне қарай бірнеше түрге ажыратылатынын білеміз. Дәстүрлі сабақтың әр кезеңінде толықтырылған шынайылық технологиясын пайдалануға болады. Жаңа материалды түсіндіру мақсатында демонстрациялау, виртуалды зертханада тәжірибе жасау, бекіту сұрақтарын қойғанда бақылау және бағалау мақсатында толықтырылған шынайылық элементтері үйлесімді әрі нәтижелі болып келеді. Себебі, толықтырылған шынайылық технологиясы, Dunleavy, Dede, Mitchell еңбектерінде көрсетілгендей, «Сыни ойлау, мәселелерді шеше алу және өзара бағынышты ортақ жаттығулар арқылы байланысу іспетті өндеу дағдыларын дамытуға септігін тигізетін, цифрлық және физикалық объектілерді біріктіретін, иммерсивті гибридті оқыту ортасын құрудың бірегей мүмкіндігін береді» деп тұжырымдауға болады [1; 1].

Толықтырылған шынайылық, ағылшынша augmented reality (ары қарай AR) – ағымдағы уақыттағы объектілерге тікелей немесе жанама түрде компьютерлік графиканы, мәтінді, дыбысты, кері байланыс механизмдерін қоюға мүмкіндік беретін жаңа интерактивті технология [2; 1]. Қолданушылар шынайы ортадан айыра алмайтындай жасақталған, шынайы ортаға виртуалды элементтерді бірізділікпен енгізуден тұратын технология. Барлық салалар толықтырылған шынайылықтың артықшылықтарын пайдалана алады, алайда білім беруде қолдану ерекше мүмкіндіктер туғызатыны сөзсіз. Шынайы орта мен виртуалды ортаның қатар үйлесуі – шынайы өмірде мүмкін емес құбылыстарды демонстрациялауға мүмкіндік береді. Толықтырылған шынайылықтың білім берудегі ерекшеліктері - шынайы және виртуалды орталардағы өзара бірқалыпты қарым-қатынасты қолдау; объектілерді манипуляциялау үшін материалды интерфейс метафорасын қолдану; шынайылықтан виртуалдылыққа біртіндеп ауысу [3; 1], [4;1]. Сонымен қатар, толықтырылған шынайылық – оқыту құралы, ал «бірлесіп оқыту» оқыту әдісі ретінде қатар қолданылса, білім алушылар үшін оқыту үрдісі барынша нәтижелі, әрі пайдалы болады [5; 12]. Сұраныстар негізінде оқыту, жағдаяттық оқыту, жобаға негізделген оқыту сияқты әдістермен оқытуда толықтырылған шынайылықты қолданудың өз ерекшеліктері, нәтижелілік деңгейі болады. Бұл оқу үрдісіне арналған AR қосымшаларына арнайы талаптар қоя отырып, оларды жасақтау орталарына талдау жүргізу мақсатын айқындайды.

Ғылыми мақаланың мақсаты – оқу үрдісін жетілдіру үшін қолданылатын толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасақтау орталарының ішінен оңтайлысын анықтау.

Зерттеу жұмысының бірнеше міндеттері анықталған болатын:

- AR қосымшаларын жасақтау орталарымен танысу, зерттеу.
- AR қосымшаларын жасақтау орталарын мүмкіндіктері мен ерекшеліктеріне қарай топтастыру.
- AR қосымшаларын жасақтау орталарының оқу үрдісін жетілдіру жолдарын сипаттау.

Толықтырылған шынайылық технологиясының міндеті – қолданушының қоршаған ортамен ақпараттық байланысын кеңейту. Қоршаған ортадағы объектілерге, суреттерге беттестірілген сәйкес объектілер оның ақпараттық сипаттамасын өзгертіп, мазмұнын толықтырады. Соның арқасында, ағымдағы уақыт режимінде шынайы объектілердің ақпараттық көлемі ұлғайып, қолданушы еркін қатынауға мүмкіндік алады.

Технологияның оқу үрдісін жетілдіре түсетін мүмкіндіктері мен артықшылықтары зерттеу жұмысының өзектілігін айқындай түсетіні сөзсіз. Толықтырылған шынайылық технологиясының білім беру саласындағы потенциалы, орны мен мүмкіндіктерінің мол екені байқалуда, себебі адамның жалпы дамуы мен қалыптасуына үлкен әсер ете алады. Сабақ барысында ұсынылатын ақпаратты оқушыларға мультимедиалық контекспен, виртуалды формада жеткізу, олардың үлкен қызығушылығын тудырады. Толықтырылған шынайылық адамның кеңістіктік ойлауын қалыптастыруға үлкен көмек жасайды. Кеңістіктік ойлау түрлі объектілерді немесе өз-өзін қоршаған орта мен кеңістікте орнын физикалық немесе ойша ауыстыруды, оны ұғынуды меңзейді.

Білім берудегі толықтырылған шынайылық тақырыбында жазылған ғылыми зерттеулер мен басылымдарды зерттей келе, оның келесідей артықшылықтары анықталды:

- Шынайылық сезімін қамтамасыз ету
- Нақты тәжірибені ұсыну
- Күрделі қарым-қатынастарды визуализациялау
- Шынайы өмірде жүзеге асыруға келмейтін тәжірибелерді жасау
- Абстрактілі түсініктерді меңгеру
- Қауіпсіз оқыту ортасын ұсыну
- Уақыт пен кеңістікті үнемдеу
- Білім алушылардың қызығушылығын арттыру [6; 3].

Толықтырылған шынайылық жайлы 2018-2022 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының «Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе» бөлімінде айтылғандай виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологияларын елімізде игеру әрі дамыту жоғары маңызға ие [7; 6]. Сонымен қатар, Толықтырылған шынайылық технологиясы «Индустрия 4.0» негізгі элементтер қатарына кіреді, Gartner сарапшыларының айтуынша, толықтырылған шынайылық өзінің дамуының «жастық» шағында және алдағы 5-10 жылдан кейін ғана нарықта басымдылыққа ие болады [8; 481]. Осы артықшылықтарын назарға ала отыра, толықтырылған шынайылық (AR) қосымшаларын жасақтау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі уақытта, түрлі фреймдер мен плагиндердің көмегімен бейнелерді танып білу және оның кеңістігін үш өлшемді немесе дыбыстық, бейне, мультимедиалық материалдармен кеңейту арқылы AR-қосымшаларын жасақтау орталары жетіп артылады. Алайда, олардың ішінде әдістемелік талаптарды жүзеге асыруға болатын жасақтау орталары санаулы. Сондықтан, оқу үрдісінде қолданылатын ең танымал әрі мүмкіндіктері жоғары AR қосымшаларын жасақтау орталарына талдау жасалынды [9; 8-11], [10; 15], [11; 1436].

AR қосымшаларын жасақтау орталарын зерттеу барысында статискалық бақылау әдісі қолданылған болатын. Ол бірнеше кезеңдерді қамтыды: мәліметтерді жинақтау, ортақ қасиеттеріне қарай және жалпылама көрсеткіштері бойынша топтастыру.

Ең алдымен, жалпы саны 50-ге жуық жасақтау орталарының ішінен, жоғары танымалдылыққа ие әрі жиі қолданыста жүрген он үш AR қосымшаларын жасақтау орталары таңдалып алынды. Олар: ARToolKitX, Augment, HP reveal, BlippAR, CraftAR, EasyAR, Kudan, LayAR, PixLive, Vuforia, Wikitude, XZIMG, ARMedia. Атаулы жасақтау орталары түрлі беделді порталдардың топ бестік, ондық сынды тізімдеріне кіреді. Олар түріне қарай өзара Framework немесе SDK (Software Development Kit) болып ажыратылады.

Framework қолданушының коды арқылы кейін кеңейтілу немесе өзгеріске ұшырау мүмкіндігі бар, жалпы функционалдық қызметін қамтамасыз ететін архитектура болып табылады [11; 1437]. Басқа сөзбен айтқанда, Framework болашақ қосымшаның «қаңқасын» жасауды алға қойып, кейін

жасақтау тобы оны одан әрі толықтырады. Ал, SDK (Software Development Kit) - қосымша құруға арналған құралдар жиынтығы. Ол болашақ қосымшаға түрлі функцияларды қосып, бастапқы кодты қажетті мобильді немесе веб платформаға көшіреді және ол сәйкесінше жұмыс уақытын көбейте түседі. Жасақтау орталарын талдауда Framework немесе SDK деп ажырату бірден оның мүмкіндіктерін бағалауға және қажеттісін таңдауға жағдай жасайды [12; 3].

AR қосымшасын жасақтау ортасына қойылатын келесі талап – әрине, оның қолжетімділігі, яғни лицензиясы. Ол Open source, Free және Commercial деп бөлінеді. Көп жағдайда, жасақтау орталары Free және Commercial лицензияларын қатар ұсынады. Free нұсқасында шектеулі, бірақ жеткілікті мүмкіндіктер пакетін ұсынса, Commercial нұсқасында еш шектеусіз мүмкіндіктерін бекітілген төлем арқылы ұсынады [13; 20]. Жасақтау орталарының ішінде ARToolkitX сынды ашық бастапқы кодымен Open source лицензия түрі бар. Оған жасақтаушылар өздері қосымша функциялар қосып, ортаның дамуына көмектеседі. Лицензия бойынша талдау - қажетті функцияларға қолжетімділікті алдын-ала анықтауға мүмкіндік береді.

AR қосымшаларын жасақтау орталарын талдау барысында оқу үрдісінде қолдану ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отыра келесі критерийлер таңдалып алынды. Олар негізгі үш топқа бөлінген.

Бірінші топ, платформалар деп аталады, яғни, қосымшаның операциялық жүйелерде жұмыс істеу мүмкіндігі бойынша ажыратылған. Олар iOS, Android, Windows және MacOS. Таңдалған он үш жасақтау орталарының барлығы iOS, Android операциялық жүйелерінде жұмыс істейтін қосымша жасақтау мүмкіндіктері бар.

Екінші топ, Tracking, яғни таргетті танып-білу мүмкіндіктері бойынша топтастырылған. Атаулы мүмкіндік толықтырылған шынайылықты қолдану үшін фундаменталды технология болып табылады. Олар өзара сенсорлы, визуалды және гибридті болып ажыратылады. Сенсорға негізделген танып-білу түрлі датчиктер (магниттік, акустикалық, инерциялық, оптикалық және механикалық) арқылы іске асырылады. Визуалды танып-білу объектілерге қатысты камераның орналасуы арқылы суреттер мен бейнелерді өңдеуге негізделеді. Қазіргі уақытта осы бағыт кең түрде зерттелу үстінде және компьютерлік танып-білу әдістерін сипаттайды. Гибридті танып-білу жоғарғы екеуін біріктіре отыра, GPS-ті де қамтиды [14; 195].

Оқу үрдісінде мультимедиалық құралдарды қолдану және интерактивті технологияларды пайдалану ерекше маңыздылыққа ие екенін ескерсек, таргеттерді танып-білу түрлерін топтастыру зерттеу жұмысының негізі болып табылады. Ол келесілерден тұрады:

- Мәтінді танып-білу (Text Recognition) - сөзді немесе бірнеше сөздер комбинациясын танып-білу мүмкіндігі.
- Суретті танып-білу (Image Recognition) - жазықтықта орналасқан түрлі форматтардағы суреттерді танып-білу.
- 3D объектілерді танып-білу (3D Object Recognition) - маркер ретінде цилиндрлік, конустық және шынайы үшөлшемді объектілерді қолдану мүмкіндігі.
- Мульти-таргетті танып-білу (Multi-target Recognition) - бірнеше маркерлерді бір уақытта анықтап, бақылай алу мүмкіндігі.
- Геолокацияны танып-білу (Geolocation Recognition) - орналасқан мекен-жайға негізделген танып-білу.
- Маркерсіз танып-білу (Markerless Recognition) - маркерлерді талап етпей танып-білуді іске асыру мүмкіндігі.
- Онлайн таргетті танып-білу (Online Target Recognition) - ағымдағы уақытта интернет арқылы танып-білу.
- Офлайн таргетті танып-білу (Offline Target Recognition) - ағымдағы уақытта автономды түрде интернетсіз танып-білу.
- Бұлтты танып-білу (Cloud recognition) - қосымшада орын алмай, маркерлерді бұлтта сақтау мүмкіндігін беретін функция. Ол танып-білуге болатын маркерлер санын арттырады.
- Бір уақытта локализациялау және карта құру (SLAM simultaneous localization and mapping) [15; 1] - қоршаған ортаны бейнелеп, сол ортадағы өзінің қозғалыстарын бақылауға мүмкіндік береді. Мысалы, AR-қосымша бөлмеде орналасқан түрлі заттардың орнын есте сақтап, сол арқылы виртуалды объектіні қажетті жерде ұстап тұра алады.

Үшінші топ, кеңейтілімдер бойынша талдауды қамтиды. Бұл топқа келесі критерийлер таңдалып алынды:

- AR түзерту платформасы: Толықтырылған шынайылық ресурстарын жөндеуге, құрастыруға, маркерлерді басқаруға мүмкіндік беретін қолдануға дайын веб-платформа мүмкіндігі.
- Smart glass қолдау - «Smart glass» көзілдіріктерімен жұмыс істеу мүмкіндігі.
- Unity қолдау - Unity ортасында жұмыс жасау мүмкіндігі.
- Нұсқаулықта қалай қолдану керектігі жайлы мәтіндік және бейне нұсқаулықтар көрсетілген.

2- кесте. Толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасақтау орталарын талдау
[Дереккөзі: Авторлардың құрастыруымен]

№	Атауы	Типі	Лицензиясы	Платформа				Tracking (Танып-білу)									Кеңейтілімі				Сайт
				iOS	Android	Window	MacOS	Мәтінді	Суретті	3D объектілерді	Мульти-таргетті	Геолокацияны	Маркерсіз	Онлайн таргетті	Офлайн таргетті	Бұлтты	SLAM	AR түзерту платформасы	Smart glasses қолдау	Unity қолдау	Нұсқаулық	
1	ARToolKitX	Framework	Open source, Free, Commercial	+	+	+	+	-	+	-	+	+	-	-	+	-	-	-	+	+	+	http://www.artoolkitx.org
2	Augment	SDK	Free, Commercial	+	+	+	+	-	+	-	-	-	-	+	-			+			+	https://www.augment.com
3	HP reveal	SDK	Free, Commercial	+	+			-	+	-	-	+	-	+	-	-	-	+	-	-	+	https://www.hpreveal.com
4	BlippAR	SDK	Free, Commercial	+	+			-	+	-	-	-	-	+	-			+			+	https://www.blippar.com
5	CraftAR	SDK	Free, Commercial	+	+		+	-	+	-	-	-	-	+	+	+		+	-	+	+	https://catchoom.com
6	EasyAR	SDK	Free, Commercial	+	+	+	+	-	+	+	+	-	-	-	+	+	+	-	-	+	+	https://www.easyar.com
7	Kudan	SDK	Free, Commercial	+	+		+	-	+	-	+	-	-	-	+	-	+	-	-	+	+	https://www.kudan.io/sdk

8	LayAR	SDK	Free, Commercial	+	+			-	+	-	-	+	-	+	-	+	+	+	-	-	+	https://www.layar.com
9	PixLive	SDK	Free, Commercial	+	+			+	+	+	-	+	-	+	-	+		+	+	-	+	https://www.vidinoti.com/home/
10	Vuforia	SDK	Free, Commercial	+	+	+	+	+	+	+	+	-	+	+	+	+	-	-	+	+	+	https://developer.vuforia.com
11	Wikitude	SDK	Free, Commercial	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+	https://www.wikitude.com
12	XZIMG	SDK	Free, Commercial	+	+	+		-	+	-		-	-	+	-	-	-		-	+	+	https://www.xzimg.com
13	ARMedia	SDK	Free, Commercial	+	+			-	+	+		+	-	+	-	-	-	-	+	+	+	http://www.armedia.it/index.php

Толықтырылған шынайылық қосымшаларын жасақтау орталарын талдау нәтижесінде олардың әрқайсысының ерекшеліктері мен артықшылықтары көрсетілді. Жоғарыдағы кестеден байқайтынымыз, таңдаулы он үш жасақтау орталары үш негізгі топқа топтастырылып, жалпы саны 18 параметрлері бойынша зерттелген. Оқу үрдісінде қолдануға ең қолайлы орта ретінде Vuforia және Wikitube ұсынылады, себебі олардың жоғарыда таңдалып алынған критерийлерді барынша қанағаттандырып, мультимедиалық міндеттерді іске асыратын мүмкіндіктері бар. Vuforia 15, ал Wikitube 18 параметрдің барлығын қанағаттандырғандықтан осындай қорытынды жасалынды.


Vuforia – AR-қосымшаларын жасақтауға арналған программалық өнім жиынтығы. Ол түрлі типтегі маркерлерді танып-білудің есептеу алгоритмдерін қолданады. Суретті танып білу, QR-код арқылы танып-білу, тіпті үш өлшемді объектілерді де танып-білу артықшылығы арқылы алдын-ала даярланған 3D-модельдерді проекциялауға жағдай жасайды.

1-суреттегі мысалда android операциялық жүйесіне арналған «Astronomy» қосымшасының жұмысы көрсетілген. Маркер ретінде таңдалған Жер шарының суретіне смартфондағы қосымшаны іске қосып беттестірсе, оның үш өлшемді моделі, Жер шары туралы мәтіндік форматтағы мәлімет пайда болады. Lean Touch-ты қолдану арқылы 3D объектілерді интерактивті ете отыра басқару ендірілген. Масштабтау (scale), айналдыру (rotate), үлкейту (zoom in), кішірейту (zoom out) функцияларын Touch Pad арқылы басқару мүмкіндіктері қолсылған. Қосымша оқу үрдісін жетілдіруге оқу материалдарын виртуалды түрде демонстрациялау арқылы оның сапасын арттыруға жағдай жасайды.



1-сурет. Толықтырылған шынайылық технологиясы
[Дереккөзі: Авторлардың құрастыруымен]

2-суретте, Vuforia арқылы Unity ортасында, жоғарыда айтылған «Astronomy» қосымшасын жасақтау ерекшеліктері - маркер түрлерін (сурет, текше, цилиндр немесе 3D объект) таңдау мүмкіндігі; мультитаргетті қолдау, яғни, санын белгілеу; аспан денелерінің 3D форматындағы объектілерін таңдалған таргеттерге беттестіру барысы көрсетілген.



2-сурет. Таргет түрлері мен мультитаргетті қолдау
[Дереккөзі: Авторлардың құрастыруымен]

Әр объектіні интерактивті ету жолдары қарастырылған. Мысалы, қарапайым батырма көмегімен объектіні айналдыру үшін c sharp тілінде келесі код жазылған:

```
public class RotateObject: MonoBehaviour
{public GameObject objectRotate;
public float rotateSpeed = 50f;
bool rotateStatus = false;
public void Rotasi()
{if (rotateStatus == false) {rotateStatus = true;}
else { rotateStatus = false; }}
void Update()
{if (rotateStatus==true) {objectRotate.transform.Rotate(Vector3.up, rotateSpeed*Time.deltaTime);}}}
```

Зерттеу жұмысының нәтижесінде AR қосымшаларын жасақтау орталарын саралай келе, ол оқу үрдісін жетілдіруге оңтайлы мүмкіндік береді деген болжам жасалды. Себебі, AR объектілерін интерактивті ете отыра, білім алушылардан кері байланыс алуға, демонстрациялау арқылы оқу материалын тереңірек түсіндіруге жол ашады. Unity ортасында Vuforia-мен үйлесімді жұмыс істеу арқылы біз оқу үрдісінде қолданылатын AR-қосымшасын жасақтауда бірнеше артықшылықтарға ие болдық, ешқандай материалдық шығынсыз жасақтау, C sharp программалау тілі арқылы объектілермен қатынас орнату және кез-келген құрылғыға бейімдей отыра қосымша жасақтау. Сонымен қатар, Vuforia және Wikitude толықтырылған шынайылық элементтерімен жылдам әрі интерактивті түрде қатынас жасауды жүзеге асыратын, Unity 3D программасымен үйлесе отыра, .fbx,

.obj, .max, .blend және т.б. кеңейтілімдегі 3D модельдерді біріктіре алатын, оқу үрдісін жетілдіруге бағытталған, ең таңдаулы орталар деп қорытуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Dunleavy M., Dede C., Mitchell R. (2009) Affordances and limitations of immersive participatory augmented reality simulations for teaching and learning. Journal of Science Education and Technology, 18(1), 7e22. https://link.springer.com/article/10.1007%2Fs10956-008-9119-1
2. Wang Y., Vincenti G., Braman J., Dudley A. (2013) The ARICE Framework: Augmented Reality in Computing Education. International Journal of Emerging Technologies in Learning (iJET). Volume 8, Issue 6. https://www.online-journals.org/index.php/i-jet/article/view/2809/2885
3. Billinghurst M., Duenser A. (2012) Augmented reality in the classroom. Computer 45(7):56–63.. https://doi.org/10.1109/MC.2012.111
4. da Silva M. M.O., João M.X.N., Teixeira, Cavalcante P.S., Teichrieb V. (2019) Perspectives on how to evaluate augmented reality technology tools for education: a systematic review. Journal of the Brazilian Computer Society. 25:3.https://journal-bcs.springeropen.com/track/pdf/10.1186/s13173-019-0084-8
5. Garzóna J., Kinshuk, Baldiris S., Gutiérrez J., Pavón J. (2020) How do pedagogical approaches affect the impact of augmented reality on education? A meta-analysis and research synthesis. Educational Research Review. Volume 31. https://reader.elsevier.com/reader/sd/pii/S1747938X19303525?token=B343A64A18AEA6FCE40321EA86E59131CCEEFAA18BA7F66B8650A4F1D2061871FB8641867B4B23A0E8575FF46672DF4A
6. Yilmaz R. M. (2016) Augmented Reality Trends in Education between 2016 and 2017 Years. In: State of the Art Virtual Reality and Augmented Reality Knowhow – IntechOpen. https://www.researchgate.net/publication/325339557_Augmented_Reality_Trends_in_Education_between_2016_and_2017_Years
7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 Қаулысымен БЕКІТІЛГЕН «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы «Цифрландырудың жаһандық трендтері және халықаралық тәжірибе» бөлімі, 6- б.
8. Яковлев Б.С., Пустов С.И. (2013) История, особенности и перспективы технологии дополненной реальности // Известия ТулГУ. Технические науки №3. С. 479-484.
9. Jooste D., Rautenbach V., Coetzee S. (2016) Results of an evaluation of augmented reality mobile development frameworks for addresses in augmented reality. Spatial Information Research, 24(3), p.8-11 https://www.researchgate.net/publication/302555565_Results_of_an_evaluation_of_augmented_reality_mobile_development_frameworks_for_addresses_in_augmented_reality
10. Виштяк Н.М., Дорожкин В.А. (2015) Средства разработки мобильных приложений дополненной реальности // Инновации в науке №6 (43). С. 15.
11. Herpich F., Guarese R.L. M., Tarouco L.M.R. (2017) A Comparative Analysis of Augmented Reality Frameworks Aimed at the Development of Educational Applications. Creative Education, 8, pages 1433-1451 https://m.scirp.org/papers/77994
12. Hanafi A., Elaachak L., Bouhorma M. (2019) A comparative Study of Augmented Reality SDKs to Develop an Educational Application in Chemical Field. NISS19: Proceedings of the 2nd International Conference on Networking, Information Systems & Security – March 2019 Article No.: 53, page 3 https://www.researchgate.net/publication/333232503_A_comparative_Study_of_Augmented_Reality_SDKs_to_Develop_an_Educational_Application_in_Chemical_Field
13. Amin D., Govilkar Sh. (2015) Comparative Study of Augmented Reality SDK's. International Journal on Computational Sciences & Applications (IJCSA) Vol.5, No.1. https://www.researchgate.net/publication/276855764_Comparative_Study_of_Augmented_Reality_Sdk%27s
14. Zhou F., Dun H.B.-L., Billinghurst M. (2008) Trends in augmented reality tracking, interaction and display: a review of ten years of ISMAR. 7th IEEE International Symposium on Mixed and Augmented Reality 2008, ISMAR 2008; Cambridge; United Kingdom; 15-18 September 2008 – page 195 https://ieeexplore.ieee.org/document/4637362
15. Bardi J. (2019) Augmented Reality SDKs: A Comprehensive Guide» [Internet resource] – 04/25/2019. – URL: https://www.marxentlabs.com/augmented-reality-sdks-comprehensive-guide/ (date: 15.01.2020)

Анализ сред разработки приложений дополненной реальности, используемых в учебном процессе

Т.М. Сембаев, Ж.К. Нурбекова
Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, г. Нур-Султан, Казахстан
sembaev.talgat@mail.ru

В предлагаемой статье приводятся результаты анализа сред разработки приложении дополненной реальности, используемых в учебном процессе. Было выбрано тринадцать наиболее популярных и широко используемых сред разработки и определены критерии, которые были классифицированы на три основные группы. В первой группе прописаны тип, доступность и функционирующая операционная система. Вторая группа включает в себя трекинг, которая является основной частью исследовательской работы. В третьей группе изложены расширения и дополнения каждой среды разработки. Кроме того, изложены преимущества и актуальность использования приложений дополненной реальности в учебном процессе.

Ключевые слова: *дополненная реальность, приложение, среда разработки, учебный процесс, анализ, трекинг, платформа.*

Analysis of augmented reality application development used in the learning process

T.M. Sembayev, Zh.K. Nurbekova
L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan
sembaev.talgat@mail.ru

The proposed article presents the results of the analysis of the development environments of augmented reality applications used in the educational process. Thirteen of the most popular and widely used development environments were selected and criteria were defined, which were classified into three main groups. The first group contains the type, availability, and functioning operating system. The second group includes tracking, which is the main part of the research work. The third group contains extensions and extensions for each development environment. In addition, the advantages and relevance of using augmented reality applications in the educational process are outlined.

Keywords: *augmented reality, application, development environment, learning process, analysis, tracking, platform.*

Редакцияға 12.05.2020 түсті.

3-бөлім / Раздел 3
ФИЛОЛОГИЯ

Section 3
PHILOLOGY

ҒТАХР 16.21.37

АБАЙ ТІЛІНДЕГІ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕСКІЛІКТЕР

Ш.Құрманбайұлы, М.Е. Әділов
Абай атындағы ҚазҰПУ
Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығы, Алматы/Қазақстан
sheru_64@mail.ru, marlenadilov88@gmail.com

Мақалада Абай шығармаларындағы бүгінгі әдеби тіліміздің өзгеше қолданыстар мен тілдік ерекшеліктер фонетикалық айырмашылықтар тұрғысынан қарастырылды. Ақын өлеңдері мен қара сөздеріндегі көне түркі тіліне тән фонетикалық формалар тарихи-салыстырмалы әдіспен зерттеліп көрсетілді. Атап айтқанда, Абайдағы «ұғлы, түғры, туғралы, түзік, ұлық», т.б. фонетикалық ескіліктер түркі ескерткіштері мен тілдері деректері негізінде талданды. Олардың ескі қазақ жазба тілі мен қазіргі қазақ тіліне қатыстылығы жайлы тұжырымдар айтылды. Мақаланың қорытынды бөлімінде қазіргі әдеби тілден бөлек ауызекі тілде айтылатын фонетикалық формалардың Абай шығармаларындағы көрінісі талқыланды.

Түйін сөздер: *Абай, Абай тілі, фонетикалық ескіліктер, тілдік ерекшеліктер, түркі тілдері.*

Белгілі ғалым Рабиға Сыздықова ақын-жазушылар шығармаларының тілі оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де тілдік ерекшеліктерін талдау тұрғысынан зерттелу керек дейді [1, 330]. Біз бұл мақаламызда Абайдың жекелеген сөз қолданыс ерекшеліктерін, оның ішінде кейбір ерекше фонетикалық қолданыстары жайында сөз қозғаймыз. Абайдағы ерекше фонетикалық қолданыстар әдеби тілдің қазіргі нормасымен салыстырыла талданады. Абай тіліндегі фонетикалық тұлғаларды талдағанда түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері деректері пайдаланылады.

Абайдағы әдеби тілден өзгеше формалардың қолданылуы, ең бірінші кітаби тілдің, яғни шағатайшаның әсері. Мұны шартты түрде ескі қазақ жазба тіліне (шағатай әдеби тіліне) тән фонетикалық тұлғалар деп атаса болады. Өйткені ортаазиялық түркі әдеби тілі дәстүрінің XIX ғасыр мен XX ғасыр басында үзілмей сақталғанын да есте ұстау қажет. Абайдағы көне тұлғалардың кездесуі ең алдымен осы фактормен байланысты. Көне фонетикалық формалар сонымен қатар морфологиялық, семантикалық параллелизм немесе ұйқас құрау үшін де пайдаланылғаны белгілі.

Ал «фонетикалық ескіліктер» деп те атап көрсеткен себебіміз, біз талдайын деп отырған «ұғлы, тұғры, тұғралы, түзік, ұлық» формалары көне түркі ескерткіштеріне тән. Бұлар қазіргі қазақ тілінде қолданылмаса да жекелеген авторлардың тілі мен ауыз әдебиеті үлгілерінде көне түркі тіліне тән формада сақталған.

Фонетикалық ескіліктер деген ұғымды ғалым Р.Сыздықова енгізген болатын. Ғалым ескіліктердің типтері:

а) «көне сөздер (архаизмдер);

ә) ескірген сөздер (историзмдер);

б) фонетикалық, морфологиялық, орфограммалық ескіліктер» деп көрсетеді [2, 11].

Біз Абайдағы фонетикалық ескіліктерді «Сөз ортасында «г/ғ» дыбысының сақталып жазылуы және «Сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы» деп ажыратып қарастырдық.

Сөз ортасында «ғ» дыбысының сақталып жазылуы.

Ұғлы «ұлы»:

1. Буынсыз тілің,

Буулы сөзің
Әсерлі адам ***ұғлына.***
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ, өзің,
Қисығын түзеп туғрыға [3, 294].

2. Әрбір ғалым − хаким емес, әрбір хаким − ғалым. Ғалымдарының нақлиясы бірлән мұсылман иман тақлиди кесіп қылады. Хакимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини болады. Бұл хакимдерден мұрад − мұсылман хакимдері, болмаса ғайри діннің хакимдері − әғәрше фатлұбни тәжидуни делінсе де, дүниенің һәм адам ***ұғлы*** өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына жете алмағандар (38-қара сөз).

3. Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ***ұғылының*** мінездері тұғралы біраз сөз жазып ядкар қалдырайын (38-қара сөз).

Қазақ әдеби тілінде *ұл* түрінде жұмсалатын сөзді Абай ескі жазба тіліне сәйкес *ұғыл* (адам ұғлы) фонетикалық вариантында қолданған. Көне түркі тілі мен шағатайшада сөз ортасындағы «ғ» дыбысы қазақ тілінде көп жағдайда түсіп немесе «у»-ға ауысатыны белгілі. Мысалы, көне түркі тіліндегі *уғыл, туғры, ағу, сығыр, ағыр, йағуқ* сөздері қазіргі қазақ тілінде *ұл, тура, у, сиыр, ауыр, жуық* боп өзгерген. Ескі жазбаларда (шағатай ескерткіштерінде) көне түркі тіліндегі фонетикалық құбылыстар сақталған. Сол себепті Абай қолданған шағатай тілінің өзгешеліктерін тілдік тұрғыдан зерттеу маңызды. Мысалы, жоғарыда айтылған Абайдың *ұғыл* формасын көне түркі тіліне тән ерекшелік деп қарастырсақ әбден болады.

Қазақ тіліндегі *ұл* сөзі орхон ескерткіштерінде *оғыл* (Күлтегін), көне ұйғыр жазулы мұраларында *оғул* (Maiytrisimit 8-40), Қарахан дәуірі жазбаларында *оғыл/оғул: Атасы ачығ алымла йисе оғылының тиши қамар* (мақал) «Әкесе ащы алма жесе, ұлының тісі қышиды» (DLT (Divanu lugatit türk) 421/330); орта ғасыр Алтын орда, Хорезм дәуірі мұраларында *оғул* (ME. (Mukkadimetul edeb) 196-7...); қыпшақ ескерткіші Кодекс куманикуста *овул* (CC (Codekc Cumanicus) 60a/22...) түрінде қолданылған.

Қазіргі түрік тілдеріне келсек, түрік (TS (Türkçe sözlük) 1790), түрікмен (ТДС (Түркмен дилиниң сөзлиги) 480); , әзербайжан, ұйғыр (YUTS (Uygurca sözlük) 293), сары ұйғыр тілдерінде *оғул*; өзбек т. *уғил* (УТИЛ (Узбек тилиниң изохли луғати) II 528); қырғыз (KS (Kırgızca sözlük) 788), алтай (РусАС 745) және қарайым т. (КРПС (Караймско русский польский словарь) 423) *уул*; ноғай т. *уыл* (НРС (Ногайско русский словарь) 379), қарақалпақ, татар, башқұрт (БТһ (Башкурт тилиниң һөзлиги) II 468), қарашай-балқар т. (KMTS (Karaçay malkarca sözlük) 417) *ұл/ул;* хакас (ХРС (Хакаско русский словарь) 127) және тува т., гагауз т. (ГРМС (Гагаузко русский молдавский словарь) 351) *оол*; якут т. *уол* (TYS (Türkçe yakutça sözlük) 204) және чуваш т. *ыуыл* вариантарында жұмсалады.

Моңғол тіліндегі «негіз, түп» мағынасындағы уул (МҚС (Моңғолша қазақша сөздік) 521) формасы да осымен байланысты болса керек.

Ұғыл варианты қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерде де сақталған:

1. *Ер* ***ұғыл*** *тап, еркеленіп жат* [4, 119].

2. *Жарлының* ***ұғлы*** *болғанша, байдың құлы бол* [4, 174].

3. *Сыйлағанды сыйла, атаң құлы түңілер, сыйламағанды сыйлама, пайғамбар* ***ұғылы*** *түңілер* [4, 299].

Тұғры «тура». Тілімізде *тура* деп жазылатын сөз Абай өлеңінде бір жерде көнеше *тұғры* тұлғасында жұмсалған:

1. Буынсыз тілің,
Буулы сөзің
Әсерлі адам ұғлына.
Кісінің сөзін
Ұққыш-ақ, өзің,
Қисығын түзеп ***тұғрыға*** [3, 294].

Түркі ескерткіштері мен тілдерінде талдап отырған сөзіміз кең таралған:

Көне ұйғыр жазба мұраларында *тоғру* «тура, дұрыс» (EUTS (Eski uygurca sözlük) 243).

Диуани лұғатит түркте *тоғру* «қылыш, қанжар немесе пышақтың сабына салынатын ұшы» (DLT 212/182).

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде *тоғру* «дұрыс, тура» (КırTS (Kırçak sözlüğü) 279)

Шағатай жазбаларынан Лутфи диуанында *тоғры* «тура» (LD 614).

Анадолы түрік жазба жәдігерлерінде *тоғры/доғры/тоғру/торғу* «дұрыс» (YeniTS (Tarama sözlüğü) 208).

Қырғыз т. *туура* «тура» (КиргРС II 273); қарақалпақ т. *тууры;туура/дууры* «сол мағ.» (КкРС 180; 658); ноғай т.. *тувра* «сол мағ» (НРС 364); қарашай-балқар т. *туру* «тура, ашық, нақты; ақ көңіл, адал» (KMTS 409); құмық т. *тура* «сол» (KumTS (Kumukça sözlük) 344); қарайым т. *доғры* «шын, рас, тура, дұрыс» (КРПС 179); қырым татарлары т. *доғру* «түзу, тура, алға; дұрыс, шын» (КТРС 371); башқұрт т. *тоғро* «ақ көңіл, ақ жүрет, ақ ниетті адам»; *тура* «тура» (BTS (Başkurtça sözlük) 621; 645); татар т. *тура* «тура, дұрыс» (ТатРС 352); татар кітаби тілінде *туғры* «түзу, тура»:

Алып та бирим қус билейзик,
Кийисиң син икі қулыңа,

Бехитлі бала ***туғры*** *киле,*

Жанлары тыныч урынға «Алып та берейін қос білезік, тағасың екі қолыңа, бақытты бала тура келер, жандары тыныш орынға» [5, 31].

Ұйғыр т. *тоғри* «тура, дұрыс» (YUTS 416); өзбек т. *тоғри* «сол мағ.» (УТИЛ II 261).

Түрікмен т. *доғры* «дұрыс, тура» (TTS 166); түрік т. *doğru* «сол мағ.» (ТҚС (Түрікше қазақша сөздік) 160); гагауз т. *доору* «сол мағ.» (ГРМС 156).

Тува т. *доора* «төтесінен, көлденең, бұра, кесе» [6, 143]; хакас т. *тоғыр* «қарсы бет, арғы жақ» (ХРС 229); алтай т. *туура* «жанынан, қасынан; ені, кеңдігі» [7, 382]; якут т. *туора* «көлденең, құлаштап, жанынан» (ЯРС 403).

Сонымен, *тура* сөзінің көне формасында жұмсалуы көбіне қарлұқ (өзбек, ұйғыр) және оғыз (түрікмен, түрік) тілдерінде байқалады. Абайдағы *тұғры* болса, шағатай әдеби тілінің элементі болуы мүмкін. Шағатай тілінің қазіргі мұрагерлері өзбек пен ұйғыр тілдерінде көнеше келуі және татар, башқұрт тілдері сөздіктерінде аталған форманың кітаби деп берілуі − сөзіміздің дәлелі.

Тұғралы «туралы»: Әдеби тілде *туралы* деп айтылатын сөз, қара сөзде *туғралы* деп көнеше жұмсалған:

Ей, жүрегімнің қуаты, перзентлерім! Сіздерге адам ұғылының мінездері ***тұғралы*** біраз сөз жазып ядкар қалдырайын (38-қара сөз).

Абайдағы *туғралы* деген фонетикалық форма *ұғыл* сияқты мысалдар қатарына жатқызылады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде *туғралы* түріндегі сөз қазіргі қазақ тілінде *туралы* фонетикалық вариантында жұмсалады. Абай қара сөздерінде шағатай тілінің дыбыстық заңына сәйкес *тұғралы* деген нұсқада қолданылған.

Бұл форма қазірі түркі тілдерінде кең таралмаған, шағатай тілінің заңды жалғасы деп саналатын қарлұқ тілдерінде ғана көнеше айтылады. Мысалы:

Ұйғыр т. *тоғрулуқ* «туралы» (YUTS 416); өзбек тілінде *тоғрида* «туралы» (УТИЛ II 261).

Қырғыз бен қарақалпақ тілдерінде *у* дыбысының ұзын дауысты болып жазылуы оның ертеректе «ғ»-дан келгенін көрсетеді:

Қырғыз т. *тууралу/тууралуу* «туралы, жайында» (KS 766); қарақалпақ т. *тууралы* «сол мағ.» (КкРС 658).

Татар, башқұрт тілдерінде оның «турысында» деген нұсқасы өрбіген:

Татар т. *турысында* «туралы» (ТатРС 352); башқұрт т. *тураһында* «сол мағ.» (BTS 645).

Сөз соңында «к/қ» дыбысының сақталуы.

Көне түркі тілінде «сөз соңындағы «ғ/г» дыбыстары» сақталатыны аян. Мысалы, *улуғ, торуғ, сүңгүг, сарығ, кичиг, елиг, арығ,* т.б. Ал сөз соңындағы «г/ғ»-лар ескі қазақ жазба тілінде (шағатай т.) «к/қ» дыбыстарына ауысты. Мысалы, *улуқ, торуқ, сүңгүк, сарық, кичик, едик, арық,* т.б. Қазіргі қазақ тілінде болса, сөз соңындағы «ғ» немесе «қ» дыбыстары жазылмайды. Жоғарыдағы сөздер қазақ әдеби тілінде *ұлы, торы, сүңгі, сары, кіші, елі, ару* боп жұмсалады. Десек те, әдеби тіліміздегі *ыстық* (негізі, *ыссы* болу керек), *құдық* (*құйы* (төбесіне құй қазу), *ұлық* (ұлы), *ұрық* (ру) т.б. сөздерде көне вариантында сақталған. Сондай мысалдарға Абайдағы «түзік» тұлғасын жатқызамыз.

Түзік «түзу».

Абай шығармаларында кейбір сөздердің соңында «к/ғ»-лардың сақталғандығын көруге болады. Мысалы, қазіргі тілімізде *түзу* тұлғасында жұмсалатын сөз қара сөзде *түзік* болып қолданылған:

Тамам жұртқа бұзық болма, ***түзік*** бол деп жарлық шашып, жол салады екен. ***Түзікті*** бейіске шығарамын деп, бұзықты тозаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен (28-қара сөз).

Р.Сыздықова «Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол» дегенде *түзу* орнына *түзікті* Абай тұлғалық параллелизм (бұзық – түзік) жасау үшін пайдаланған дейді [8, 143]. Сонда *түзік* шағатай тілінің әсері емес, *бұзық* сөзіне ұйқас үшін таңдалған тұлға деп тұжырымдайды.

Түзік формасы Шал ақында да кездеседі:

Бұл дүниенің мысалы
Ұшып өткен құспен тең.
Өмірде көрген жақсылық
Ұйықтап өткен түспен тең.
Атадан мирас ақылың,

Түзік айтқан мақұлың
Ләзім болған іспен тең.
Үлкеннен көрген зорлығың,
Ойлап тұрсаң, бозбала,
Дұшпаннан көрген күшпен тең (Шал ақын).

Дүзу «түзу, дұрыс».

Әдеби тілдегі *түзу,* көне ескерткіштердегі *түзік* сөзін Абай «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты мақаласында ***дүзу*** түрінде де береді:

Сондағы билеген хандары, билері бұларды ешбір ***дүзу*** харекетке түсіндірмей дәйім барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырыспақпен күні кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген [3, 493].

Көне түркі тіліндегі «т»-мен басталатын сөздер оғыз тілдерінде «д»-ға ауысатыны белгілі. Оны XI ғасырдың өзінде Махмут Қашқари айтқан болатын, ол «түріктердің «т» дегенін оғыздар «д» деп айтатынын ескеріп, «түріктер түйені *тевей* десе, оғыздар *девей* деп айтады» деп жазған [9, 273]. Ал қыпшақ тілдерінде сөз басындағы «т»-лар «д»-ға ауыса бермейді. Көне түркі тіліндегі «т»-мен басталған сөздер қазақ тілінде сол қалпында өзгермей айтылады (төл сөздерде). Мысалы, *тағ-тау, талуй-талай, теңри-тәңір, тейен-тиын, тиңла-тыңда, тириг-тірі, торуғ-торы*. Алайда *дейді, дауыс, дейін, дыбыс, диірмен, дала, делқұлы, деп, дегенмен, дей тұрғанмен, доңыз, доғару, дүлей* (соңғы *дүлей* сөзі түркі тілдерінде *түлей* және *дүлей* деген формаларында жарыспалы қолданылады [10, 124]) деген түбі түркі сөздердің кейбірінде сөз басында «д»-ға ауысқан. Абай да бір мысалында *түзу* сөзінің орнына *дүзу* вариантын пайдаланған.

Ұлұқ/ұлық «үлкен, жасы үлкен; ұлы (бек, әмір, сұлтан, мырза, басшы, төре, ұлық мағынасында емес)».

Көне түркі жазба ескерткіштерінде *ұлуғ* деп айтылатын сөз қазақ әдеби тілінде *ұлы* деп жұмсалады. Қазақ тіліндегі *ұлық* деген варианты «төре, әмір, әкім, бек» мағынада әрі көне қазақ жазба тілінде (шағатай) қолданылған (ҚТТС 858). Ал Абайда *ұлығ* сөзі бастапқы мағынасында жұмсалған:

1. Естілер де ісіне қуанбай жүр,
«Ел азды» деп надандар мұқаймай жүр.
Ала жылан, аш бақа күпілдектер
Кісі екен деп ***ұлықтан*** ұялмай жүр [11, 9].

1961 жылғы жинақта бұл шумақтағы *ұлық* сөзі үлкен деп алмастырылып берілген: *Кісі екен деп ұлықтан ұялмай жүр* [3, 81].

2. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәрра аттас сипатымызды ол аллатағаланың сегіз ***ұлығ*** сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақ бірлән біздің атымыз мүслім бола ала ма? Болмаса керек (38-қара сөз).

3. Ол – рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да аллатағаланың Рахман, Рахим, Ғафур, Уадуд, Хафиз, Сәттар, Разақ, Нафиғ, Уәкил, Латиф деген есімдеріне бинағән бір ***ұлығы*** сипатынан есептеуге жарайды (38-қара сөз).

Ұлық сөзі бастапқы мәнінде мақал-мәтелдерде де сақталған:

1. Ұлық болсаң, кішік бол (ФС (Фразеологиялық сөздік) 731).
2. Ұлдан туғанның ұлығы жоқ, қыздан туғанның қиығы жоқ [4, 125].
3. Ханнан бала ұлық, баладан ана ұлық [4, 428].

Ұлығ сөзі түркі жазба ескерткіштерінен бастап бүгінге дейін кең таралған ұғымдардың бірі:

Орхон жазбаларында *улуғ* «үлкен, ұлы» (Күлтегін 28...).

Диуани лұғатит түркте *улуғ* «ұлы, үлкен, орасан»: *Кичик улуғқа турушмас, қырғуй соңқурқа қарышмас* «Кіші үлкенмен тұрыспас, қырғидың сұңқармен ісі болмас»; *Улуғны улуғласа қут булур* «Ұлын ұлықтаса құт болар» (DLT 37/24...).

Қазіргі түрік тілдерінен *ұлық/ұлығ* деген тұлғасында тек қарлұқ және сібір тілдерінде сақталған:

Ұйғыр т. *улуғ* «ұлы» (YUTS 436); өзбек т. *улуғ* «сол мағ.» (УТИЛ II 273).

Хакас т. *улуғ* «үлкен, ірі, биік, қария, қарт» (HTS (Hakasça sözlük) 546); сары ұйғыр т. *улуғ* «сол мағ.» [12, 129]; тува т. *улуғ* «сол мағ.» [6, 284].

Қыпшақ және оғыз тілдерінде *ұлы* нұсқасында кең таралған. Ал Абайда шағатай әдеби тіліндегідей көне формасы мен мағынасында жұмсалған.

Қорыта келгенде, Абай тілінде көне түркі тіліне тән қолданыстар жиі кездеседі. Әдеби тілден өзгеше формалардың қолданылуы, ең бірінші, кітаби тілдің, яғни шағатайшаның әсері деп білеміз. Ақын көне түркі тілінің негізгі фонетикалық ерекшеліктерін біліп, оны ұтымды қолдана білген. Өлеңдерінде көбіне ұйқас құрау, буын құру үшін пайдаланса, қара сөздерінде әдейі ескі қазақ жазба тілі үлгісінше қолданған.

Ұлы ақын тілінде шағатай тілінен бөлек қазіргі қазақ тіліне тән фонетикалық өзгешеліктер де жоқ емес. Қазіргі күні ауызекі тілде, говорларда айтылатын нұсқалар Абай тілінде кездеседі. Ақын шығармаларындағы қазақ әдеби тілінен өзгешелеу қолданылған фонетикалық формаларға төменде келтірілген мысалдарды жатқызуға болады. Қарамен белгіленгендер Абай тіліндені формалар болса, жақша ішіндегілер әдеби тілдегі нұсқалары:

Айлану (әдеби тілде *айналу*):

Мұмин болсаң, әуелі иманды бол,
Бендеге иман өзі ашады жол,
Шыр *айлан* да, таза ойла бір иманды,
Мұнафиқ намаз қылмап па, мағлұм ғой ол (Абай 298).

Р.Сыздық әдеби тілдегі *айнал-* деп қолданылатын етістік ауыз әдебиеті өлеңдерінде, ескі жырларда көбіне *айлан-* деген көне вариантта кездесетінін жазады [2, 107].

Юлдашев *айлан-* етістігінің түркі тілдерінің барлығында дерлік *айлан-* боп жұмсалатындығын айтып, тек қазақ тілінде *айнал-* боп айтылатындығын ескереді [13, 311].

Орта ғасыр жазба мұралары деректеріне жүгінсек, *айлан-* нұсқасының көнерек екендігін аңғарамыз.

Ашап-ішу *(асап ішу):*

Ашап-ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да − әртүрлі бәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе (25-қара сөз).

Ашау *(асау):*

«Ең семізін ілейін
Қызық қылып *ашарға*», −
Деді-дағы, аралап,
Жабысты келіп қошқарға (Абай 396).

Р.Сыздық осындағы *ашау* қолданысын көнеден келе жатқан жалғастық деп табады:

«Ашау сөзі бірқатар түркі тілдерінде «тамақ жеу, тамақтану» мағынасын білдіретіні сияқты, ертеде қазақ тілінде де осы мәнде қолданылып келген болу керек. Абайда ол реликт (қалдық) ретінде көрінеді» [1, 140].

Расында, *ашау* етістігінің екі рет қолданылуы сәйкестік емес. Бұған қарап, бұл форманы Абайдың әдейі қолданғанын немесе сол кездегі халық тіліне тән форма екенін аңғарамыз. Жалпы екі дауыстының ортасындағы «с» дыбысының ауызекі тілде «ш» боп айтылуы бек мүмкін.

Өзге түркі тілдерінде *ашады* деп айтылатын сөз тек қазақ тілінде *асады* деп айтылатынын да ескерген жөн.

Беркіну *(бекіну):*

Жігерлен, сілкін,
Қайраттан, *беркін*.
Деп насихат бергенде (Абай 137).

Берік сөзімен байланысты *бекін-* етістігі (ЭСТЯ II 116-120) Абай тілінде *беркін-* деген көне формасында жұмсалған. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде *беркі-* «беку, шыныгу, төзу» етістігі көнерген сөз деп берілген (ҚТТС 127).

Досшар *(дос-жар):*

Ағайынын, *досшарын*
Жиып алып үйіне,
Жылады шағып мұң-зарын.
Болыстық қыл деп күйіне (Абай 391).

Мұнда тілдегі *дос-жар, дос-жаран* деген актив нұсқасының орнына ілгерінді ықпал нәтижесінде өзгерген *досшар* деген ауызекі тілде айтылатын варианты пайдаланылған.

Ештеме *(ештеңе):*

Надан қуанар, арсаңдар,
Таңырқап тұра қалсаңдар.

Татымды *ештеме* болмас,

Адамсып босқа талтаңдар (Абай 132).

Орфографиялық ережеге сай *ештеңе* деп жазылатын сөз, ауызекі тілде *ештеме* деп айтылады. Абайда *ештеме* деп айтылуы бойынша берілгенге ұқсайды.

Инану *(сену, илану):*

Пайғамбарымыз арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, *инанмақ* (13-қара сөз).

Әдеби тілде белсенді жұмсалатын *сену, нану* етістіктерінің орнына Абай *илану* формасын жиі пайдаланалады. Ал оның *инану* деген варианты болса, бір-ақ рет келген.

Кезегендік *(кезбелік).* Тілде *кезбелік* (кезбелікке салынды) деп айтылатын туынды сөз Абай қара сөзінде *кезегендік* (*кезегендікке салынды*) вариантында жұмсалған:

Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, *кезегендікке* салына ма? (42-қара сөз).

Қары *(кәрі):*

Құрбыдай қош тұттым

Жасың мен *қарыңды*

Жоқтамай ұмыттым

Ақыл мен нәріңді [11, 29].

Қазақ әдеби тілінде *кәрі* деген жіңішке түрінде қолданылатын сөз 1907 жылғы Мүрсейіт бастырған жинақта *қары* вариантында жазылған. Түркі тілдерінің түгелінде *кәрі* сөзі жуан тұлғасында жұмсалады, қазақ тілінде ғана жіңішке вариантқа ауысқан. Тіпті қазақ тіліне ең жақын деген қарақалпақ және қырғыз тілдерінде *қары* формасы жұмсалады. Көне ескерткіштерге келсек, онда да тек жуан нұсқасы бар. Соған қарағанда Абайда келген варианты көне боп саналады.

Нағып *(неғып):*

Айтшы, аға, *нағып* жеңілдік

Мәскеуде емес тегіндік (Абай 337).

Тілде *неғып* деп жазылып жүрген сөз *не қылып* сөз тіркесінен қысқарып өзгергені белгілі. Ал Абайдағы *нағып* тұлғасы болса, *не қылып* тіркесінің ең соңғы өзгерген формасы болса керек: *не қылып > не ғылып >не қып > неғып > нағып*. Тіліміздегі сингармонизм заңының күштілігі *неғып-тың* кейінді ықпал нәтижесінде *нағып* болып айтылуына алып келетіні анық. Абайда осылайша айтылуы күйінде хатқа түскен.

Нажағай *(найзағай):*

Дүрілдеген *нажағай,*

Бұрқыраған жауынның

Ашылмағы бар ма басынан

Бағы қайтқан қауымның? (Абай 357).

Қазақ тіліндегі *найзағай* сөзі Абайдың бір өлеңінде *нажағай* түрінде қолданылған. Бүгінгі тіліміздегі *найзағай* формасы Абай шығармаларында кездесе бермейді, бұл мағынада *нажағай* және *жай* ұғымдары қолданылған.

Ойнасшы *(ойнасшыл/ойнасқор):*

Ақыл керек, іс керек, мінез керек,

Ер ұялар іс қылмас қатын зерек.

Салақ, олақ, *ойнасшы*, керім-кербез,

Жыртаң-тыртаң қызылдан шығады ерек (Абай 87).

Тілде «ойнасқа бейім, артық жүріске берілген, көлденең жүрісі көп» деген мағынада *ойнасшыл, ойнасқор* (ҚТТС 626) деген тұлғалары актив. Ал Абай тілінде «-шы» қосымшалы формада қолданылған.

Олуда *(болуда) құдрет олуда* – «күші, қуаты болуда»:

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым құдыреті сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, *құдрет олуда* боларлық нәрселер ме? (38-қара сөз).

Қазақ және басқа қыпшақ тілдеріндегі *болу* етістігі оғыз тілдерінде *олмак* деп айтылады. Абай *болуда* дегеннің орнына *олуда* деп оғыз тілдеріне тән тұлғада қолданған. Сөз басындағы «б» дауыссызының түсіріліп айтылуы шағатай әдеби тілінде де бар. Абай осы тілдегі нұсқасын пайдаланған болса керек.

Сыр жалаңаш *(тыр жалаңаш):*

Қайғысыз жатып, қарны тоқ,
Ұйқысы қанып тұрды бай.
Сыр жалаңаш, түк те жоқ,
Лапкесі, үйі айнадай (Абай 390).

Тілімізде *тыр жалаңаш* деп айтылатын сөз тіркесін Абай «Қазаға ұрынған қара шекпен» атты аудармасында *сыр жалаңаш* деп қолданған. «с/ш»-лардың «т»-ға немесс «т»-лардың «с/ш»-ға ауысу құбылысы тілде бар: *таяз=саяз; түр=сүр, тышқан=сычқан, отау=ошақ, тошала=шошала, титтей=шиттей, дейін=шейін* т.б. Осы фонетикалық құбылыс негізінде *тыр жалаңаш* тіркесі *сыр жалаңаш* деп айтылса керек.

Мұнымен бірге бұл тіркес татар мен башқұртшада *сыр йалангач* (БТҺ II 265) түрінде жұмсалатыны аян. Абай татар, башқұртша вариантын қолданды деген пікірді де жоққа шығара алмаймыз.

Турасында *(туралы):*

Тәтеңіз білімнің қайнар бұлағын үйренгенің *турасында* бек қуанып жатыр (Абай 498).

Әдеби тілде *туралы* деп жұмсалатын шылау Абай тілінде *турасында* деген туынды вариантында қолданылған. Ақын тіліндегі және қазақ тілінде айтылатын *турасында* формасы түркі тілдерінен тек татар мен башқұртшада қолданылады: татар т. *турысында* «туралы» (ТатРС 352); башқұрт т. *тураһында* «сол маң.» (BTS 645).

Ұжымақ *(жұмақ):*

Ханым сен, қарашың мен, басы байлы,
Ханы жақсы болса, қарашысы жасымайды.
Жаманға жақсы қолы *ұжымақтай*,
Әлханжан бері таста насыбайды (Абай 434).

Қазақ тілінде *жұмақ* түрінде қолданылып жүрген сөз Абай тілінде *ұжымақ* фонетикалық вариантында қолданылған. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі *ужмақ/учмақ* сөзі қазақ тілінде метатеза құбылысы негізінде *жұмақ* боп ауысқаны белгілі. Десек те, *ұжмақ* деген көне варианты да тілде кездеседі, бірақ *жұмақ* сияқты белсенді келмейді. Көне ескерткіштердегі *учмақ* «жұмақ» сөзі *ұшу (ауыс. қайтыс болу)* етістігімен байланысты деген пікір де жоқ емес.

Ұсап *(ұқсап):*

Жөнді, жөнсіз,
Сөз теңеусіз,
Бас пен аяқ бір есеп .
Ұрысса орыс,
Елге болыс
Үйден үрген итке *ұсап* [11, 23].

Ұқсап дегенде «қ» дауыссызын түсіріп айту татар фольклорында да бар (әдеби тілде *охшау*):

Аппақ итіп кіршең йақсаң
Битің койаш ашамай
Бу иллерде чиберлер күп

Бірсі сиңа *ошамай* «Аппақ етіп, опа жақсаң, бетіңді күн алмас. Бұл елде сұлулар көп, біреуі саған ұсамас».

Биік тауның башында
Байлар аты тышаулы.
Қазанда йуқ, Мескеуде йуқ

Син матурға *учаулы* «Биік таудың басында, байлар аты тұсаулы. Қазанда жоқ, Мәскеуде жоқ, сен сұлуға ұқсаулы» [5, 45; 55].

Шүйінші *(сүйінші):*

Үйі мәз боп, қой сойды
Шүйіншіге шапқанға.
Әуре қылды, салды ойды
Үйдегі тыныш жатқанға (Абай 133).

Ақын қазақ тілінде *сүйінші* деп жұмсалатын сөзді, ауызекі тіліне сәйкес бір рет *шүйінші* деп қолданған. *Сүйінші* дегенде кейінді ықпал нәтижесінде сөздің соңындағы «ш» дыбысының әсерінен сөздің басындағы «с» дауыссызы «ш» боп айтылып, *шүйінші* сияқты естіледі. Бұған ұқсас жағдай

тысқары деген сөз де көрші дыбыстар мен сөздердің әсерінен «Шыққан қыз шиден тысқары» деген мақалда *тышқары* деп айтылады.

Ылай *(лай)/***ылайлау** *(лайлау):*

Малға сат, пайдаға сат қылығыңды,
Ылайла ылай оймен тұнығыңды,
Сонда өмірден алдамшы бола алмассың ,
Ол білдірмей ұрламақ қызығыңды (Абай 263).

Қазіргі қазақ тілінде *лай* немесе *лайла-* деп жазылып жүрген сөз, Абай тілінде айтылуы бойынша жазылғанға ұқсайды. Өйткені қазақ тілінде «л, р» әріптерінен басталып жазылатын сөздердің (лай, лақ, лайық, лас, рай, рақмет, разы, рас, рет) алдында айтылуда дауысты дауысты дыбыс қосылады (ылай, ылақ, ылайық, ылас, ырай, ырақмет, ыразы, ырас, ірет).

Абай қара сөздерін қолжазбадан оқығанымызда онда «р» немесе «л» дауыссызымен басталатын сөзді кездестірмедік, барлығында «ы» немесе «і» дыбысы қосылып жазылған. Мысалы, «Ей қайрат, сенің айтқанұңның бәрі де *ырас*. Ол айтқандарұңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары *ырас*, сенсіз болмайтұғұны да *ырас*».

Жоғарыда келтірген мысалдардың барлығы Абайда бір немесе екі рет қолданылған нұсқалар. Бұл мысалдардың түгелі Абай шығармаларының 1961 жылғы бір томдық толық жинағы мен 1909 жылғы араб жазулы нұсқаларынан алынды. Қазіргі қазақ тілінен өзгешеленетін қолданыстар түпнұсқа мәтінмен де салыстырылып қаралды.

Біз келтірген фонетикалық формалар ішінде *бұлыт/бұлұт* (бұлт), *есіту (есту), сықылды* (секілді), *тұл бой (тұла бой), тәңрі (тәңір)* деген сөздер Абайдың шығармаларында көбіне осы варианттарында кездеседі. Осылардың ішінде *айлану, беркіну, бұлыт, есіту, инану, қары, тәңрі, ұжымақ* деген нұсқалар көне, бастапқы формалар боп саналады. Көне түркі ескерткіштерінде осы тұлғаларында жұмсалса, қазіргі қазақ тілінде фонетикалық өзгерістерге ұшыраған. Абайда болса, көне түркі тіліндегідей варианттарында кездеседі. Жоғарыда келтірген мысалдардың ішінде *ашау (асап жеу), досшар, ештеме, нағып, ұсап, ылай,* т.б. сөздері − ауызекі тілдің элементтері. Абайдың кейбір өлеңдерінде кейбір сөздер ауызекі тілге сәйкес жазылғаны белгілі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыздықова Р. (2014) Абай шығармаларының тілі. Алматы: «Ел-шежіре». – 384 бет.
2. Сыздық Р. (2009) Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс. – 272 бет.
3. Абай Құнанбаев шығармаларының бір томдық толық жинағы (1961). Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. − 696 бет.
4. Бабалар сөзі (2005). 66-69 т. Астана: Фолиант.
5. Kunos I. (2013) Kazan Tatar Manileri (çev. Kaçalin M.). Ankara: TDK Yay. – 140 s.
6. Ölmez M. (2007) Tuvacanın Sözvarlığı Eski Türkçe ve Moğolca Denkleriyle. Wiesbaden. − 516 s.
7. Вербицкий В. (1884) Словарь алтайского и аладагского наречий тюркского языка. Казань: 1884. − 494 с.
8. Сыздықова Р. (1968) Абай шығармаларының тілі. Алматы: Ғылым баспасы. – 336 б.
9. Gulsevin G. (2016) What Kind of Oghuz Dialects Were Spoken in the 11th Century? BILIG, pp.269-300, KIŞ 2016 / SAYI 76. http://bilig.yesevi.edu.tr/shw_artcl-791.html
10. Adilov M. (2019) On some Mongolian words preserved in Kazakh idioms. Turkbilig. V.38. P.119-142.
11. Абай (1909). Санкт-Петербург: Восточная печать. – 120 бет.
12. Малов С. (1957) Язык желтых уйгуров, словарь и грамматика. Алматы: Наука. – 196 с.
13. Юлдашев А.А. (1961). Глаголы чувственного восприятия в тюркских языках. Историческое развитие лексики тюркских языков. Москва: Наука.

Фонетические архаизмы в произведениях Абая

Ш. Курманбайулы, М.Е. Адилов
Тюркологический центр им. Немата Келимбетова, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан
sheru_64@mail.ru, marlenadilov88@gmail.com

В статье проанализированы основные языковые особенности творчества Абая с фонетических точек зрения. Историко-сравнительным методом были изучены фонетические формы в произведениях поэта, характерные для древнетюркского языка. На фоне фонетических особенностей рассмотрены такие примеры, как «уғлы, туғры, туғралы, түзік, ұлық» и др. Эти фонетические архаизмы проанализированы на основе данных тюркских памятников и языков. Сделаны выводы об их причастности к чагатайскому и казахскому языкам. В заключительной части статьи обсуждается отражение фонетических вариантов, произносимых только на устном языке, в произведениях Абая.

Ключевые слова: *Абай, язык Абая, фонетические особенности, фонетические архаизмы, тюркские языки.*

Phonetic archaisms in the works of Abay

Sh. Kurmanbaiuly, M.E. Adilov
Nemat Kelimbetov Turkological center,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Dostyk ave., 13, Almaty, Kazakhstan.
sheru_64@mail.ru, marlenadilov88@gmail.com

The article analyzes the main language features of Abay's creativity from phonetic points of view. Historical and comparative methods were used to study the phonetic forms in the poet's works that are characteristic of the ancient Turkic language. On the background of the phonetic features were considered such examples as «ugly, tugry, tugraly, tuzik, ulyk», etc. These phonetic archaisms were analyzed on the basis of data from Turkic monuments and languages. Conclusions are made about their involvement in the Chagatai and Kazakh languages. In the final part of the article, we discuss the reflection of phonetic variants, pronounced only in the oral language, in the works of Abay.

Keywords: *Abay, Abay language, phonetic features, linguistic characteristics, Turkic languages.*

Редакцияға 17.08.2020 түсті.

ҒТАХР 16.01.45

ТІЛДІ ОҚЫТУДАҒЫ САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУДЫҢ БЕС АЛҒЫШАРТЫ

Л.Ә. Ибраймова
Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,
liraibraymova@gmail.com

Мақалада онлайн оқыту жүйесіне сәйкестендіріп, тілді оқытудағы сандық трансформациялаудың бес түрлі алғы шарты көрсетілді. Біріншісі, оқытушының тұлғалық өсуі, соған сәйкес дайындығы. Екіншісі – интернет ресурстарды меңгеру. Онда тиімді ресурстар туралы айтылды. Үшінші, халықаралық тілдердің бірін меңгеру қажеттілігі және негізгі себептері ашып көрсетілді. Төртінші, оқыту әдістерін онлайн жүйеге ыңғайлау мен оның басқа да мүмкіндіктері, бесінші онлайн оқытудағы бағалау жүйесі талданды.

Түйін сөздер: *сандық ресурстар, тілді трансформациялау, бағалау өлшемдері, идеология, ақпараттық іздеу, тіл.*

Тілдің трансформациялануы – адамзат өмірінің өзгеруі мен дамуына орай болатын заңды құбылыс. Трансформация – «қайта өзгеру», «жаңару» сөздеріне сәйкес келеді. Тілдің трансформациялануы мәселесін кеңірек түсіну үшін тілдің тарихи үдерісіне ішінара тоқталсақ, тілдің дамуы мен зерттеу объектісі қоғамның дамуына сәйкес үнемі жаңарып, өзгеріп отырғандығын көреміз. Қоғамда саяси жағдайлар мен саяси идеологиялар, экономикалық жай-күйіне т.б. орай болған барлық жағдаяттар тіл білімінде көрініс тапқан. Өйткені қоғам мен тіл қатар дамиды. Көне заманнан бастап, қазіргі уақытқа дейінгі тіл тарихында түрлі мектептер мен ағымдар пайда болып, тіпті қоғамдық іс-шаралармен біте қайнасты.

Тіл білімі даму прогресінен өте келе, қазір адамның ішкі менталдық табиғаты мен ойлау механизмдеріне ойысты. Тілді танымдық тұрғыдан зерттейтін сала – когнитивтік лингвистка бастапқы кезде нейролингвистиканың зерттеу нысандарының бірі болып, кейін өз алдына дербес тіл білімінің саласына айналды. Қазақ тіл білімінде тілдік зерттеулер танымдық деңгейге көтеріліп, оны меңгерту жолдарын ұлттық ерекшелігі, менталдық сипаты, ұлттық құндылықтары арқылы табуда. Мемлекеттік тілді меңгертуде ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып оқытуды көздейтін тұжырымдар көп.

Когнитивтік лингвистиканың ішінен бөлініп шыққан сала – лингвомәдениеттану. Бұл салада да қомақты еңбектер жазылу үстінде. Айталық, «Орсіоn» басылымында жарық көрген қазақстандық авторлардың еңбегінде «Тілдің символдық жүйе ретінде адамға тән ұлттық ерекшеліктерді анықтайтындығы және тілдегі ұлттық құндылықтар» туралы айтылып [1; 608], фитонимдер мен өсімдік концептосферасын талдаған.

Психолингистикадан когнитивтік лингвистика мен нейролингвистика, когнитивтік лингвистикадан лингвомәдениеттану бөлініп шыққан. Тіл адамның сөйлеу құралы болғандықтан, барлық саламен тығыз байланысты болатындығы түсінікті. Сондықтан оның гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарымен ұштасуы – заңдылық. Жоғарыда айтып өткеніміздей қоғамда идеология ғана емес, экономика, саясат, технология өзгерсе, тілге әсер етпей қоймайды. Мысалы, жасанды интеллект пайда болғанда, соған сәйкес компьютерлік лингвистика ғылымға келді. Ал енді жақын уақытта Рональд М.Каплан математика – компьютерлік лингвистика – психологияны ұштастырып «компютерлік психолингвистика» деген жаңа саланы ұсынып отыр [2; 607-626].

Күн сайын даму үдерісіндегі жасанды интеллект адамның шынайылығын, эмоциясы мен психологиясын тануға ұмтылуда. Алғаш машиналар пайда болған кезде, ғалымдар олардың ешқашан эмоцияны алмастыра алмайтындығы туралы айтатын. Енді бұл тұжырымды да теріске шығаратын уақыт жақын қалғандай.

Шындығында, адамзат жасанды интеллектіні ойлап тауып, өмірге есептеуіш машиналарды, қазіргі компьютерлік құрылғыларды жасап шығарғалы бері өткен ғасырлармен салыстырғанда басқа ғылым салаларымен қоса тіл біліміне де көптеген өзгерістер әкелді. Лингвистика машина тілінде сөйлеуге көшті. Ақпараттардың көлемі ұлғайғандықтан оны жылдам қабылдау және есте сақтау бүгінгі күннің негізгі проблемалары болып саналады.

Тіл үйренгісі келетін адамға қазір барлық жағдай жасалған. Интернеттен грамматикалық сауат ашуға арналған өткен ғасырдікінен бастап соңғы жылдары баспадан шыққан оқулықтардың электронды нұсқасын оңай жүктеп алуға болады. Одан бөлек түрлі сайттар мен платформалар жұмыс істеп тұр. Мысалы, Қазақстан Республикасының тұңғыш президетінің қоры, Самрұқ Қазына және Samsung компаниясы қолдауымен жасалған Soyle.kz, «Bala.soyle.kz» порталдары, тіл мәселесімен айналысатын Kaz-tili.kz, Emle.kz, Tilalemi.kz, Tilmedia.kz, Тіл-құрал, Qujat.kz тағы басқалары.

Қазіргі жағдайда жаппай тілді меңгерту мақсатында онлайн курстар жүргізу мемлекет тарапынан қолдау табуда. Оны Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитеті Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен республикадағы Тіл оқыту орталықтары қазақ тілін және басқа да тілдерді қашықтан оқытуды қолға алып, тіл үйренгісі келетіндерге арнап Қазақстанның түкпір-түкпірінен 98 орталық ашқандығынан көреміз.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы құрылып, 2019 жылы 31 желтоқсанда № 1045 қаулысында бекіді. Бағдарламаның міндеттерінің ішінде бірінші кезекте қазақ тілін латындандыру, ұлттық корпусын жасау, тілдің БАҚ, әлеуметтік желі, халықаралық коммуникацияда қолданылуын жетілдіру және т.б. бар [3]. Осы бағдарламаға сәйкес қазақ тілінің қолданысын халықаралық дәрежеге жеткізіп, «ақпараттандыру және коммуникация саласындағы қазақ тілінің қолданылуын жетілдіруге» нысанды түрде жұмыс жасау аса өзекті. Себебі, сандық технология өркендегендіктен, білім беру жүйесі де көп өзгерістерге ұшырады. Кез келген субъектінің интернет ресурстарды біліп қана қоймай, олардың сапасына қарай таңдап жұмыс жасай алуы қажеттігі туды. Сонымен қатар әлемдегі пандемия жағдайы бүкіл адамзатты оффлайннан онлайнға ауысуға мәжбүр етті. Барлық нәрсенің жақсы да, жаман жағы да болатыны сияқты онлайн оқыту жүйесінің де өзіндік кемшіліктері көрінді.

Ең бірінші, үлкен кемшілігі – тұлға әлеуметтік ортаға бейімделе алмай қалады. Бұл өз кезегінде эмоционалдық жұтаңдыққа әкеліп, көппен бірлесе алу қабілетінен айырады. Көпшілік ортада өзін қалай ұстауы, эмоционалды мінез-құлқын реттей алуы тек тәжірибеде, ұжымның бір мүшесі болған кезде ғана жүзеге асады. Онлайн дәрістерге офлайн дәріске қатысқандағыдай жауапкершілікпен қарамай, дайындықсыз бейқамдыққа салыну да орын алған.

Екінші кемшілігі – тілді «шұбарлайтын» сленгтердің көбеюі. Әлеуметтік желінің дамуымен байланысты жаңа сөздер: «аватар», «комментарий»» «платформа», «профиль», «бан», «айфон», «смартфон» т.б. Бұны қолданыста «коммент», «ава», «банға кету», «банға түсу», «жайфон» деп, сленгтер қатары түзілуде. Тілдік өзгерістер лексикалық та, синтаксистік деңгейде де болады. Мемлекеттік тілді дамыту институтының сайтында жарияланып, «қазақ тілінің интернет кеңістігінде бейімделуіне» байланысты жазылған мақалада «интернет тіліне байланысты «Intil» жобасын ұсынуда [4]. Тіл үнемі өзгеріп, қоғаммен бірге дамитындықтан, тілге жаңа сөздердің қатары (неологизмдер) қосылып отырады. Күнделікті тілдік қолданысқа еніп кеткен, бәріне түсінікті, сонымен бірге ол халықаралық термин сөз болса, онда өзгертусіз, дәл сол қалпында қолдануды керек етеді. Алайда барынша тілдің табиғи түпнұсқасына нұқсан келтірмейтін «интернет тілін» жасау маңызды.

Үшінші кемшілігі – орфографиялық сауатсыздық. Еліміздің пандемия кезінде онлайн білім берудегі жасалған тәжірибесі алғашында WhatsApp және Telegram желісі арқылы өткен болатын. Өйткені халық басқа платформаларды пайдалануды білмеді немесе құрылғылары ол бағдарламалармен жұмыс жасауға күші жетпеді. WhatsApp пен Instagram, Telegram әлеуметтік желілерін пайдаланушылардың саны жыл сайын күрт өсуде. Facebook желісі арқылы да түрлі ақпараттар жылдам тарайтын болған. Халықтың психологиясына әсер ету үшін немесе жалған/ақиқат ақпараттарды таратқанда ең оңай құрал болды. Мұндай ақпараттардың көпшілігі орфографиялық сауатсыз жазылады. Жиі көрінген қате адамның санасында жатталып, қалыпты нәрсеге айналуы мүмкін. Яғни, қабылдаушы солай жазылуы тиіс деген бейсаналы шешім шығарып, әдеби тілдің жазу нормаларын сақтамай, ережеден ауытқиды. Бұл проблеманың шешімін оңай табуға болады. Егер тура сол әлеуметтік желілер арқылы сауат ашатын контенттер дайындап, тегін тарататын болса, грамматикалық сауатсыздықтың біраз алдын алар еді.

Төртінші кемшілігі – ыңғайсыздық. Интернет жүйесінің әлсіз жұмыс жасауынан ауылдық жерлерде байланыс орнату қиын. Интернет жылдамдығының төмендігінен әлеуметтік желілер мен платформалардың жұмысы нашарлайды. Мысалы, сөйлеушінің даусы жоғалады, шуылмен анық

естілмейді. Артық дыбыстар, анық шықпаған дауыстар толыққанды қарым-қатынас жасауға кедергі келтіреді.

Сөйлеу тілін ауызша және жазбаша тіл деп екіге бөлетінбіз. Ауызша тілді қазіргі уақытта бетпе-бет, оффлайн қарым-қатынастағы диалог ретінде қарайтын болдық. Ал жазбаша тіл онлайн сипатқа ие. Ондағы эмоциялар «смайлдар» арқылы жеткізіледі. Бірақ аудио-дыбыстық хабарламаларды қосқанда дыбыстық бояуларды жеткізуге болады. Сонымен қатар ұнамаған дауыстық хабарламаны өшіріп тастап, қайталап жазу мүмкіндігі бар.

Виртуалды қарым-қатынаста сөйлесушілер әлдеқайда өздерін еркін ұстайды. Сыртқы қауіп-қатерлер, қорқынышты сезінбеген соң, ойын еркін айта алуы мүмкін. Бұдан салыстырмалы түрде қарым-қатынас оңтайлана түседі. Әлеуметтік желілерде қарым-қатынас жасап, ұзақ уақыттардан соң бетпе-бет кісінің және топ алдында сөйлей алу қабілеті төмендейді деген болжамымыз бар. Өйткені виртуалды емес, шынайы адамның бет-жүзін, түрін, көргендегі қабылдау басқаша. Үйінен, өзін қауіпсіз сезінетін бөлмесінен шыққан соң, бөтен ортадағы атмосфера кері әсер етеді.

Қалай болғанда да онлайн білімнің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, оффлайнға көшкен кезде екеуін қатар алып жүруге дайын болу керектігі түсінікті болып тұр. Сонымен бірге тіл білімінің жекелеген салаларын онлайн жүйеге трансформациялау үшін және аталған кемшіліктерді жою үшін бес алғышартын көрсетеміз:

1. Бірінші алғышарт – тұлғалық өсу. Онлайн оқытуда жеке даму басты нысанда. Бұрынғыдай көппен біріге жүріп, білім алушының іс-әрекеттерінің кейбірі бақылаусыз қалса, енді күнделікті белсенділігі, жауапкершілігі, ізденісі т.т. барлығы анық көрініп тұрады. Жауапкершілік ең біріші ұстаздың өз бойында қалыптасып, оны білім алушыдан талап еткен кезде ғана оқыту нәтиже береді. Өз бетімен іздену, жеке-дара зерттеу, талдау жұмыстарын жүргізіп, қорытынды жасай алуға бейімделу керек. Өйткені интернетте ереже немесе бақылау болмайды.

2. Интернет ресурстарды меңгеру. Онлайн оқытудың шешуші құралы – интернет ресурстар. Барлық әлеуметтік желілердің мүмкіндігін және платформалардың қызметін пайдалану үшін барлық оқу орындарында компьютерлік сауаттылықты арттыру қарқынды түрде жүргізілді.

А.О.Бекалаева интернеттегі түрлі ақпараттар мен ресурстарды былайша жіктеп көрсетеді:

- электронды почталар (e-mail);
- телеконференциялар (usenet);
- видеоконференциялар;
- интернет қолданушы жеке ақпараттарын жариялап, өз парақшасын (homepage) ашып, оны Webсерверге қою мүмкіндігі бар,
- ақпараттық ресурстарға қолжетімділік:
- анықтамалық каталогтар (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy);
- іздестіру жүйелері (Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler, Excite);
- жүйеде сөйлесу (chat) [5; 311].


Ғылымның өркендегенін көрсететін жетістіктердің бірі осы – чат-боттар. Чат-боттарды құру үшін лингвистердің көмегі аса қажет. Сол себепті бұл компьютерлік лингвистиканың бір тармағы ретінде алынады. XiaoIce бағдарламасын қытай елінің ғалымдары ойлап тапқан. Ол қазіргі Ресей федерациясының бағдарлама жасаушыларының өндіріп шығарған, бізге таныс «Алиса» ботына ұқсас. «Алисадан» гөрі «XiaoIce» бірнеше тілге аударылған және эмоциялық әлеуеті жоғары. Өйткені авторлардың жазуы бойынша, XiaoIce адамның сезім-күйін динамикалық танып, ұзақ сөйлесу кезінде сөйлесушінің ниетін түсініп, жауап қайтарады. Ең алғаш жасалған 2014 жылдан бастап XiaoIce 660 миллион белсенді қолданушылармен сөйлесіп, ұзақ уақыттарға қарым-қатынас орнатқан. Үлкен масштабты журналдардың талдауы бойынша XiaoIce 23-ке тең болатын CPS-тің орташа көрсеткішіне жеткен. Бұл басқа чат-боттарға қарағанда әлдеқайда жоғары, тіпті адамның әңгімесінен де көп [6; 53].

Г.Н. Нұрманова «Learning Apps» – тапсырма құрастырудың бірнеше жолын ұсынатын, оқытуда түрлі интерактивті модульдерді қамтитын компьютерлік бағдарлама. Өз тәжірибемізде қазақ тілін шетелдік студенттерге үйрету барысында аталған бағдарламаны әр сөйлеу әрекетіне негіздей отырып қолданып жүрміз», – дейді [7; 57]. Автор «Kahoot – сурет, видео немесе тек сұрақ түрінде тест тапсырмаларын құрастыруға арналған бағдарлама. Қазақ тілі сабақтарында да белсенділік танытып, білім алушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда тиімді сервистің жиі қолданыстағы тапсырмасы – дұрыс жауапты таңдау, яғни Quiz. Бұл құрылымда берілген сұраққа дұрыс жауапты таңдау мүмкіндігі болады. Одан бөлек Jumble құрылымы да қазақ тілін оқытуда қызықты әрі тиімді. Бұл құрылым бойынша тіл үйренуші сөзді дұрыс құрастыру, сөйлемді ретімен қою немесе ойды,

ақпаратты ретімен қою т.б сынды тапсырмаларды орындау арқылы орфографиялық нормаларды есте сақтау, сөйлем құрылымын жадында түю дағдыларын қалыптастыратындығын айтады» [7; 61]. Қашықтан оқыту басталғалы бері барлық ұстаздар өз күш-жігерлерін аянбай ізденіп, медиа ресурстарды барынша тиімді пайдаланып жатқаны олардың баспаға жариялаған мақалаларынан байқаймыз. «Медиа-ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбында жазылған А.Н.Азимбаева мен А.М.Жалалованың мақалаларында да «learning.apps», «Kahoot», «Activinspire», «Dojo class» бағдарламалары туралы талданады. Бұл бағдарламаларды ойын әдісіне тиімді қолданып жатқанын тәжірибе жүзінде істеп көргендігінен, яғни теория жүзінде емес, практика жүзінде сынағандығын көреміз [8; 115]. «Zoom», «Google Meet» платформаларынан басқа «ClassPoint» бағдарламасы бар. Бұл бейнеконференция өткізуге арналған бағдарламаның мүмкіндігі шектеулі. 12 адамға дейін ғана бейнесін көрсетіп, тек 4 адамға дейін бір мезгілде сөйлеуіне болады. Zoom-ның тегін тарифы 30 минуттан аспайды. Өз кезегінде бұл да дәрістің үзілуіне себепкер болады. Google Meet-те уақытқа шектеу жоқ. Адам саны туралы да нақты жазылмаған.


«Google Disk» – білім алушының жұмыстарын жинақтап, тексеріп отыруға және өзі де тапсырмаларын алдын ала салып қоюға болатын, құрылғының жадысын толтырмайтын керемет құрал. Мысалы, оқытушы өзінің дискісінен ортақ бума ашып, соған барлық студент немесе оқушыға өз жұмыстарын жүктеп қоюды талап етуіне болады.

Білім алушыларға түрлі слайдтар, флаерлер, чек-листер т.б. тапсырмалар дайындау үшін оңтайлы ресурс – «Canva» бағдарламасы. Төменде бағдарламаға қысқаша сипаттама жасап өтеміз:



1 – сурет. «Canva» бағдарламасының негізі беті. [Дереккөз: автор құрастырған]

Суретте «1» санымен көрсетілген бағдарламаның ұсынатын қызмет түрлеріне шолу; «2» – «+» батырмасын баса отырып, жұмысты бастау; 3 – «Дизайны» батырмасында алдыңғы жасаған жұмыстар сақталып тұрады. «Шаблондар» – бағдарламаның тарапынан ұсынған дайын мәзірі.



2 – сурет. «Canva» бағдарламасында жұмыс жасау үдерісі [Дереккөз: автор құрастырған]

«+» батырмасын басқаннан кейін 2 - суретте көрсетілген бетке келіп түсеміз. Бағдарламаның дайын суреттерін немесе жеке суреттерді жүктеп алып, ары қарай өңдеу жүреді. 1. мәтін жазу және өңдеу, өшіру. 2. суреттің үстіне сурет әкеліп қосуға болады. 3. бейне жазбалар қосу. 4. «наклейкалар», түрлі тақырыптағы кішігірім суретшелер; 5. мұнда анимациялық тиімділікті беретін бейнелер бар. 6. объектіні көбейту; 7. дайын болған жұмысты көбейту; 8,9. жүктеу қызметін атқарады. «Canva» бағдарламасын ұялы телефоннан да, компьютерден де ашып жұмыс жасауға болады. Егер «Google» немесе «Facebook» аккаунттарының бірі арқылы тіркелген болсаңыз, дәл сол аккаунтпен компьютерден ашқан дұрыс. Сонда жұмыс өнімділігі артып, бір құрылғыдан жасаған жұмысты екінші құрылғыдан жалғастыра беруге болады.

Шындығында түрлі платформалар мен бағдарламалар өте көп. Оларды тестілеуден өткізіп, ұнамдысын пайдалану ғана қалды. Біз Google-дың өнімдерін пайдалануға кеңес береміз. Оның 300-ден аса өнімдері мен қызметтері бар.

3) Үшінші алғышарт - халықаралық тілдердің бірін меңгеру. Негізгі тіл – ағылшын тілі. Халықаралық дәрежедегі тілдердің кемінде біреуін меңгеруге мәжбүрлілік артты. Халықаралық дәрежедегі алты тіл, ағылшын, араб, испан, қытай, орыс, француз тілдері түрлі дүниежүзілік ұйымдардың бас қосуында, конференцияларда ресми тіл ретінде саналады. Тілдің қолданылу аясы мен қажеттілігі болса ғана «халықаралық тіл» мәртебесін ұстап тұра алады. Әлемде 400 млн адамның ана тілі, 300 млн адамның екінші тілі болған ағылшын тілі ғаламдық тілге айналды. Оның бірнеше себебі бар. Ең біріншісі – халықаралық сауда-саттық тілі болуы. XVII ғасырда ағылшындар теңіз арқылы кішігірім құрлықтар мен аралдарды жаулай бастады. Солтүстік Америка, Африка, Азия, Австралия мен Үндістанды жаулай отырып, дүние жүзінің түкпір-түкпіріне ене бастады. Кімнің алтыны көп болса, сауда-саттық кезінде соның тілі басымдылық көрсетті. Жергілікті халық «күн көру үшін» ағылшын тілін білуге мәжбүр болды. Ағылшын тілінің ықпалынан түрлі жасанды тілдер де пайда болды.

Екінші себеп – ағылшындардың жаппай Америкаға жер ауып барғаны. Ол жерде басқа ұлттар да болғандықтан, олардың басын біріктіріп, ынтымақта өмір сүру мақсатында ағылшын тілі алдыңғы қатарға шықты. Барлық штаттарда тек ағылшын тілінде оқытып, басқа тілдерге тыйым салынды.

Үшінші себеп – экономикалық жаулау. Валютасын қақтығыс-соғыстар арқылы басқа елдің экономикасына енгізуді айтпағанда, бүкіл елдің нарығын тауар, өнімдерімен толтырды.

Төртінші себеп – компьютер мен интернеттің пайда болуы. Барлық бағдарламаның тілі (HTML) ағылшын тілінде жазылады. Кейбір интернет ресурстардың тілі де ағылшынша. Демек ол – ғылым мен техниканың тілі. Техника тіліне ілесу үшін, ағылшын тілін меңгеру қажеттілігі тууда.

Бесінші себеп – өмір сүру салты. Мұнда кино, музыка, тағамдар, киім кию, мінез-құлық тағы басқа сана-сезімге әсер ететін, адамның өмір сүру формалары жатады.

Профессор Б.Хасанұлы социолингвист ғалым ретінде ағылшын тілінің ғаламдық тілге айналғандығын теориялық тұрғыдан дәлелдеп берген болатын. Ол мемлекеттік тілді дамыту туралы көзқарастар мен тұжырымдар айтып, тіл саясатының жүзеге аспау себептерін үнемі талқылап отырады. 2004 жылғы конференцияда Тіл комитетін құру керектігін де нақтылап түсіндірген еді [9; 17]. Жоғарыда атап көрсеткен төртінші себепті, компьютерлік бағдарламалардың ағылшын тілінде жазылатындығын ескерсек, ағылшын тілін білу сандық трансформациялаудың негізгі алғышарты болатындығын білдіреді.

4) Оқыту әдістерін өзгерту. Онлайн оқытудың синхронды және асинхронды түрлеріне ыңғайластырылып білім беру үдерісі жүріп жатыр. Зерттеуші С.Ә.Қалқабаева өз мақаласында «оқытудың қай түрі, қай әдісі болсын білімді меңгеруде білім алушының салыстыру, талдау, жинақтау, жалпылау, қорыту, ой түю сияқты ақыл-ой жұмысының пәрменділігін көтеруге, кәсіби-теориялық білімін толықтыруға, іздену-зерттеушілік құлшынысын арттыруға, шығармашылық ойлауын, сыни көзқарасын дамытуға бағытталып, білім беруші мен білім алушының педагогикалық ынтымақтастығына құрылуы тиіс» деген тұжырымына толықтай келісеміз [10; 297]. Онлайн жүйеде оқытудың принциптері, ғылымилық, жүйелілік, көрнекілік, саналық пен белсенділік принципі, теория мен практиканы байланыстыру принципі және әрбір оқушының психикалық ерекшелігін ескеру принциптерін ұштастыру оқытушының кәсіби құзыреттілігіне қарай жүзеге асады. Бұл принциптерден басқа оқытудың стратегиялары Р.Мухпулова, Г.Мустафаева, А.Базылгаламова-лардың авторлығымен жарияланған мақалада былай жіктеледі: 1) еске сақтау стратегиясы (семантикалық бейнелер мен кілт сөздер арқылы). Тіл меңгеруде сөздік қорды тез көбейтіп, білім алушының интеллектісін анықтауға көмектеседі; 2) когнитивтік стратегия (жаңа сөздің мағынасын түсініп, сөздер мен фразаларды аударып, түсініп салыстыру жатады); 3) компенсация стратегиясы (тыңдап және оқыған кезінде түсінгенін ауызша аудару); 4) метакогнитвті стратегия (оқытуды жүйелеу және мониторинг жасау, бұл – оқушының өзін-өзі бағалауы мен жоспарлауды қамтитын жүйе); 5) аффективті стратегия - түрлі жағдаяттарда білім алушының жақсы көңіл-күйде болуына көмектесу (тест кезінде, жақсы нәтиже көрсетуге ұмтылу сәтіндегі қызбалану) [11; 162].

Т.Джейсон және тағы басқа авторлардың «Онлайн интерактив» журналына жариялаған мақалаларында екі оқытушының Тандем сабағы айтарлықтай жемісті болатындығын, онлайн жағдайда студент пен оқытушының «оқытушы-оқытушы» деңгейінде жұмыс жасаудағы артықшылықтары туралы айтады. Ол артықшылық – оқытушы өз шәкіртін болашақтағы кәсіби мансабына алдын ала дайындайтығында [12].

Онлайн оқытудың тиімділігінің бірі – оқыту аудиториясын кеңейтіп, масштабтау мүмкіндігі. Нысандағы аудиторияның кез келгенін таңдай отырып тілді меңгертуге интернет ресурстардың әлеуеті жеткілікті. Атап айтар болсақ, қазіргі уақытта YouTube бейне хостингі, TikTok, Instagram, Facebook желілері арқылы толыққанды контенттер жүктеп, тікелей эфирлер жасап, байланыс орнату мүмкіндігі зор. Онлайн оқытудың аудиториясы өте кең. Жасы, жынысы, тілі, ұлты әртүрлі аудиторияның нысанын дұрыс таңдау арқылы оқыту материалдарын құрастыра аламыз. Әсіресе, экономикада нені құндылық ретінде көрсетеміз, әлемдік деңгейге қандай брендпен таныламыз деген сұрақтар көп қойылады. Сол себепті Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті Филология институты Қазақ тіл білімінің теориясы мен әдістемесі кафедрасының профессорлары бірігіп, ғылыми жоба ұсындық. Жобада сандық ресурстар арқылы тілді меңгертуде ұлттық ерекшелігімізді, барынша дәстүрімізді дәріптеу негізгі мүдде етіп алынды.

Р.Ә. Шаханова «Қазақ тілі сабақтарында осындай орыс тілді студенттің қабылдауына жеңіл, қызықты, әрі танымдық мәні жоғары, ұлттық құндылықтардан бастау алған мәтіндерді оқыту арқылы ұлттық рухы жоғары, көкірегі ояу азамат тұлғасын қалыптастырып, дамытуға болады деп ойлаймыз»

деген тұжырым айтады [13; 61]. Ұлттық құндылықтар ретінде көбіне мақал-мәтелдер, сөз орамдары, салт-дәстүрлер, ақын-жырауар тілі т.б. негізінде оқыту басымырақ. Алайда нәтиже көрсеткендей, ұлттық құндылықтарды тікелей дәріптегеннен гөрі жанама түрде немесе жасырын дәріптеу тиімдірек. Ол тілді дәстүрлі оқыту әдістемесі немесе салт-дәстүрді жарнамалау емес. Нейролингвистикалық бағдарламалау мен нейромаркетингтік болжамдар негізінде түрлі контенттер дайындауды керек етеді. Реципиенттер керексіз деген ақпаратты есіне сақтауға ұмтылмайды. Қандай ақпарат пайдалы деп санаса ғана еске сақтауға тырысып, соған сай әрекет жасайды. Оны мына көзқараспен дәлелдеуге болады: «Ақпаратты белсенді немесе енжар қабылдау реципиенттің қызығушылығы мен қажеттілігіне тәуелді. Егер ақпаратқа деген қызығушылығы да, қажеттілігі де болмаса реципиенттің қабылдау үдерісі өз деңгейінде жүзеге аспауы мүмкін» [14; 99]. Жасырын түрде адамның бейсаналы ойлауына әсер ету – әлемдік маркетингте және НЛБ-да (нейролингвистикалық бағдарламалау) қолданылатын ең танымал әрі нәтижелі әдіс. Бір тақырыптағы ақпаратты бірнеше рет қабылдаған соң, жадының ұзақ мерзімді бөлігі жұмыс жасап, қысқа мерзімді жадыдан ұзақ мерзімді жадының қорына өтеді.

Оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым, сонымен қатар ғалым Ф.Оразбаеваның ұсынуы бойынша сөйлесімді (орысшадан аударғанда «говорение») қосқанда, сөйлеу әрекетінің осы бес түрі - бүкіл әдіс-тәсілдердің қайнар көзі [15; 29]. Бұрынғы және қазіргі білім жүйесі осы сөйлеу әрекетінің түрлерін негізге алып оқытады. Өзге тілді аудиторияға қазақ тілін онлайн оқытатын курстардың барлығы дерлік осы әдісті ұстанады. Ендігі уақытта жаңаша форматқа ауысып, сандық ресурстардың көмегімен нейролингвистика әдістеріне көшу қажеттігі туды. Бұл өз кезегінде өзге тілді, оның ішінде шетелдік аудиторияға басқа бағытта жұмыс жасайтындығымызды көрсетеді.

Әлеуметтік желілерге анализ жасап көргенімізде көбіне көңіл көтеретін, жеңіл, миға күші түсірмейтін контенттердің қаралым саны көп болады. Ондай контенттердің қатарына танымал адамның жеке өмірі, тамақ, табиғат, әзіл-оспақ, ерекше оқиғалар жатқызылады. Ал арнайы білім беру мақсатында түсірілген контенттердің қаралымы аз. Сондықтан тікелей үйрету, білім видео контенттерінен бас тартып, тіл меңгерту үшін жанама, астыртын білім беру арқылы көрушінің талғамына сай құру қажеттілігі туындауда.

Бейнеконтенттердің алдын ала дайындалып қоюы жоғарыдағы интернет желісінің тартпай қалған кездегі және артық шуыл мен дыбыстан дұрыс есті алмаған ақпаратына қолжетімділік тудырады. Әлемдегі ең үлкен бейнехостинг YouTube-ке бейнедәрісті салып қойып, оның қолжетімділігін қажетінше ауыстырып отыра аламыз.

Дауысты анық жеткізетін, ақпаратты қысқа әрі нұсқа жеткізетін тәсілдерге аудиокітап, подкасттар жатады. Бұларды әсіресе тіл үйреткенде көп көмегі тиеді. Тыңдалым әрекетінде пайдалану үрдіс болып келеді. П.С.Құдабаева мен Т.С.Сатыбалдиевалар жариялаған мақаласында подкаст құрудың жолдары мен әдістерін, пайдалы жақтарын талдап береді [16; 121].

5) Сандық оқытуға көшуде басты назарда ұстайтын бесінші қадам – білімді бағалау өлшемдерін жүйелеу. Онлайн оқытуға ауысқан кезде білімді бағалау ең негізгі проблемалардың бірі болды. Өйткені елімізде жаңартылған білім бағдарламасы бойынша соңғы уақытта критериалды бағалау жүйесіне көшкен еді. Білімді критериалды бағалау қалыптастырушы және жиынтық деп екіге бөлініп, жиынтық бағалау бөлім бойынша, тоқсандық және білім деңгейі бойынша бағалауға жіктеледі.

Онлайн форматқа ауысқан кезде ЖОО-да балдық бағалау болғандықтан аса қиындықтар туа қоймады. Ал орта білім беру мекемелері уақытша 10 балдық шкаламен бағалауға ауысты. Бұрын қалыптастырушы бағалауда балл қойылмаса, енді оқушының білімі күнделікті бағаланып отыратын болды. 1-3 балл – «нашар», 4,5 балл – «қанағаттанарлық», 6,7 балл – «жақсы», 8-10 балл – «өте жақсы» дегенді білдіреді. Тарқатып айтқанда:

1 балл – тапсырмаларды 10% - ға дейін орындады, қателіктер жіберді, сабақта пассивті, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша қорытынды жасамайды, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды, өткен материалды білмейді;

2 балл – 20% - ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, қателіктер жіберді, сабақта енжар, мұғаліммен кері байланыс нәтижелері бойынша әрдайым тиісті қорытынды жасай бермейді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытпайды;

3 балл – тапсырмалар 30%-ға дейін орындалып, қателіктер жіберді, қателіктерін түзетуге тырысады, сабақта кейде белсенділік танытады, оқу тапсырмаларын орындау кезінде мұғалімнің/ата-ананың/құрдастарының қолдауын қажет етеді;

4 балл - оқу тапсырмаларын 40%-ға дейін орындады, қателіктер жіберді, қателерді түзету кезінде көмек қажет, әрдайым белсенді бола бермейді, кейде тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

5 балл – тапсырмаларды 50%-ға дейін орындады, бес қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта әрдайым белсенді бола бермейді, кейде мүмкін болатын тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

6 балл - оқу тапсырмаларын 60% -ға дейін орындады, 4 қате жіберді, мұғалімнің көмегі қажет, сабақта ынталы, орташа күрделі тапсырмаларды өз бетінше орындай алады;

7 балл – 70%- ға дейін оқу тапсырмаларын орындады, 3 қате жіберді, қателіктерді уақытында жойды, сабақта белсенді, тапсырмаларды орындау кезінде дербестік танытады;

8 балл – оқу тапсырмаларын 80%-ға дейін орындады, 12 елеусіз қателіктер жіберді, мұғалімнің түсініктемелері негізінде өз қателіктерін түзетеді, Белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

9 балл – оқу тапсырмаларын 90%-ға дейін орындады, тапсырмаларды орындау кезінде шамалы дәлсіздіктерге жол берді, қателермен жұмыс істейді, Белсенді, өз бетінше жұмыс жасайды;

10 балл – оқу тапсырмаларын 100% орындады, қателіктер жібермеді, белсенді, дербес жұмыс жасай алады, өз жауаптарын түсіндіре алады, негіздей алады.

Батыстың тәжірибесі бойынша онлайн курстарды бағалау «Rasch Measurement» өлшемімен жасалады. Бұл туралы кейінгі мақалаларымызда толығырақ айтатын боламыз.

Тілдің трансформациялануын қалыпты жағдай ретінде танып, оның мүмкіндіктері мен табиғи тілге тигізетін нұқсандарының алдын алу міндетіміз. Ол үшін жоғарыдағы алғы шарттарға сүйене отырып, интернет реурстарды меңгеріп, синхронды оқытуға лайық әдістерді дұрыс таңдап, жауапкершілікті, құзыретті маман болуымыз қажет.

Мемлекеттік деңгейде БАҚ тілін, жарнамалар мен интернет ресурстардың тілін бақылап, сленгтер мен жаргондардың қолданылуына шектеу жасау керек.

Қорыта айтқанда, жоғарыда санамалап көрсетілген, онлайн оқытудың алғышарты болатын негізгі бес қадамды толық меңгерсе, білім беру үдерісі жеңілдеп, керісінше жаңа мүмкіндіктер пайда болады. Өйткені компьютерлік бағдарламалар оқу үдерісінде ақпараттарды тез алмасуға, уақыт үнемділігі мен ақпаратқа қолжетімділікті арттырды. Қазіргі жағдайды пайдалана отырып, әлемдік білім нарығына қосылуға ұмтылу керек. Біздің жағдайда тілді меңгерту аясын кеңейтіп, интернет ресурстардың арқасында оқытудың жаңа әдістеріне көшу заман талабы болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Shormakova A., Ibraymova L., Shormakova A., Nurzhanova B., Daurenbekova L. (2019). Nominations of the plant world lingo-cultural aspect. Opción, Año 35, Regular No.89: 607-623 ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385

2. Kaplan R.M. (2019) Computational Psycholinguistics. Computational linguistics. 45(4)

3. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900001045

4. Слямбеков Қ. Қазақ тілінің интернет кеңістігіне бейімделуі – Intil. https://mtdi.kz/e/til_sayasaty/id/164/q/2#

5. Бекалаева А. О. (2011) Инновационные технологии в обучении английскому языку // Вестник КазНУ. Серия филологическая. №2(132).

6. Zhou L., Gao J., Li D., Shum H.-Y. (2020) The Design and Implementation of XiaoIce, an Empathetic Social Chatbot. Computational Linguistics. 46(1) P.53-93. https://doi.org/10.1162/coli_a_00368

7. Нұрманова Г.Н. (2019) Қазақ тілі сабақтарында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы тапсырмаларды түрлендіру жолдары // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 2 (78)

8. Азимбаева А.Н., Жалалова А.М. (2020) Медиа-ресурстарды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 1(81)

9. Хасанұлы Б. (2004) Мемлекеттік тілді дамытудың бірден-бір кепілі – білікті басқару, ол үшін тіл комитетін құру // Мәдениет аралық қатысым мен қазақ, орыс филологиясының өзекті мәселелері: Қазақстандағы Ресей жылы мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының 60 жылдық мерейтойына арналған Халықаралық ғылыми-практикалық конф. материалдары. ҚазМемҚызПИ. – 1 Т. – Алматы. - 904 б.

10. Қалқабаева С.Ә. (2009) Әдебиеттану пәндерінде ОБСӨЖ бен СӨЖ-ді ұйымдастырудың тиімді жолдары // Вестник КазНУ. Серия филологическая. № 7-8, 123-124 бб.

11. Mukhpulova R., Mustafaeva G., Bazilgalamova A. (2019) Implementation of the clil method together with learning strategies in teaching a foreign language for natural sciences students // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 3 (79)

12. Jason T. Abbitt, Sarah J. Watt, William J. Boone. A (2018) Comparison of Independent and Collaborative Instructional Models in a Blended Graduate Teacher Education Program. Journal of Interactive Online Learning. 16(1)

13. Шаханова Р.Ә. (2011) Техникалық ЖОО қазақ тілін ұлттық құндылықтар арқылы меңгерту // Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектері. 1-бөлім. Алматы: Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ - 362 б.

14. Ибраймова Л. (2010) Сөйлесім синтаксисінің лингвистикалық-функционалдық табиғаты. Филолол. ғылымд. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. Алматы. – 134 б.

15. Оразбаева Ф. (2000) Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті. – 208 б.

16 Kudabayeva P.A., Satybaldieva T.S. (2020) Podcasts in audiovisual training // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. № 1(81).

Пять предпосылок цифровой трансформации в преподавании языка

Л.А. Ибраймова
Казахский национальный женский педагогический университет
liraibraymova@gmail.com

В статье отражены пять предпосылок цифровой трансформации в преподавании языка в соответствии с системой онлайн обучения. Во-первых - личностный рост преподавателя, его соответствующая подготовка. Во-вторых - овладение интернет-ресурсами, выбор эффективных ресурсов. В-третьих, раскрыта необходимость овладения одним из международных языков и основные причины этого. В четвертой предпосылке анализируется подстраивание методов обучения под онлайн систему и их другие возможности, в пятой - система оценивания в онлайн обучении.

Ключевые слова: *цифровые ресурсы, языковая трансформация, оценочные измерения, идеология, информативный поиск, язык.*

Five prerequisites of the digital transformation in language teaching

L.A. Ibraymova
Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan
liraibraymova@gmail.com

The article reflects five prerequisites for the digital transformation of language teaching in accordance with the online learning system. First, the personal growth of the teacher, his appropriate training. The second is the mastery of Internet resources and selection of effective resources. Third, the need to master one of the international languages and the main reasons were revealed. The fourth premise analyzes of the adaptation of teaching methods to the online system and their other capabilities, and the fifth one analyzes the assessment system in online learning.

Keywords: *digital resources, language transformation, evaluative measurements, ideology, informative search, language.*

Редакцияға 14.09.2019 түсті.

ҒТАХР 16.01.11

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ ЖАЛҒАУЛЫҚТАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.Қ. Жылқыбай
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
zerek24@mail.ru

Түркі тілдеріндегі шылауларды бір сөз табы ретінде қарағанымызбен (үшеуіне шылау деп ат беруінің себебі: олардың үшеуі де бір сөздің шылауында келуіне байланысты айтылған болу керек), олардың үшеуінің қызметтерінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ол лексикалық мағынасы жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да айқын көрінеді. Мұның өзі шылау түрлерінің бір-бірімен жеткілікті деңгейде салыстырыла зерттелуін қажет етеді.Мақалада алғаш рет жалғаулықтардың қызметі әрбір түркітілдерінен алынған арнайы мысалдармен дәйектеліп, түркі тілдеріндегі жалғаулықтар жүйелі түрде жинақталып беріледі. Сонымен бірге қазіргі түркі тілдеріндегі жалғаулықтарға тән басты ерекшеліктер көрсетіледі.

Түйін сөздер: *жалғаулықтар, түркі тілдері, жалғаулықтардың ерекшеліктері, грамматикалық еңбектер, семантикалық мағына.*

Сөздердің грамматикалық орны мен қызметі жағынан түрліше топтары бары белгілі. Алғаш рет көне гректер тарапынан сөздер қызметі мен мағыналарына қарай есім және етістік болып екіге ажыратылса, заманның дамуымен қатар тіл білімінің және тіл білімі салаларында пайда болған сөздердің басқа да қызметтерінің болатынын анықтаған, сондай-ақ жіктеулер жасалып, сөз топтарының саны артқан. Ал қазіргі жалпы тіл білімнің теориясына орай сөз түрлері дербес мағынасы бар есімдер және етістіктер мен дербес мағынасы жоқ, тек грамматикалық қызметтегі тұлғалар ретінде саналатын көмекші сөздер болып жіктеледі. Соның ішінде грамматикалық тұрғыдан басқа сөздерге, сөз топтарына ұқсамайтын көмекші сөздердің мәселесі туралы тіл білімінде аз айтылды дей алмаймыз. Мәселе жүздеген еңбектерге арқау болып, ондаған ғалымның арнайы зерттеу нысанына айналып, ғылыми-теориялық бағыттары да қалыптасқан деуге толық негіз бар. Қазақ тіл білімінде түркологиялық бағытта жазылған М.Оразовтың арнайы еңбегінде түркі тілдеріндегі көмекші сөздер қызметі мен ерекшелігі турасында салыстырмалы түрде жақсы қарастырылған. Соған қарамастан, түркі тілдерінің әрбір жеке тобына жататын әдеби тілі қалыптасқан тілдердің барлығына тоқталу ешбір еңбекте мақсат етілмеген сыңайлы. Ал түркі тілдеріндегі шылауларға байланысты салыстырмалы түрде талданған еңбек тіпті тапшы. Шылаулар көмекшілік қызмет атқаратын сөздер қатарында болғанымен, жеке сөз табы ретінде арнайы қарастырылуы да қажет. Әсіресе, түркология түркі тілдерінің дәл қазіргі кезеңдегі ерекшеліктерімен ұқсастық-ортақтық белгілерін дәл әрі нақты саралайтын салыстырмалы грамматикаға қандай зәру болса, шылауларға негізделген толыққанды бір еңбекке де мұқтаж.

Қазіргі таңда төрт топқа жіктелетін түркі тілдерінің саны отызға жетіп жығылатыны белгілі. Олардың арасында туыс тіл деп айтса сенбестей басқаларынан дараланған кейбір тілдерде бар. Жалпы алғанда екі түрлі тіл деуге келмейтін тілдерді де көреміз. Айталық, қарақалпақ, қырғыз және ноғай тілін өзге түркі тілдерімен салыстырғанда ұқсастығының үлес салмағы әлдеқайда жоғары екенін байқау қиын емес. Сонда да болса, тіл үнемі даму үстіндегі құбылыс болғандықтан осы туыстас тілдердің күніміздегі сөздік қорындағы кейбір сөздер мен формалар ортақ саналмай жатады. Мысалы, қазіргі қырғыз тілінде қолданылатын чалыш, сөрей, дейре, қарата т.б. қарақалпақ тіліндегі қиби, шекем, лекин, бағда, гә шылаулары қазақ тілінде қолданылмайды[1; 675]. Сондықтан шылаулар туралы тек бір тілдің аясындағы қолданысына қарап тұжырым айтқаннан гөрі кең көлемде қарастырған абзал деп ойлаймыз. Демек қазіргі түркі тілдеріндегі барлық шылауларды бір еңбекте топтаудың да, оларды салыстыра, әрі тарихи тұрғыдан талдаудың да кезегі күтіп тұрған тәрізді. Осы мақсатта біздің қадамымыз алғашқылардың бірі болады десек те қателеспейміз.

Біздің де қолымыздағы толық деп саналған материалдар негізінде ғана жазған ғылыми жұмысымызда түркі тілдеріндегі шылаулар толық қамтылды дей алмаймыз. Түркі тілінің тарихи және қазіргі диалектілерінде кең орын алған шылаулар арасынан нақты мысалдар арқылы тақырыпты ашу көзделді [2; 124]. Кейбір тұстарда ғана басқа түркі тілдерін мысалға алғанымызбен,

жүйелі түрде қыпшақ тілдерінен қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар, башқұрт, қарлұқ тілдерінен өзбек, ұйғыр, оғыз тілдерінен түрік, азербайжан, түркімен тілдерін негізге алдық. Яғни, жұмысымызда орын алған шылаулардың біршамасына байланысты өзіміз қарастырған түркі тілдердің мәтіндерден де дәлелдер келтіруді жөн санадық.

Қазақ тіліндегі грамматикалық еңбектері бойынша жалғаулықтарға жекелей алғанда лексикалық мағыналары жоқ немесе дерексізденген, соған қарамастан өзіндік семантикалық мағыналарға және абстарктілі грамматикалық мағыналарға ие сөз түрі ретінде анықтама беруге болады. Толықтыра түссек, А.Ысқақов*: Жалғаулықтар өзара тең бірыңғай сөздердің, бірыңғай сөз тіркестерінің және бірыңғай сөйлемдердің араларындағы әр қилы қатынастарды білдіреді,* - десе [3; 363], ал «Қазақ грамматикасы» атты оқулықта: *Қазіргі қазақ тіліндегі жалғаулықтар – лексикалық мағынасы жоқ, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді әртүрлі ыңғайда (мағыналық қатынаста) салаластыра байланыстыратын сөздер*, - делінген [4; 557].

Салыстырып қарағанда біз қарастырып отырған түркі тілдерінің грамматикалық еңбектерінде болсын, басқа да оқулықтар да немесе сөздіктер де болсын қазақ тіліндегі түсініктемелермен тамырлас екенін көреміз:

Қырғыз тілінде: Сөз бенен сөзді немесе сөйлем менен сөйлемді өзара бір біріменен байланыстырушы сөз түрін *байламта* дейміз [5; 363-371].

Қарақалпақ тілінде: *Дәнекерлер* сөз бенен сөздің, сөз топтарының, сондай-ақ сөйлемнің бірыңғай мүшелері менен құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің араларын байланыстыру үшін қолданылатын сөз формаларының бір түрі болып табылады [6; 360].

Башқұрт тілінде: *Теркәүес*деп жеке сөйлемдер немесе сөздер арасындағы сыртқы байланыстарды көрсету үшін қолданылатын өзгермейтін морфологиялық категорияны айтады. Бұл сыртқы байланыстар ыңғайластыру, қарсылықты, себептік-салдарлық т.б. формаларда болуы мүмкін[7; 116].

Қазан татарлары тілінде: *Теркегеч,* сөйлем мүшелерін, сондай-ақ, құрмалас сөйлем құрамындағы жеке сөйлемдерді бір-біріне байланыстыратын сөз түрі [8; 312].

Ұйғыр тілінде: Сөйлеу барысында сөз бенен сөзді, сөйлем менен сөйлемді бір-біріне байланыстыру үшін қолданылатын көмекші сөздер *бағлиғучилар* деп аталады. [9,260].

Өзбек тілінде: Сөйлемнің бірыңғай мүшелерін, құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді бір-біріне байланыстыру үшін қызмет ететін сөздер *боғловчиларды* көрсетеді [10,385].

Түрік тілінде: Түрікшеде өте ерекше орны бар *баылачлар* - сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді және кейде бөлімдерді грамматикалық және мағына жағынан бір-біріне тіркестіретін және атқаратын қызметтерімен, тіркескен сөздер арасында әртүрлі мағына байланыстарын құратын грамматикалық тұлғалар [11; 1091].

Әзербайжан тілінде: *Бағлајычылар* - сөйлемдерді немесе сөйлем мүшелерін бір-біріне тіркестіру үшін қолданылатын сөздер [12; 85].

Түркімен тілінде: *Баглайжылар* сөйлемде екі сөзді немесе екі сөйлемді бір-бірімен тіркестіруге қызмет етеді [13; 275].

Қазақ тіліндегі жалғаулықтарға *мен// бен// пен, және, тағы, әрі, да// де// та// те, әм, әлде, біресе, я, бірде, яки, не, немесе, болмаса, не болмаса, құй, мейлі, бірақ, алайда, әйтсе де, әйткенмен, сүйтсе де, сонда да, дегенмен, әйтпесе, әйткенде, әйтпегенде, себебі, өйткені, сондықтан, сол үшін, сол себепті, егер, егер де, алда-жалда, онда, яғни, демек, ал, ендеше, ал ендеше, олай болса, кейде* [3; 363-371] т.б. сөздер жатса, біз қарастырып отырған түркі тілдерінің жалғаулық шылауларының басым көпшілігінің ортақтығы байқалады. Соған қарамастан дыбыстық ерекшеліктері ғана бар жалғаулықтар, түркі тілдерінен тыс басқа тілдерден енген (араб, парсы, орыс, грек, неміс) жалғаулықтар және жеке әдеби тіл ретінде төл сөз саналатын жалғаулықтар да ұшырасады. Сонымен:

Қырғыз тілінде: *да* (да, де, та, те), *дагы* (тағы), *менен* (мен, пен, бен), *жана* (және), *же* (немесе), *бирок* (бірақ), *анткени* (өйткені), *себеби* (өйткені), *демек* (яғни, демек), *эле* т.б. [14; 223].

Қарақалпақ тілінде: *я* (немесе, я, не), *ямаса* (немесе, я, не), *болмаса* (немесе, я, не), *хәм* (және), *және, да// де, та// те, егер, егер де, ал, лекин* (бірақ), *гә* (не), *гәхи* (бірде, кейде), *гейде// гәде* (кейде, бірде), *базда* (кейде), *биресе* (бірде, бірсесе), *әри, себеби, нәтийжеде, бирақ, өйткени, биресе, неге десең, сол себепли* (сондықтан), *соңлықтан* (сондықтан), *сол// соның ушын* (сондықтан), *соның арқасында* (сондықтан), *соның нәтийжесинде* (сондықтан), *соның салдарынан* (сондықтан), *соның ақыбетинде* (сондықтан) т.б. [6; 361-383].

Башқұрт тілінде: *һәм* (және, әрі)*, тағы* (тағы)*, ә* (ал), *ләкин* (бірақ)*, әммә* (бірақ), *түгел* (түгіл), *йәки* (немесе), *йә-йә* (немесе)*, ни-ни* (немесе)*, сөнки* (өйткені)*, хатта* (тіпті), *шулай ук* (тағы да)*, ахыры* (себебі), *бит, ки, әгәр* (егер)*, әгәр зә* (егер де)*, гәрсә, хатая* (ең болмағанда) [7; 127-128], *вә* (және), *мынан* (мен), *тик* (тек), *шулайза* (бірақ), *фәқәт*(бірақ), *юқһа* (немесе),*берсә* (немесе), *йәиһә* (немесе), *бер* (немесе), *әллә* (немесе), *бәлки* (бәлкім), *шуға күрә* (сондықтан), *әйтерһең* (сондықтан)*, әйтерһең дә* (сондықтан да), *тимәк* (қазақ, татар, ағыл) тілінде: *чөнки* (өйткені), *әгәр* (егер), *ки*, *гәрчә*, *ягьни* (яғни), *һәм* (және), *да* (да// де, та//те), *янә* (және), *ни-ни* (немесе), *ләкин* (бәлкім), *ә// а* (бірақ), *бәлки* (бәлкім), *әммә* (бірақ), *тик* (бірақ), *башкача* (сонымен бірге), *аеруча* (сонымен бірге), *бигрәк тә* (бірақ та) т.б. [15; 381], *да//де, та//те, билен* (мен), *ем* (және), *йе* (немесе), *йе пулмаса* (не болмаса), *пир* (немесе), *ный* (немесе), *қуш* (немесе), *кимиси* (кейбірі), *түгил* (түгіл), *елле* (немесе), *ешет* (егер), *қетте* (тіпті), *йе быса* (әйтпесе), *мегер* (егер) т.б. [16; 98].

Ұйғыр тілінде: *вә* (және), *һәм* (және), *вә-һәм* (және де), *билан* (мен// пен// бен), *йәнәяна* (және), *-дә* (да// де// та// те), *-му// -ма, йә* (немесе), *яки* (немесе), *ха* (мейлі), *бирдә* (бірде), *гайида* (мейлі), *мәйли* (мейлі), *бир дәм* (және), *сәвәви* (өйткені), *чүнки* (өйткені), *шуңлашқа* (сондықтан), *шуның нәтижисидә* (сондықтан), *шуның үчүн* (сондықтан), *әгәр// әгәрдә// әгәрки// әкәрким навада// әкәрким мабада* (егер де)*, амма* (бірақ), лекин (бірақ), *амма-лекин* (бірақ), бирақ (бірақ), *бирақта* (бірақ), *шундими* (бірақ), *шундақболсима* (бірақ), *ялғуз* (тек, бірақ), *пәқәт* (бірақ), *дегенбилән* (бірақ, дегенменен), *болмиса* (бірақ), *бәлки* (бәлкім), *йәни* (яғни), *жүмлидин* (яғни), *болупму* (яғни), *хусусән* (яғни), *демәк* (демек, яғни), *һәмма// һәммаки* (тіпті) т.б. [9; 260-267].

Өзбек тілінде: *ва* (және), *билан* (және), *ё* (немесе), *ёки* (немесе), *ёһуд* (немесе), *дам...дам* (бірде), *гохо...гохо* (бірде), *гохидә... гохидә* (бірде), *һәм...һәм* (әрі), *хоһ...хоһ* (мейлі), *аммо* (бірақ), *әммо-лекин* (бірақ), *негаки* (өйткені), *баъзан* (кейде, бірде), *шунинг учун* (сондықтан), *токи* (өйткені), *агар* (егер), *башарти* (егер), *гуё* (егер), *фақат* (бірақ), *холбуки* (әйтсе де), *нақотки* (бірақ), *хатто* (тіпті), *чунки* (өйткені), *ахир* (тіпті), *модомики* (бәлкім), *демак* (яғни, демек), *ehтимал* (бәлкім), *яғни* т.б.[10; 185-186]

Түрік тілінде: *адэта, акси халде, аксине, акси тактирде, амма// ама// амма ки, асы, амма вэлакин, бahусус, билакис, билхасса, бинаэнлэйх, биттаби, эсасен, факат, филhакика, галиба, гайри, hакикатен, hасылы, hamma, hүласа, hусусийле, улла// улле, лакин, мадем, маhаза, мамафих, мэсэла, ниhайет, табий, вакыа, вэ, велакин, велев, велhасыл, яни, зahир, затен, зира, бари, чүнкү, е:ер* (егер), *герчи,гү, hем...hем, hэргиз, hич, hош, ки, каh...каh, мэ:ер// мэ:ер ки, я...я, бэлки// бэлким, билмэм ки, джаным// джаным сенде, демек ки, hич олмазса, hич шүnhесиз, hич йокса, ихтимал ки, улла ки, мадем ки, мэ:ер ки, мэ:ерсэ, насыл ки, насылса, не варки, не язык ки, олаки, олмая ки, өйлэ ки, садеджэ, санки, шөйле ким, шу кадар ки, шу вар ки, шүnhесиз, я...вэя, я...яhут, йок джаным, зира ки, зира ким, ачыкчасы,анджак, анлашылан, аркасындан, айрыджа, бак, бакалым, бакарсын, бакын, бэрэкэт версин, бесбелли, бырак, билэ, билэмэдим, билмэм, билсэн, бир...бир, бир дэ, бөйлэджэ, бөйлэликлэ, бунунла бэрабэр, бунунла бирликтэ, да, даhасы, даhи, дэйил ми, дейилсэ, дэркэн, дийэджейим, доурусу, доурусунуистэрсэн, долайсыйла, гэрэк... гэрэк, hания, hеле, илэ, исэ, истэр...истэр, кысаджа, кысаджасы, насыл, насылса, нэ дэмек, нэ...нэ, нэденсе, не гэзер, нэрэдэ, нэрдэ, нэрдейсе, нитэким, олса олса, ойса, өнджэликлэ, өзэлликлэ, өзэтлэ, пэк гюзэл, сакын, сакын ола, сонунда, сөз гэлими, сөз гэлиши, шимди, шимди бакыныз, шимдилик, шимдийсе, шөйлэ, шөйлэ дурсун, тэк, узатмаялым, үстэлик, үстэлик дэ, үстүнэ үслүк, варсын, ялныз, ялныззжа, йэтмэмиш, йинэ, йинэ дэ, йок, варса... йокса, йокса* [11; 1092-1093].

Әзербайжан тілінде: *ве* (және), *хем// хем де* (және), *ја* (немесе), *каh* (кейде), *әкәр* (егер), *анчаг* (бірақ), *амма* (бірақ), *дәхи* (тағы), *мәсәлән* (мысалы), *ки,јә'ни* (яғни), *һәмма* (тіпті), *нә-нә* (не... не), *зира* (өйткені), *чүнки* (өйткені), *нәинки* (тек, бірақ), *һәмчинин* (да// де// та// те, және), *һәркаh* (егер), *јахуд* (немесе), *һабәлә* (осылайша), *һәрчәнд* (немесе), *вә һәм* (және де), *вә нә* (немесе), *вә ја* (немесе), *вә јахуд* (немесе), *вә һәмчинин* (және де), *вә һәрчәнд* (немесе), *мадам ки* (егер де, сондықтан), *һәрчәнд ки* (немесе), *һәм дә* (және де), *каh да* (кейде), *вә јаинки, јаинкидә, вәја ки, вә һәмдә, вәнә дә, вәнәинки, вә јада, вә јахуд да, вә каh да, вә һәбелә дә, вә һәмчининдә, вә ја ки, вә һәм дә ки, вә јадә ки, вә нәдә ки, вә һәмчининдә ки, она көрә, буна көрә, онун үчүн, бунун үчүн, она көрә ки, буна көрә ки, она көрә дә, буна көрә дә, ондан өтрү ки, онун үчүн ки, бунун үчүн ки, онун үчүн дә, бунун үчүн дә, она көрәдир ки, буна көрәдир ки,*

онун үчүндүр ки, бунун үчүндүр ки, лакин буна бахмјараг, анчаг буна бахмјараг, ама буна бахмјараг, фәгәт буна бахмјараг, лакин бунунла белә, анчаг бунунла белә, амма бунунла белә, одур ки, будур ки [17; 168-169],

Түркімен тілінде: *хем// хем де* (және), *ве* (және), *вели// велин* (және), *ягни* (яғни), *эмма* (бірақ), *йөңе* (бірақ), *ёгсам* (әйтпесе), *болса* (ал), *болмаса* (әйтпесе), *гайтам* (),*я* (немесе), *я-да* (немесе), *я...я-да* (не), *не* (немесе), *не-де* (немесе), *кә// кәтә* (не), *чүнки* (өйткені), *себәби* (өйткені) т.б. [18; 513-523].

Түркі тілдеріндегі жалғаулықтардың белгілі бір қызметтері мен ерекшеліктерінің аясы туралы бір араға топтағанымызда төмендегідей болып шығады:

- Жалғаулықтардың дербес тұрғанда мағынасы солыңқы. Сондықтан да көмекшілік Қызмет атқарады дейміз.Жалғаулықтардың негізгі функциясы - сөздерді, сөз тіркестерін және сөйлемдерді бір-біріне тіркестіру. Бірақ, тіркескен тұлғалар грамматикалық және лексикалық жағынан бір-бірімен байланысты болғандықтан, жалғаулықтар өзіндік атқаратын қызметтері арқылы сөздердің мағыналық күшін біршама арттырады.
- Тіркестірушілік қызметі бойынша сөйлем мен мағына арасындағы бүтіндікті, сөйлеу барысында үздіксіздікті қамтамасыз етеді.
- Жалғаулықтар мен септеуліктердің арасында формалық ұқсастықтары мен ортақтықтары болғанымен қолдану аясы және қызметтері жағынан еш ұқсастық жоқ.
- Басқа сөз топтарындағы сөз түрлері (септеуліктер, мекен үстеуі, көсемше т.б.) кей жағдайда сөйлем ішінде жалғаулық ретінде жұмсала алғанымен жалғаулықтар мұндай мүмкіндіктерге ие емес.
- Жалғаулықтар мағыналары белгілі сөздер секілді, сөйлем мүшесі қызметтерін атқарааалмайды.

Қалай дегенмен де, жалғаулықтардың екі сөздің немесе сөйлемнің, кейде параграфтардың арасын байланыстыратын ерекше бір қызметі бар. Бірақ, қазақ тілінде жалғаулық атаулының қызметі жалғыз емес екені, әрбір жалғаулық шылаудың мағыналы сөздер секілді жұмсалатын орындары болатыны, көп жағдайда бірінің орнын бірі баса алмайтыны - тайға таңбасқандай белгілі заңдылық. Мұның өзі жалғаулықтардың белгілі бір топтары болатындығын, тіл білімі соларды айырып көрсету қажеттігін тудырады. Бұл жағына келгенде, бүтін түркі тілдері тұрмақ, қазақ тіліндегі жалғаулықтарды топтауда бірізділіктің жоқтығы біздің ісімізді одан әрі қиындата түседі. Яғни, біздің қарастырып отырған оншақты тілдерде ғана емес, бүтін түркі тілдеріндегі жалғаулықтардың қызметтері мен қолданылатын тұсы ұқсас екеніне дау жоқ.

Біз жалғаулықтарды толық қамтыған жіктеу ғалым А.Ысқақовтікі деп тани отырып, оның еңбегіне көбірек сүйенуді жөн көреміз. А.Ысқақов қазақ тіліндегі жалғаулықтарды салаластырғыш жалғаулықтар және сабақтастырғыш жалғаулықтар деп бөліп, оларды өз ішінде мынадай бірнеше топтарға жіктейді.

А. Салаластырғыш жалғаулықтар:

- Ыңғайластық жалғаулықтар;
- Талғаулықты жалғаулықтар.

Ә. Сабақтастырғыш жалғаулықтар:

- Қарсылықты жалғаулықтар;
- Себептік жалғаулықтар;
- Салдарлық жалғаулықтар;
- Шарттық жалғаулықтар;
- Айқындағыш жалғаулықтар;
- Ұштастырғыш жалғаулықтар[3; 365-371]

Әрине, біз қарастырып отырған түркі тілдерінің грамматикасында тап осылай жіктеледі дей алмаймыз.

Қырғыз тілінде *багындырбас байламталар* және *багындырма байламталар* деп бөлінеді. Олар өз ішінде:

А. Багындырбас байламталар:

- Байланыштыргыч байламталар;
- Ажыраткыч байламталар;
- Каршылагыч байламталар;

Ә. Бағындырма байламталар:
- Себеп-натыйжалаш байламталар;
- Шартуу байламталар, - деп топталады [5; 94].

Қарақалпақ тілінде *дизбеклеўши дәнекерлер* және *бағындырыўшы дәнекерлер* болып бөлінеді.
А. Дизбеклеўши дәнекерлер:
- Бириктириўши дәнекерлер;
- Қарсылас дәнекерлер;
- Аўыспалы дәнекерлер;
- Гезеклес дәнекерлер;

Ә. Бағындырыўшы дәнекерлер:
- Себеп дәнекерлер;
- Нәтийже дәнекерлер;
- Шарт дәнекерлер [6; 360-385].

Башқұрт тілінде орыс ғалымы Н.К.Дмитриев орыс тілінің орайына қарай:
- Союзы соединительные;
- Союзы противительные;
- Союзы разделительные;
- Союзы причинные;
- Союзы условные;

Союзы условные и уступительные, - деп алтыға бөлсе [19; 128-129], тағы бір жіктеулерде төмендегідей етіп береді:
- Йыйыу теркәүестәре (соединительные);
- Қаршы қуйыу теркәүестәре (противительные);
- Бүлеү теркәүестәре (разделительные);
- Анықлау теркәүестәре (разделительно-определи-тельные);
- Сәбәп теркәүестәре (причинные);
- Шарт теркәүестәре (условные);
- Сағыштырыу теркәүестәре (сравнительные) [20].

Қазан татарлары тілінде:
А. Тезөче теркәгечләр:
- Жыючы теркәгечләр;
- Каршы куючы теркәгечләр;
- Бөлөче теркәгечләр.

В. Ияртөче теркәгечләр:
- Сәбәп, максат теркәгечләр;
- шарт теркәгечләр;
- кире шарт теркәгечләр [21,408].

Өзбек тілінде екі топқа алдымен *тенг боғловчилар* және *эргаштирувчи боғловчилар* деген екі топқа бөлінеді:
А. Тенг боғловчилар:
- Бириктирувчи боғловчилар;
- Зидловчи боғловчилар;
- Айирув боғловчилар;
- Инкор боғловчилар.

Ә. Эргаштирувчи боғловчилар, деп, одан соң бірінші топ өз ішінде төрт топқа бөлінеді [22; 213-214].
Ұйғыр тілінде жалғаулықтарды алты топқа жіктейді:
- Бириктүргучи бағлиғучилар;
- Айриғучи-тәкрар бағлиғучилар;
- Сәвәп-нәтижә бағлиғучилар;
- Шәртлик бағлиғучилар;

- Қариму-қарши бағлиғучилар;
- Изаһлиғучи бағлиғучилар [9; 262-267].

Түрік тілінің грамматикасында да әртүрлі жіктеулер бар. Соның бірі ғалымы З.Коркмаз түрік тілінің морфологиясына арналған ауқымды еңбегінде орын алады. Ғалым жалғаулықтарды мынадай бес жікке топтайды:

А. Сыралама баылачлар:

Ә. Денклештирме-каршылаштырма-сечме баылачлар:

Б. Пекиштирме баылачлар:

В. Нөбетлешме баылачлар:

Г. Джүмле башы баылачлары:

- Ачыклама билдирен джүмле башы баылайыжылары;
- Сонуч билдирен джүмле башы баылайыжылары;
- Үстелеме билдирен джүмле башы баылайыжылары;
- Себеп билдирен джүмле башы баылайыжылары;
- Зытлык билдирен джүмле башы баылайыжылары [11; 1104-1136].

Әзербайжан тілінде жалғаулықтар былайша жеті топқа жіктеледі:

- Битишдирмә бағлајыжысы;
- Ғарышылығ бағлајыжысы,
- Бөлүшдүрмә бағлајыжысы;
- Айдынлашдырма бағлајыжысы;
- Сәбәб бағлајыжысы;
- Шәрт бағлајыжысы;
- Гүзәшт бағлајыжысы [23; 163-165].

Түркімен тілінде де бірнеше жіктеуді кездестіреміз. Бірақ, түптеп келгенде өте ұқсас жіктеулер дей аламыз. Солардың бірі П.Азымов, Г.Сопыев, Я.Чөңңәев жазған «Түркімен тілі» атты оқулықта жеті топқа ажыратылады:

- Угурдашлыгы билдирйен баглайжылар;
- Гаршылыгы билдирйен баглайжылар;
- Икучлулыгы билдирйен баглайжылар;
- Гезеклешиги билдирйен баглайжылар;
- Себәп билдирйен баглайжылар;
- Гаршылык ве шерт билдирйен баглайжылар;
- Иңкәр этмеги билдирйен баглайжылар [13; 275-276].

Біз салыстырған тілдердегі осындай әртүрлі жіктеулер кездессе де, қолдану қызметі жағынан бірдей деуге толық негіз бар. Сондықтан да қазақ тіл біліміндегі қалыптасқан жүйеге де сай келуі ықтимал. Яғни, түркі тілдеріндегі жалғаулықтарды қазақ тіліндегі жалғаулықтарға байланысты жіктеуге болады. Бірақ кейбір ерекшеліктер де болуы әбден ықтимал. Сонымен бірге қазіргі түркі тілдеріндегі жалғаулықтар туралы пікірімізді қорытындылар болсақ, жалғаулықтарға тән мынадай ерекшеліктер мен қасиеттер бар. Сөйлемде бірдей қызмет атқаратын тіл бірліктерін тіркестіреді. Мағыналары бір-біріне жақын немесе қарама-қарсы сөйлемдерді байланыстырады. Сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді, тіпті мәтін бөлімдерін бір-бірімен тіркесуінде қолданылатын грамматикалық қызмет атқаратын сөздер. Тілдік бірліктер ішінде тіркестірушілік қызметімен бірге белгілі бір мағына да көрсетеді. Сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді және мәтін бөлімдерінің арасындағы мағынаның және түсіндірудің бүтіндігін, үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Басқа сөздер (есімдер, үстеулер, септеуліктер) кейде жалғаулық ретінде қолданылады, бірақ жалғаулықтар басқа сөз түрлерінің орнына қолданыла алмайды. Мағыналары және қызметтері сөйлем немесе сөз тіркестерінің ішінде көрінеді. Байланыстырушылық функциясы іске асуы үшін бір-біріне тіркесетін ең аз дегенде екі мүшенің болуы шарт. Сөздерді тіркестірумен қатар ыңғайластыру да бірінші кезектегі қызметі; сөйлем мүшесі ретінде емес сөйлемнен тыс бір тұлға ретінде көрінеді.

Мақаланың негізгі өзектілігі ретінде қазіргі қазақ тіліндегі шылауларға байланысты мәселенің шешімін тек түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы ғана қол жеткізе алатынымыз жөнінде айтқан болатынбыз. Жалпы, шылау біткеннің сөйлемдегі қызметіне, жұмсалуына, тіркесетін сөздің ерекшеліктеріне байланысты лингвистер арасында аз сөз болмаған сыңайлы. Осыны ескеріп,

ең алдымен көмекші сөздерге, оның ішінде шылауларға байланысты біршама ғылыми жұмыстарға шолу жасадық. Яғни, түркі тілдеріндегі шылауларға байланысты жүздеген еңбектерде орын алып, тіпті арнайы еңбектер, теориялар барын, бірақ ол еңбектерде шылауларға тиесілі кейбір мәселелер түрліше көзқараспенен шешіліп келетініне байланысты сыни пікірімізді алға тарттық.

Сондай өзекті мәселелердің бірі - түркі тілдеріндегі шылаулардың лексика-семантикалық мағыналары мен абстрактілі грамматикалық қызметтері жөнінде екенін ескеріп, оның айналасында сөз қозғауға тырыстық. Түркологтар болсын, жеке тілтанушылар болсын түркі тілдеріндегі шылаулардың қасиетін түсіндіргенде, олардың сөз тіркестерін құрауға тең компонент болып қатыса алмайтыны, өзінен соң жалғау, жұрнақ жалғай алмайтыны және атаулы сөздерге аналитикалық форма беруші амал ретінде жұмсалатыны секілді грамматикалық мағыналарын атайды да, лексикалық мағынасына байланысты ашық пікір айтылу кездесе бермейтінін байқадық.

Ал біздің тұжырымымызда түркі тілдеріндегі, әсіресе, қазақ тіліндегі шылаулардың басым көпшілігі жеке тұрып қызмет атқара алмайтын, мағынасы бұлыңғыр болғанымен, олардың өзіндік ерекшелігі, басқа формаларға ұқсамайтын қасиеті бар. Олардың бойында байланыстырушылық қасиеті басым десек те, лексикалық мағынасы жалғаулардан әлдеқайда мағыналы екенін көруге болады. Сонымен бірге түркі тілдеріндегі шылаулардың лексикалық мағыналары анағұрлым анық. Бұл көптеген ғалымдар тарапынан да мойындалған. Өйткені барлық шылаудың түбінде бір етістік болсын, зат есім болсын, сын есім, сан есім, есімдік болсын, солардың бірінен жасалғаны күмәнсіз және олардың басым көпшілігінің түбірі бір тілде болмаса екінші тілде өмір сүріп келе жатыр. Бірақ шылаулардың лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасы жөнінде барлығына дерлік бірдей тұжырым жасау жаңсақтық болады. Айталық, демеуліктердің септеуліктер мен жалғаулықтарға қарағанда лексикалық мағынасы мүлде көмескі. Бір тілде бар септеуліктердің азда болса этимологиясына қарағанда біразының қалыптасу тарихы ұзақ болғандықтан мағынасы солғын көрінеді (сынды, құрлы, үшін), ал енді бірінің қай сөзден пайда болғанын анықтау қиынға соқпайды (*жөнінде*<жөн, *жайында*< жайы, *бойынша*< бой, бойы) т.б. Жалғаулықтардың көбісі біріккен немесе кіріккен сөздерден (немесе формалардан) жасалған (*бірақ*< бір-ақ, *сондықтан*< солай болғандықтан, *өйткені*< олай еткені, әйткенмен <*айтқанмен* т.б.), тағы бір тобы басқа тілде мағыналы сөз ретінде қолданылып келе жатқан, бірақ түркі тілдерінде жеке басында мағынасы жоқ саналатын кірме жалғаулықтар (бәлкім, яғни, лекин, ама) болып келеді.

Синтаксистік қызметі жағынан да түркі тілдеріндегі шылаулардың бір-бірінен айырмасы жоқ деп есептейміз. Қазақ тіліндегі шылаулардың синтаксистік қызметімен ұқсас, тіпті ерекшелік көрінбейді. Тек шылау түрлерінің қызметі әр қилы. Септеуліктер басқа сөздің шылауында келіп, қана сөйлем мүшесі бола алады, ал жалғаулықтар мен демеуліктердің сөйлем мүшесіне мүлде қатысы жоқ. Септеуліктер мен жалғаулықтар екі сөзді немесе сөйлемді байланыстырушылық, тіркестірушілік қызметтерді атқарады, бірақ септеуліктер белгілі бір септік формасына тәуелді, жалғаулықтар үшін ешбір қосымшаның маңызы жоқ (әрдайым бейтарап), демеуліктерде болса байланыстырушылық, тіркестірушілік қасиет жоқ. Сондықтан олар жалғаулықтар сияқты қосымшаға бағынбайды немесе меңгеруге міндетті емес.

Жалпы айтқанда, түркі тілдеріндегі шылауларды бір сөз табы ретінде қарағанымызбен (үшеуіне шылау деп ат берудің себебі: олардың үшеуі де бір сөздің шылауында келуіне байланысты айтылған болу керек), олардың үшеуінің қызметтерінің арасында үлкен айырмашылықтар бар. Ол лексикалық мағынасы жағынан да, грамматикалық қызметі жағынан да айқын көрінеді. Мұның өзі шылау түрлерінің бір-бірімен жеткілікті деңгейде салыстырыла зерттелуін қажет етеді. Яғни, олардың лексикалық мағынасындағы, грамматикалық қызметіндегі ерекшеліктері жөнінде шамалап айтылған пікірлер болғанымен, санамалап мынау ұқсас тұсы, мынау айырмасы деп көрсетерлік зерттеу жұмысы қолға алыну керек.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Quttimuratova I. A. (2019) Lingua-geographical study of the lexical dialectology of the Kazakhs in the Republic of Karakalpakstan. *ISJ Theoretical & Applied Science, 12 (80),* 674-677.

2. Gümüşatam G. (2019) [*ve ~ ile*] biçimbirimlerinin eş değerlikleri üzerine. Türkbilig. 37: 123-137.
3. Ысқақов А. Ы. (1991) Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы : Ана тілі. - 384 б.
4. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис (2002) Астана.-784 бет.
5. Кыргыз тили (1996) Бишкек.
6. Хәзирги қарақалпақ әдеби тилиниң грамматикасы. Сөз жасалыу хәм морфология. (1994) Нөкис: «Билим». - 452 бет.
7. Дмитриев Н.К. (1950) Башкорт теленең граматикаһы, Өфө. - 300 бет.
8. Зиляева Р.А., Абдрахманова Г.Г. (1981) Татар теленең аңлатмалы сүзлеге. Өч томда. III том. Казан.
9. Һазирқи заман уйғур тили. Морфология вә синтаксис (1966) II, Алматы «Ғылым». - 456 б.
10. Абдурохмонов Х., Рафиев А., Шодмонқулова Д. (1992) Ўзбек тилининг амалий грамматикаси. Тошқент: Ўқитувчи - 256 б.
11. Korkmaz Z. (2009) Türkiye Türkçesi Grameri. Ankara:Türk Dil Kurumu- 1224 s.
12. Altaylı S. (1994) Azerbaycan Türkçesi Sözlüğü. I. c. İstanbul.
13. Азымов П., Сопыев Г., Чөңңәев Я. (1974) Туркмен дили. Ашгабат.
14. Жакыпов Ы., Турусбеков С., Майрыков Д. (1954) Кыргыз тилинин грамматикасы. Лексика, фонетика жана морфология / пед.окуу жайлары үчүн/ Фрунзе: Педагогика. - 230 б.
15. Языка мира. Тюркские языки (1997) Бишкек: «Кыргызстан» - 542 с.
16. Барсукова Р.С. (2004) Заболотный говор Тоболо-Иртышского языка в сравнительном освещении. Казань.
17. Ширалиев М. Ш., Севортян Э. В. (ред.) (1971) Грамматика азербайджанского языка (фонетика, морфология и синтаксисБаку: «Элм». - 415 с.
18. Türkmen diliniň grammatikasy – Morfologiýa (1999) Aşgabat: «Ruh».
19. Дмитриев Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. Москва – Ленинград: Изд. АН СССР. – 276 с.
20. Краткая грамматика башкрского языка. https://tel.bashqort.com/short-grammar
21. Хисамова Ф.М. (2006) Татар теле морфологиясе, Казан: Мәгариф.
22. Абдурасулов Ё. (2009) Туркий тилларнинг қиёсий-тарихий грамматикаси: (ўқув- услубий қўлл.). Тошкент: «Фан».
23. Грамматика азербайджанского языка (фонетика, морфология и синтаксис) (1971) - Баку: Элм. - 415с.

Особенности союзов в тюркских языках

Г.К. Жылкыбай
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, г.Туркестан Казахстан
zerek24@mail.ru

Хотя мы относим все виды послелогов к одной части речи, есть большие различия между функциями каждой из них. Они видны как по лексическому смыслу, так и по грамматическому назначению. Это требует достаточного сравнения видов послелога друг с другом. В статье впервые рассматриваются функции союзов на примере некоторых тюркских языков и предлагается рассматривать их в системном порядке и обобщенном виде. При этом определяются основные особенности, характерные для союзов в современных тюркских языках.

***Ключевые слова**: союзы, тюркские языки, особенности союзов, грамматические труды, семантическое значение.*

Features of conjunctions in Turkic languages

G.K. Zhylkybay
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan
zerek24@mail.ru

Although we refer all types of postpositions to one part of speech, there are large differences between the functions of each of them. It is visible both in terms of lexical meaning and grammatical purpose. This requires sufficient comparison of the types of postpositions with each other.For the first time, the functions of conjunctions are confirmed in the article with special examples taken from each Turkic language, the endings of Turkic languages are systematically summarized.At the same time, features characteristic conjunctions in modern Turkic languages are indicated.

***Keywords**:* conjunctions, *Turkic languages, features of* conjunctions, *grammatical works, semantic meaning.*

Редакцияға 10.12.2019 түсті.

ҒТАХР 14.25.09

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ТҰМАНБАЙ МОЛДАҒАЛИЕВ ШЫҒАРМАСЫН GOOGLE FORMS ЖӘНЕ GOOGLE SITES БАҒДАРЛАМАЛАРЫ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Л.М. Әділбекова, Ж. Ерахметқызы
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
lazzat.m.adilbekova@gmail.com, erakhmedkyzy14.08@gmail.com

Мақалада, балалар поэзиясының көрнекті өкілі, Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» шығармасын жаңартылған білім беру мазмұны аясында гибридті немесе аралас оқытудың артықшылықтары айтылған. Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістемесі жайында сөз қозғалып, қазіргі жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқытудың тиімділігі қарастырылған. Қазақ әдебиеті пәнін (оқыту тілі қазақ тілі емес) мектепте оқытуда Google Forms және Google Sites бағдарламалық қосымшаларын қолдана отырып оқытудың қолайлылығы, "сатылай кешенді талдау технологиясы", тілді меңгеру психологиясы тұрғысынан анықталатын төрт жалпы бағыт төңірегінде сөз қозғалады. Гибридті немесе аралас оқудың артықшылығы мен мүмкіншіліктері, оқуды жеке тұлғаға бағыттаудың он тәсілі, коммуникативтік оқыту ұстанымдары, қазіргі таңдағы Z ұрпағы болып саналатын, ақпараттар легі саналарын көмкерген жас буынның ұлттық құндылықпен сусындатудың тәсілдері жан-жақты қарастырылған. Төл әдебиеті мен мәдениетінің асыл тұлғасы Тұманбай ақынның жауһар жырларын оқытуда қолданатын заманауи әдіс–тәсілдердің тиімділігін көрсете отырып, молынан ақпарат береміз.

Түйін сөздер: *Т.Молдағалиев, Z ұрпақ, Google Forms, Google Sites, педагогика, тәрбие, балалар әдебиеті, поэзия.*

Кіріспе

«Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы

Қиыннан қиыстарар ер данасы» [1; 50] - деп өлеңін көріктеген сәтінде Абай Құнанбайұлы поэзия ұғымына өзекті жанның қуанышы мен өкінішін өрнек етер құбылыс деп қарамай, «сөздің патшасы» деп теңдессіз баға берген. «Өлең» және «адам» ат үзеңгісіндей теңесіп, жалған дүниенің таразысында тең түсіп жатқаны анық. Қай кезеңде болмасын өлеңді адамнан, адамды өлеңнен бөліп жарып қарау мүмкін емес, өйткені өлең - қасиетті өнер. Қара өлеңнің құдіреті соншалық, ол ұлтпен бірге жасап, ұлтпен бірге дамиды. Қара өлеңді тудыратын бір ғана ақын яки жырау болғанымен, оны дамытып, өміршең ететін бүтін бір ұлт. Қараша халық поэзияның бұлағынан сусындап, бастауынан жігер алды. Ұлылар ұлық еткен поэзияның бүгінгі қадір-қасиеті жайында Мұхаммеджан Қаратаев «Поэзия құнын түсірмеудің бірінші амалы сұрқай өлеңдерге, формалистік шатпақтарға жол бермеу. Ал, поэзияның шынайы жаңашылдықтарына жетудің бірден-бір сара жолы - көп көру, көп оқу, көп үйрену, батыл іздену, табанды еңбектену» [2; 172]. Поэзия құнын түсірмеудің басты алғы шарты оқырманға арналған шығармалар жиынтығының қайсы бірі болмасын електен өтуі қажет. Ал, балаларға арналған дүниеге деген талап пен тәртіп қатаң сақталған жағдайда ғана жеңіске жетеміз.

Өткен ғасырдың екінші он жылдығында А.Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» [3] еңбегінде «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: 1.Ақылға 2. Қиялға 3.Көңілге.

Ақыл ісі – аңдау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі - меңзеу. Яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесіне ұқсату, бейнелеп суреттеп ойлау, көңіл ісі – түю, талғау. Тілдің міндеті - ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды» [3; 10]. Ғалымның «Әдебиет танытқыш» еңбегі қазақ әдебиетінің әдістемесі үшін ең құнды еңбектердің бірі. Өйткені күні бүгін ТКО (түсіну - көру - орындау) әдістемесі А.Байтұрсынов айтқан тұжырымға сай түзілген үдеріс. Қазіргі білім беру ошақтарында ТКО әдісін жиі қолданады. Өйткені сабақтың негізі ТКО әдісіне бейімделген. Берілген тақырыпты түсініп, ақпаратты көзбен көріп, естіген, көрген мәліметтерін түсінгеніне сай орындау. Түсінгенін тіл көркемдігімен өз орнына қолданып, ойын ойлаған қалпында көркем жеткізетін адамдар тым аз. Ойды

тірілту, адамның көңіліне жол табу шеберлік пен шешендікті, ділмәрлікті талап етеді. Ақыл мен тілдің бір арнадан ұштасқан жемісі - поэзия.

Балалар поэзиясы – бүгінгі ұлттық әдебиетімізде көркемдік–шығармашылық және тағлымдық–тәрбиелік мақсаттарды өзара ұштастыра дамып келе жатқан, өзіндік ерекшеліктерімен танылып отырған әдебиеттің бір саласы.

Балалар әдебиеті - балаларға арналған әдеби туындылар жиынтығы. Балаларға арналған шығармалардың, яки туындылардың қай-қайсысында көркемдік және педагогикалық талаптардың етене байланыста көрінуі - балалар әдебиетіне қажетті негізгі қажеттілік.

Жазып отырған мақаламызда, балалар поэзиясын айшықтайтын көркемдік мәселелер балалардың жас ерекшелігіне сәйкес олардың ой-санасында, таным-түсінігенде, көзқарасында болатын психикалық өзгерістермен және сол өзгерістерден туындайтын педагогикалық–тәрбиелеушілік әсер ету жолдарымен сабақтастықта кеңінен қарастырылады. Ғалым, Аманжол Әлтаев: «Ғылымилық ұстаным балалар қаламгерінен бірнеше мәселелерді ескертуді талеп етеді. Олар: 1.Балалар поэзиясының өзіндік ерекшелігі; 2.Балалардың психикалық–педагогикалық ерекшеліктері; 3.Балаларға ұсынылатын дерек-мәліметтердің ғылыми нақтылығы» [4; 23] Сондықтан да балалар әдебиетінің оның ішінде балалар поэзиясының мектеп қабырғасында қандай ақындардың шығармашылығы оқытылып жатыр және ол шығармаларды қалай оқытылу қажеттілігі - бүгінгі уақыттың даты.

Бала талғамын бағдар етіп, оқырманының психикалық–педагогикалық ерекшеліктерін ескеріп, қоғамдағы болып жатқан уақиғаларды ақыл таразысына тартып, көкірек көзінен өткізіп, сүбелі сөзін, маржандай ойын жіпке тізіп балаң оқырманға қалам сілтеген ақын немесе жазушы еңбегі жемісті болары сөзсіз-ді. Бұл, әрине, біздің ой тұжырымымыз. Ал, академик С.Қирабаевтың: «Балалар әдебиеті – қиын әдебиет. Оның бірталай өзіндік ерекше сипаттары бар. Балалар кітаптарында әрекеттің нақтылығы мен образдың көрнектілігі, лириктік сезімталдық, характерлер мен уақиғаның динамикалық түрде дамуы, тіл тазалығы мен тартымдылығы қажет. Бала ойы мен ұғымы абстракциядан гөрі нақтылықты сүйеді. Сезіміне әсер ете білу арқылы оны адамды сүюге, гуманистік әрекеттерге тәрбиелеуге болады. Жазушы тілі де бала ұғымына лайық, түсінікті, таза болуға тиіс» [5; 74], - деген ғалым тұжырымынан балалар әдебиетінің көркем әдебиеттің бір саласы болып табылатыны, сол себепті оның бойында болуға тиіс басты сипаты оның тілінің көркемдігі, ойының тереңдігі басты талап екендігін аңғардық.

Әдебиеттің түп бастауы болатын, балалар әдебиетін құрайтын балалар поэзиясына қойылатын негізгі талап - поэзияның көркемдігі. Поэзияның көркемдік талабы тақырып таңдаудан басталмайды, сол поэзиялық туынды ақын санасына қалыптасқан сәттен бастау алады. Поэзиялық шығармада бейнеленетін көркемдік шындық пен көркемдік шешім бала қиялымен астасып жатуы шарт. Балалар поэзиясының ең басты міндеті де жас ұрпақты көркемдік шындық негізінде өмірлік шындықтың алуан қырымен таныстыру болып табылады. Балаларға арналған шығармаларда өмірлік құбылыстар қызғылықты да түсінікті бейнеленіп, жас оқырманның сезімі мен ақыл-ойына қозғау салуы, баяндау, яки бейнелеу үлгісі мейлінше әсерлі болуы тиіс.

Балалар поэзиясының бар асылын, мектеп қабырғасында оқып жүрген оқушыларға аманаттап жеткізу, баба мұрасын жас ұрпаққа аманаттау - бүгінгі жас ұрпаққа дәріс оқитын, ұстаз атты қасиетті есім иегерлерінің қайсы бірінің болмасын басты мүддесі болмақ.

Әрине, біз сөз қылып отырған қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның өзінің тарихи даму жолы бар. Қазақ халқының тарихында өз ана тілінде (қазақ тілінде) оқыту және оқытудың әдістемесіне көп көңіл бөліп, ғылым ретінде негіздеген тұлға - Ы.Алтынсарин. Ұлы ұстаз қазақ балаларына білім берер әр ұстазға қазақ балаларына өз ана тілін тиімді оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсетіп, әдістеме ғылымының негізін салды, артына мол мұра қалдырды. Ы.Алтынсариннен бастау алған қазақ әдебиетінің әдістемесі А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, С.Жиенбаев, Ж. Аймауытов, Т.Шонанов, Қ. Жұбанов т.б. көрнекті ғалымдарымыздың ғылыми – әдістемелік тұжырымдарымен іргесі қаланып, белі бекіп, еңсе тіктеді.

Күні бүгін қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі - керегесі кең, тамыры тереңге бойлаған ғылым саласы. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ғылыми пән екені анық. Қазақ әдебиеті пәнінің мектептік пәндер жүйесінде өзіндік ерекшеліктері бар. Қазақ әдебиеті пәнін мектепте оқытудың мақсат-міндеттерін, әдеби білім мазмұнын оны анықтайтын ұстанымдар мен өмір талабына сай оқыту әдістемесін жетілдірудің теориялық-методологиялық негіздері де бар. Демек, әдебиетті оқытуға деген

талап пен тәртіп тым қатал. Өйткені әдебиет қай ұлттың, ұлыстың болмасын – жүрегі. Мәдениеті мен тарихы, тілі мен дәстүрі көрініс табатын – айнасы. Дәл осы әдебиеттің қаны мен жаны, бары мен бағы – балалар әдебиеті. Әдебиеттің асылын арқаланған балалар әдебиетінің қазіргі таңда мектеп қабырғасында қалай оқытылып жатқандығы жайында көп сөз қозғай бермейміз.

Оның өз себебі де жоқ емес. Әдебиеттің оқыту әдістемесі жайында сөз қозғау үшін, сол әдебиеттің мектеп қабырғасында қаншалықты деңгейде оқытылып жатқандығы жайында толық ақпарымыз болуы шарт. Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептердегі қазақ әдебиетінің оқытылу деңгейі, әдіс-тәсілі тіптен өзгеше. Өзге тілді аудиторияда қазақ әдебиетін оқытатын мұғалімнің тілінің көркемдігі мен біліктілік, аудармашылық қарымы да бойынан табыла білер ұстаз болып, бала жанына, ішкі әлеміне жол аша білгені жөн. Балалар әдебиетінің дамуымен атадан балаға мұра болып, көркем әдебиеттің аманатын жетек еткен, қазақ әдебиетінің нәзік қылы болған поэзия жанрының оқытылуы - бүгінгі таңның өзекті жағдаяттарының бірі. Балалар поэзиясын бала мектеп табалдырығын аттамас бұрын, тіптен ана жатырына алғаш түскен сәтінен бастап ана әлдиі арқылы танысуы шарт. Бұл жатырда жатқан шарананың дұрыс дамуына, елін сүйер азамат болуына ықпал етеді деп ойлаймыз.

Балалар поэзиясын оқытудың ерекшеліктерін бастауыш сыныптардан бастау қажеттігі жайында ағылшын ғалымы Т.Конканнонның «Бірінші сынып оқушыларын поэзияға батыру: зерделеуге жанрлық көзқарас» [6; 2] атты мақаласында: «Поэзия - бұл көптеген балалар өлеңдері, джинглдер мен әндер (Manning, 2003) арқылы ұшырайтын алғашқы жанрлардың бірі және балалардың өздері "табиғи ақындар" деп саналады (Tompkins, 1998, p. 414), өйткені поэзия ерте жылдарда ойында жиі қолданылады. Поэзияны қайта оқу (Parr & Campbell, 2006) арқылы оқудың жүгіруін дамытып, өзінің сипаттамалық табиғатына байланысты сөздік қорының дамуына ықпал ете алады. Бұл - сондай-ақ, студенттің түсіну қабілетін дамытатын терең ойлауды ынталандыруы мүмкін (Routman, 2000). Баспа шарттылықтарына қатысты дағдыларды дамыту өте басқарылатын контексте де дамуы мүмкін, өйткені оның табиғаты бойынша өлеңдер, әдетте, прозадан әлдеқайда қысқа (Campbell, 2001). Осылайша, поэзия маңызды контексте сауаттылық пен стратегияны дамыту үшін көптеген мүмкіндіктерді ұсынады деп бағандай келе, автор поэзияның ең көне жанрлардың бірі ретінде адам баласының тарихымен тарихы бір, балалар тумасынан шын ақындар, олар өлеңді өздері жанынан шығарып, өлең арқылы өз қуаныштарымен, ішкі эмоцияларымен бар болмысымен өз тыңдарманына, ата-анасына, туыстарына, өз сыныптастарына жеткізеді. Поэзия жанры балабақша, мектеп қабырғаларында тиімді және балаларға қызықты заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқытылар болса бала санасы жедел дамып, олардың дамуына, армандауларына ықпал етеді.

Қазақ тілінен (екінші тіл ретінде) жаңартылған білім беру мазмұны аясында білім берудің орны ерекше. Оқу процесінің басты нысаны – оқушы. Оқушы білім мазмұнын ғана емес, білім алу әдістерін, оқу әрекеттерін меңгереді. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жаңартылған білім беру мазмұны коммуникативтік оқыту ұстанымдары мен тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларына негізделген деңгейлік оқыту, оқу мақсаттарының спиральді қағидасы, оқушының коммуникативтік әрекетінің басымдылығы, ізденімділік-зерттеу әрекеті, шығармашылық әрекетінен құралған. Шығармашылық қабілеті қарқынды дамыған оқушыларды ескі қолданысты, жаттанды дәстүрлі әдіспен оқыту мүмкін емес. Оқушылардың қоршаған ортасы, ақпарат легіне толы. Қолжетімді ақпараттың шексіздігі, бала санасына шамадан тыс күш салады. Қазіргі ақпараттық кеңістік әлемінде жас буын өздерін Z (соңғы) ұрпақ деп таныстырады. Олар заманауи техника тілін тез меңгеретін, белсенді, ақпарат ағынын жедел әрі нақты қабылдай білетін ұрпақ. Олардың артықшылықтарын ескере отырып, оқытудың маңыздылығы жайында International Journal of Evaluation and Research in Education (IJERE) журналынында Bambang Hariadi, M.J. Dewiyani S., Pantjawati Sudarmaningtyas ғалымдардың бірлесе жазған «Z ұрпағы үшін веб-оқыту қосымшасын әзірлеу» [7; 60] мақаласы бар. Мақалада «Z ұрпағының сипаттамалары (1) технологияларға ыңғайлы және өте тәуелді болып табылады, бұл z ұрпағы технологиялар ортасында өсті, (2) түрлі онлайн өнімдер мен күрделі технологиялық жабдықпен көп қажеттілік, сондай-ақ қарапайымдылықты және интерактивті дизайнды бағалайды, (3) онлайн қолжетімді болуы мүмкін ақпарат санымен неғұрлым жоғары әлеуметтік жауапкершілік бар, (4) әрқашан қосылады, әлеуметтік желілер, кросс-кантри және мәдениет арқылы қарым-қатынас жасайды, олар олардың ойлауына және шешімдер қабылдау процесіне жанама әсер» деп, «Z ұрпағының» төрт сипаттамасына тоқталған. Z ұрпағының төрт сипаттамасына келер болсақ, ең алдымен бүгінгі буынның ыңғайлы және жоғары технологияға тәуелділігі, өйткені олар көзін аша ең алғаш танитыны - технология. Екіншісі, әртүрлі онлайн

өнімдері мен күрделі технологиялық жабдықтарды телефон немесе компьютер арқылы еркін жүктей алулары. Ал, үшінші - интернет арқылы қол жеткізуге болатын ақпарат көлемі мен оған деген жауапкершілік пен сұраныстың жоғарылығы. Ең соңғысы - әлеуметтік желілер, оның таным мәдениетіне жанама әсер етуі. Жоғарыда айтылған төрт сипаттаманың заңдылығына сүйеніп, жаңа заманның балаларын қазақ тілі мен әдебиет сабағында жаңа технологияларды қолдана отырып оқыту - жауапты іс.

Өзге тілді аудиторияда қазақ тілін түсіндіру, машыққан әдіс-тәсілді талап етеді. Осы орайда Қ.Қадашева, У.Ассанова, С.Омарова, Р.Айкенова, З.Жұматаева «Қазақ тілін жақын тіл ретінде оқытудың өзекті мәселелері» [8; 261] атты мақаласымен танысып шықтық. Біз бұған дейін Қ.Қадашқызының еңбектерімен таныс болатынбыз. Қ.Қадашқызының бастамасымен әзірленген "Қазақ тілі" оқулығы әдістемелік ғылымда ерекше орын алады. Ғалымның оқулығы төрт бөлікке бөлінген. Оқулықтың мазмұнына келер болсақ, оқулықпен таныса отырып, мұғалімдерге ерекше қажетті мағлұматтармен танысуға болады. Оқулық бойынша компакт-дискіге салынып, қосымша электронды материалдар жасалған. Ал, біз танысып отырған мақалада «Бұл жұмыс контрастивті және салыстырмалы әдістерді қамтиды. Негізгі мазмұн тұрғысынан бұл әдістер ана тілінің құбылыстарымен тіл жүйесінің туыстық ерекшеліктерін салыстырмалы түрде оқытудың өзара әрекеттесуімен және оқылатын тілді толық түсінумен анықталады. Салыстырмалы әдіс принципі ана тілі мен аударма тілінің тілдік құбылыстарын салыстыру арқылы, тиісті материалды түсіндіру арқылы толық түсінуден тұрады. Контрастивті және салыстырмалы әдістер көптілді тұлғаны қалыптастыруға, лингвомәдени, әлеуметтік-мәдени және когнитивті құзыреттілікті дамытуға бағытталған. Оқуға мәдениаралық көзқарас екі немесе одан да көп мәдениетті салыстыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілдік мәдениетінің ерекшеліктерін зерттеу олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін түсіну арқылы жүргізіледі. Осы зерттеуде прагматикалық тәсілді және сөйлеу актілерінің теориясын пайдалануға байланысты мақсатты тіл және оның коммуникативтік қызметі арқылы коммуникация механизмдеріне қызығушылық артады. Көптілділік жағдайында коммуникативтік құзыреттілікті дамыту үшін прагматикалық тәсілді пайдалану материалды жақсы меңгеруге ықпал етеді және тілді үйренуге оң уәждемені қамтамасыз етеді» - деп жазылған мақаланың мазмұнымен толықтай келісеміз. Өзге ұлт аудиториясында әдебиетті оқыту, мәтінмен жұмыс, мәтінді саралау, мәтінді талдау, мәтін мазмұнын баяндау сынды түрлі тапсырмаларды орындау арқылы нәтижеге қол жеткіземіз. Бірақ, бізге ең қажеті оқушының сөздік қорын арттыру, ішкі және сыртқы уәждемеге бейімдеу.

Біз жоғарыда тізбектелген ақпараттармен таныса келе, өз еңбегімізді өңдеп жетілдіре түстік. Қазақ әдебиетін өзге тілді аудиторияда оқытуда басты нысана етіп алған тұлғамыз сыршыл ақын - Тұманбай Молдағалиев. Тұманбай ақынның тұмса жырларының табиғаты өзгеше. Алғашқы жырлары студенттік күндерінің жемісі болып, 1957 жылы «Студент дәптері» [9] деген атпен жарыққа шыққан. Одан кейінгі жылдарда елуге жуық кітабы басылып шыққан, теңіз тереңіндегі маржан сынды өз оқырманына таңданыс пен шабыт, қуаныш пен бақыт тарту еткен тұмса жырдың тәжін киген ақын Тұманбай Молдағалиев туралы құнды пікір айтқан зерттеуші-ғалым - Еркеғали Рахмадиев. «Ол бүгінгі Мұқағалидың ақберен асыл қаламынан тасты бұзып тауды жарғандай жойқын қуат алып, әдебиетіміздің барша құдіретін танытар асау арнаға айналды. Тұманбай сондай жаңа ұрпақтың төлбасы болды. Қазақ лирикасының сарыауыз балапандай балғын кезінен азуы алты қарыс самұрыққа айналғанына дейін ұлы шерудің алдын бермей ылғи көш басында жүрді» [10; 11] деп, аса жоғары баға берген. Қазақ тілінде оқытылмайтын мектептің 6 - сыныптарында Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» [11; 91] деген өлеңінен үзінді берілген. Осы өлеңін заманауи әдіс-тәсілдер арқылы оқытудың үлгілік нұсқаларын жасап, сабақ барысында қолдандық.

Кез келген IT технологияның өзегі болып отырған Google бағдарламасымен жұмыс жасау, оның тілін меңгеру бағдарламаның ұшан теңіз мүмкіндіктерін қолдана білу - мұғалім шеберлігінің бір қыры. Біз өзіміз оқытып отырған тақырып аясында білім алушыны біліммен қамтамассыз ету үшін етілер еңбек, төгілер тер көп. Біз Google Sites және Google Forms бағдарламаларын қолдандық. Біз сынақнамаға алып, оқытқан аудитория қазақ тілінде оқытылмайтын мектептің 6 - сыныбы.

Біз сыныпта мұғалімдер орындайтын жұмыстар мен тапсырма түрлерін Google Sites және Google Forms бағдарламаларына енгіздік. Google Sites және Google Forms бағдарламаларын қолдану мұғалімдерге немесе оқушыларға сыныптан тыс қосымша ретінде немесе сыныпта танысқан ақпаратты бекітуге немесе кері байланыс жасауда пайдасы мол. Бұл - дәстүрлі оқыту мен онлайн оқыту арасында тамаша үйлесімділік тапқан оқыту әлеміндегі жаңа сала. Бұл жасаған жұмысымыз

оқушыларға сынып ішінде де, одан тыс жерлерде де өз қабілеттерін жетілдіре түсуіне мүмкіндік береді. Білім беру саласында басымдыққа ие болып отырған жаңа бағыт - интернетті араластыра оқыту немесе «гибридті оқыту» бағыты. Google Sites бағдарламасына берілген күнтізбелік жоспарға сай Тұманбай Молдағалиевтің «Кім болам?» өлеңін енгізіп, оқушылардың есте сақтау қабілеттерін, қабылдау ерекшеліктерін ескере отырып аудио-визуалды жазба нұсқасын бірге жүктедік. Өзге тілді аудитория ерекшелігі ескеріліп, оқушыларға жаңа сөздерді суретті карточкаларға қазақша-орысша түсіндірмелі аудармасымен бердік. Бұл оқушының сабақтан тыс уақытта жаңа сөздердің жазылуы мен айтылуындағы айырмашылықтарды аңғаруы мен есте сақтауына мүмкіндік жасайды.

Гибридті немесе аралас оқудың артықшылығы мен мүмкіншілігі жайында шетелдік зерттеуші – ғалымдар Энтони Г. Пиччиано, Чарльз Д. Дзюбан и Чарльз Р. Грэм «Blended learning: Research perspectives, Volume 2» (Смешанное обучение: перспективы исследований, Том 2) [12] деген мақаласы бар. Бұл оқу түрі соңғы 10 жылда қарқынды зерттеліп, дамып жатыр. Әсіресе, білім алушылар арасында (оқушы, студент, магистрант немесе докторант) кеңінен қанат жайып келеді. Гибридті оқыту мұғалімдер мен оқушылар үшін ұялы телефондарына немесе планшеттеріне Google Sites және Google Forms қосымшаларын жүктеуді қажет етеді. Нақтырақ айтар болсақ, Google Disk, Google Table, Gmail және т.б. сияқты оқушылар арасында танымалдыққа ие қосымшаларын пайдалану ұтымды болып саналады.

Педагогикалық жаңалықты жасау, игеру және пайдалануға негізделген мұғалімнің басты қызметі – инновациялық бағыттылығында. Өйткені, оқушының оқуға деген қабілеттілігін арттыратын танымдық дамуын ояту мен оны жетілдіру ұстазға тікелей байланысты. Ақпараттық технологиялар, әсіресе, оқушы мен мұғалім арасындағы өзара ынтымақтастықтың артуына себепші болады. Өйткені, өз заманының мүмкіндігін пайдаланып, бала дамуына әсер ететін заманауи ұстаздан білім алу білім сапасының артуына тікелей байланысты. Google ұсынатын функциялардың артықшылықтары: кеңістік пен уақытты шектеусіз пайдалана отырып жұмыс жасауы, тапсырмаларды орындау, тапсырма реттілігін сақтаудың жеңілдігі. Google ұсынатын Gmail, Google Drive, Google Hangout, Google Groups, Google Sites т.б. қосымшалары оқушылардың ақпаратты шектеусіз алуына, ізденуіне ықпал етеді. «Жаңа педагогика» тәсілдемесінің аясында оқушылар электронды почтаны еркін қолданады. Сондықтан да, сабақ барысындағы тест тапсырмаларын орындау да, қосымша сауал туындағанда почта арқылы хат жолдап кері байланыс орнатуға да мүмкіндік мол. Бұл баланың таным сипаттамасының артуына, жеке өзі тапсырмаларды орындай отырып, оқу және проблемаларды шешу қабілеттілігі артуына ықпал етеді. Сандық кеңістіктің ықпалымен оқушының оқуға деген құлшынысын еселеуге болады.

Жаңартылған білім мазмұнына сай оқыту тілі қазақ тілі емес мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті кіріктіріліп «Қазақ тілі мен әдебиеті» болып бір ғана пән ретінде оқытылып отыр. 1. «Қазақ тілі» пәні CEFR: B1 деңгейі (6 сынып). Тақырып аясы: «Әлеуметтік-мәдени», «Әлеуметтік-тұрмыстық», «Оқу-еңбек». Сөйлесім әрекеттері: Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім. Лексикалық минимум. Грамматикалық минимум 2. «Қазақ әдебиеті» пәні. Көркем әдеби шығармалардан, өлеңдерден үзінді, ауыз әдебиеті үлгілері т.б.

Біз «Қазақ тілі» пәні (оқыту тілі қазақ тілі емес мектептерде) бойынша оқу бағдарламаларының ерекшелігіне сүйене отырып, Google Sites бағдарламасына өтілетін сабақтың электронды сайт нұсқасын жасадық. Осы арқылы оқушы өтілетін сабақты толықтай онлайн арқылы танысып, қашықтықтан меңгеруіне, кеңінен ақпарат алуына мол мүмкіндік беретін жүйе қалыптастырдық [13]. Сабаққа жаңадан кіруде оқушы кіріс сауалнамасын жасайды. Сауалнамалардың барлығы өтілетін тақырыпқа дайындық, миға шабуыл әдісі арқылы орындалады. Ал, сабақ толықтай аяқталуға бір немесе бірнеше минут қалғанда шығыс сауалнамаларын жасайды. Осы арқылы сабақтың өту барысына, алған білімінің мазмұндық құрылымына қатысты ашық сұрақтарға жазбаша жауап береді. Осы арқылы ой сауаттылығы мен жазу сауаттылығына да назар аударуға, өз ойын жазбаша жеткізудегі баланың тілдік қорының деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Кіріс сауалнамасынан соң оқушы бүгінгі өтілетін тақырыптың атауын өзі тауып, жаңа тақырыппен, ақын, Тұманбай Молдағалиев өмірімен, шығырмашылығымен танысады. Ақын өлеңін видео арқылы көріп, ақынның өз дауысын тыңдайды. Тыңдалым әрекеті барасында оқушы өлеңнің не жайында екенін болжайды, назарын шоғырландырып тыңдайды, сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну үшін «сөздер сөйлейді» тақтайшасынан ақпарат алады, көркем шығармаларды тыңдап, негізгі ойды анықтайды, тыңдалым материалдары бойынша 8-тапсырмада берілген ашық сұрақтарға жазбаша жауап береді. Мұның барлығын оқушылар тыңдалым, оқылым әрекетін жүзеге асырып

барып, жазылым әрекетіне көшкенде орындалады. Оқушылардың базалық дағдыларына сүйене отырып, жазу және оқу дағдысын негізге аламыз. Берілген тапсырмаларға жауап жазу үшін білім алушыда өтілген тақырып аясында қалыптасқан ілім болуы шарт. Оқушы берілген сұрақтың жауаптарын почталарына жіберілген конспектіден немесе онлайн ұсынылған мәтіндегі ақпаратқа сүйене отырып жазады. Біз мұнда бірінші тілді коммуникативтік тәсіл тұрғысынан оқыту әдісін қолданамыз. Бұл әдіс жайында ғалым Ж.Керімнің «Шет тілін оқытудағы әдістемелер мен коммуникативтік бағыт» [14; 77] атты мақаласы бар. Мақалада М.В.Ляховицкийдің тілді оқыту әдістемесінде оқыту бағытының бірыңғай топтастырылуы мен түрлі әдістері жайында сөз қозғалған. Олар: тікелей, саналы, құрама, интенсивті. Бізге қолайлысы тікелей және құрама. «Тілді оқыту әдістемесінде оқыту бағытының бірыңғай топтастырылуы жоқ, осылайша, М.В.Ляховицкий (1981) тілді меңгеру психологиясы тұрғысынан анықталатын төрт жалпы бағытты атайды:
	баллы студентов на **начало** исследования % (количество студентов)			баллы студентов на **конец** исследования % (количество студентов)					
	A	B	C	A	B	C	A	B	C
1	53(31)	34(20)	13(8)	75(44)	19(11)	6(4)	22(13)	15(9)	7(4)
2	28(17)	56(33)	16(9)	69(41)	22(13)	9(5)	41(24)	34(20)	7(4)
3	44(26)	34(20)	22(13)	62(36)	25(15)	13(8)	18(10)	9(5)	9(5)
4	91(54)	9(5)	0(0)	100(59)	0(0)	0(0)	9(5)	9(5)	0(0)
5	34(20)	47(28)	19(11)	72(43)	12(7)	16(9)	38(23)	35(21)	3(2)
6	41(24)	0(0)	60(35)	9(5)	0(0)	91(54)	32(19)	0(0)	31(19)

7	25(15)	0(0)	75(44)	13(8)	0(0)	87(51)	12(7)	0(0)	12(7)
8	53(31)	6(4)	41(24)	31(18)	3(2)	66(39)	22(13)	3(2)	25(15)
9	56(33)	31(18)	13(8)	62(36)	16(9)	22(13)	6(4)	15(9)	9(5)
10	78(46)	22(13)	0(0)	87(51)	13(8)	0(0)	9(5)	9(5)	0(0)
Среднее значение	50	24	26	58	11	31	8	13	5

Источник: Составлено авторами

Из таблицы можно заметить, что показатели сформированности у студентов готовности к реализации преемственности дошкольного и начального образования в конце исследования значительно возросли. Сравнительные данные были занесены в диаграмму (Рисунок 1).



Источник: Составлено авторами

Рисунок 1. Динамика уровня сформированности готовности студентов к реализации преемственности дошкольного и начального образования в начале и в конце семестра

Диагностические данные показали существенные изменения в позиции студентов. Сравнительный анализ сформированности готовности показал увеличение с 50%; 24%; 26% в начале эксперимента до 58%; 11%; 31% в конце (прирост составил 8%; 13%; 5%) Процентное соотношение студентов с разными уровнями готовности до и после эксперимента также указывает на более значительные позитивные изменения в формировании готовности.

Результаты исследования подтвердили положительное влияние выполненной работы на формирование профессиональных умений будущих педагогов по реализации преемственности дошкольного и начального математического образования и доказали эффективность ее использования в условиях высшего образования.

Заключение

В исследовании, описанном в данной статье, мы уточнили понятие преемственности дошкольного и начального образования, выявили современные подходы к ее реализации, предложили технологии поэтапного формирования профессиональной подготовки студентов к реализации преемственности, проверили условия эффективного функционирования процесса формирования профессиональной готовности специалиста к обеспечению преемственных связей в работе ДОУ и школы. Эта информация в дальнейшем позволит спроектировать модель формирования готовности будущих учителей начальных классов к реализации преемственности дошкольного и начального математического образования.

Важно осознавать этот уровень для преподавания методических дисциплин, в частности, методики математики и включения в образовательную программу дополнительных спецкурсов для будущих педагогов.

Решению данной проблемы, по нашему мнению, может способствовать реализация модуля М-12, Минор предшкольной подготовки (Minor*) Модульного учебного плана образовательной программы по специальности за 2019 учебный год, спецкурса «Теория и методика обучения в

предшкольном классе» для специальности «начальное образование». Цель спецкурса: формировать готовность студентов и магистрантов к обеспечению преемственности дошкольного и начального образования (в том числе через частные методики: букварь, окружающий мир, математическая грамотность, музыкальная грамотность и т.д.).

Таким образом, организованная работа по подготовке студентов к реализации преемственности дошкольного и начального математичекого образования позволила проследить эффективность ее реализации и представила лишь один из вариантов подхода к ее решению.

Список литературы

1. Шуиншина Ш.М., Альпеисов Е.А., Туяков Е.А., Ахметова Б.С. (2019) Некоторые вопросы соблюдения преемственности в образовательных программах педагогических вузов // Профессиональное образование в современном мире. № 2. С. 2777
2. Федорова Т.В., Борзенкова О.А. (2013) Совершенствование методико-математической подготовки бакалавров дошкольного и начального образования. Самарский научный вестник. №1(2). С.46
3. Закон РК «Об образовании» (2007) Астана.
4. Белошистая А. В. (2003) Формирование и развитие математических способностей дошкольников: Вопросы теории и практики: Курс лекций для студ. дошк. факультетов высш. учеб.заведений. С.23
5. Асмолов, А.Г., Бурменская Г.В., Володарская И.А. и др. (2008) Как проектировать универсальные учебные действия в начальной школе: от действия к мысли: пособие для учителя. С.20-21
6. Оспанов Т.К. (1990) Перспективность и преемственность в обучении как условия активизации образовательной подготовки учащихся: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.01. – Алматы.
7. Мубараков А.М. (2003) Научно-педагогические основы преемственности обучения математике в системе непрерывного образования: автореф. ... докт. пед. наук.: 13.00.02. – Алматы.
8. Солтанбаева Ш.Ж. (2003) Содержательно-методические аспекты оптимизации преемственности в обучении математике в 5-6 классах: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.02. – Алматы.
9. Сагымбекова П.С. (2009) Пути реализации дошкольного воспитания при подготовке детей к обучению математике // Начальная школа Казахстана. № 9. С. 234-235.
10. Пустовалова Н.И., Пустовалова В.Г. (2015) Обеспечение преемственности в обучении математике старших дошкольников 6-7 лет и учащихся первого класса в условиях обновления содержания образования. Вектор науки Тольяттинского государственного университета. Серия: Педагогика, психология. № 1(20)
11. Акпаева А.Б., Лебедева Л.А., Лихобабенко Т.В. (2017) Формирование элементарных математических представлений. Методическое руководство для педагогов по Типовой учебной программе дошкольного воспитания и обучения. – Алматы: Алматы кітап баспасы.
12. Мынжасарова М.Ж.(2013) Бастауыш және негізгі орта білім беру деңгейлерінде стохастика элементтерін оқытып-үйретудегі сабақтастық: Монография. Алматы: Lem - 162 б.
13. Margaret Burchinala, Tiffany Jamie Foster, Kylie Garber Bezdek, Mary Bratsch-Hines, Clancy Blair, Lynne Vernon-Feagansathe (2020) Family Life Project Investigators School-entry skills predicting school-age academic and social–emotional trajectories. Early Childhood Research Quarterly Volume 51, 2nd Quarter 2020, Pages 67-80.
14. Elfeky A.I.M, T.S.Y., Elbyaly M.Y.H (2020) Advance organizers in flipped classroom via e-learning management system and the promotion of integrated science process skills. *Thinking Skills and Creativity*. Volume 35, 100622.
15. Mumford S., Dikilitaş K. (2020). Pre-service language teachers reflection development through online interaction in a hybrid learning course. *Computers &Education*. Volume 144, 103706
16. Neghavati A. (2016). Core Skills Training in a Teacher Training Programme. *Procedia - Social and Behavioral Sciences* 232 (2016) 617 – 622. International Conference on Teaching and Learning English as an Additional Language, GlobELT 2016, Antalya, Turkey.
17. Ожегов С.И., Шведова Н.Ю. (2003) Толковый словарь русского языка. М. - 944 с.
18. Коджаспирова Г.М. Словарь по педагогике / Г.М. Коджаспирова, А.Ю. Коджаспиров. – М.: ИКЦ «МарТ», Ростов-н/Д: Изд. центр «МарТ», 2005
19. Педагогический словарь (2008) учеб. пособие для студентов высших учеб. заведений / под ред. В.И. Загвязинского, А.Ф. Закировой. М.: Академия. – 352 с
20. Шибанова Н.М. (2004) Подготовка будущего учителя к гражданско-правовому воспитанию младших школьников : дис. … канд.пед.наук / Н.М. Шибанова. Чита. – 226 с.
21. Пискарева И.Е. (2000) Формирование готовности будущих учителей к инновационной деятельности : дис. …канд.пед.наук. Кострома, 2000. – 150 с.
22. Махмутова Л.Г. (2016) Формирование у будущих учителей начальных классов представлений о преемственности в изучении математического материала. Преемственность начального и основного общего

образования: содержание, технологии, результаты: сб. матер. Всерос. междунар. участием науч.-практ. конф. (1–2 марта 2016 г., г. Пермь, Россия) : в 2 ч. Пермь. С. 18-19
23. Сманцер А.П. (2011) Теория и практика реализации преемственности в обучении школьников и студентов [Электронный ресурс] Минск : БГУ. С.190-191
24. Lojdová, K. (2019) Socialization of a student teacher on teaching practice into the discursive community of the classroom: Between a teacher-centered and a learner-centered approach. *Learning, Culture and SocialInteraction.*Volume 22*, 100314*
25. Типовая учебная программа по предмету «Математика» для 1-4 классов уровня начального образования. Приложение 6 к приказу Министра образования и науки Республики Казахстан от 10 мая 2018 года № 199. - http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800016989.

Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығын іске асыруда студенттердің дайындығын талдау

А.Б. Акпаева, Ф.Б. Кинжибаева
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
fari_0974@mail.ru

Мақалада мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға студенттерді даярлау мәселесі қарастырылады. Авторлар педагогикалық феномен ретіндегі сабақтастықтың философиялық, психологиялық-педагогикалық мәнін анықтайды. ЖОО-нда педагогтарды кәсіби даярлаудың қолданыстағы теориялық базасы мен екі деңгейдегі сабақтастықты жүзеге асырудың табыстылығын анықтайтын әзірлемесінің болмауы болашақ мамандарды сабақтастықты жүзеге асыруға болашақ педагогтардың даярлығын қалыптастыру мәселесін анықтады. Мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беруді табысты жүзеге асырудың алғышарттары студенттердің сабақтастықты жүзеге асыруға даярлық үдерісіне тікелей енуіне жағдайлар жасайтын арнайы түзілген шығармашылық, әдістемелік-математикалық тапсырмалар болды. Мектепке дейінгі және бастауыш білім берудегі сабақтастықты жүзеге асыруға болашақ педагогтардың даярлығының көрсеткіштері мен деңгейлері, сондай-ақ эксперимент жұмыстарының нәтижелері ұсынылды.

Түйін сөздер: *студенттерді даярлау, сабақтастықты жүзеге асыру, математикалық білім беру, мектепке дейінгі және бастауыш математикалық білім беру, педагогикалық диагностика.*

Analysis of the of preparation of students for the implementation of continuity of preschool and primary education

A. Akpayeva, F. Kinzhibayeva
Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan
fari_0974@mail.ru

This article discusses the problem of preparing students for the implementation of the continuity of preschool and primary mathematical education. The authors define the philosophical, psychological and pedagogical essence of continuity as a pedagogical phenomenon. Contradictions between the existing theoretical base of professional training of teachers at the University and the lack of developments that determine the success of the implementation of the succession of two stages revealed the problem of forming the readiness of future teachers to implement the succession. The prerequisites for the successful implementation of the continuity of preschool and primary mathematical education were the specially developed creative, methodological and mathematical tasks that created the conditions for the direct inclusion of students in the process of preparing for the implementation of continuity. The indicators and levels of readiness of the future teacher to implement the continuity of preschool and primary mathematics education, as well as the results of experimental work are presented.

Keywords: *student training, succession implementation, mathematical education, preschool and primary mathematical education, pedagogical diagnostics*.

Поступила в редакцию 19.03.2020

ҒТАХР 15.31.31

ЭМОЦИОНАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС - ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ

П.К. Искакова, Ж. Әбділәкім
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
fari_77@mail.ru

Мақалада қазіргі таңдағы педагогика және психология ғылымындағы өзекті мәселердің бірі - эмоционалдық қарым-қатынас отбасылық тәрбиенің негізгі факторы ретінде қарастырылады. Отбасылық тәрбие - бұл ата-аналардың белгілі бір қасиеттерді, іскерлікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асыратын мақсатты, саналы түрде жүргізілетін фактор. Отбасының тәрбие тетігін нығайту негізінде отбасындағы ересектер дұрыс деп санайтын мінез-құлықты көтермелеп, белгіленген ережелер мен белгілі бір нормалар жүйесін енгізеді, оларды сақтап біртіндеп әдетке және ішкі қажеттілікке айналдырады. Сондай-ақ, отбасындағы сәйкестендіру тетігі - бала ата-аналарға еліктеп өседі, олардың іс-әрекетіне бағдарланып, ата-анасы сияқты болуға тырысады. Мақалада отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынастың үш тобы мен ана тәрбиесінің екі стилі бөліп көрсетіледі және тұлғааралық эмоционалдық қатынастардың негізі түрлері қамтылған.

Түйін сөздер: *эмоционалдық қарым-қатынас, отбасылық тәрбие, ата-ана, отбасы мүшелері, өзара қарым-қатынас, эмоционалдық-тұлғалық даму.*

XX ғасырдың 20 жылдарынан бастап ата-аналардың бала психикасы дамуына, оның эмоционалдық әл-ауқатына әсері жіті зерттеле бастады. Ата-ананың балаға деген махаббаты туа біткен биологиялық компоненттерге ие, бірақ жалпы алғанда ата-ананың балаға деген қарым-қатынасы қоғамдық нормалар мен құндылықтардың әсерінен болатын мәдени-тарихи феномен, тарихи өзгермелі құбылыс болып табылады. Бүгінгі таңда отбасы туралы жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, отбасы баланың жеке басын қалыптастырудың бастапқы және қажетті шарты болып табылатынын аңғартады. Себебі, алғашқы білім мен ұғымды, тәрбиені бала тікелей отбасынан алады. Әрине, әрбір баланың өзіндік отбасылық қарым-қатынастар туралы ерекше түсініктері қалыптасып, оның тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Сондықтан әрбір баланың отбасы туралы түсінігі, оның эмоционалдық әл-ауқатының көрсеткіші болуы мүмкін екенін атап өту керек.

Адамзат баласының отбасындағы тәлім-тәрбиесі қай ғасырдың болсын өзекті мәселелерінің бірі болды. Ежелгі антикалық дәуірден бастап ойшылдар отбасылық тәрбие мен отбасылық өмірге дайындық жасау мәселесіне ерекше мән берген. Соның бір дәлелін грек ойшылы Платонның көзқарастарынан табамыз. Оның пікірінше, адамдар отбасын құру үшін болашақ өмірдегі серігінің қандай отбасынан шыққанын, оның әке-шешесі мен ата-бабаларын жақсы білуі қажет деген тұжырым жасайды. Ал, белгілі ойшыл Аристотель болса, «отбасы - адамдардың қарым-қатынастарының ең бірінші түрі және ол мемлекеттің бірінші кішігірім бөлігі» деп санаған [1; 304].

Бүгінгі өскелең ұрпақ үшін сыр өңірінің абызы Қорқыт атаның мұрасындағы: «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағылым алмаған ұл жаман... Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді... Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ... Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық» деген отбасылық тәлім-тәрбиелік өсиеті аса маңызды. Ал, ойшыл данышпан, ғалым әл-Фараби: «Отбасы белгілі бір бөлшектерден құралады, солардың арқасында гүлденеді. Бұлар саны жағынан төртеу: ері мен әйелі; қожайыны мен қызметшісі; әке-шешесі мен баласы; мүлкі мен мүлік иесі. Кімде-кім бұл бөлшектер мен бірлестіктерді басқарса, ол адам үйдің билеушісі және әкімі болады. Оны қожайын деп атайды» деп, отбасын оның құрылымдық бөліктері тұрғысынан сипаттайды. Осы пайымдаулары арқылы ғалым заманның ағымына қарай отбасының өзі де, оның құрылымы мен тәрбие мазмұны да сан қилы өзгеріске ұшырайтынын болжағандай [2; 160].

Эмоционалды қарым-қатынас отбасы өмірінде өте үлкен маңызды қызмет атқарады, себебі отбасы мүшелері бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысында өзара пікір алмасып, қайғы-

қуанышта ортақтас болу арқылы бір-бірімен сенімді кең ауқымды эмоциялар арқылы екі немесе бірнеше психологиялық жүйе, не бірнеше рухани әлем және ой-пікір, сана-сезім, мінез-құлық, қылық-жорықтар арасында келісім, өзара түсіністік, не болмаса қақтығыс, талас-тартыс, қарама-қайшылық тұрғысындағы мәміле үрдісі іске асады. А.Н. Леонтьев атап өткендей, эмоциялардың классикалық теориялары «адамның трансформациясын инволюция ретінде қарастырады, бұл тәрбиенің жалған идеалын туындатады». Шындығында, А.Н. Леонтьевтің пікірі бойынша «эмоционалдық процестер мен жағдайлар адамның өзіндік дамуына оң әсерін тигізеді».

Бүгінгі таңда отбасы туралы жинақталған зерттеулерге сүйенсек, отбасы баланың жеке басын қалыптастырудың бастапқы және қажетті шарты болып табылатынын аңғартады. Отбасындағы өзара тұлғааралық қарым-қатынастардың ең маңызды бөлігі эмоционалдық қарым-қатынас болып табылады, яғни отбасы мүшелерінің бір-бірінің эмоцияларымен алмасуы. Отбасы мүшелері арасындағы эмоционалдық қарым-қатынастың қалыпты жағдайда болмауы, отбасы мүшелері арасында не болып жатқанын, неге бұлай болып жатқанын тікелей білу мүмкін емес. Бірақ адам ақыл-ойы қалыптасқан тұлға болғандықтан, ол міндетті түрде отбасы мүшелерімен қарым-қатынас жасау барысында, ондағы белгілі бір жағдайды болжай алады. Яғни, қарым-қатынас барысында отбасы мүшесінің жағдайын бақылай алады.

Отбасындағы қарым-қатынастың ерекшелігі, ол «адамның ойын оқи отырып», отбасы мүшелерінің мінез-құлқын өзінше түсіне бастауы. Сонымен қатар, егер адам өзіне жақын адамдардың «ой-өрісін оқуға» дағдыланса, онда бұл қарым-қатынастар көбінесе дұрыс емес түрде түсіндіріледі. Өкінішке орай, «адамның ойын оқу» бұл адамдар арасындағы өзара іс-әрекет пен қарым-қатынас жасауда белсенді түрде пайдаланылады және тұқымқуалау процесі бойынша балаларына беріледі. «Сұрауға ыңғайсыз, қажет те емес, сондықтан бәрі белгілі!» деген түсінік қалыптасады. Отбасындағы өзара қарым-қатынастың тағы бір қиындығы бар, ол бір адамның екінші адамның сезімдері мен ой-өрісін түсінуге талпыныстарын сүйемелдейді. Адамдар «қамқорлық», «қолдау», «өкіну» сияқты ұғымдарды әртүрлі түсінеді. Мысалыға, бір адам былай дейді: «Маған қамқорлық пен қолдау қажет» десе, ал екіншісі, қорқып, не болғанын сұрай алмай немесе тіпті бірінші ұрсып алып, оған дәл осындай қолдау білдіреді. Ал қолдауды сұраған адам өзінің жақындағанын түсініп, оны қолынан үнсіз ұстау керек екенін елестеткен болуы мүмкін. Осылайша, адам қарым-қатынасына негіз болатын көптеген ұғымдармен қатар жүреді.

Әлеуметтендіру үдерісінде жүзеге асырылатын тұлғаның әлеуметтік-эмоционалдық дамуы әлеуметтік ортада барабар бағдарлану, жеке тұлғаның және басқа да адамдардың өзін-өзі бағалауы, қоғамның мәдени дәстүрлеріне сәйкес өз сезімдері мен қоршаған ортаға қарым-қатынасын білдіру қабілеттілігінен көрінеді. Д.Б. Эльконин атап өткендей, жеке тұлғаның эмоционалдық-мотивациялық сферасының дамуы қоғамдық талаптарды, нормалар мен құндылықтарды меңгеру үдерісінде жүреді. Баланың жалпы психикалық және жеке дамуындағы отбасылық тәрбиені зерттеуге арналған педагогикалық-психологиялық зерттеулерде отбасы мүшелерінің эмоционалдық сферасының ерекшеліктерін қалыптастыруға және әлеуметтік мінез-құлықтағы аффектілік көріністердің отбасына тигізетін әсері көрсетілген [3; 360].

Отбасылық тәрбие - бұл ата-аналардың белгілі бір қасиеттерді, іскерлікті қалыптастыру мақсатында жүзеге асыратын мақсатты, саналы түрде жүргізілетін фактор. Отбасы тәрбие тетігін нығайту негізінде жүзеге асырылады, отбасындағы ересектер дұрыс деп санайтын мінез-құлықты көтермелеп, ал белгіленген ережелерді бұзғаны үшін оларды жазалай отырып, ата-аналар баланың санасына белгілі бір нормалар жүйесін енгізеді, оларды сақтау біртіндеп бала үшін әдетке және ішкі қажеттілікке айналады, сондай-ақ отбасындағы сәйкестендіру тетігі бала ата-аналарға еліктеп өседі, олардың іс-әрекетіне бағдарланып, ата-анасы сияқты болуға тырысады. Ата-ана қарым-қатынасы екі жақты және қарама-қайшы болып табылады, бір жағынан, шексіз махаббат пен баламен терең өзара байланысы болса, ал екінші жағынан құнды қасиеттер мен мінез-құлық тәсілдерін қалыптастыруға бағытталған объективті бағалау қатынасы. Көптеген зерттеулерде отбасылық тәрбиенің негізгі факторлары ретінде эмоционалдық қарым-қатынас, махаббат, қабылдау және талаптар мен бақылаудың ерекшеліктері қарастырылады [4; 144].

Ерекше факторларға отбасылық тәрбиенің эмоционалдық сипаты жатады. Отбасында аға ұрпақпен жаңаша қарым-қатынас дағдыларын меңгеру процесі жүреді, ұрпақаралық қарым-қатынасты дамыту жүзеге асырылады, балалар мен ата-әжелер арасындағы байланыс нығая түседі. Е.Г. Благушкин мен В.Л. Титаренко отбасы тәрбиесінің ең маңызды факторына эмоционалдық

фактор жатады деп есептейді, ол туыстық сезімдерге, отбасы мүшелерінің арасындағы эмоционалдық жақындыққа негізделген, балаларға деген терең махаббатпен және балалардың ата-аналарына деген жауапты сезімімен көрінеді. Мұндай жақындықтың болмауы немесе жеткіліксіздігі баланың эмоционалдық әлемін төмендетіп, оның әлеуметтік маңызды сезімдерінің дамымауына себеп болуы да мүмкін.

Э.Фромм балаға ана мен әкенің қарым-қатынас арасындағы сапалық айырмашылықты шартты және шартсыз, бақыланатын және бақыланбайтын белгілері бойынша бөліп көрсетті. Ана махаббаты балаға оны дүниеге әкелу кезінде беріледі, бірақ бала тарапынан ана махаббаты бақылауға бағынбайтын, оны жеңіп алуы мүмкін емес. Ал, бала әке махаббатына лайықты ма немесе баласы оның үмітін ақтайды ма, ол өзін-өзі басқара алады ма деген ойлар мазалайды, яғни баласы әкесінің үмітіне лайықты болуға, өз белсенділігіне қол жеткізуге тырысып бағады. Э.Фромм отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынастың қарқындылығын үш топқа бөліп көрсетеді:

Бірінші топ - эмоционалдық қарым-қатынастың жоғары дәрежесі. Бұл топ аналар үшін бала отбасында қалаулы, анасы үнемі онымен бірге болады, өзінің эмоционалдық жағдайын оң бағалайды.

Екінші топ - эмоционалдық байланыстардың орташа дәрежесі. Отбасы баланы қалайды, бірақ анасы белгілі бір жағдайға байланысты оған күтім жасай алмайды, бірақ баламен бос уақытында қарым-қатынас жасайды, оның дене және психикалық дамуына қызығушылық танытады.

Үшінші топ-эмоционалдық бас тарту.Осы топтың аналары үшін бала, әдетте, қалаулы баласы болмағандықтан, анасы әртүрлі себептерге байланысты мысалы, күйеуінен ажырасуына, отбасындағы әлеуметтік жағдайлардың нашарлығынан т.б. эмоционалдық күйзеліске ұшырайды. Мұндай кезде әйел өзінің эмоционалдық жағдайын негативті бағалап, өзіне көп күш салуына, уайымдауына, мазасызданауына көбірек көңіл бөледі. Бұл топтың өзі екіге бөлінеді: жасырын және ашық эмоционалдық қабылдауы бар аналар [5; 635].

И.Н. Галасюк пен Т.В. Шинина ана тәрбиесінің екі стилін бөліп көрсетеді: демократиялық және бақылау стилі. Демократиялық стиль келесі параметрлермен анықталады: балалар мен ата-аналар арасындағы вербалды қарым-қатынастың жоғары деңгейі; ата-аналардың пікірін ескере отырып, балалардың отбасы мәселелерін талқылауға қосылуы; егер қажет болған жағдайда, ата-аналардың көмекке келуге дайын болуымен қатар, бір мезгілде баланың дербес қызметінің табыстарына сеніммен қарау; баланың көзқарасы бойынша өзінің субъективтілігін шектеумен байланыстылығы. Бақылау стилі балалардың мінез-құлқына айтарлықтай шектеу қоюды қамтиды: балаға шектеулердің мағынасын нақты және анық түсіндіру, тәртіптік шаралар бойынша ата-аналар мен балалар арасында келіспеушіліктердің болмауы.

И.Н. Галасюк пен Т.В. Шининаның зерттеулеріне сәйкес, тәрбиенің демократиялық стилі бар отбасыларында балалар әлеуметтік белсенділігімен сипатталады және сыртқы бақылауға әрең беріледі, себебі оларға альтруизм мен эмпатия тән емес. Тәрбиелеудің бақылау стилін қолданатын ата-аналардың балалары мойынсұынғыш, көбінесе өз мақсаттарына қол жеткізуде тым табанды емес және агрессивті болмайды. Тәрбиенің аралас түрінде балаларға көңіл-күй, мойынсыну, эмоционалдық сезімталдық, агрессивті емес, қызығушылықтың болмауы, ойлау ерекшелігі мен қиялдаудың төмендігі тән. Баланың өзін-өзі бақылауға және әлеуметтік құзыреттілікке жауапты мінез-құлқын қалыптастырудың неғұрлым кең тараған тетігі балалардың өзін-өзі бақылауға пайдаланылатын бақылау құралдары мен дағдыларын меңгеруі болып табылады [6; 223].

Г.М.Андрееваның пікірінше, тұлғааралық эмоционалдық қатынастардың негізі эмоционалдық көріністердің барлық түрлерін қамтиды. Адамның эмоционалдық жай-күйі және оның уайымдап отырған сезімінің сипатынан көрінеді:

- оның сыртқы түрі бойынша (мимика, пантомимика);
- егер ол адам маңызды болса, жағдайдан шығаруға тырысады;
- сөз (өз уайымын тікелей немесе жанама түрде) және сөйлеудің экспрессивті сипаты бойынша қабылдайды;
- адамның мінез-құлқын және оның осы жағдайлардағы уәждерін түсінеді;
- вегетативтік реакциялардың ерекшеліктері негізінде айтуға болады [7; 244].

Отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынастың бұзылуы жасөспірім тұлғасының қалыптасуына да теріс әсер етеді. Жасөспірімдер отбасылық психотерапиясының бай тәжірибесін жинақтай отырып, Э.Г.Эйдемиллер мен В.Юстицкий ата-аналар мен жасөспірімдердің эмоционалдық қарым-қатынасында жиі кездесетін бұзылыстарының екі түрін бөліп көрсетеді [8; 519].

Бірінші, «ата-аналық сезімнің дамымауы» мұндай отбасыларында ата-аналар жасөспірімдермен тығыз қарым-қатынас жасағысы келмейді және олардың үстінен бұйрық бергенді қалайды. Кейбір ата-аналар өздерінің ата-аналық міндеттерінің жауапкершілігінен шаршағандығын және көбінесе олар аса маңызды және қызықты нәрседен отбасы үшін қалып қоятындығын айтып жиі шағымданады. Ата-ана сезімдерінің дамымау себебі, отбасылық тәрбиедегі ерекшеліктерінің болуынан, мысалы, балалық шағында ата-анасының бас тартуы, ата-ана жылуын сезінбеуі салдарынан болуы мүмкін. Мәселен, бала кезінде өз аналарынан мейірім алмаған жағдайда және ата-аналарынан қажетті қолдау алмаған әйелдер тәрбиелеудің жазалау шараларын көп қолдануға (Бэрон Р., Ричардсон Д., 1994) бейім келеді екен. Ал, өте жас ата-аналардың ата-аналық сезімдері айтарлықтай әлсіз болып келеді, бірақ олар жасының ұлғаюына байланысты күшейе түседі [9; 420].

Екінші, «ата-ананың жасөспірімнің жынысына қатысты нұсқаулары» - ата-ананың жасөспірімге деген мұндай қатынасы жасөспірімнің нақты қасиеттерімен емес, ата-ана оның жынысы «жалпы ер бала» немесе «жалпы қыз бала» деп ажыратынымен негізделеді. Содан кейін, мысалы, қыз баланың қасиеттері басым болған жағдайда, ер балаға танылмаған мінездер байқалады және кей жағдайларда керісінше болып жатады. Бұл келеңсіздікті жасөспірімдер сезінеді және рольдік идентификацияның бұзылуына, барабар емес қорғаныс механизмдерін пайдалануға, невротикалық реакцияларға әкелуі мүмкін. Осылайша, әр баланың өмірінде ата-аналар үлкен және жауапты міндетті атқарады. Олар балаға мінез-құлықтың жаңа үлгілерін береді, ата-аналардың көмегімен ол қоршаған әлемді таниды, олардың барлық іс-әрекеттеріне еліктейді. Мұндай үрдіс баланың отбасындағы оң эмоционалдық байланыстарының және оның анасы мен әкесіне ұқсас болуға ұмтылысының арқасында одан сайын күшейе түседі [10; 105].

Ата-ананың балаға деген эмоционалдық қарым-қатынасының бірнеше нұсқаларын, мәселен мінез-құлқындағы тұрақты жағдайынан негативті жағдайға дейін жіті анықтауға болады. Баланың эмоционалдық қабылдауы («еш нәрсеге қарамастан» махаббат пен бауырмалдылық) отбасылық жағдайларға байланысты шартты және шартсыз эмоционалдық қабылау деп екі түрге бөлінеді.

Шартсыз эмоционалдық қабылдау - баланың ата-анасының жеке басын және оның мінез-құлқын саралауды көздейді. Ата-анасының баланың нақты іс-әрекеттерін теріс бағалауы, оның эмоционалдық маңыздылығын жоққа шығаруға және ата-ана үшін оның жеке басының өзін-өзі бағалауын төмендетуге әкеп соқтырады. Эмоционалдық қарым-қатынастың мұндай түрі баланың жеке басын дамыту үшін неғұрлым қолайлы болады, өйткені баланың ата-аналармен қарым-қатынасында қауіпсіз, махаббат, қамқорлық қажеттіліктерін толық қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Шартты эмоционалдық қабылдау - (баланың жетістіктеріне, қасиеттеріне, мінез-құлқына негізделген махаббат). Бұл жағдайда баланың ата-анасының махаббаты өзінің жетістіктеріне, үлгілі мінез-құлқына, талаптардың орындалуына лайық болуға тиіс. Махаббат өздігінен берілмейтін, еңбек пен күш-жігерді талап ететін марапат ретінде әрекет етеді. Ата-ана махаббатынан айырылу мұндай жағдайларда жиі қолданылатын жаза түрі болып есептеледі. Ата-ана қарым-қатынасының мұндай түрі балада алаңдаушылық пен сенімсіздікті туындатады.

А.С.Спиваковская махаббаттың үш өлшемді моделін негізге ала отырып, ата-ана махаббатының түпнұсқалық типологиясын ұсынады. Естеріңізге сала кетейік, осы модель аясында махаббат сезімінің үш өлшемі: симпатия/антипатия; құрмет/жақындық; алшақтық. Қазіргі таңда ата-ана махаббатының бұзылуының себептері әлі де жеткіліксіз зерттелген, алайда олардың кейбірін атауға болады. Г.Г.Филиппова әйелде ана позициясының қалыптасуын және оның ата-ана қызметін жүзеге асыруға психологиялық дайындығын анықтайтын аналар онтогенезінің алты кезеңін бөліп көрсетеді [11; 240].

Бірінші кезең, анасымен өзара іс-әрекет - онтогенездің әрбір сатысында сапалы жаңа формада әрекет ете отырып, құрсақтағы дамудан басталады және өмір бойы жалғасады. Ол ана мінез-құлқының құндылық және эмоционалдық негізін қалыптастыруды анықтайды. Анасы қызы

үшін ана бейнесін қалыптастыратын маңызды тұлға, ал олардың арасындағы делдал - қызы мен анасының әлеуметтік-мәдени тәжірибесі. Ананың өзара іс-әрекет тәжірибесі - әйелдің аналық бірегейлігін қалыптастырудың негізі болып табылады. Ананың қызына деген қарым-қатынасы өз баласына деген құндылықтың қалыптасуын анықтайды. Қызының анасымен қарым-қатынас жасау тәжірибесі бұрмалауды, ұнатпауды, елемеуді бастан өткерген жағдайда, балаға қатысты қатыгездік пен бұрмалауға дейінгі ананың мінез-құлқының бұзылу фактілері белгілі болады. Ана болу құндылығы қызда кейінірек өз анасының мінез-құлқының мәдени моделі және ана болуға қарым-қатынасы ретінде аналықты әлеуметтік бағалаудың күйзелісі мен рефлексиясы негізінде пайда болады. Болашақ ана рөлін меңгеру процесі ассимиляцияның, сәйкестендірудің, ата-ана болуды саналы оқытудың психологиялық тетіктерімен реттеледі.

Екінші кезең – ойын. Бұл ойында көрнекі модельдеу жағдайында ана рөлінің мазмұнында қыздың бағдарын қамтамасыз етеді. «Отбасы» және «анасы мен қызы» ойыны бала үшін ананың мінез-құлқын тұрақты бейне ретінде көруі, ана рөлінің эталонын қалыптастыру саласында тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. «Ана мен қыздың» ойыны ұзақ уақыт бойы ұлттық педагогикада қыз баланы ана болуға дайындау мектебі ретінде қарастырылды. Ата-аналардың қызына беретін алғашқы ойыншықтарының бірі қуыршақ болды. Қуыршақ анасынан қызына беріледі, оны сақтайды, арнайы дайындайды. Қыздар оған киім тігіп, ойын ойнап, мерекелерге шығарып салады. Қуыршақтың қалай ұсталғаны, қандай киімдердің болғаны, онымен қалай ойнағаны, оның анасы жақсы болды ма дегендей ойлар пайда болады. Қуыршақтар баланы болашақ отбасы өміріне дайындауда әлеуметтендірудің маңызды элементі болып табылады.

Үшінші кезең, нәрестені шынайы күтуге және оны тәрбиелеуге қыз баланы тартудағы күтушінің (6-12 жас) рөлі. Қазіргі отбасында бала күтуші екінші баланың дүниеге келуімен және баланы тәрбиелеу процесіне үлкеннің қосылуымен байланысты. Қоғам тарихында алты-жеті жастағы балалар алты айлық және одан да үлкен балаларға қамқорлық жасау процесіне кіреді. Нәрестелердің күтілуіне қарай оларда өмір салтын жүргізетін жоғары мінез-құлықты байқауға болады. Мысалы, үлкен балалар кішілерімен ойнайды, өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады, баланың сүрініп немесе құлап қалмауын қадағалайды, оларды қауіпсіз қашықтыққа және т.б. ұстайды.

Біріншісі - өмірдің алғашқы алты айында сәбилермен эмоционалдық-тұлғалық қарым-қатынас орнату. Екінші кезең кіші баланы күтуді жүзеге асыруда, оның әдіс-тәсілдерін меңгеруді көздейді. Мұнда сәбиді күтудің эмоционалдық сүйемелдеудің жеке стилі қалыптасады. Дәл сол кезде сәби күтуші өзінің ауыр, әлеуметтік маңызы бар қызметіне деген қажеттілігін, оның үстіне оған тартымды ойын түрінде және баланың жансаулығы мен тәнсаулығы үшін толық жауапкершілікті қабылдауға мүмкіндік алады. Мұнда бала күтуші сенситивті аймақтан алынып тасталады. Өйткені жасөспірім жастағы қыз бала сәбиді күтуде қажетті техникалық шеберлікке және құзыреттілікке ие болады, сондай-ақ жасөспірім үшін ана болу перспективасы да, әрине, кіші оқушыға қарағанда әлдеқайда жақын. Себебі, сәбимен эмоционалды-позитивті қарым-қатынас тәжірибесін алдын ала қалыптастырмай, күтудің техникалық жағына өту кезінде жасөспірім немқұрайлылықты тудыруы мүмкін, ал құрбыларымен қарым-қатынас жасау үшін уақыт жетіспеушілігін тудыратын кіші сәбиге қамқорлық жасауға көңіл бөлу қажеттілігі сәбиге қатысты өз мүдделерін іске асыру жолындағы кедергі, жағымсыз ой ретінде орнатуды қалыптастырады.

Төртінші кезең, аналық сфералардың мотивациялық негіздерін саралау мен қыз баланың жыныстық жетілу кезеңіне келеді. Бұл кезеңнің басты міндеті жыныстық жетілу мен ана құндылықтарының бастапқы бөлінуінің негізінде интеграциялануы болып табылады. Баланы дүниеге әкелудің психологиялық мәселелері және жыныстық қарым-қатынастар, атап айтқанда, некеден тыс жүктілік және қыз баланы тәрбиелеу, жүктіліктен сақтану және оны жоспарлау, ананың мотивациялық және құндылық-мағыналық саласының дамуын анықтайды.

Бесінші кезең, ата-ананың өз қызымен өзара іс-әрекет түрлерінің бірнеше кезеңдерін қамтиды, жүктілік және баланы күту, сәбиді дүниеге әкелу және оны тәрбиелеу, ана позициясының қалыптасуын анықтайды.

Алтыншы кезең, бұл - баланың жеке тұлға ретінде (ерте жастан бастап) бауырмалдылығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыру. Бұл кезеңде ана мен бала шекарасының дифференциясы мен қарым-қатынастың симбиотикалық түрін жеңу бағытында ананың балаға қарым-қатынасы дамиды.

Отбасында баланың эмоционалдық-тұлғалық дамуында ата-ана ұстанымдары қандай міндеттерді атқаратынын түсіну өте маңызды. Әрине, ата-аналар - балалар үшін ең маңызды және сүйікті адамдары. Олардың беделі, әсіресе мектепке дейінгі жаста абсолютті болып келеді. Балалар ата-аналарының әділдігіне, мейірімділігіне деген сенімі шексіз. Қалыптасқан жеке тұлғаға қарағанда, кейбір балалар өзін-өзі қорғау механизмдеріне ие емес, себебі олар саналы уәждер мен ниеттерді басшылыққа ала алмайды.

Н.Л. Кряжеваның пікірінше, әртүрлі ұстанымдар - баланың өзін сақтауға және қоршаған әлемде аман қалуына көмектесетін психологиялық қорғанудың өзіндік құралдары болып табылады. Адам дамуының барлық кезеңінде қалыптасқан және ұрпақтан ұрпаққа берілетін, адамды қорғайтын оң ұстанымдардың үлгісі ретінде жақсылық пен зұлымдықты жеңетін мақал-мәтелдер, дастандар мен әңгімелер жатады [12; 276-280].

Т.Н. Жүндібаеваның айтуынша, ата-аналардың отбасылық ұстанымдары - балалар мен ата-ана қарым-қатынасының зерттелген аспектілерінің бірі. Ата-аналар қағидалары деп балаға ата-ананың эмоциялық қарым-қатынасы, ата-ананың баланы қабылдауы және онымен мінез-құлық тәсілдері жүйесі немесе жиынтығы түсіндіріледі [13; 312].

Отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынас мәселесін психодиагностикалау практикалық психологтың кәсіби іс-әрекетінің күрделі саласы болып табылады. Диагностика: біріншіден, отбасы мүшелерінің жекеден әлеуметтікке дейінгі аспектілерін қамтиды; обьект негізінде отбасы мүшелері арасындағы қатынас пен диадалық қатынастарды диагностикалайды; отбасының ауызбіршілігін, мінез-құлық үйлесімділігін және т.б. анықтайды; қолданылған әдістемелердің құрылымдық ерекшеліктері негізінде сауалнамалар, проективті әдістемелер, тренингтер және т.б. өткізеді; отбасындағы эмоционалдық қарым-қатынасты диагностикалаудың бастапқы есептеуі негізінде (субьективті қалаулар әдістемесі, қарым-қатынасқа түсушілердің жеке мінездемесін анықтау әдістемесі, тұлғааралық қарым-қатынастың субьективті бейнеленуін зерттеу әдістемесі және т.б.) беріледі. Отбасымен жұмыс істеу үшін психолог отбасы мүшелерінің мінез-құлықтары мен қарым-қатынасын түсінуге мүмкіндік беретін теориялық түсініктермен қаруланууы қажет. Дұрыс жүргізілген диагностика психотерапиялық ықпал етудің бағдарламасын құруға көмектеседі.

Отбасын жүйелі бағалау үш деңгейлі диагностиканы болжайды.

Біріншіден, психолог әрбір отбасы мүшесінің жеке ерекшеліктерін және осы ерекшеліктердің отбасы ішіндегі эмоционалдық қарым-қатынасқа қалай ықпал ететінін бағалауы қажет. Сонымен қатар, ол отбасының әр мүшесінің психологиялық құрылымының ерекшеліктерін түсінуге көмек беретін психодинамикалық, гуманистік және танымдық мінез-құлықтық түсініктерді қолдана алады. Сонымен қатар, сол отбасы мүшесінің дене құрылымын, интеллектуалды қабілеттерін және жеке ерекшеліктерін де ескеру маңызды.

Екіншіден, отбасындағы эмоционалды қарым-қатынасты анықтаумен қатар, отбасын жүйелік бағыттар негізінде де бағалау керек. Отбасында, әсіресе, оның ересек мүшелері балаға үлкен ықпал етеді. Отбасындағы құндылықтар жүйесін бала өз өмірінің алғашқы жеті жылында ата-аналарымен қарым-қатынасының арқасында меңгереді. Оның құрбы-құрдастарымен және мұғалімдермен қарым-қатынасы белгілі бір себептермен осы құндылықтар жүйесін таратады, кеңейтеді немесе өзгеріске ұшырауына ықпал етеді.

Үшіншіден, отбасы мен қоғамның өзара қарым-қатынасын бағалауға бағытталған. Отбасын аралық сфера ретінде қарастыруға болады,бір жағынан оның мүшелерінің жеке қажеттіліктері, екінші жағынан – қоғамның талаптары мен мүмкіндіктерін шектеп отырады. Отбасы өзінің мүшелерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік беретін, сонымен қатар, әлеумет талаптарына сәйкес мінез-құлқын реттеп отыруға ықпал ететін механизм ретінде қызмет атқарады десек те болады [14; 386].

Осыған орай, зерттеу тақырыбымызға байланысты отбасындағы ата-ана мен жасөспірім жастағы баланың эмоционалдық қарым-қатынасын диагностикалау үшін Е.Шафердің «Ата-аналар мен жасөспірімдердің эмоционалды қарым-қатынасы» атты тест-сауалнамасын жүргізуді жөн көрдік. Е.Шафердің «Ата-аналар мен жасөспірімдердің эмоционалды қарым-қатынасы» атты тест-сауалнамасы - 15-18 жастағы жасөспірімдер тұрғысынан ата-аналардың тәрбие тәжірибесінің мазмұндық сипаты мен ерекшелігін және балалар-ата-ана қарым-қатынасын ашатын психологиялық диагностикалық әдістеме. Әдістеме жасөспірім жастағы баланың ата-анамен

қарым-қатынасының (анасымен және әкесімен бөлек) жалпы көріністерін сипаттауға мүмкіндік береді: тілектестік, талапшылдық, автономды, басқарушылық және сәйкессіздік. Бұл әдістемеде Е.Шафер ата-аналардың тәрбиелік әсерін (балалар сипаттағандай) үш айнымалы фактордың көмегімен сипаттауға болатынын көрсеткен: қабылдау - эмоционалдық бас тарту, психологиялық бақылау - психологиялық автономия, жасырын бақылау - ашық бақылау. Мұнда қабылдау ата-аналардың бастапқы күтулеріне қарамастан баласына деген сөзсіз оң көзқарасты білдіреді. Эмоционалдық бас тарту балаға теріс көзқарас, оған махаббат пен құрметтің болмауы, ал кейде отбасының түрлеріне қарай өшпенділік ретінде қарастырылады.

Диагностикалаудың мақсаты - ата-ана мен жасөспірім жастағы баланың эмоционалдықарым-қатынасын анықтау. Диагностикаға жасөспірім жастағы 24 бала мен олардың ата-аналары (әр отбасыдан бір ата-ана) қатысты. Зерттеудің жалпы үлгісі 48 адамды құрайды. Жүргізілген сауалнама бойынша, әкесі мен баласының қарым-қатынасы және анасы мен қызының қарым-қатынасын диагностикалаудың нәтижесіне тоқталсақ:

Тілектестік шкаласы бойынша әкесі - 22%-ды құраса, анасы - 34% құрады;

Басқарушылық шкаласы бойынша әкесі - 31%-ды құраса, анасы - 27% құрады;

Талапшылдық шкаласы бойынша әкесі - 14%-ды құраса, анасы - 15% құрады;

Автономды шкаласы бойынша әкесі - 25%-ды құраса, анасы - 18% құрады;

Сәйкессіздік шкаласы бойынша әкесі -8%-ды құраса, анасы - 6% құрады.

Осылайша, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды қарым-қатынастың өзіндік айырмашылықтары келесідей көрінеді. Аналарда оң көзқарасты психологиялық қабылдау кезінде, әкелерге қарағанда, бірінші кезекке сенім мен тілектестік шығады. Әкелер өзіне деген сенімділікті баласымен қарым-қатынаста қатаңдықты танытады, авторитарлығы төмен, бұл күштік қысым арқылы тәрбиені болдырмайды.

Аналардың отбасын басқаруы тек қана билікке және баласының мінез-құлқын қатаң бақылауға негізделген, сонымен қатар, айналасындағылардың пікірлері мен өз-өзін сүйгіштігіне байланысты көрінеді. Талапшылдық, эмоционалдық бас тарту кезінде аналарда қыңыр конформизм және айналасындағылардың пікіріне әлсіз тәуелділік анықталады, бұл әкенің сипаттамасына қарағанда жетекші позицияларға шығады.Әкелерде жасөспірім балаға қатысты талапшылдық тәрбие тәжірибесі кезінде билікпен, күшпен, қатыгездікпен өзін-өзі бекіту бірінші орынға шығады. Аналар тарапынан автономдық жақсы адами қарым-қатынастардың болмауымен және баласының проблемалары мен мүдделеріне сақтықпен ерекшеленеді, ал әкесінің дербестігі оның отбасындағы көшбасшылығымен және онымен баласына қарым-қатынас жасауға қол жеткізуінде. Тәрбие тәжірибесі тұрғысынан бір-біріне қайшы келген көріністердің сипаттамалары әкелер мен аналардың ұстанымдары бірдей. Диагностика нәтижесіне қарай, отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру жолдары қарастырылып, коррекциялық жұмыстарды ұйымдастыру көзделуде.

Отбасында мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен өскен бала отбасындағы басқа мүшелеріне қамқорлықпен қарап, олардың мүдделері мен мұқтаждықтарын ескеруге, олардың эмоционалдық жағдайын түсінуге үйренеді. Отбасында баланы сүюді және түсінуді тәрбиелеу заңдылығы деп түсіну керек. Себебі, баланың алдында қоршаған ортаның, әлеуметтік өмірдің барлық қиындығы ашылады, оны түсіну өте қиын. Көптеген жағдайларда бала ересектерден оның жанындағы барлық уайымдарды түсініп, қиын өмірлік жағдайлардан алып шығуға көмектесетін досын көргісі келеді.

Сонымен, адам өміріндегі эмоционалдық қарым-қатынастардың мәселелерін талдай отырып, егер психология тұрғысынан әлі де түсініксіз болса, кәдімгі сана деңгейінде бұны өте қарапайым және қарама-қайшы емес екенін атап өту керек. Отбасы өзіндік тәрбие берудің ерекшеліктеріне байланысты, отбасы мүшелерінің өзара эмоционалдық қарым-қатынастарына және отбасы мүшелері арасындағы белгілі бір жеке қасиеттерді ұсынатын өзара іс-әрекет кешендеріне байланысты баланың физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік дамуы үшін нақты жағдайлар жасайды. Сонымен бірге, отбасы балаға рухани құндылықтарды, моральдық нормаларды, мінез-құлық үлгілерін, салт-дәстүрлерін, өз қоғамының мәдениетін қалыптастырады [15; 45-50].

Ерте балалық шақ жеке тұлғаның дамуында маңызды рөл атқарады. Баланың «Мен» тұжырымдамасында ата-аналар мен отбасы айқын көрсетіледі. Ол баланың өзі туралы оң және теріс түсініктерінің дамуына бірдей ықпал етуі мүмкін. Отбасындағы бірлескен іс-әрекет пен

қарым-қатынастың нәтижесінде ата-аналар балаға оның өмір сүруінің өз айналасындағылар үшін үлкен құндылық, құрмет екенін білдіреді. Бала өзін отбасында бақытты сезінуі үшін, жақсы бейімделуге және қиындықтарды жеңе білуге қабілетті болуы үшін, ол өзі туралы оң көзқарасқа ие болуы керек. Балалардың ата-аналарына деген сүйіспеншілігінің эмоционалдық негізі оларға таңдану сезімі, ересектердің әділдігі мен көрегендігі, олардың даналығы мен даралығы, сыйластығы мен сыпайылығы және басқа да жоғары адами құндылықтары мен қасиеттері кіреді. Бұл балалар мен ата-аналардың бір-біріне деген мейірімділігі мен жақындылығын қалыптастырады. Ата-аналар балаларын тәрбиелемес бұрын біріншіден өзін тәрбиелеп, өзінің жеке басын үнемі дамытып, жетілдіріп отыруы қажет.

Тәрбие - ең алдымен, ата-аналардың балаларға қарым-қатынасының тараптарымен сипатталғандықтан, оларды невротизациялау факторларының үш тобы түрінде бөліп көрсетуге болады. Бірінші ретті факторлар - балалармен өзара іс-әрекетте ата-аналар өз сезімдері мен уайымдарының көпшілігін еріксіз өтейді, ата-аналар балаларды іс жүзінде жасауға тиіс деп мәжбүрлеуде немесе айыптағанда, балалардың жеке мәселелерінің танылмаған проекциясы пайда болады, ата-аналардың еш нәрсеге сәйкес келмейтін пайымдауларды айтуы немесе басқаша жасауы, ата-аналар балаларындағы неврозды іс-әрекеттерді жеңе алатын уақытты жіберіп алуы, ата-аналар балалармен тең, сенімді және эмоционалдық қарым-қатынас орната алмауы.

Екінші ретті факторлар - балалардың тұлғалық дамуының өзіндік және жеке ерекшеліктерін түсінбеу, балаларды қабылдамау, балалардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне ата-аналардың талаптарының сәйкес келмеуі, балаларға қатысты ата-аналардың қателесуі, балалармен қарым-қатынас жасаудағы сәйкессіздік, ата-аналар арасындағы тұрақты қарым-қатынастың жоқтығы.

Үшінші ретті факторлар - аффективтілік-ата-ананың тітіркену, наразылық немесе мазасыздық, қорқыныш сезімі, балалармен қарым-қатынастағы алаңдаушылық, кез-келген мәселе бойынша мазасыздық пен үрей, баланы шектен тыс қамқорлыққа алу және оны өзіңнен жібермеу, балаларға үстемдік көретуі, балалардың мүмкіндіктері мен өмірлік тәжірибесіне сенімсіздік білдіруі, ата-аналардың балаға деген немқұрайлылығы және балалармен қарым-қатынастағы қарама-қайшылық: мазасыздығы мен доминантылығы.

Нәтижесінде, егер ата-аналар балаларын жақсы көріп, олардың қажеттіліктері мен сұраныстарына жауап беретін болса, балалардың мінез-құлқында ауытқушылықтың пайда болмайтынын атап өткіміз келеді және егер, отбасында қарапайым қарым-қатынас болса, онда ата-аналар балаларына өз сезімдерін білдіруге мүмкіндік берер еді. Ғалымдар балалар мен ата-ана қарым-қатынасын зерттеу барысында отбасындағы қарым-қатынастың толық көрінісін салуға мүмкіндік беретін бірқатар аспектілерді анықтады: ата-ананың баламен нақты қарым-қатынасы, ата-ананың уәждемесіне негізделген қарым-қатынас, рефлексия барысында қалыптасқан қарым-қатынас.

Бұл мынадай ерекшеліктермен көрсетіледі: ата-аналар мен олардың мінез-құлқының ерекшеліктері, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі, олардың психологиялық білім деңгейі, отбасындағы эмоционалдық-адамгершілік ахуал, тәрбиенің әсер ету құралдарының ауқымы, баланың отбасы өміріне қосылу дәрежесі және баланың қажеттіліктерін есепке алу және оларды қанағаттандыру дәрежесі.

Американдық психоаналитик Дж.Боулби патогенді ата-аналардың мінез-құлықтарына тән ерекшеліктерді қарастырады. Ол бала үшін келесі жағдайларды ең ауыр деп есептейді [16; 137-157]:

* ата-аналар баланың махаббатқа деген қажеттілігін қанағаттандырмаса және оны толығымен қабылдамаса;

* бала отбасында ерлі-зайыптылар арасындағы жанжалдарды шешу құралы болғанда;

* ата-аналар баланы «жек көру» немесе отбасынан кету қаупінде тәртіптік шара ретінде пайдаланған кезде;

* ата-аналар балаға оның қиындықтарының себебі екендігі туралы ашық немесе жанама түрде мәлімдеген кезде;

* отбасында баланың уайым-қайғысын түсінетін адам болмаған кезде.

Отбасында баланың эмоционалдық-тұлғалық дамуында ата-ана ұстанымдары қандай міндеттерді атқаратынын түсіну өте маңызды. Әрине, ата-ана - балалар үшін ең маңызды және сүйікті адамдары. Балалардың ата-аналар әділдігіне, мейірімділігіне деген сенімі жоғары. Дж.

Боулбидің айтуынша, ата-аналардың отбасылық ұстанымдары - балалар мен ата-ана қарым-қатынасының зерттелген аспектілерінің бірі. Ата-аналар қағидалары деп балаға ата-ананың эмоциялық қарым-қатынасы, ата-ананың баланы қабылдауы және онымен мінез-құлық тәсілдері жүйесі немесе жиынтығы түсіндіріледі.

Баланың толыққанды дамуының негізгі шарттарының бірі – өзін-өзі психологиялық қорғау болып табылады, ол көптеген компоненттерден құралады, бірақ олардың ең бастысы - баланың оны жақсы көретінін сезінуі. Бұл үшін ата-аналардың қарым-қатынасы формальды емес (қажеттілігіне қарай), эмоционалды қанық болуы және балаларға да, ата-аналарға да қуаныш әкелуі тиіс.Баланы тыңдау – кейбір ересек адам үшін өте қиын. Диалогта сенім мен түсіністік туатынын түсіну маңызды. Сұхбаттасушылар арасында туындайтын кері байланыс рефлексия қалыптастыруға, яғни серіктес тұрғысынан өзін бағалау қабілетіне ықпал етеді. Кей кездерде ересек баланың әлеуметтік-эмоционалдық, өмірлік тәжірибесінде баладан уайым байқалады, бұл балалық шақ туралы естеліктерді, өзінің жеке уайымдарын есте сақталуынан. Тек ересек адам бір сәтке бала болып, әлемді оның көзімен көрген кезде ғана баланың проблемасын терең қабылдау және уайымдау жағдайы пайда болады, оның маңыздылығын түсінеді.

Отбасындағы ата-ана мен бала арасындағы эмоционалды қарым-қатынасты қалыптастыру үшін ата-анасы мен баласының арасындағы өзара қарым-қатынасты қалпына келтіру тәсілдерін қарастырайық. Көп жағдайларда ата-ана мен баласының арасындағы отбасылық қақтығыстарды өзбетінше реттеуге болады. Бұл екі жақтың да қартаюынан болса керек, осыған байланысты ата-ана мен балаға арналған психологтардың жекелеген кеңестерін қарастырайық.Психологтардың балаларға арналған кеңестері барлық жағдайларда ата-ана мен бала арасындағы даулы жағдайлар жеке мәселе болып табылады. Бұл ұрпақ арасындағы өзара қарым-қатынастарға өз ізін қалдыратын тәрбие мен әлеуметтік ортаның ерекшеліктерімен көрінеді. Әрине, әрбір адам жанжалдарға әртүрлі жауап бере алады, сондықтан бір жағдайда осы жақын адамдар арасында жанжал туындайды, ал екіншісінде жай ашық әңгіме болып қала береді. Психологтар ата-анасымен нашар қарым-қатынасты жақсарту үшін балаларға бірнеше кеңестер береді.

С.Мұқанов жазған «Балуан Шолақ» повесі мен Д.Исабековтің «Жаужүрек» пьесасы арасындағы айырмашылықты әдебиеттің тегіне байланысты да қарастырып өтуге болады. Бірі – оқырманға арналған кең құлашты повесть, яғни, бұл жерде автор тақырыптың айналасында жан-жақты, еркін суреттеп жаза алады. Ал екінші түрі пьеса – сахнаға арнап жазылатын драмалық шығарма болғандықтан да мұнда драматургтың сахна заңдылықтарына сүйенуіне тура келеді. Әдебиеттің жоғарыдағы екі тегінің арасындағы айырмашылықтар драматургтен жалқыдан жалпыға көшу принципін ұсынады. Сондықтан да драматург повестен Балуан Шолақтың өміріндегі елеулі бір оқиғасының бірін ғана алып, басты идеяның айналасында тарихи тұлғаның кесек бір мінезін ашып беруді мақсат тұтқан. Осы мақсатта автор «Балуан Шолақ» повесінің «Адам барымтасы», «Қауіпті хат» «Көкшенің кеудесінде» және «Сынасу» [11; 115-139] деген төрт бөлімінде баяндалатын оқиғаны ғана арқау еткен. Бұл бөлімдерде балуанның туған-туыстары мен әке-шешесін абақтыға жапқан ояздың начальнигі Терентий Диякович Долгоносовтың 17-дегі өрімдей жас қызы Татьянаны барымталап алып қашып, Балуан Шолақ пен Татьянаның Көкшенің төбесінде бірнеше түндерін өткізген және ақыр соңы ата-анасы мен туыстарын абақтыдан азат етуімен аяқталатын шағын ғана оқиға таңдалып алынған. Басы-аяғы ширақ және барымтамен ғана шектелетін осы бір оқиғаны драматург не себепті таңдады екен деген сұрақ көрермен тарапынан туындайтыны анық. Себебі, Балуан Шолақтың «сегіз қырлы, бір сырлы» жан екені барша қазаққа белгілі. Адам жаны қысылып, тығырыққа тірелген тұста сол тығырықтан жол іздеп, түрлі айла-шарғыға немесе күтпеген шешімдер жасауға, адамды кепілдікке алу, барымта жасау секілді т.б.

әрекеттерге алып барады. Осындай оқиғасы мен әрекеті ширақ әрі бүгінгі көрерменін де жалықтырмайтын, уақиғасы жылдам өрбитін сюжеттер театрға да, киноға да қажет. Шығарма авторы Д.Исабеков пьесаның әуел бастағы жазылу мақсаты мен оның сценарийге айналу процесі туралы түйінді ойын былай тарқатады: «О баста жастарға тарихи тұлғаларды, олардың еңбегін насихаттау, санасына сіңіру мақсатында жазылған дүние. Балуан Шолақтың балуандығын емес, композиторлығын емес рухани жан дүниесінің байлығын, елін, жерін сүйетіндігі, ол үшін жан аямай көзсіз ерлікке баратындығын жаздық. Қазақ халқы - өзінің тарихи жолында көптеген сыннан өткен халық.

Бұл фильмде Балуан Шолақтың азаттық жолында тәуекелге бас тіккендігі, жерді қорғау туралы да батылдығы айтылады. Сахнаның тілі бір басқа да, экранның тілі бір басқа. Көптеген өзгерістер еңгіздік. Кино әрекеттеріне қарай эпизодтар да өзгеріске түсті. Ондағы мақсатымыз – біздің кім екенімізді, қазақпыз деп мақтанамыз, сол мақтанның артында не тұрғанын, «Отанды сүйеміз» деп жалаң сөзді қуып жүрмей, сүйе алатынымызды әрекетпен көрсету. Батырлық - тек білекке біткен күш емес, жүректің күші. Жастарға «Еліңді сүйсең, осылай сүй» деген ой тастауды көздедік. Әрине, Балуан Шолақтың заманы басқа да, қазіргі заман басқа. Әйтсе де, ешкімнен тайсалмау, жаныңа жақын адамдар мен тамырың байланып жатқан жер үшін көзсіз батырлыққа бара білу үлкен жүректі қажет етеді» [12], - дейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда автор пьесадағы басты оқиғаға – халық мұраты үшін күрескен Балуан Шолақтың батыр тұлғасы, ел мен жер мәселесінде жасаған батыл қадамдарын сюжеттік желі етіп алған.

Осы айтылған мәселелер тарихи көркем суретті фильм жанрының ерекшелігі мен көпшілікке арналған экрандық туындының шарттарын ескере отырып зерттеуімізге бағыт береді.

Пьесаны әдеби сценарийге айналдыру кезіндегі өзгерістер

Пьеса мен фильм сценарийінің арасындағы айырмашылық жоғарыда автордың айтқанындай жекелеген эпизодтардың қосылуы, фильмнің экспозициясы мен соңғы шешімі, көптеген кейіпкерлердің енуі сияқты біршама өзгерістерге ұшырағанын көрсетеді.

Пьесадағы уақиғаның басы Қызылжар шаһарында жыл сайын өтетін әйгілі Жәрмеңкедегі палуандар күресінде жеңіске жеткен Баймырзаұлы Нұрмағамбеттің бұрын сегіз ояздың аға сұлтаны болған Паң Нұрмағамбетке сәлем бере барып, «Балуан Шолақ» деген есімді ел алдында паш еткен көрінісімен басталады. Пьесаның осы бір кіріспе көрінісінде көрермен Балуанның бәйгеден алған сыйын ел-жұртына таратқан жомарттығын таныса, сұлуларды өзіне тәнті еткен серілігі Ғалия сұлудың палуанның иығына шапан жауып кете баратын сәтімен жалғасын табады. Дәл осы көріністе автор шуылдасқан халықтың аузымен «*Ойбай-ау, он төрт жасында көкжал қасқырмен айқасып, қақаған суықта терісін сыпырамын деп жүріп төрт саусағын үсітіп алған жігіт қой бұл!*» деп айтқызатын реплика фильмнің әдеби сценарийінің прологына арқау болғанын көруге болады. Фильмде жоғарыдағы айтылатын реплика Ақылбай мен Нұрмағанбеттің 13-14 жас кездерінде қасқырмен алысатын эпизодымен көрініс тауып, осы көріністе режиссер экшн жанрының элементтерін пайдалана отырып көрерменнің назарын бірден тартып алатын әрекетпен бастайды. Ал әдеби сценарийдің алғашқы нұсқасында автор фильмнің экспозициясы етіп Қызылжар өңіріндегі қыз ұзату тойына Нұрмағамбет пен Ақылбайдың тойға келіп, ақыр соңы Сыздық болысқа ұзатылғалы отырған Балқаштың өтінішімен қызды алып қашатын көрінісінен басталады. Бұдан кейінгі көрініс пьесаның басына енген Қызылжар жәрмеңкесімен жалғасын табады. Әрине, автордың ұсынған алғашқы нұсқасы да - жақсы. Алайда, бұл нұсқа режиссердің фильмді экшн жанрының элементтерімен түсірсем деген режиссерлық шешіміне келе қоймас еді. Фильмнің прологындағы қасқырмен алысу көрінісі арқылы көрермен әуел бастан-ақ Нұрмағанбеттің бала кезінен ештеңеден қорықпайтын, тайсалмайтын өжет мінезіне қанықса, екінші жағынан палуанның не себепті шолақ атануына негіз болатын көрініс екенін аңғартады. Осы сияқты әдеби сценарийдің соңғы нұсқасындағы эпизодтық өзгерістердің енуі көптеген талқылаулардан соң сценарист пен қоюшы-режиссердің ақылдаса отырып жазған ортақ шешімдерінің нәтижесі екенін айғақтайды.

Пьесаның сюжеттік желісі мен әдеби сценарийдің сюжеттік желілерінде бірқатар айырмашылықтар бар. Пьесамен салыстырғанда прозалық шығарма мен экрандық шығарманың авторы ойын еркін жеткізуде мүмкіншіліктері молырақ. Мұнда театрдағыдай шарттылыққа

жүгінбейді. Тілдік қор мен кино тілінің мүмкіндігі сюжеттік желі мен кеңістікті еркін пайдалана алатындығында жатса керек. «Жаужүрек» пьесасында автор сахнаның ерекшелігіне сай сюжеттік желілерді ықшамдап алуға тырысқан. Пьесада оқиға Қызылжар жәрмеңкесімен басталып кетеді. Көрермен осы сахнадағы көріністе бірден балуанның жары Балқаш пен ғашығы Ғалиямен танысып үлгереді. Балуан Шолақтың жары Балқаш пьесада батырдың өзі секілді переселендерге қарсы қаруын ала шығатын күрескер әйел бейнесінде көрінеді. Ал Ғалия бейнесі көрерменге екі-ақ көріністе: бірі жәрмеңкеде Балуанның иығына шапан жауып көрерменді де, палуанды да өзіне тәнті етіп кететін алғашқы танысу сахнасында, ал екінші рет Балуанға тау төбесінде елес сияқты көрініп, сырласып сұхбаттасатын муза бейнесінде көрінеді. Пьесада автор Балқаш пен Ғалия арасындағы байланысты поэтикалық көріністер арқылы жеткізеді.

Басты оқиғаның дамуына түрткі болған Долгоновостың переселендерді Қайрақты ауылына қоныстандыруға бұйрық беруі. Сол себепті де тығырықтан жол іздеген Балуан Шолақ пен Ақылбайдың Татьянаны тау төбесіне кепілдікке алып қашып кетуі, нәтижесінде жақындары мен ауыл–аймағын переселендерден азат етуі және Татьяна мен Михаил бастаған жаңа буынның қазақ халқына деген көзқарасын өзгертуі – пьеса мен әдеби сценарийдегі негізгі сюжеттік желілер.

Фильмнің оқиғасын күделендіріп, қақтығыстарды шиеленістіре түсу мақсатында бірнеше сюжеттік желілер мен кейіпкерлерді қосып, фильм интригасын күшейте түскен. Бірінші желіге Балқаш пен Ғалия арасында өрбитін қақтығыс кіреді. Сценарийде Балуанды переселендердің қоныстануына қарсылық көрсеткені үшін абақтыға қамалған кезінде Ғалияның қазақ әйелдерінде сирек кездесетін асқақтық пен батылдығымен түрме бастығына келіп, Балуанның жағдайын сұрайды. Онымен қоймай құрбан айт пен туған күнін желеу етіп қымыз-қымыраны мен етін беріп, алдынан өтеді. Ғалия түрме бастығына жолығып, қайтып бара жатқанында сыртта Балқашпен кезігіп қалады. Екеуара көз арбасып, іштей екі әйел арасындағы қызғаныш отының тұтануы, бірақ, Ғалияның оған: «Жылама. Мен сенің күйеуіңді тартып алмаймын». Түрме бастығына: Бұл келіншек – Балуан Шолақтың әйелі. Мүмкіндік тауып, оны күйеуіне жолықтырыңыз», - деп айтып кетуі көп жәйтті аңғартса керек. Екі әйелдің де қазақ әйелдеріне тән ибалылықты сақтай отырып жасаған әрекеттері арқылы автор оларды көрермен алдында ақтап алады. «Балқаштың бейнесі жұмбақ болып қалды. Ол Балуан Шолақтың әйелі ме, әлде күңі ме? Ол әйелі еді. Екеуінің «линиясы» сценарийде керемет болатын. Бір-біріне көзқарасы, қызғанышы бар еді. Ғалия кинода қымызхананың даяшысы сияқты болып қалған. Шын мәнінде, ол үлкен махаббаттың иесі еді. Сол сәттерді, Балуанмен ақ қайыңның арасында кездесетін жерін 2-3 минутқа сыйғызуға болатын еді. Содан кейін жұртты түрмеден босатуы. Комедияға толы жанр осы жерде болуы керек еді. Сол кезде күймемен кетіп бара жатқан Балқаш пен Ғалияның бір-біріне қызғанышпен қарап өтуі, осы көзқараста көп нәрсе бар. Осы кадрлар сақталғанда фильм бұдан да жоғары деңгейде болатын еді» [10], деген Д.Исабеков экранға сұранып тұрған осы бір көріністің түсірілмегендігінен әйелдер желісі үзіліп қалғандығына өкініш білдіреді. Расында да фильмде Ғалия екі-ақ рет көрініп, қымызхананың айналасынан шыға алмай қалған. Фильмнің өн бойында Балқашқа көз тоқтатып қарамайтын Балуан фильм соңында ғана түрмеден босап шыққан оны көріп, маңдайынан иіскейді. Балуанның осы бір емеурінінен кейін барып көрермен ол екі жастың тағдырларының қосылатынына іштей сенеді.

Екінші желі – Троицкий мен Долгоносовтардың қазақтарды бір-біріне айдап салу мақсатында пайдаланатын Сыздық болыстың тобы мен Ғалияның күйеуі Кәрімнің желісі. Уезд бастығы Терентий Долгоносов пен Ақмола уезінің оязы Семен Троицкий – қазақ даласына Ресей империясының саясатын жүргізуші, билеуші топ. Долгоносов переселендерді орналастыру мақсатында Сыздық болысқа «хорунжый» атағын бергізіп, өз тобына қосады. Ал Балуан Шолақ осы екі ояздың әдемі отырыстарының шырқын бұза үйіне кіріп келіп, Қайрақты ауылынан переселендерді алып кетуін талап етеді. Келесі бір эпизодта Балуанның осы бір «басбұзар, жабайы» әрекеті мен батылдығынан сескеніп қалған Троицкий балуанды ұстап әкелуге бұйрық берген Долгоносовқа: «Сіз өз қолыңызбен ешкімді жазаламаңыз. Бұл іске қазақтардың өзін жұмсаңыз. Қазақтар - ру-руға бөлініп, бір-бірімен қырқысып жататын халық. Мен тексеріп қарасам, Балуан Шолақтың өз қандастарының арасында жауы көп екен... Айталық... (Долгоносовты оңаша шығарып) Сыздық болыс...» [14; 30 көрініс], деп кекесінді түрде ескерту жасап, бұйрықты қайтып алуын өтінеді. Әдеби сценарийде де, фильмде де бұл көріністер сақталған. Тек, Троицкийдің айтқан «Бұл іске қазақтардың өзін жұмсаңыз» деген бұйрығының

жалғасы фильмде соңына дейін жетпеген. Өйткені Балуан Шолаққа қарсы қолшоқпар ретінде жұмсайтын Ғалияның күйеуі Кәрімнің бейнесі фильмге енбеген. Сыздық болыс пен Долгоносовтың адамы адьютант Никифор мен Сыздық болыс Кәрімді Балуаннан кек алдыру үшін айдап салып, фильмнің соңында сол Кәрімнің қолымен қарсыласына қарсы оқ атылуы керек болатын. Ғалия бейнесіне қатысты эпизодттардың қысқарып қалуы себепті Кәрімнің де бейнесі сценарийде көрінгенімен фильмге мүлдем кіргізілмеген. Балуанның басты қарсыластары ретінде әрекет ететін Сыздық болыс пен оның шабармандары фильм сюжетіндегі Балқашқа қолы жетпеген, жесірін даулайтын қозғаушы күштер ретінде ғана қарастырылған. Алайда, фильм соңында Долгоносовтың қызын кепілдіктен босатып алу үшін жазған хатындағы уәдесінде тұрмай, Татьяна қолдарына тиген соң өзгеріп сала берген әрекеттерінен кейін Сыздық болыс өз әрекетінің теріс болғанын түсініп Балуан Шолақ жағына қарай шығады. М.Әуезовтің «Қараш-Қараш» повесіндегі Жарасбай секілді Сыздық болыс та өз арының алдында жазықты екенін сезініп, өз ұлтының мүддесіне қарай ауысады. Сыздық болыс пен оның шабармандарының бейнесі пьесада қарастырылмаған. Пьесада Балуан Шолақ пен Долгоносов бастаған топтың арасындағы қақтығыс бір желімен өріліп көрсетіледі. Ал орыстардың қазақтарды бір-біріне айдап салу саясатына фильм сценарийінде басым көңіл аударылған.

Пьеса мен сценарийде де әйелдердің бейнесіне қатысты автордың баса назар аударғаны – Татьяна бейнесі. Шығарманың о бастағы жазылу мақсаты да - Балуанның қазақ халқына кеңінен таныс сал-сері, ақын, композитор ретіндегі бейнесі мен оның өмірінде елеулі орын алатын Ғалия мен Балқаштың бейнелерін көрсетуді көздемегендігі. Балуанның елі мен жерінің азаттығы жолындағы ерлік, батылдық әрекеттерінің бірі – Ресей империясының жүргізіп отырған саясатына ел ішіндегі көп қарсылықтың бір көрінісі ретінде күрескерлік қырына көңіл аударғандығы. Бұл туралы қоюшы-режиссер Н.Садығұлов «Бұл фильм о бастан махаббатты көрсетуді мақсат тұтқан жоқ. Әрі Қажымұқан секілді алып балуандығын көрсету де мұрат болмады. Рас, Балуан Шолақ өте мықты кісі болған. Балуандығы, өнерпаздығы, әншілігі, композиторлығы – бір басына жетерлік қасиеттің бәрі бар. Оның бәрін бір фильмде көрсету мүмкін емес. Бұл жөнінде редколлегияның отырысында да арнайы талқылаудан өткіздік. Әрі сценарий авторы Дулат Исабековпен келіскеніміздей, біз кейіпкеріміздің адами болмысын, ұлттық характерін, елге-жерге деген махаббатын беруге тырыстық. Сондықтан Ғалияның, Балқаштың бейнесіне көп тоқталмадық» [10].

Біз жоғарыда сөз еткен қысқартулар фильмнің композициялық құрылымына үлкен нұқсан келтіріп тұрған жоқ. Өйткені, мұндағы басты уақиға Балуан Шолақ пен Татьянаның арасында өрбиді.

Автор ойын жүзеге асырудағы режиссерлік шешімдер

Біздің талдау нысанымыздағы пьеса мен әдеби сценарий және фильм финалдарының арасындағы айырмашылық автор ойының түрлілігінен емес, керсінше, үш түрлі шешімнің де негізгі идеяға қызмет етіп тұрғандығын автордың шығарма кілтін табудағы шеберлілігімен байланыста қарастырғанымыз дұрыс. Пьесада тау басындағы Татьяна мен Балуанды жартасқа тығылып үш күн бойы аңдыған Михаил балуанның әрекеті мен достыққа адал ниетін бағалап «Шоқан Уәлиханов сияқты ұлы адам шыққан елдің азаматтары жауыз бола қоймас деп ойлаушы едім, сол үмітімнің ақталғанына қуандым. Бұл маңайдың әрбір шоқысына шейін Шоқан еңбектерінде үлкен сезіммен жырланған. Біз ұлы адамның туған жерінде тұрмыз, Татьяна!» [13; 269] деп, Балуан Шолақ пен қазақ халқына рахметін айтады. Балуан да «Онда, мен саған разымын. Шын досқа менің елімнің құшағы әрқашан ашық» [13; 269] деп, Михаил мен Татьянаны шығарып салады. Соңғы сахнада Балуан Шолақ Татьянаның шырша бұтағына іліп кеткен орамалын алып, ұзақ иіскеп тұрып: «Кеше ғана Татьянаны қинауға арналған орамал едің, бүгін қимас затыма айналыпсың! Қош, жаны пәк, періште қыз! Сендерден жаңа ұрпақ өсер. Олар менің елімді қадірлейтін ұрпақ болар. Қош!» [13, 270], - деп, ақ орамалды тазалық пен пәктіктің символындай ұстаған күйі қала береді.

Автор қазақ пен орыс халқынан тарайтын жас ұрпақтың сөздерін шың басында айтқызу арқылы асқақ идеяны төмендетпей, тау биігінен қарайтын шындықтың баламасындай көрсетеді. Спектакль соңында көрермен де дәл осы сахнасында ерекше тебіреніспен қол соғып, автор ойы

мен Балуанды шырқау биікке шарықтатып ала жөнеледі. Ал сценарийде автор мүлдем басқа шешімдерге барады. Яғни, Долгоносов пен оның әйелі Елизавета, адьютант Никифор бастаған топ Балуан мен Татьянаның қоштасып жатқан сахнасында тау төбесіне көтеріліп, оқиға желісін ары қарай жалғастырып алып кетеді. Татьянаның аман-есендігіне көзі жеткен әкесі дереу уәдесін өзгертіп, Балуанды ұстап алып кетуге бұйрық береді. Ал тау басында болған үш күннің ішінде қазақтарға деген көзқарасы өзгерген Татьяна мен Михаил Балуанға араша түсіп, Долгоносовтың бұйрығына қарсы шығады. Балуанды босатпаса таудан өзін тастаймын деген қызының талабына Долгоносов амалсыздан көндігеді. Сценарийдегі бұдан кейінгі некелерін қидыру үшін Балуан Шолақ пен Татьянаның кеуескемен мешітке қарай бара жатқан сахнасында Никифор, Сыздық болыс және Кәрімдер аңдып тұрып оларға оқ атады. Ол оқтың бірі Балуанның иығына тисе, екінші оқ Татьянаның жүрек тұсына тиеді. Бұдан кейінгі соңғы эпизодтарда солдаттар Сыздық болыс пен Кәрімді абақтыға айдап бара жатады. Екеуінің де қолдары арттарына қайырып байланған. Троицкий, Долгоносов, Никифор олардың соңдарынан қарап тұр. Олардың жүздерінде құрған жоспарларының ойдағыдай шыққанына іштей разы кейіптері байқалады. Автор тарапынан осындай күтпеген шешімін тапқан оқиға финалы көрерменін бей-жай қалдырмасы анық. Балқаштай жары және Ғалиядай сүйіктісі бола тұра Балуан Шолақтың таудан төмен түсе сала орыс қызы Татьянамен мешітке неке қидыру үшін кетіп бара жатқан сахнасы сал-серіге, ер азаматқа тән тосын қимыл көрсетуі деп бағаланғанымен, көрерменін екіұдай пікірде қалдыруы анық. Дегенмен, екеуінің диалогтарына зер салсақ:

«Балуан. - Бұл ойынның ақыры немен бітер екен, Татьяна!

Татьяна. - Бұл – сенің амандығыңды ойлаған ойын, Бал-ван!

Балуан. - Ал, молдаға некемізді қидырып болған соң қайда барамыз?

Татьяна. - Сен үйіңе, мен Омбыға кетемін.

Балуан. - Сонан соң?

Татьяна. - Сонан соң не болушы еді. Сен менің сөз жүзіндегі күйеуім боласың да, әйелің Балқаштың қасында ойнап-күліп жүре бересің» [14; 58 көр].

Сценарийдегі әзілмен берілетін осы бір эпизодта Татьянаның Балуанды әкесі Долгоносовтың басқарып отырған әміршіл жүйесінен қорғау мақсатында әдейі істеген әрекеті екенін және достық пен сыйластыққа ұласқан қарым-қатынасының нышанын көруге болады. Автор осы көрініс арқылы шың басында айтылған «Шын досқа менің елімнің құшағы әрқашан ашық» дейтін Балуанның сөзін еске түсіреді.

Сценарий соңындағы екі финал: тау басындағы Балуан мен Татьяна, Михаилдардың қоштасу сахнасы және екеуіне төменге түскендегі оқ атылатын, Кәрім мен Сыздық болыстың ұсталатын сахналары бұған дейін шиеленісіп келген сюжеттік желілердің шарықтау шегін түйіндеп, фильмнің идеясын тереңдете түсер еді. Егер де фильм сценарийде жазылғандай үлгімен түсірілген болса, онда сценарийдің өн бойындағы жоғарыда айтқан сюжеттік желілер аяғына шейін жетіп, әр кейіпкердің автор көрсеткендей тұлғалық бейнелерінің ашылуын және мақсатты әрекеттерінің аяқталуын қамтамасыз етер еді.

Фильмде Балуан мен Татьяна, Михаил арасында өрбитін сценарийдегі ұзақ-сонар диалогтардың көпшілігі қысқартылып, қысқа-қысқа репликалармен беріліп өтеді. Михаилдың дәл осы сахнада Балуан мен Татьяналар жағына өткенімен, әдеби сценарийде «Сендерден жаңа ұрпақ өсер. Олар менің елімді қадірлейтін ұрпақ болар» деп айтылатын маңызды диалог мүлдем түсіп қалған. Сондықтан да сценарийдегі тау басында аяқталуға тиіс бірініші финал фильмде аяқсыз қалдырылып, көрерменді келесі сахнаға қарай жетелейді.

Бұдан кейінгі көрініс бірден Балуан Шолақтың ата-анасы мен туыс-туғандарын абақтыдан босатып жатқан кезінде Долгоносов пен Сыздық болыс бастаған топтың табан астында оларды ұстауға келген сахнасымен жалғасады. Дәл осы жерде екі топ арасындағы бетпе-бет келген қақтығыс шарықтау шегіне жетіп, бірден шешімін де тауып үлгереді. Долгоносов қызы Татьянамен қауышқан соң, дереу адьютанты Никифорге Балуан Шолақ пен Ақылбайды атуға бұйрық береді. Сол сәтте Ақылбай оның қолхатын көрсетіп ала жүгіргенде Балуан «Ақылбай, бұларға қағаз не, заң не?» деп, кекесінмен тіл қатады. Сыздық болыс бастаған топ пен поштабай Сүтемгенге шейін Долгоносовтың сөзінен тайқып шыға келгенін көріп, Балуандар жағына шығады. Михаил да уезд бастығына бассыздыққа жол бермеуін, Қайрақты ауылының қирап-тоналған жазықсыз жандардың өмірін өз көзімен көргенін айтып, араша түседі. Дегенмен,

Долгоносов екінші рет «Ат!» деген бұйрық бергенде Никифор да қарудың шүріппесін басып қалады. Оқ Балуанды қорғамақ боп жанталасқан Татьянаның кеуде тұсына тиеді. Михаил да осы сәтті пайдаланып дереу Никифорды атып салады. Дәл осы көрініс жоғарыда Троицкийдің айтқан «қазақтарды қазақтардың өзіне жұмсау керек» деп, айдап салатын сөзі керісінше орын алып, көзқарастары тоғыспаған орыстардың бір-біріне оқ атып, өз әрекеттерінің құрбанына айналғанын көреміз.

Осы сахнада режиссер көрерменнің алдында Сыздық болыс пен Сүтемгенді де ақтап алады. Жаңа көзқарастағы жас ұрпақтың жаршысы болады деген Татьянаға оқ тигізу арқылы басты идеяға қиянат жасалмады ма деген де ой келеді. Әдеби сценарий мен фильмдегі осы бір шешім жайлы режиссер Н.Садығұлов былай дейді: «Фильмнің түйінін ашық қалдырғым келіп еді. Татьянаны өлтіру тіптен ойымызда болған жоқ. Негізі, Татьяна - тірі қалған адам. Қазақ елі туралы, қазақтың болмысы туралы жазбалар жазған. Сол себепті де, соңын басқаша аяқтасам деген ойым жүзеге аспады» [10]. Фильмде жараланған Татьянаның өлген, өлмегені де ашық берілмеген. Тек әкесінің қолында талықсып бара жатқан Татьяна Балуан Шолақты көрсетіп «Әке, оларға тиіспеші» дейді. Бұдан кейінгі соңғы мизансценада Балуан Долгоносовқа қарап: «Жетер! Бізге өзгенің заңының қажеті жоқ. Біз өз үйіміздеміз. Ата-бабамыздың жерін ешқашан ешкімге бермейміз! Кейін менің ұрпағым да тура осыны айтады!» деген сөзінен кейін Долгоносов солдаттарға қаруларын түсіруіне бұйрық береді. Татьяна да Балуанға қарап «Сен жақсы адамсың!» дейді. Міне, осы бір эпизодта сценарий авторы мен режиссердің фильмде көтерген басты идеялары тоғысып, Балуан Шолақтың азаттық жолындағы күресінің жеңіспен аяқталғанын көреміз.

Күрескер Балуан Шолақ бейнесін ашудағы көркемдік шешімдер

Фильм авторларының о бастағы Балуан Шолақты экрандауда оның сал-сері, ақын, композитор немесе балуан ретіндегі бір басына жетер қадір-қасиеттерінің бәрін көрсетуді мақсат тұтпай, соның бәрін ұлт мүддесі жолындағы азаматтық бейнесіне жинақтап, күрескер Балуан Шолақ етіп көрсетуі – шығарма кілтінің сәтті табысы дер едік. Осы ойымызды Д.Исабековтің пьесада да, әдеби сценарийде де жазып көрсеткен және фильмде де сақталған маңызды диалогтары дәлелдей түседі. Бұл туралы автор: ««Европа шикі ет жеп, дамбалсыз жүргенде, бізде «Тұран» империясы болған» деудің өзі батырдың ғана сөзі емес. Біз осымен мақтанамыз. Тарихымызды айта отырып, бойға қуат, ойға рух жинаймыз. Өткеніңді білмей алға жылжу мүмін емес. Өткенді білу керек. Елді сүю керек. Паң Ата: – «Арғын, Найман, Қыпшақтың қатындары ер тумай ез туған ба? Қайдағы бір кірмеге барлық сый-сыяпатты беріп қойып, қалай жер басып жүрсіңдер» дегенде Балуан Шолақ: – «Мен орыс балуанымен күрескенде Үйсін немесе Керей болып емес, Қазақ болып күрестім» дейді. Патриоттық сезім деген осы. Тарихқа басқа қырынан қарап, қазаққа қымбат дүниелерді қайта жазу керек» [12], - дейді. Әдеби сценарий мен фильмде тарихи туындыға тән патриоттық рухтағы ел мен жер, ұлттық мүдде турасында айтылған осы сынды тұшымды ой-тұжырымдар мен диалогтер жетерлік.

Ел аузында аңыз болып сақталған тарихи тұлға Балуан Шолақтың бейнесін экранда тірілтуде сол рольге лайықты актер таңдай білу де - фильмнің өміршең дүниеге айналуының жартылай кепілі. Осы орайда Мемлекеттік М.Әуезов атындағы академиялық театрының сахнасында жүріп жатқан «Жаужүрек» спектаклінде Балуан Шолақтың бейнесін сомдап жүрген Еркебұлан Дайыровты фильмге бекіту режиссердің оңай сүрлеу іздеуі деп айта алмаймыз. Ол туралы режиссер: «Әрине, Балуан Шолақтың рөліне ел арасынан тауып, қарапайым адамдарды да шақыруға болар еді. Бірақ бізге портреттік бейне керек болды. Ол жағынан келгенде Еркебұлан Дайыровтың бейнесі көптің көңілінен шығатынына сендік. Балуанның бейнесі дегенде, көпшілік тау тұлғалы, алып денелі, ірі адамды елестетеді ғой. Сол үшін актерге 15 келі салмақ қосуға тура келді. Актерлік шеберлік деңгейі тұрғысынан келсек, Дайыров секілді шебер ойнайтын актер көп емес. Мүмкін бар да шығар, дегенмен Еркебұланға Балуан Шолақтың рөлі таңсық емес. Бұған дейін театр сахнасында қойылған «Жаужүректе» балуан рөлін ойнап, көрерменге жақсы таныс болып қалған. Сондықтан оған кейіпкердің ауылы алыс емес» [10], - дейді. Осы орайда актер Е.Дайыров театр сахнасында Балуан Шолақ бейнесін бірнеше жылдан бері сомдап жүргендіктен

оның бар болмысын бойына сіңіріп, іштей рухани тұрғыдан дайын болған сәтінде экрандағы бейнесін жасауы режиссердің де көздеген мақсатқа жетуіне өз үлесін қосқандай.

Фильмде Балуан Шолақтың жан жолдасы Ақылбайдың бейнесін сомдауға Медғат Өмірәлиевті таңдауы режиссердің актер таңдаудағы түйсігі мен талғамының алдамағанын көрсеткендей. Актер шеберлігінің арқасында Ақылбай фильмдегі шоқтығы биік, Балуан Шолақпен теңесе алатындай бейнеге көтерілген. Фильмде бұлардан өзге Александр Багрянцев, Альбина Шардарова, Сафуан Шаймерденов, Сағаділдә Үсіпәлиев, Айзада Сатыбалдиева, Болат Әбділманов сынды т.б. актерлік құрамның сәтті шыққан бейнелерін көруге болады.

Түйін

Жақсы сценарий – өміршең, жақсы фильмнің дүниеге келуінің кепілі. Осы орайда Кеңес киносының көрнекті өкілі, режиссер М.Ромм «Шығарманың идеялық және көркемдік шешімін анықтайтын әрі оның сәтті-сәтсіз шығуына кепілдік беретін де – сценарий» [15;56], - деп жазғанындай кино тарихындағы көрнекті туындылардың бәрі де талантты жазылған сценарийлердің негізінде түсірілгендігін көрсетеді.

Мақаламызда кинодраматург пен режиссер түсірген фильмнің көркемдік-идеялық сипатын ашып, жеткізудегі еңбектерін сарапқа салдық. Пьеса мен сценарийде көрсетілген автордың ойы мен көркемдік шешімдерінің кино тіліне ауысу барысындағы сараптауларымызды қорытындылай келе, төмендегідей ой-түйіндеулерге қол жеткіздік:

- Әдеби сценарийдің фильмге айналу үдерісінде Балқаш пен Ғалияға қатысты сюжеттік желілердің қысқарқытылып кетуі нәтижесінде Кәрім бейнесінің мүлдем түсіп қалып, сонымен қатар әйелдер бейнесі толыққанды ашылмай қалды;

- Режиссерлік сценарий және фильмнің экранға шыққан нұсқасында режиссер тарапынан әдеби сценарийдегі эпизодтар мен диалогтер едәуір қысқартылған;

- Әдеби сценарий мен фильмдегі негізгі оқиғаға қатысты енгізілген толықтырулар және өзгерістер көркем туындының композициялық құрылымы мен идеялық-көркемдік деңгейіне нұқсан келтірмей, эмоциялық және эстетикалық бояуын қанықтыра түскен.

«Бейімделу өндірісте өзі үшін еркіндіктің бір түрін қажет етеді, бірақ ол мәтінге үстемдік етуді білдірмейді. Осылайша, ол қарапайым сыни дискурстарға ғана емес, сонымен бірге тиісті бейімделуге де қарсы. Шығармашылыққа бейімделу, бір жағынан, романның «Рухына» берілгендікті, яғни, романның баяндалуына, сондай-ақ оның мағынасының басқа тәсілдеріне бейімделуі – мәтінді «галактикалық мағынаға» айналдырып, жаңашылдық пен мүмкіндіктердің де кеңеюіне алып келеді және бір уақытта бейімделуді білдіреді», [16; 60] – дейді көркем шығарманы бейімдеу туралы мақаласында Линдиве Дави. Сценарист пен режиссер арасында мәтінге, түпнұсқаға байланысты сыни дискурстың болуы заңды. Екеуі де бір-бірінің жұмыстарын жоққа шығармаса да, әр өнер түрінің өзіндік ерекшелігіне сай көркемдеуіш тәсілдері мен тілі барын жоғарыда айтып өттік. Мәтіндік мазмұнның бейнелік мазмұнға бейімделуі процесіндегі ұтымды шешімдер жаңаша әлемнің, жаңа туындының сәтті тууына алып келеді.

Қорыта келе, фильмнің сәтті не сәтсіз шығуы кинодраматург пен режиссердің мәтінмен жұмыс барысындағы көзқарастарының үйлесімділігі мен ортақ шешімдерінің нәтижесінде ғана өміршең туынды дүниеге келмек.

Ұлттық қаһармандарымыздың экрандағы көркем бейнесін қарастыру фильм авторларының шығармашылығына, олардың шешімдеріне қай тұрғыдан қалай келуді талап етеді. Аристотельдің оны былайша жіктеп өтеді: «Софокл адамдардың қалай болуы керектігін бейнелесе, Еврипид адамдарды сол қалпында алады» [17,129] дейді. Сондықтан да эстетикалық практикада көрсеткеніндей автор жеке шығармашылығына немесе уақыт жағдайына байланысты кейіпкерге әр тұрғыдан келуі мүмкін. Ұлттық қаһарманымыз Балуан Шолақтың экрандағы бейнесінің көркемдік шешімі де осындай көзқарастар төңірегінде кеңінен талқыланды. Мұхтар Әуезов «Әдебиет және кино» деген баяндамасында кино өнері жайлы: «*Кино – өнерімізді өрге алып кетудің бірден-бір жолы, ұлттық әдебиетіміздің төл туындыларынан нәр ала отырып, өз халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрлерінің ғасырлар қойнауынан бүгінгі күнге жеткен тарихын пайдалана отырып, өз республикамыздың бүгінгі өмірін сипаттау, тек сипаттап қана қоймай, өз киномыздың ұлттық сипатын сақтай білу, сол дәрежеде оны әлемдік*

киношығармалар үлгілерінің деңгейіне жеткізуге тиіспіз.» [18, 321] деген екен. Ұлы жазушының бұл пікірі мәні мен мағынасын бүгінгі таңда да жойған жоқ. Керісінше, ұлттық салт-сана мен дәстүрден бірте-бірте алыстап, ұлтсызданып бара жатқан қазіргі кездегі кинотуындылар үшін үлкен ескертпе болары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ушаков Д.Н. (1940) Толковый словарь. 4-й том.
2. Chowdhury T., Muhuri, S., Chakraborty. S., Chakraborty, S. (2019) Analysis of Adapted Films and Stories Based on Social Network. IEEE Transactions on Computational Social Systems. P. 1-12.
3. Метц К. (2013) Воображаемое означающее. Психоанализ и кино. Санкт-Петербург.
4. Ногербек Б. (2008) Экранно-фольклорные традиции в казахском игровом кино. А.
5. Сиранов К. (1966) Киноискусство Советского Казахстана. Алма-Ата.
6. Балаш Б. (1968) Кино. Становление и сущность нового искусства. М.
7. Рахманқызы Н. (2018) Әкім Тарази – кинодраматург. «Тұлпардың ізі»: сценарийден фильмге дейін. Алматы.
8. Назарбаев Н.Ә. (2017) Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. Ақорда. 12 сәуір.
9. Исабеков Д. (2015) Зорлап пьеса жаздыруға бола ма? «Егемен Қазақстан» газеті. 16 б.
10. Бектас Г. (2019) «Балуан Шолақ», берері мол-ақ! «NUR Media». 12 сәуір. https://nurmedia.kz/ru/news/203-baluan-shola-berer-mol-a.html
11. Мұқанов С. (1988) Алтын аймақ. А. 115-139 б.
12. Сұлтан М. Ruh.kz. (2018) «Балуан Шолақ» фильмінің жабық көрсетілімі өтті. Kazgazeta.kz. 14 Желтоқсан. http://kazgazeta.kz/?p=77613
13. Исабеков Д. (2012) Жеті томдық шығармалар жинағы. 7 том. Алматы.
14. Д. Исабековтің жеке қоры. (2016) «Балуан Шолақ» фильмінің әдеби сценарийі.
15. Ромм М. (1982) Избранные произведения в трех томах. Том 3. М. (Мәтінде Н.Мұқышеваның аудармасы қолданылды)
16. Dovey L. (2002) Towards an Art of Adaptation: Film and the New Criticism-as-Creation. Iowa Journal of Cultural Studies. Vol. 2. Issue 1. P. 51-61.
17. Аристотель (1957) Поэтика. М. - 129 б.
18. Әуезов М. (2011) Кинодраматургия. Энциклопедия. А. - 321 б.

Художественно-идейное значение мысли автора при экранизации литературного произведения на примере фильма «Балуан Шолак»

А.Б. Ахмет, Б.Б. Ногербек
Казахская национальная академия искусств им. Т.К.Жургенова, Алматы, Казахстан
akmonshak_23@mail.ru

История мировой кинематографии и история казахского кино развивались в тесном контакте с литературой. Сегодня несмотря на то что, киноискусство динамично развивается, до сих пор не утратила актуальности проблема научного изучения связей между литературой и кино. В данной статье авторы проводят комплексный анализ нескольких вариантов киносценария полнометражного игрового фильма "Балуан Шолак", а также повести «Балуан Шолак» Сабита Муканова и пьесы Дулата Исабекова «Жаужүрек», по мотивам которого был экранизирован фильм. Авторами анализируется экранизация и ее виды, в том числе значимые экранизированные фильмы в становлении казахского кино, выделяя специфику литературы, кино и театра, которые являются объектом данного исследования. Авторы проводят анализ роли литературного сценария в раскрытии художественно-идейной сущности фильма «Балуан Шолак», раскрытия языка кино и художественного образа, режиссерских решений.

Ключевые слова: *Балуан Шолак, сценарий, киноадаптация, фильм, герой, казахское кино, пьеса, повесть.*

Artistic and ideological significance of the author's thought in the film adaptation of a literary work on the example of the film «Baluan Sholak»

A.B. Akhmet, B.B. Nogerbek
T.K. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, Almaty, Kazakhstan,
akmonshak_23@mail.ru

The history of world cinema and the history of Kazakh cinema developed in close contact with literature. Today, despite the fact that cinema is developing dynamically, the problem of scientific study of the links between literature and cinema has not lost its relevance. In this article, the authors provide a comprehensive analysis of several versions of the screenplay of the full-length feature film "Baluan Sholak", as well as the story "Baluan Sholak" by Sabit Mukanov and the play "Zhauzhurek" by Dulat Isabekov based on which the film was adapted. The authors analyze the film adaptation and its types, including significant films in the formation of Kazakh cinema, highlighting the specifics of literature, cinema and theater, which are the object of this study. The authors analyze the role of the literary script in the disclosure of the artistic and ideological essence of the film "Baluan Sholak", the disclosure of the language of cinema and artistic image, and director's decisions.

***Keywords**: Baluan Sholak, screenplay, film adaptation, film, hero, Kazakh cinema, play, story.*

Редакцияға 26.03.2020 түсті.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Абдрахман Гульнар Кабылкалымкызы - филол.ғ.к., профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 080000, Тараз қ., Сүлейменов көш., 7- үй, e-mail: gulnara.abdrakhman@mail.ru

Акпаева Асель Бакировна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13.

Альменаева Райхан Умирзаковна - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, Қызылорда қ., e-mail: a_raihan@mail.ru

Атаханова Лайли Мамматхановна - магистр, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов, 29.

Ахмет Ақмоншақ Батырқызы - Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының 6Д040200 - «Өнертану» мамандығының докторанты, аға оқытушы. Мекенжайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127, e-mail: akmonshak_23@mail.ru

Әбділәкім Ж. - Педагогика ғылымдарының магистр-оқытушысы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов, 29.

Әділбекова Ләззат Махайқызы - филология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: lazzat.m.adilbekova@gmail.com

Әділов Марлен Ерланович – PhD, Абай атындағы ҚазҰПУ Немат Келімбетов атындағы Түркітану орталығы, Алматы, Қазақстан, marlenadilov88@gmail.com

Әшірбаев Нұрғали Құдияұлы - физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қаласы, Қазақстан

Бекмаханбетова Наркиза Ермаханқызы - Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов, 29, e-mail: bnarki96@gmail.com

Гришаева Ольга Валентиновна - биология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би к., 52, e-mail: olga_grishaeva@mail.ru

Ерахметқызы Жайна - 6D011700 - Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының PhD докторанты, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: erakhmedkyzy14.08@gmail.com

Есингельдинов Бауржан Танырбергенович – докторант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 160018, Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы 5, e-mail: yessingeldinov.b@gmail.com

Жанадилова Карашаш Базаровна - 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13, e-mail: janadilova_karashash@mail.ru

Жолмуратова Гулзат Серікқызы - техника ғылымдарының магистрі, оқытушы, Қазақ-орыс Халықаралық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 030006, Ақтөбе, Әйтеке би к., 52, e-mail: gulzat_honey@mail.ru

Жорабекова Айнур Назимбековна - қауымдастырылған профессор м.а., PhD докторы, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 160012, Шымкент к., Байтұрсынов к., 13, e-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru

Жоя Қайрат - География мамандығының 2 - курс PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13, e-mail: hairat.altai@mail.ru

Жұмабаева Әзия Елеупановна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13.

Жылқыбай Гүлімжан Қызметқызы - филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов, 29, e-mail: zerek24@mail.ru

Зверяченко Анна Николаевна - магистр, математика мұғалімі, "Дарын" мектеп-лицейі КММ. Мекенжайы: Қазақстан, 150000, Петропавл қ., М.Жұмабаев, 114, e-mail: bvr130758@mail.ru

Ибраймова Лира Әбдилдабекқызы - филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекен-жайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: liraibraymova@gmail.com

Избасарова Римма Шаймерденовна - профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13, e-mail: aseri11@mail.ru

Исаков Ерлан Д. – Туризм және сервистік қызмет көрсету кафедрасының лекторы, Алматы технологиялық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, Алматы, Төле би к-сі 100, e-mail: erlanchik-89@mail.ru

Искакова Парида Куандыковна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент м.а., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, Түркістан, Б.Саттарханов, 29, e-mail: fari_77@mail.ru

Қали Шаяхмет - математика пәнінің мұғалімі, Әуезов ауданы №153 мектеп. Мекенжайы: Қазақстан, Алматы қ., Б. Момышұлы, 27

Калиева Куляш Байзукеевна - химия ғылымдарының кандидаты, ғылыми-зерттеу бөлімінің бастығы, "Актобехимкомбинат Кели" ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан, 030006, Ақтөбе, Алтынсарин көш., 8, e-mail: kkalieva324@gmail.com

Кенебаева Айнур Сейтбатталовна - PhD, директор, Әлеуметтік және гендерлік зерттеулер институты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Әйтеке би к., 99, e-mail: ainur88ainur@gmail.com

Кинжибаева Фариза Багитовна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы қ., Достық даңғылы, 13, e-mail: fari_0974@mail.ru

Ключко Ольга Ивановна - философия ғылымдарының докторы, доцент, «Мәскеу қалалық педагогикалық университеті» мемлекеттік автономды жоғары білім беру мекемесі, психология кафедрасының профессоры. Мекенжайы: Ресей, Мәскеу, 2-й Сельскохозяйственный проезд, 4, e-mail: olga-klioutchko@yandex.ru

Құрманбайұлы Шерубай – филология ғылымдарының докторы, профессор, академик, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Сатпаев к., 2, e-mail: sheru_64@mail.ru

Морозова Надежда Николаевна - психология ғылымдарының кандидаты, доцент, психология кафедрасының доценті, Ресей Федерациясының Ұлттық зерттеу университетінің федералды мемлекеттік бюджеттік білім мекемесі. Н.П. Огарев атындағы Мордва ұлттық зерттеу мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Ресей, Мордовия Республикасы, 430007, Саранск қ., Студенческая к., 11а, e-mail: nnm2605@yandex.ru

Нарбеккызы Гульназым - магистрант, М.Х.Дулати атындағы Тараз аймақтық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 080000, Тараз қ., Сүлейменов к., 7, e-mail: alonlove888@mail.ru

Нөгербек Баубек Бауыржанұлы - PhD, доцент, Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы. Мекенжайы: Қазақстан, 050000, Алматы қ., Панфилов к., 127.

Нурбекова Жанат Кунапиановна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Сатпаев к., 2

Рабинович Борис Владимирович - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, математика және жаратылыстану ғылымдары факультеті, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан,150000, Петропавл қ., М.Жұмабаев к., 114, e-mail: bvr130758@mail.ru

Райымқұлова Ақтоты Рахметоллақызы – Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі. Мекенжайы: Қазақстан, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Мәңгілік ел, 8, e-mail: aqtoty.raimqulova@gmail.com

Рақымбек Досымхан - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ПҒА академигі, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 160018, Шымкент қ., Тәуке-хан даңғылы, 5.

Самосадова Елена Владимировна - М.Е.Евсевьев атындағы Мордовия мемлекеттік педагогикалық институтының арнайы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы. Мекенжайы: Ресей, Мордовия Республикасы, 430007, Саранск қ., Студенческая к., 11а, e-mail: samosadova_ev@mail.ru

Сарқытқан Қастер - география ғылымдарының кандидаты, География, экология және туризм кафедрасының доценті, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13, e-mail: kaster0102@mail.ru

Сейтова Меруерт Ергешхожаевна - PhD, Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов даңғылы, 29

Сеитова Сабыркуль Макашевна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 040009, Талдықорған қ., Жансүгіров к., 187а.

Сембаев Талгат Мухаметканович - PhD докторант, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 010000, Нұр-Сұлтан қ., Сатпаев к., 2, e-mail: sembaev.talgat@mail.ru

Смихан Айдана Естаевна - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 050010, Алматы, Достық даңғылы, 13, e-mail: alikeeva.aidana@mail.ru

Солтан Раушан – математика пәнінің мұғалімі, Дарынды балаларға арналған үш тілде оқытатын әл-Фараби атындағы арнаулы гимназия. Мекенжайы: Қазақстан. Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алмалыбақ кенті, e-mail: raushan090587@gmail.com

Тажиев Мамарежаб Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы ЖОАКБМ жанындағы жоғары және арнайы орта кәсіби білім беруді дамыту орталығы, Ташкент қ., Өзбекстан

Тойбазаров Дархан Болатович - 6D010900 – «Математика» мамандығының 3 - курс докторанты, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 040009, Талдықорған қ., Жансүгіров к., 187а, e-mail: toibazarov_darhan@mail.ru

Токанов Мансур Маратович - математика және информатика кафедрасының оқытушысы, І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 040009, Талдықорған қ., Жансүгіров к., 187а

Торыбаева Жамиля Захановна - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Мекенжайы: Қазақстан, 161200, Түркістан, Б.Саттарханов даңғылы, 29, e-mail: zhamilyazahan@mail.ru

АВТОРЫ № 3(83), 2020

Абдилаким Ж. - магистр педагогических наук, преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави. Адрес: Казахстан, г.Туркестан, 161200, пр. Б.Саттарханова, 29.

Абдрахман Гульнар Кабылкалымкызы - кандидат филологических наук, профессор, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати. Адрес: Казахстан, 080000, г.Тараз, , ул. Сулейменова 7, e-mail: gulnara.abdrakhman@mail.ru

Адилбекова Ляззат Махаевна - кандидат филологических наук, и.о. профессора кафедры казахской литературы, Казахский Национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Айтеке би, 99, e-mail: lazzat.m.adilbekova@gmail.com

Адилов Марлен Ерланович - PhD, Тюркологический центр им. Немата Келимбетова, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. Адрес: Казахстан, 050010, г. Алматы, пр. Достык, 13, e-mail: marlenadilov88@gmail.com

Акпаева Асель Бакировна - кандидат педагогических наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Адрес: Казахстан, 050010, г. Алматы, пр. Достык 13

Альменаева Райхан Умирзаковна - Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата. Адрес: Казахстан, 120014, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29 а, e-mail: a_raihan@mail.ru

Атаханова Лайли Мамматхановна - магистр, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави. Адрес: Казахстан, 161200, г.Туркестан, пр. Б.Саттарханова, 29.

Ахмет Акмоншак Батыркызы – докторант специальности 6Д040200 - «Искусствоведение», старший преподаватель Казахской национальной академии искусств им. Т.К. Жургенова. Адрес: Казахстан, 050000, г.Алматы, ул. Панфилова, 127, e-mail: akmonshak_23@mail.ru

Аширбаев Нургали Кудиярулы - доктор физико-математических наук, профессор, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова. Адрес: Казахстан, 160012, г.Шымкент, пр. Тауке Хана, 5.

Бекмаханбетова Наркиза Ермаханқызы - Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави. Адрес: Казахстан, 161200, г.Туркестан, пр. Б.Саттарханова, 29, e-mail: bnarki96@gmail.com

Гришаева Ольга Валентиновна - кандидат биологических наук, доцент, Казахско-Русский Международный университет. Адрес: Казахстан, 030006, г.Актобе, ул. Айтеке би, 52, e-mail: olga_grishaeva@mail.ru

Ерахметқызы Жайна - PhD докторант специальности 6D011700-Казахский язык и литература, Казахский Национальный женский педагогический университет. Адрес: Казахстан, 050000, г. Алматы, ул. Айтеке би, 99, e-mail: erakhmedkyzy14.08@gmail.com

Есингельдинов Бауржан Танырбергенович - докторант, Южно-Казахстанский государственный университет им. М.Ауезова. Адрес: Казахстан, 160012, г.Шымкент, пр. Тауке Хана, 5, email: yessingeldinov.b@gmail.com

Жанадилова Карашаш Базаровна - докторант специальности «Педагогика и методика начального обучения», Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Адрес: Казахстан, 050010, г. Алматы, пр. Достык 13, e-mail: janadilova_karashash@mail.ru

Жолмуратова Гулзат Сериковна - магистр технических наук, преподаватель, Казахско-Русский Международный университет. Адрес: Казахстан, 030006, г. Актобе, ул. Айтеке би, 52, e-mail: gulzat_honey@mail.ru

Жорабекова Айнур Назимбековна - PhD, и.о. ассоц. профессора, Южно-Казахстанский государственный педагогический университет. Адрес: Казахстан, 160012, г.Шымкент, ул. Байтурсынова 13, e-mail: ainur-zhorabekova@mail.ru

Жоя Кайрат - докторант PhD 2 курса специальности География, Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Адрес: Казахстан, 050010, г. Алматы, пр. Достык 13, e-mail: hairat.altai@mail.ru

Жумабаева Азия Елеупановна - доктор педагогических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая. Адрес: Казахстан, 050010, г.Алматы, пр. Достык 13.

